

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.1-04 Қолжазба құқығында

КОНҚАБАЕВА НАЗЫМ НУРБОЛАТОВНА

«Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация

6D021200 – Түркітану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші филол.ғ. докторы,
профессор Авакова Р.Ә.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD докторы, Левен университетінің
профессоры Омар Рияд
(Бельгия Корольдігі)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 «АТ-ТУХФАТУЗ ЗАКИЙАТУ ФИЛ ЛУҒАТИТ ТУРКИЙАТИ (التحفة الزكية في اللغة التركية)» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ	14
1.1 Әлемдік түркітану ғылымында «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» ескерткішінің зерттелу тарихы.....	15
1.2 «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» қолжазбасының құрылымы.....	27
2 «АТ-ТУХФАТУЗ ЗАКИЙАТУ ФИЛ ЛУҒАТИТ ТУРКИЙАТИ»: ТАРИХИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ	48
2.1 Қолжазбадағы лексемалардың тарихи-тілдік интерпретациясы.....	50
2.2 «Ат-Тухфа» лұғаты: «жылқы» және «итке» қатысты сөздерге танымдық-лингвистикалық талдау.....	89
3 ҚОЛЖАЗБАДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ	103
3.1 Сөздіктегі зергерлік, қару-жарақ және музыкалық аспаптардың этно-мәдени сипаты.....	109
3.2 Сөздіктегі туыстық атаулардың ерекшелігі.....	118
3.3 Киім-кешек атауларының этно-мәдени мазмұны.....	126
ҚОРЫТЫНДЫ	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	135
ҚОСЫМША А «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық»	144

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Алиф – араб әліпбиінің бірінші әрпі, қазақша «Әлиф» деп оқылады.

Араб әліппесі (араб.: *أَبْجَدِيَّة عَرَبِيَّة* – «әбджәдийә арабия») – ежелгі Вавилондағы (б.з.б. 2000-шы ж.) аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған көне жазулардың бірі. Оңнан солға қарай жазылады.

Геминация (лат. *gemino* – «екі еселеймін») – фонетикадағы дауыссыз дыбыстың созылыңқы дыбысталуы.

Диахронды зерттеу (грек *dia* «арқылы» және *chronos* «уақыт») – тілдік жүйенің уақыттағы тарихи дамуы және сол даму барысындағы тілді зерттеу.

Диакритикалық белгі (гр. *diakritikosa* – «жаратушы») – белгілі бір дыбыстың қосымша артикуляциялық мағынасын білдіру үшін әріпке қосылатын шартты көмекші белгі.

Диалектизм – диалектілер мен говорларға тән тілдік ерекшеліктері, көркем шығармада әдеби тіл нормасынан ауытқу түрінде орын алады.

Идрак (ар.: *ادراك* – «түсінік») – түсіну, қабылдау, түсінік.

Интерпретация (лат. *interpretatio* – «түсіндіру») – белгілі бір тілде ұсынылған синтаксистік толық аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру.

Лұғат (ар.: *لغة* – «тіл») – лексикалық сөздік.

Мәмлүктер (ар.: *مملوك* – «иемдену») – араб тілінен аударғанда “ ақ құл” деген мағынаны білдіреді, ортағасырлық Мысырдағы түркі және Кавказ халықтары өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар.

Мураққақ (ар.: *مرقق* – «жұмсақ») – босаң, жұмсартылған, яғни түбір сөзінің жұмсақтығына сілтеме болып тұр

Муфаххам (ар.: *مفخم* – «эмфатикалық») – қатты, түбірдің қатаң болуы.

Палеография (грек. *παλαιός* – «көне», *γράφω* – «жазу») – жазу тарихын, оның кескіндік формаларының даму заңдылықтарын зерттеумен, сондай-ақ ежелгі жазба ескерткіштерді оқу, олардың авторларын, уақытын, жерін анықтаумен айналысатын тарихи – филологиялық арнайы пән.

Ретроспективтік аспект (лат. *retro* – «артқа» және *specto* – «қарау») – өткенге қайта қарау, қайта түйсіктен өткізу.

Синхронды зерттеу (грек. *synchronous* – «бір мезгілде») – тілдің белгілі бір кезеңіндегі қалпы және тілді сол қалыпта зерттеу.

Тәшдид (ар.: *تشديد* – «екі еселену») – араб тілінде қолданылатын филологиялық термин, яғни дауыссыз дыбыстың екі еселенуі.

Трактат (лат. *tractatus* – «қарастырылған») – белгілі бір тақырыпқа түбегейлі көзқарас қалыптастыруды мақсат ететін, ойды білдіру түрінде (көбінесе полемикалық бағытта) талқыланатын ғылыми очеркке сәйкес келетін әдеби формалардың бірі.

Тухфа (ар.: *تحفة* – «сыйлық») – сыйлық; сирек кездесетін құндылық; көркем шығарма.

Фарингализация (грек. φάρυγγος фаринкс – «көмей») –тіл артының кейін шегініп, жұтқыншақ қуысының тарылуы арқылы дыбыс шығарудың коартикуляциялық үдерісі.

Факсимиле (латын. fac simile –«ұқсас ет») –көп құжаттарға қол қоюшы лауазымды адамның қойған қолын қайталап көшіретін мөр, клише.

Фотокөшірме – фотография әдісімен жасалған құжат, қолжазбаның көшірме нұсқасы.

Элизия (лат. ēlīsiō – «түсіп қалу») – сөз тіркестерінде кейінгі сөздің бастапқы дауысты дыбысының әсерімен алдыңғы сөздегі соңғы дауысты дыбыстың түсіп қалуы.

Этнографизм (грек. ethnos – «тайпа», grapho – «жазамын») – жеке бір ұлтқа, ортаға тән салт, тұрмыстық заттың атауы.

Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімі саласы.

Этноним (грек. этно – «қоғам, топ») – ру-тайпа, халық, ұлт атауы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- а – қолжазбаның а беті
алт. – алтай тілі
ар. – араб тілі
Ат-Тухфа– Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати
ауыс. – ауыспалы мағынада
әзірб. – әзірбайжан тілі
б – қолжазбаның б беті
б. – бет
башқ. – башқұрт тілі
БК – Білге қағанға арналған ескерткіш
гр. – грек тілі
Диуан – Диуани луғат ит-түрк
ДТС – Древнетюркский словарь
Е – Тыва елінде табылған Енисей ескерткіштері
Китаб ад-Дурра ал-Мудия – Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия
ала тамам уа ал-камал
Китаб ал-Идрак - Китаб ал-Идрак ли-лисан ал-атрак
КТ – Күлтегін ескерткіші
каз. – қазақ тілі
қ.қалп. – қарақалпақ тілі
қырғ. – қырғыз тілі
құм. – құмық тілі
лат. – латын тілі
мр. – мураққақ
мф. – муфаххам
ноғ. – ноғай тілі
өзб. – өзбек тілі
тат. – татар тілі
Тон – Тонькөкке арналған ескерткіш
түрк. – түрікмен тілі
т. – ортағасыр түрікмен тілі (М.Т. Фазылов қолданған қысқарту)
түр. – түрік тілі
тув. – тува тілі
ұйғ. – ұйғыр тілі
хак. – хакас тілі
чув. – чуваш тілі
этногр. – этнографиялық
с. – бет (орыс тілінде страница)
р. – бет (ағылшын тілінде page)
s. – бет (түрік тілінде sayfa)
.ص– бет (араб тілінде صفحة)

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертацияда жалғыз түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) №3092 нөмірімен сақтаулы «ат-Тухфату-з- закийату фил-луғатит туркийати» ("التحفة الزكية في اللغة التركية") (бұдан кейін «Ат-Тухфа» деп беріледі) атты қолжазбаның зерттелу тарихы, қолжазбадағы лексемалардың тарихи-тілдік интерпретациялануы, құрылымы, тілдік бірліктері қарастырылды.

Түпнұсқадағы «التحفة الزكية في اللغة التركية» ескерткіш атауы сөзбе-сөз «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық» деп аударылады. Автордың түркі тілі терминін қазіргі түркітанудағы 40-қа жуық түркі тектес халықтардың бәрін қамтитын жалпы атау ретінде түсіну қажет. «Түркі тілі (тілдері)» атауы түркі тілдес халықтар мен этникалық топтары деген ортақ атаумен аталады.

Жұмыста «Ат-Тухфа» ескерткішіндегі тілдік бірліктерді мағыналық топтарға бөліп, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу, этимологиялық-семантикалық талдау жұмыстары жүргізілді. Мысыр тарихындағы Мәмлүктер билігі дәуірінде жазылған ескерткіштің тілі ортағасырлық деректерге, ортағасырлық және түркі тіліндегі сөздіктерге, түркітанушы ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып анықталды. «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігінде берілген этнографизмдерге лингвистикалық интерпретация жасалды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – Қыпшақ дәуірі болып табылса, осы дәуірдің жемісі ислам өркениетінде ерекше орны бар жазбаша деректерге ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеуге деген қажеттілік түркі өркениеті мен мәдениетіне жаңаша көзқарастардан туындап отырған. XIII-XV ғасырларда-ақ қыпшақ мәдениеті мен тіліне байланысты мәдени-тарихи жәдігерлер Жерорта теңізінің арғы бетінде шамамен мәмлүктер билік еткен тұста дүниеге келгені белгілі. Қыпшақтар өз топырағында көне Отырар қолжазбаларын сақтап қала алмаса да, араб әлеміндегі қыпшақтардың мәдени-әдеби мұралары бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны қазіргі түркітану ғылымы үшін орасан зор қазына деп бағалауымызға болады. «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында мәдени-әдеби мұраларды елімізге әкеліп, зерттеу түркітанушылардың тіл тарихын зерттеуде, қыпшақ тілінің мәртебесін анықтауда өз үлестерін қоспақ.

Орта ғасырларда Мысырда түркі тіліне қатысты «Китаб булғат ил-муштақ фи луғат ит-турк уа-л-кифжақ» (كتاب بلغة المشتق وفي لغة الترك والقفجاق) (Джамаладин ат-Турки. «Түркі және қыпшақ тілдерін жақсы игеруге арналған кітап», XIV ғ.), «Ал-қауанин-ал-куллия ли дабт-ал-луғати ат-туркийа (القوانين الكلية لضبط اللغة التركية)» («Мәмлүк қыпшақтарының тілін үйренуге арналған грамматикалық трактат»), «ат-Тухфатуз закийату фил луғати-т туркийати (التحفة الزكية في اللغة التركية)» («Түркі тіліндегі бағалы көркем туынды», XV ғ.), «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак (كتاب الادراك للسان الاتراك)»

(Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап, Асир әд-Дин Әбу Хайан, XIV ғ.) сияқты ескерткіштер жазылғаны белгілі. Жоғарыда аталған араб, парсы тілдерінде жазылған деректерде қыпшақ тілі мен мәдениетіне қатысты көптеген мәліметтер сақталған, сондықтан оларды зерттеу қазіргі таңда өз өзектілігін жойған жоқ.

Ортағасырларда жазылған бұл қолжазбалардан түркілердің тілі мен тарихына, тұрмыс-тіршілігі мен өміріне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне қатысты көптеген құнды деректерді табуға болады. «Ат-Тухфа» қолжазбасын қазіргі таңда түркітанудың жаңа ғылыми парадигмасы тұрғысында зерттеу осы салаға жаңа көзқарастар мен пікірлердің туындауына себеп болатыны белгілі.

Диссертацияда «Ат-Тухфа» ескерткішінің түпнұсқасымен жұмыс істеп, оған талдау жасалды. Қолжазбаның түпнұсқасын зерттеудің, оған жаңаша көзқараспен талдау жасаудың қажеттігі, өз заманындағы қыпшақ тілі мәртебесін анықтау болып табылды. Қолжазба мазмұнынан байқағанымыз XV ғасырда қыпшақ тілі, қазіргі терминмен айтқанда, дипломатия, сарай тілдердің бірі болған.

Ғылымда «Ат-Тухфа» қолжазбасы жазылған жері мен уақыты туралы да пікірлер бірыңғай емес. Түркітану саласында алатын орнына әділ баға берілу керек. Қыпшақ тілінде жазылған жәдігерлерді қайта қарастырып, қолжазбаларды жалпы оқырман қауымға қолжетімді қылу да жұмыстың басты мақсаты болмақ. Аталмыш еңбек түркі тілдері, әсіресе қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарайым, қарашай-балқар, қырым татар тілдерінің тарихында үлкен рөл атқарады. Қыпшақ тобындағы тілдердің этнолингвистикалық, этнографиялық қырларын талдауда «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы материалдың маңызы орасан зор.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тілдік бірліктердің басым көпшілігі әлі де қолданыста екендігін ғылыми дәйектемелермен дәлелдеу жұмыстың өзектілігін арттырады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы тек ортағасырлық араб және қыпшақ тілдеріндегі, қостілді сөздік қана емес, түркі тілдерінің даму тарихы туралы маңызды мәлімет бере алатын лингвистикалық еңбек. Аталған ескерткішке қатысты қазіргі түркология мамандарының жаңа ғылымдар тоғысында зерттеу еңбектері көптеген тілдік фактілер мен байланыстарды, тіл тарихындағы маңызды факторларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нысаны – ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінің тілі.

Зерттеу пәні – «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы лексикалық бірліктердің тарихи-лингвистикалық сипаттамасы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – түпнұсқадағы араб және қыпшақ тілдерінде жазылған «Ат-Тухфа» ескерткішіне кешенді талдау жасау.

Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылады:

- «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихына шолу жасап, зерттеу деңгейін анықтау;
- «Ат-Тухфа» ортағасырлық ескерткішіне палеографиялық талдау жасау, қолжазбаның құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін айқындау;
- қолжаздағы лексемаларға тарихи-лингвистикалық дәйектеме беру;
- «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы саны жағынан ең көп кездесетін лексикалық бірліктер «жылқы» мен «ит» атауларына танымдық-лингвистикалық талдау жасау;
- «Ат-Тухфа» еңбегіндегі этнографизмдердің танымдық-лингвистикалық табиғатын анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі дереккөз ретінде араб-қыпшақ тілдерінде жазылған «Ат-Тухфа (التحفة الزكية في اللغة التركية - Түркі тіліндегі бағалы сыйлық, XV ғ.)» ескерткішінің (жалғыз түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) №3092 нөмірімен сақтаулы) түпнұсқасы басшылыққа алынды.

«Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ит-туркия ала тамам уа ал-камал (كتاب الدرة المضية في اللغة التركية على تمام والكمال – Түркі тілінің жарқын інжу-маржаны әрі толық жазылып біткен кітап, XIV ғ.)» қолжазбасы қосымша дереккөзі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, М. Қашқаридің «Диуану луғат ит-түрік» жұмысының А.Егеубайдың қазақ тіліне (1- 3 том, Алматы, 1997-1998), З.М. Ауэзованың орыс тіліне аудармалары (Алматы: Дайк-Пресс, 2005), Древнетюркский словарь (ДТС, Ленинград, 1969), Э.В. Севортянный «Этимологический словарь тюрских языков (Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі) (Общетюркские и межтюркские основы на гласные, М., 1974)», 16 түркі тілі (қазақ (Казахско-русский словарь, Алматы: Дайк-Пресс, 2002), карақалпақ (Русско-каракалпакский словарь, М., 1967), ноғай (Русско-ногайский словарь, М., 1956), татар (Русско-татарский словарь, М.: Рус. яз., 1991), башқұрт (Башкирско-русский словарь, М., 1958), құмық (Русско-кумыкский словарь, М., 1960), түрікмен (Русско-туркменский словарь, М., 1956), әзірбайжан (Русско-азербайджанский словарь, Том1-4, Баку, 1946-1990), түрік (Гүлтек В. Русско-турецкий словарь, Стамбул, 2012), өзбек (Русско-узбекский словарь, I-II том, Ташкент, 1983-1984), ұйғыр (Русско-уйгурский словарь, М., 1956), қырғыз (Русско-киргизский словарь, М., 1957), алтай (Русско-алтайский словарь, М., 1964), тува (Русско-тувинский словарь, М., 1980), хақас (Бутанаев В.Я. Русско-хакасский словарь, Петропавловск: «Полиграфия», 2011), чуваш (Русско-чувашский словарь, М., 1971) бойынша түсіндірме және аударма сөздіктері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігінде берілген 1500-ге жуық сөз, «ад-Дурра» сөздігінен «Ат-Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 1000 сөз, «Көне түркі сөздігінен» «Ат-Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 123 сөз, 16 түркі тілі (қазақ, карақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, түрікмен, әзірбайжан, түрік, өзбек, ұйғыр, қырғыз, алтай, тува, хақас, чуваш) бойынша аударма сөздіктерінен

«Ат-Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 1152 сөз жинастырылып, талданды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі түркі тілдерінің тарихы, тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне нақты тілдік дәйектемелермен өзіндік үлес қоса алады. Олар төмендегідей:

- «Ат-Тухфа» қолжазбасына толықтай сипаттама беріліп, палеографиялық талдау жасалды;

- «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы сөздер лексика-семантикалық топтарға жіктеліп, алғаш рет қазіргі түркі тілдерімен салыстыру жүргізілді,

- қолжазба тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді;

- ортағасыр мен қазіргі дәуірге ортақ, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін лексикалық параллельдер сараланып көрсетілді;

- қолжазбадағы лексикалық бірліктердің салыстырмалы-тарихи интерпретациясы берілді;

- «Ат-Тухфадағы» «жылқы» және «ит» сөздерінің семантикасына танымдық талдау жасалды;

- ортағасырлық сөздіктегі этнографизмдер қарастырылып, Мысырдағы қыпшақтардың этномәдени ерекшелігі сипатталды;

- ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасы негізінде арабша-қыпшақша сөздіктің транскрипциясы беріліп, сөздіктің қазақша аудармасы жасалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық және әдіснамалық негізі. Ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, Ә. Дербісәлі, А.З. Рүстемов, М.Н. Маженова, Б. Сағындықұлы, Ш. Шарапатұлы, Т.А. Арынов, Ә. Керімов, Ә. Ибатов, М.Б. Сабыр, С.Дүйсенов, З.А. Әуезова, Б.Н. Жұбатова, Қ. Садықбеков, Б. Атабай, Ш.С. Қалиева, Б.М. Сүйеркұл) және шетелдік ғалымдардың (Х. Кун, Б. Аталай, С.М. Муталибов, А. Зайончковский, Э.Н. Наджип, Э.И. Фазылов, М.Т. Зияева, А.И. Чайковская, Р. Эрмерс), қазіргі түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы (Н.А. Баскаков), көне түркі ескерткіштерінің тілі және руникалық жазулар (С.Е. Малов), түркі тілдерінің құрылымдық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі (Э.С. Севортян, Н. Гаджиева, А.М. Щербак), қазақ лингвистерінің түркологиялық зерттеулері (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, М. Томанов, Ғ.Айдаров, Б. Сағындықұлы, Ә.Т. Қайдар, М.Б. Сабыр, Р.Ә. Авакова, Б.М. Сүйеркұл, Қ. Садықбеков, Г. Қортабаева), көне және ортағасырлық қолжазбаларындағы ономастикалық кеңістік (Т. Жанұзақ, В.У. Махпиров, Р.Н. Шойбеков, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Қ.Ғ. Аронов), араб тіліндегі түркизмдер (Ұ.Т. Алжанбаева, Б.Н. Жұбатова), этнолингвистика бойынша (Ә.Т. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева) ғалымдардың еңбектерінің әдіснамасы басшылыққа алынды.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу барысында қазіргі түркітануда қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды.

Диссертацияны жазу барысында деректанулық, палеографиялық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және өңдеу, сұрыптау, аудару тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Диссертацияда ортағасырлық қолжазбаны зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар, тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу ісіне өзіндік үлесін қосады, қыпшақ тобындағы тілдерге тән фонетикалық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар салыстырмалы фонетика, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізсе, лексикалық топтарға жасалған талдауды мәдениеттану, этнолингвистика сынды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарында салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында, сонымен қатар жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің тарихы мен мәдениеті бойынша арнайы курстар оқу және мәдени деректерді қажет ететін сөздіктер құрастыруда қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихына қатысты оқулықтарда сөздік ретінде қолдануға да болады. Қазақстандық шығыстану, түркітану, қыпшақтану ғылыми зерттеу жұмыстарында байырғы этностардың ақпараттық қорын құрастыруда зерттеудің практикалық үлесі бар, этномәдени және лингвистикалық қатынастарды анықтауда тың деректер бермек. Құрастырылған арабша-қыпшақша сөздікті түркітану мамандығы бойынша бакалавр, магистрант, докторанттарға «Ортағасырлық түркі ескерткіштері» пәніне қосымша құрал ретінде қолдануға болады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздік бөлімі «Арабша-қыпшақша-қазақша сөздік («Ат-Тухфа аз-закийя фи луғати-т-туркийя») (XV ғ.) қолжазбасының лексикасы») атаумен сөздік болып құрастырылып, жарық көрді.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

1. Қыпшақ тілі өз заманында араб халқы үшін жоғарғы билеуші тап өкілдерімен қатынас құралы болған. Қолжазба қыпшақ тілінің Еуразия даласында халықаралық мәртебесін нақтылай түсетін, арабтарға қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылған оқулық және қостілді сөздік болып табылады.

2. «Ат-Тухфа» түркілердің Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы араб-мұсылман қоғамында өзіндік тарихи орнын сипаттайтын, өз кезеңінде түркі тілінің үлкен сұранысқа ие екеніне дерекнамалық дәлел бола алатын, сол дәуірде өмір сүрген мәмлүктер тілінің әлемдік бейнесінен мағлұмат беретін Мысырда жазылған қолжазба.

3. Ат-Тухфа қолжазбасының тілі оғыз және қарлұқ тілдерінің элементтері араласқан [й] тілдер тобына кіретін Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін дерлік қамтитын, ғылымда ортақ тіл деп аталатын көне қыпшақ тілінде жазылған.

4. Қолжазбадағы қыпшақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған «жылқы» және «ит» атауларының сандық көрсеткіші түркі тілдерінің бай сөздік қорының нәтижесінде болған. Аталмыш семалардың тарихи негіздері халықтың болмысымен тікелей байланысты «мәдени кодтарды» жеткізуші ұлттық сана-сезімді өз бойына сақтаушы тілдік таңба болып табылады. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік сақталған «ит» және «жылқы» атауларында халықтың ұлттық танымы, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен салт-санасы көрініс тапқан.

5. «Ат-Тухфа» арабша-қыпшақша сөздігі ортағасыр кезеңіндегі түркі тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығы, дәстүрі, соғыс және зергерлік өнері, өмір сүрген және қоршаған ортасына қатысты құнды деректер береді. Ескерткіште кездесетін түркі тілдеріне ортақ этнографизмдер халықтың тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси тағдырынан, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен, наным-сенімдерінен тарихи ақпарат беретін ортағасырлық түркілердің табиғат пен қоғамды түсініп, қабылдауымен тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, ғылыми-теориялық халықаралық конференциялар негізінде 12 мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 8 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала:

1. The concept «horse»: on the basis of the monument «at-Tuhfa az-zakiya fil-lugat at-turkiyya». // Man In India, 96 (10), 3939-3956p.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала:

1. Ономастикалық кеңістік: Ат-туһфа аз-закія фил-луғат ат-түркийя. // ҚазҰУ хабаршысы, шығыстану сериясы. 2015. №5 (75), 230-236 б.

2. Ат-туһфа аз-закія фил-луғат ат-түркийя ескерткішіндегі үй жануарларының атауы. // ҚазҰУ хабаршысы, шығыстану сериясы. 2015. №4, 220-226 б.

3. Ат-туһфа ескерткішіндегі түр-түс семантикасы: салыстырмалы-тарихи аспект. // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университетінің хабаршысы, филология сериясы. 2015. №2, 81-85 б.

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері бірнеше отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда сыннан өтті:

1. Китаб ат-туһфат-уз-закійя фил-луғат-ит-туркийя»: лингво-дерекнамалық экскурс. // Лингвистикалық мұра және жаңа заман үрдісі: Тіл, әдебиет,

мәдениет атты халықаралық ғылыми форум. – Алматы, 2 сәуір 2015 ж. – 99-103 б.

2. Лексико-семантический анализ лексемы лошадь (ат) в памятнике «ат-тухфа аз-закия филлугат ат-туркийя». // Актуальные проблемы диалектологии языков народов России Материалы XV Всероссийской научной конференции, проводимой в рамках IV Всемирного курултая башкир и посвященной юбилею доктора филологических наук, профессора Ф. Г. Хисамитдиновой. – Россия, Уфа, 20 ноября 2015 г. – 124-126 с.

3. Ат-туһфа аз-закия фил-луғат ат-түркийя ескерткішіндегі аң атаулары. // «ҮІ. Құрышжанов оқулары» атты дәстүрлі халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 25 қараша, 2015 ж. – 317-320 б.

4. Historical excursion of the medieval monument «at-tuhfa az-zakiyya fil lugat at-turkiyya» // VII International Conference "Global Science and Innovation". – USA, Chicago, March 23-24, 2016. – 72-76 p.

5. «Ат-туһфа аз-закия фил-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лексикалық талдау // «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» халықаралық симпозиум материалдары. – Астана, 24 қараша, 2016 ж. – 26-27 б.

6. «Ат-тухфа аз-закия фил-луғат ит-түркийя»: ит атауына байланысты тілдік бірліктер // «Қазіргі заманғы түркітану» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 17 қараша, 2017 ж. – 59-64 б.

7. Turkic Ethnic Realities in the Medieval Manuscript of Kipchak Origin //IRA-International Journal of Education & Multidisciplinary Studies. Studies (ISSN 2455-2526), 12(3), – 54-60p.

8. «Ат-туһфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткіші: этнонимдер интерпретациясы // «Орталық Азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 19 қараша, 2019 ж. – 170-174 б.

Еуразия ғылыми зерттеу институтының жас ғалымдарға арналған стипендиялық бағдарламасы аясында диссертацияның бір бөлімі негізінде «Ат-Тухфа» еңбегіне «Тарихи-лингвистикалық экскурс» атты ғылыми жоба жасалып, ағылшын тіліне аударылды.

Диссертациялық жұмыс «Мысыр мәдениетіндегі түркі-қыпшақтық қабат» атты жоба аясында (2018-2020) (жоба жетекшісі – филол.ғ.д., доцент Жұбатова Б.Н.) түркі-араб байланыстары, мысыр араб мәдениетінің қалыптасуындағы қыпшақтар үлесі, ортағасырлық Египеттегі түркі-қыпшақ тілінің мәртебесі деген мәселелерді анықтауда қарастырылады

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының ғылыми семинар мәжілісінде (2019 жыл, 28 мамыр; №35) талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігі қазақ

тіліне алғаш рет толық аударылып, сөздердің арабша, қыпшақша нұсқалары, транскрипциясы, қазақша аудармасы, қолжазбада көрсетілген парақтың бетіне сәйкестендіріліп берілді.

1 «АТ-ТУХФАТУЗ ЗАКИЙАТУ ФИЛ ЛУҒАТИТ ТУРКИЙАТИ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақ халқының тарихы Мысыр мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты. Себебі Моңғол шапқыншылығы кезінде Қыпшақ даласының халқы жалдамалы құл ретінде сатылып, Мысыр мен Сирия елдерінде билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтар Орта Азиядан, нақтырақ Қазақ жерінен, қазақ халқының құрамына кіретін рулық қауымдастықтан шыққандығы анық. XIII-XVI ғасырлар арасында Мысырда билік еткен Қыпшақ даласынан шыққан мәмлүктер тек саяси билік жүргізбей, қыпшақ халқының мәдениеті мен тілін кеңінен таратқан.

Мәмлүк мемлекеті (1250-1517) – Мысыр, Сирия елдерін Орта Азия және Кавказ жерлерінен шыққан жауынгер-құлдардан билікке жеткен тұлғалар билеген ел. Мәмлүк сөздің мағынасына келетін болсақ, арабша-орысша сөздікте екі берілген мағынасы бар: біріншісі – иемдену болса, екіншісі – ақ құл, мәмлүк деп аударылады. Сол заманның араб деректері оған «сатылатын және сатып алынатын, әке-шешесі жоқ ақ құл» деген анықтама берген [1].

Араб халқының өмірінде үлкен рөл атқарып, екі елдің тарихында мәңгілікке сақталған мәмлүк халқының шығу тегі жайында қазіргі таңда көптеген пікірлер айтылып жүр. Батыс, араб, орыс деректерінде мәмлүктер негізінен түркі және Кавказ халықтарынан шыққан деп берілген. Қ.Бегалин орыс жылнамаларында Украина мен Солтүстік Кавказдың басым көпшілігі шеркештер деп аталғанымен, қазіргі кезде Кіші жүз құрамына кіретін қазақтар мен алабұғы татарларынан еш айырмашылығы жоқ екендігін дәлелдеген. Ол Батыс Қазақстанда, қазіргі Атырау, Орал облыстарында кіші жүзге жататын шеркеш руы кең таралғандығын айтады да, шеркеш мәмлүктерімен байланыстырады[2].

Қазіргі кезде батыс ғалымдары моңғолдардан бөлінген ойрат тайпасының бір бөлігінің Мысырда мәмлүктер құрамына енгендігін дәлелдеген. Анадолы жерінен де құлдар сатылып, мәмлүк әскерінің бір бөлігін құраған. Себебі, құл базарының өзі «Орта Азия» және «Анадолы түркілері» атты екі құл базары болған деп атап кеткен. Тарихи фактілер негізінде бастапқыда өз еркілерімен қосылған ойрат тайпасы кейіннен құлдыққа сатылғандығы туралы жазба бар[3].

XIII ғасырда мәдениет пен ғылым дамыған орталықтардың бірі Алтын Орда болған. Алайда орталықтанған билік құлап, таққа таластың күшеюі мәдени орталықтардың әлсіреуіне әкеледі. Мәдени ошақтар өз шығармашылықтарын жалғастыру мақсатында қолайлы орталықтар іздеп, көп елдерге шашырап кетеді. Көптеген ғалымдар мен жазушылар мәмлүктер билеген Мысыр, Сирия елдеріне қоныс аударып, ғылыми және әдеби қызметтерін жалғастырады. XV ғасырдағы араб тарихшылары қыпшақ тайпаларынан шыққан көптеген ғалымдар, жазушылар мен ақындар жаңа елді-мекенде өз ана тілдері мен араб тілдерінде бірдей жазып отырған деген деректер келтіреді. Олар ағартушылық қызметпен айналысып, Мысырдың

көптеген білім ордаларында сабақ берген. Бұл деректі қазіргі араб елдерінің тарихшысы, филолог Әл-Холи де растайды. Қыпшақ халқының саны тек құлдардың қатарымен ғана емес, мәдени орталықтардың Алтын Ордадан Мысырға көшуі арқылы да көбейген. Бұл да өз кезегінде Мысырда мәмлүктер тұсында қыпшақ тілінің кең таралуына ықпал жасаған.

Мәмлүктердің құрамы қыпшақтар, шеркештер, Анадолы түркілері, кавказдықтар, армяндар, ойраттар сынды халықтардан құралғанымен, басым көпшілігі қыпшақтар болғандықтан, қыпшақ тілі кең қолданыста болды. Өз кезегінде мәмлүктердің жүргізген ықпалы мен билігінің жергілікті халыққа басым болғандығынан, араб халқына арналған қыпшақ тілін үйренуге филологиялық трактаттар, яғни грамматикалық түсіндірме әрі арабша-қыпшақша сөздіктер жазылды. Осы ғасырлардан бізге бірнеше еңбектер жеткен. Олардың қатарында біздің зерттеу нысанымыз болып отырған «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» қолжазбасы да бар.

1.1 Әлемдік түркітану ғылымында «ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» ескерткішінің зерттелу тарихы

«Ат-Тухфа» қолжазбасының аудармалары

«Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» – "التحفة الزكية في اللغة التركية" (бұдан кейін «Ат-Тухфа» деп беріледі) қолжазбасы ғылымда 1922 жылдан мәлім [4]. Алғаш рет қолжазба Түрік ғалымы М.Ф. Көпрүлінің «Körösi Csoma Archivum» атты мақаласы арқылы түркітануда танымал болған [5]. Мақалада автор қолжазбадан бірнеше сөздерді теріп алып, мысалға келтірген. «Китаб ал-Идрак», «ал-Қауанин» қолжазбаларынан кейін тұрған қолжазба екендігін атап кеткен. Қолжазбаның түпнұсқасы Ыстамбұлдағы (Түркия) Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында №3092 нөмірімен сақтаулы. Түпнұсқаның көшірмесі жоқ, тек жоғарыда аталып кеткен нұсқа ғана сақталған. Қолжазбаның түрік тіліне аудармасын алғаш рет Шамсеттин Сами жасағанымен, аударма жарыққа шықпай қалған. 1934 жылы Хикмет Турхан Даглыоглу «Шемсеттин Сами. Өмірі және еңбектері» атты еңбегінде аталмыш аударма туралы айтып кеткен. Сол себептен де түрколог Х. Кунның 1940 жылғы «La langue des kiptshaks (Қыпшақтардың тілі)» атты француз тіліне аудармасы, 1942 жылы баспадан шығарған нұсқасы алғашқы болып саналады. Еңбекте тек аударма ғана емес, қолжазбаның факсимилиесі де берілген. Өкінішке орай, қазіргі кезде «La langue des kiptshaks» атты еңбек жоғалып кеткен еңбектердің санатында [6], іздеу барысында, еңбектің араб-қыпшақ сөздігіне арналған екінші лексикалық бөлімнің фотокөшірмесі ғана табылды.

«La langue des kiptshaks» еңбегінің кіріспесінде, қолжазбаның түпнұсқасы қайда сақталғандығы туралы мәлімет француз тілінде берілген. Фотокөшірме жоғары деңгейде жасалғанымен, ұзақ уақыт сақталғандықтан, кітап беттері сарғайып кеткен. Жазуы өте ұсақ әрі үлкейтіп көре алмағандықтан, қолжазбаны оқу қиынға соғады.

1945 жылы Бесим Аталай қолжазбаны түрік тіліне аударып, «Türk dilinde temiz (Түрік тіліндегі таза тіл)» деген атаумен басып шығарады. Еңбектің құндылығы қолжазбаның фото көшірмесінің берілгендігінде. Аударманың кіріспесінде Б. Аталай қыпшақ тайпасының IX ғасырдан бастап, тарих сахнасында белгілі бола бастағаны туралы деректі келтіреді. Қазіргі қазақ, қырғыз халықтарының жерінде IX-XII, XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген қыпшақтарды және Алтын Орда кезеңдерін жеке-жеке қарастырған. Алтын Орда кезеңіндегі тарихи жағдайды баяндай отырып, автор қыпшақ халқының да әдебиетін сипаттап, «Хұсрау және Шырын» шығармасын мысалға келтіреді. Алтын Орда билігінің тұсында қыпшақ тілінің гүлденген кезі еді. «Орта Азиядан Қытайға дейін түгелімен жергілікті халық қыпшақ тілінде сөйлеген, ұйғыр әліпбиін де қолданған» делінеді [5, S. VIII-IX].

Бесим Аталай «Ат-Тухфа» еңбегін «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінен кейін аударғандығын айта кетеді. Әрі «Ат-Тухфа» қолжазбасын «Диуани лұғат ит-түрік» және «Китаб ал-Идрак» сынды қолжазбалардан кейін маңызы жоғары құнды еңбектердің бірі ретінде атайды. Басқа қолжазбалар «Ат-Тухфа» қолжазбасынан кейінгі дәрежеде қарастырылуы тиіс делінеді [5, XIX-XX]. Батыс әлеміне қолжазбаның зерттелуі әлі кең жайылмаған. Тек белгілі түрколог Х. Кунның ғана еңбегі бар деп көрсетілген. Б. Аталай қолжазбаның жазылған уақыты мен авторы туралы нақты бір мерзімді не адам атын көрсету мүмкін емес деген [5, S. XIII].

Дегенмен қолжазбаның түпнұсқасының алғашқы беті мен соңғы беттерінде көрсетілген мәліметтер төмендегідей:

- хижра жыл санауы бойынша 829 жыл. Бұл жыл қолжазбаның түпнұсқасында көрсетілген;

- Мехмет деген есім ғана оқылған. Есімнің жанындағы басқа сөздер анық болмауынан автордың аты ма әлде тарихи ат па - түсініксіз [5, S. XIII].

«Ат-Тухфа» еңбегіндегі сөздік автор тарапынан әліпби ретімен түзіліп, жазылу үлгісіне «Ал-қауанин-ал-куллия ли дапт-ал-лугати ат-туркий», «Китабу булғат ал-муштак фи лұғат ат-турк уа-л-кифчак» және «Китаб-ал-идрак-ли-лисан-ал-атрак» атты басқа да ортағасырлар кезеңінде жазылған сөздіктермен салыстырмалы талдау жасалған. Қазіргі кезде «Ат-Тухфа» қолжазбасының түрік тіліне аудармасы өте жақсы тәржімаланған еңбектердің бірі болып танылады [6, С.7].

Нидерланды ғалымы Р. Эрмерстің зерттеуі бойынша, Б. Аталайдың түркі сөздеріне берген транскрипциясынан түпнұсқаны қайта қалпына келтіруге болмайды [7]. Себебі, Б. Аталай араб графикасында берілген қыпшақ тіліндегі сөздерді түркілендірген. Алайда, біз ортағасырдағы сөздердің нақты дыбысталуын білмегендіктен, тек пайымдай ғана аламыз. Араб тіліндегі нұсқасын міндетті түрде беруіміз керек деп есептейміз.

Т.А. Арынов Б. Аталайдың аудармасында бірнеше оқылмай кеткен сөздер бар екендігін айтады. Сөйтіп, аталмыш сөздерді 2 топқа бөледі: 1) түрікше және арабша аудармасы берілсе де, Б. Аталай оқи алмаған; 2) әрі араб тіліндегі нұсқасы ғана бар, қыпшақ тілінде аудармасы берілмеген және

сол тұсқа сұрақ белгісі ғана қойылған [8]. Сонымен қатар, кейбір сөздер түпнұсқада берілген нұсқасымен сәйкес келмейді [7, P.12].

Б. Аталай «Türk dilinde temiz» еңбегінде Мысыр-Қыпшақ диалектісін (Б.Аталай қолданған термин) түркі тілдеріндегі диалектілерімен салыстырып, жазып, төмендегідей мысалдар келтірген:

- түркі диалектілерінде [ч] әрпі қолданылады: *борч*, ал мысыр-қыпшақ диалектісінде [ш] әрпі *борш* (аудармасы борыш) қолданылған; кейбір сөздерде [ч] әрпі де қолданылған: *бычқырды*; *качты* және т.б.

- түркі диалектілерінде [г] әрпі қолданылады: *йаг*, ал мысыр-қыпшақ диалектісінде [в] әрпі: *вав*;

- мысыр-қыпшақ диалектісінде үш дауыссыз дыбыс және бір дауысты дыбыс қатарынан келуі мүмкін: *корукты* сөзінің орнына *коркты*;

- түркі диалектілерінде [н] әрпімен [б] әрпі қолданылса, ал мысыр-қыпшақ диалектісінде [м] әрпі қолданылады: *минилмиш* [5, S. XVI-XVII].

1968 жылы «Ат-Тухфа» қолжазбасының үшінші аудармасы жасалған. Салих Муталибов қолжазбаны өзбек тіліне «Туркий тил (кыпчак тили) хаккида ноёб тухфа» деген атпен аударды [9].

Бұл аудармаға көптеген сын пікірлер де айтылған. Олардың қатарында А. Шукюрлидің сыни мақаласын және Т. Арыновтың «Ат-Тухфа» қолжазбасына арналған кандидаттық диссертациясын ерекше атап кетуге болады. А. Шукюрлидің сыни мақаласында, өзбек тіліндегі аудармада қолжазбаның 16 беті, яғни 306 бетіндегі 10 тармақтан 41 - бетке дейін берілмегендіктен, 660 сөз аудармаға енбей қалған. Әрі аудармада кейбір қыпшақ тіліндегі сөздердің түрікмен тіліндегі ұқсастықтары өзбек тіліндегі аудармасында түсіп қалған. Кейбір араб тіліндегі сөздердің аудармасы берілмеген немесе түркі тіліндегі транскрипциясы ғана берілген. Сонымен қатар, кей жерлерде сөздердің жазылу тәртібі бұзылып, түркі сөздеріндегі созылыңқы дыбыстарды қос нүкте арқылы кейде белгілеп, кейде белгілемеген [10]. Кестеден үзіндіні 1- кестеде келтірдік:

Кесте – 1. С.Муталибов аудармасындағы қателіктер

Мәтінде	Парақ	Бет	Индексте	Бет
1	2	3	4	5
بيش биш	186	44	быш	163
بلطير билтир	196	69	былтыр	183
بير قاط биркат	236	82	быркат	183
بيت бит	29а	100	быт	183
بيتى битти	30а	103	бытты	183
بيچاق бычак	196	69	пычак	183

Ал, Т.А. Арынов, А. Шукюрли мақаласында берілген өзбекше аудармадағы кемшіліктерді атай келіп, өзінің ««Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закийа фил-луга ат-туркийя»» атты кандидаттық диссертациясында

толығымен түсіп қалған, әрі қате берілген сөздерді кесте түрінде өз тарапынан, жазып кеткен [8, С.13].

С. Муталибов аудармасының Б. Аталай аудармасынан ерекшелігі онда, басқа түркі тілдес ескерткіштермен салыстырмалы түрде қарастырылмаған, әрі факсимилесін бермеген. Ескерткіштің Б. Аталайдың аудармасымен салыстырғанда, өзбекше аудармасында түркі сөздері арабша жазумен берілген.

«Ат-Тухфа» морфологиялық тұрғыдан да зерттелген, 1972 жылы М.Т. Зияева «Ат-Тухфа» морфологиясы бойынша кандидаттық диссертация қорғады [11]. Осы зерттеудің негізінде 1978 жылы академик А.Н.Кононовтың редакциясымен «Ат-Тухфа» ескерткішінің аудармасы «Изысканный дар тюркскому языку» деген атпен Ташкент қаласында жарық көреді. Негізгі аударманы М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов орыс тілінде жасаған. Аударма кіріспе, лексика-грамматикалық очерк, сөздік, қолжазбаның толық аудармасы, грамматикалық индекстен тұрады [12].

М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов дайындаған еңбектің ең басты кемшілігі сөздердің арабша нұсқасының берілмегендігі. Орысша аударманың ерекшелігі сөздердегі таңба ерекшеліктері берілген. Аударма ғылыми көпшілікке танымал.

Аударманың бәрінде де парақ санымен сәйкестікте берілмеген. Қолжазба *بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ* (бисмиллахи ар-рахмани рахим) фразеологиялық тіркестен басталады. Мәтіннің өзі тек 2а бетінен басталады. Қолжазбаны аударған ғалымдар ескерткіштің атауы да бет санына жататынын ескермеген. Сол себебі, аударманы түпнұсқамен салыстыру үшін, тура бет-бетімен емес, сөз мағынасына қарай қарастыру қажет. М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов аударманы тура түпнұсқада берілген беттермен сәйкес жасаған. «Изысканный дар тюркскому языку» еңбегінің арабша-қыпшақша бөлімімен жұмыс істеу өте ыңғайлы [11, Б.101]. Себебі, парақтың беттері араб тіліндегі сандармен, яғни ١, ٢, ٣ берілген.

Зерттеушілер кіріспеде өздеріне дейін «Ат-Тухфа» ескерткішін кім және қашан зерттегендігі туралы толық мәлімет берген. Әр ғалымның өз дәйектемелері де келтірілген.

Синоним, омоним сөздер тізбегін жасай отырып, М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов өз тараптарынан еңбектен табылған мысалдарды келтірген. Ескерткіштегі фонетикалық ауытқушылықтарды көрсеткен. Кейбір фонетикалық ерекшеліктерді басқа да ортағасырлық еңбектермен, нақтырақ айтар болсақ, «Китаб ал-Идрак», «Булғат ал-муштак», «Диуану лұғат ит-түрік» қолжазбаларымен салыстыра отырып талдау жасаған.

М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов «Ат-Тухфа» қолжазбасында шамамен 3600 сөз бар деп келтірген. Соның ішінде 1729 – зат есім; 1185 – етістік; 313 – сын есім; 92 – сан есім; 53 – есімдік; 34 – үстеу; 22 – қосымша сөз; 32 – септеулік шылау; 7 – демеулік шылау; 6 – одағай деп көрсеткен. Лексикалық бірліктер толықтай қарастырылып, топтарға бөлінген.

Олар:

- 1) дінге байланысты атаулар;
- 2) табиғат құбылысына байланысты атаулар;
- 3) географиялық атаулар;
- 4) гидрологиялық атаулар;
- 5) құрылыс заттарының атаулары;
- 6) үй шаруашылығының атаулары;
- 7) киім-кешек атаулары; әшекей атаулары;
- 8) әйелдер киімінің атаулары;
- 9) адам мен жануардың дене мүшелерінің атаулары;
- 10) ағаш атаулары және т.б.

Жалпы, авторлар ескерткіштегі сөздерді 36 тақырыптық топқа бөліп қарастырған [6, С. 65-70].

«Ат-Тухфа» ескерткішінің авторы түрікмен, татар тілдерінде берілген сөздерді белгімен атап көрсеткен. Араб, парсы, қытай тілдерінен енген кірме сөздерді де атап кеткен. М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов грек, авеста, соғды тілдерінен енген сөздерді көрсеткен. «Ат-Тухфа» қолжазбасында көрсетілмесе де, М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов қолжазбадағы кейбір сөздерге араб және парсы тілдерінен енгендігін жазып кеткен.

«Ат-Тухфа» ескерткішінің 4 тілде ғана аудармасы бар:

1) 1922 жылдан бері ғылыми жұртшылыққа танымал бола бастаған. Қазіргі күнге дейін төрт тілдегі аудармасы ғылыми айналымға енді. Француз тіліне Х. Кун (1942 ж.), түрік тіліне Б. Аталай (1945 ж.), өзбек тіліне С. Муталибов (1968 ж.) және орыс тіліне М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов (1978 ж.) аударған. Аудармалар ХХ ғасырдың ІІ жартысында жасалғанымен, өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Француз тіліндегі аудармасы сақталмаған, тек екінші бөлімінің фотокөшірмесін ғана табуға болады. Фотокөшірмесінің парақтары кішірек, жұмыс істеуге қолайсыз. Ондаған жылдар бұрын жасалған фотокөшірменің парақтары сарғайып, ескіріп кеткен.

2) Б.Аталай түрік тіліне «*Türk dilinde temiz*» атты аудармасының кіріспесінде қолжазбаның жазылған уақыты, авторы, мекені туралы мәліметтер береді. Аударманың ұтымдылығы осында, себебі Б.Аталай тек аударма ғана жасамай, палеографиялық жұмыс нәтижесін, аударма жасаған кезде аз ғана деректерге мән беріліп, болашақ зерттеушілерге нұсқау берген. Аударманың екінші бөліміндегі «Арабша-қыпшақша сөздікке» келер болсақ, Б. Аталай бірінші араб тіліндегі нұсқасын, сосын қыпшақ тіліндегі нұсқасын латын графикасымен және түрік тіліндегі қазіргі атауы өзгеріске ұшыраған сөздердің аудармаларын жақша ішінде беріп отырған. Мысалы, *ازرق* – *kök* (*gök, mavi*) [5, S.6].

Аудармада көрсетілген парақ беттері қолжазбаның түпнұсқасымен сәйкес келмейді. Аударманың соңында Б. Аталай қолжазбаның фотокөшірмесін берген. Қыпшақ тіліндегі сөздерді арабша берілген нұсқасымен тура бермеген, қыпшақ тіліне тән фонетикалық ерекшеліктермен көрсеткен. Мәселен, *ерсі* (*ابجی*) түпнұсқадағы арабша варианты берілмеген)

Т.А. Арынов осылай беруін «жұмыстың артықшылығы» деп көрсетсе, нидерландық ғалым Р. Эрмерс керісінше, «латиницамен берілген сөздерді арабша нұсқасына қайта келтіруге болмайды деп мұны жұмыстың кемшілігі ретінде қарастыру керек» деген. Р. Эрмерс араб тіліндегі нұсқасы берілмесе, транскрипцияны қайта қалпына келтіруге болатындай етіп жазу керек деген принципті ұстанған.

3) С. Муталибовтың аудармасы *«Туркий тил (кыпчак тили) хаккида ноёб тухфа»* деген атпен ғылымда белгілі. Аударманың ұтымдылығы араб тіліндегі нұсқалары беріліп, өзбек тіліне аударылған. Алайда аударманың ең үлкен кемшілігі 16 бет, 660 сөз түсіп қалған. Өзбек тіліндегі нұсқаның артықшылығы «Арабша-қыпшақша сөздікте» берілген араб тіліндегі сөздер араб графикасымен түзілген.

4) Ескерткіштің орыс тіліне жасаған аудармасын М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов *«Изысканный дар тюркскому языку»* деген атпен 1978 жылы басып шығарған. М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов жұмыста тек қолжазбаның аудармасы ғана емес, сонымен қатар ғылыми ортада белгілі қолжазба авторы, жазылған жері мен уақыты туралы пікірлер мен болжамдар жазып кеткен. «Арабша-қыпшақша сөздік» бөлімін 36 лексика-семантикалық топқа бөліп, ғалымдар сол сөздікте берілген сөздердің арасынан басқа тілден енген сөздерді бөліп кеткен. Орыс тіліне жасалған аударманың да кемшілік тұстары бар. Бұл нұсқадағы арабша-қыпшақша сөздіктің араб тіліндегі сөздері кириллицамен берілген. Өзбек тіліндегі аудармада да араб графикасы берілсе, одан кейін жасалған орыс тіліндегі аудармада араб графикасымен беру мүмкіндігі болғанымен, аудармашылар тарапынан араб графикасымен терілмеген. Орыс тіліндегі аудармада қолжазбаның арабша-қыпшақша жазылған еңбек екендігі ескерілмеген.

Көріп отырғанымыздай «Ат-Тухфа» қолжазбасы төрт тілге тек аударма ғана жасалып, мәмлүк ескерткіштері жайында сөз болғанда тек аты ғана аталып жүр немесе кейбір аспектілер бойынша ғана зерттелген. Қолжазбаның құрылымы толықтай сипатталып, палеографикалық тұрғыда зерттелмеген.

«Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелуі

ТМД елдеріндегі зерттеулер. Түрікмен ғалымы З.Б. Мухамедова XI-XIV ғасырлардағы түрікмен тілінің тарихын зерттеу барысында бірнеше ортағасырлық еңбектерді қарастырып кеткен. Олардың қатарында «Ат-Тухфа» ескерткіші де бар, себебі ескерткіште «قيل [qila]» «айтылған» деген сөзден кейін түрікмен тіліндегі нұсқалар көрсетілген. Мысалы, كۆگاور [kükāwur] – құмған [1, 4a-4б], برنج [birinč] – күріш [4б], قاقتی [qāqtı] – ашулану [5б], باگندی [bekindi] – таң қалу [6a] және т.б. Міне осы сөздерді, грамматикалық формаларын, етістіктерді зерттеп, түрікмен тілінің тарихында «Ат-Тухфа» ескерткішінің рөлі ерекше деп айтқан [13]. Мәселен, М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов сынды ғалымдар түрікмен сөздерінің қолжазбада берілген саны – 167 дейді [6, С.71].

Сонымен қатар, ғалым А.И. Чайковская өзінің «Тюркская грамматика в арабоязычных филологических трактатах XIII – XIV вв. (Глагол)» атты

еңбегінде ортағасырлық төрт филологиялық еңбекке тоқталып кеткен: 1. «*Kitāb majmū‘ tarjūmān turkī wa ‘ajamī wa mūḡulī*»; 2. «*Kitāb ḫilīyat al-insān wa ḫalbat al-lisān*»; 3. «*Kitāb al-idrāk li-lisān al-atrāk*»; 4. «*Kitāb at-tuḫfat az-zakīyat fī-l-luḡat at-turkīyat*» [14].

Әрбір ескерткішке жеке-жеке тоқталып, зерттелу тарихы, авторы, жазылған уақыты мен мекені туралы баяндаған. Ғалым А.И. Чайковская «Ат-Тухфа» ескерткішінің француз, түрік, өзбек, орыс тілдеріне жасалған аудармаларын беріп әрі ескерткіш авторы түркі халқынан шыққан, араб тілінің грамматикасын жетік білмейді деген пікірлерді айтады [14, С.4]. «Ат-Тухфа» ескерткішінің толық лексикалық материалы А.И. Чайковская зерттеуінде талданбаған. Тек автордың зерттеу тақырыбы етістік сөз табы болғандықтан, қолжазбадан етістіктер ғана беріліп, талданған (*раккиб, байийд, чактир* және т.б.) [14, С.42].

Ескерткішті лингвистикада зерттеуге арналған материалдардың қатарына О. Прицак жүргізген XIII-XVII ғғ. қыпшақ тілі ескерткіштерін салыстырмалы зерттеуін қосуға болады, ғалым өз зерттеу жұмысында араб және араб тілді ғалымдар еңбектеріне шолу жасаған [6, С.8].

Э.Н. Наджип Мысырда мәмлүк кезеңіндегі қыпшақ-оғыз әдеби тіліне арналған еңбегінде қолжазбаны аталған кезеңнің жазба ескерткіші екендігін атап кеткен. Әрі лексикалық материалдары мен аударма дәлдігіне қарап, Э.Н. Наджип «Ат-Тухфа» еңбегін Абу Хайанның еңбегінен жоғары бағалайды [15].

Татарстан ғалымы А.Р. Рахимованың 2016 жылдың 25-27 мамырында өткен III Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумында «XIV уу. Kırçak Türkçesine Ait “Kitab-et-tuhfet üz-zekiye” Eserinin Sözcükleri ve İnsan Nitelendirme Kelimeleri (XIV ғасырда қыпшақ тілінде жазылған «Китаб-ет-Тухфет үз-зекийе» атты жәдігердегі адамның қасиеттерін сипаттайтын лексика)» атты мақаласы жарияланған. Мақалада автор адамның мінез-құлқына байланысты лексемаларды талдап, 130 бірлік жинастырған. Оның ішінде отызға жуық лексемаларда ғана оғыз элементі бар екен. Осы сөздер өз кезегінде татар тілінде қазіргі кезде қолданыста жүргенін айтады [16].

Сонымен қатар, Татарстан ғалымы Г.Ш. Гайнутдинова өзінің «Историко-лингвистический анализ тюрко-татарского письменного памятника XIV века Джамал ад-Дина ат-Турки «Китабу булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кифчак» атты кандидаттық диссертациясында «Ат-Тухфа» қолжазбасын Мысырда жазылған араб ғалымдарының қолжазбаларының тізіміне қосады [17].

Түркітануда «Ат-Тухфа» қолжазбасы бойынша қорғалған диссертациялық еңбектер соңғы 15 жылдың ішінде жазылса да, қолжазбаның жазылған жері, мекені, қолжазбаның авторы жайлы көптеген даулы мәселелер көп.

Шет елдерде жасалған зерттеулер. Түрік ғалымдары негізінен өздеріне дейін жазып кеткен ғалымдар еңбектерінің библиографиясын қарастырған. Мәселен, Ахмет Туран Синан қыпшақ тіліндегі қолжазбаны зерттеген

ғалымдар еңбектерінің тізімін жазып шыққан. «Қыпшақ түрікшесі библиографиясы» деп аталатын бұл еңбекте жалпы 2010 жылға дейінгі қарастырылған қолжазбалар енгізілген. Тізімде «Ат-Тухфа» қолжазбасы да бар. Жоғарыда қарастырылған үш түрлі нұсқа: түрік, француз, орыс тілдеріндегі аудармаларын атап кеткен [18].

Түрік ғалымы Муса Салан «Et-tuhfe ve onun Müellifi «Ат-тухфа және оның авторы» атты мақаласында Т. Халаша-Кунның еңбегінің негізінде «Ат-Тухфа» қолжазбасы жайлы мәліметтер беріп, қолжазбаның авторы кім болуы мүмкін деген сұрақ бойынша ғылымда бар болжамдарға тоқталған. Жұмысында «Китаб ал-Идрак ли-лисан атрак» атты еңбекті де атаған. Мақаланың соңында қолжазбаның бірнеше көшірмелерінен үзінді берілген [19].

Сонымен қатар, Жан Өзгүрдің «Kırçak sahasına ait sözlük ve kaynaklarda at ve atçılıkla ilgili terminoloji (Қыпшақ тіліндегі сөздіктер мен ресурстарда берілген ат және ат әбзелдеріне байланысты терминология)» атты мақаласында ортағасырлық қолжазбалардан атқа қатысты лексикалық бірліктерге талдау жасалған. Ортағасырлық қолжазбалардың қатарында «Ат-Тухфа» ескерткіші де бар [20].

А. Зайончковский де «Мәмлүктер билігі кезеңінде жазылған араб-қыпшақ сөздіктері жайында кейбір ескертпелер» атты мақаласында қолжазба туралы айтып кеткен [6, С.52]. Қолжазбаны мәмлүктер билігі тұсында жазылған филологиялық еңбектер қатарында атап отырып, «Ат-Тухфа» ескерткішінің жазылған уақыты мен жазылған жері туралы ғалым өз пайымдауын білдірген. Сирияда жазылған деген пікірді келтірген. Пікірін дәлелдеу мақсатында қолжазбада кездескен сириялық диалектіде берілген сөздерді мысалға келтірген.

Нидерланды ғалымы Роберт Эрмерс өзінің «Turkic forms in Arabic structures» атты еңбегінде XIV ғасырда жазылған қолжазбаларға қысқаша түрде тоқтап, сипаттама беріп, 10-ға жуық ортағасырлық ескерткіштерге ғылыми талдау жасаған. Мәмлүк дәуірінде жазылған қолжазбалар қатарында, ғалым Х. Кун фотокөшірмесінің негізінде «Ат-Тухфа» қолжазбасының ескерткіштің сақталған жері, зерттелу тарихы жайлы құнды мәліметтер береді. Негізгі дереккөздер негізінде араб тілінің грамматикасымен салғастырмалы талдау жасаған. Фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері сарапталған. Осы талдауларға ортағасырлық еңбектерден мысалдар келтірген [7].

Америкалық ғалым Мариа Мина Лазареску-Зобинан (Lăzărescu-Zobian Maria Mina) өзінің «Kırçak Turkic loanwords in Romanian (Румын тіліндегі қыпшақ-түркі кірме сөздері)» атты докторлық диссертациялық жұмысында әртүрлі жазу үлгілерінде берілген қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді талдап, мәмлүк кезеңінде араб графикасымен жазылған ескерткіштерге де, оның қатарында «Ат-Тухфа» қолжазбасына да тоқтап кеткен. «Ал-Қауанин» мен «Ат-Тухфа» ескерткіштерінің фонетикалық қырлары бірдей, Шығыс қыпшақ түркі қолжазбаларымен үндес делінеді [21].

Халаши Кун пайымдаған бұл ұқсастық тек лингвистикалық жаңалық қана емес, 1387-1517 жылдар арасында Мысырды билеген Мәмлүк сұлтандарының этникалық құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Қыпшақ тілінде жазылған Мәмлүк сұлтандарының бұйрықтары, араб және парсы тілдеріндегі шығармалар аударылды. Мәмлүктер тұсында Мысыр, Сирия мен Йемен елдері «Түркі мемлекеті» деген бейресми атауға ие болған. Араб графикасындағы қолжазбалардың ерекше тұстары да талданған [21, Р.77-85]. Ғалым Мариа Мина Лазареску-Зобиан өзінің диссертациясында А. Зайончковский, Х. Кун, А.М. Щербак сынды ғалымдар еңбектеріне сілтеме жасаған.

Қазақстандағы зерттеулер. Қазақ ғалымдарының ішінен алғаш болып, қолжазба туралы ғылымда сөз қозғаған белгілі қыпшақтанушы ғалым – Ә. Құрышжанұлы. Оның қолжазба туралы алғашқы еңбегі 1972 жылы Қазақ Совет Энциклопедиясында жарияланған [22].

Еңбектерінде «Ат-Тухфа» ескерткішінің қазақ халқының тарихында үлкен рөл атқарғандығын, еңбектің қазақ тіліне ең жақын қыпшақ тілінің қолданысы жайлы орта ғасыр еңбектерінен мол мәлімет беретіндігіне зор мән береді. Ә. Құрышжанұлы қолжазбада 3000 -дай қыпшақ сөздерімен қатар, түрікмен, татар, қарлұқ тілдерінен де мәліметтер келтірілген деген пікір айтқан. «XIV ғасырда Мысыр елінде араб грамматикасының үлгісімен жазылған еңбек» деген. Түрік және өзбек тілдеріндегі аудармасын атап кеткен. Зерттеулерінде осы аталған ескерткішке арнайы тоқталмаса да, «Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV веков» тақырыбында жазған докторлық диссертациясында ортағасырлық қыпшақ тіліндегі ескерткіштерден, соның ішінде, «Ат-Тухфа» қолжазбасынан да тілдік фактілер талданған.

М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты оқулықта салыстырмалы фонетика және грамматика бойынша «Ат-Тухфа» еңбегіне сүйенген. Руналық жазулар кезінен жазба деректерді салыстырып, ортағасырлар кезеңінен бірнеше қолжазбалар, соның қатарында «Ат-Тухфа» қолжазбасының лексикалық бірліктерін талдаған. Мәселен, кейбір сөздерде *һ* дыбыс ауысуын байқауға болады: «Ат-Тухват» - *сүгүк*, «Абухайиан» *сүңүк*, «М.Қ.» - *сөңүк*, қазақ - *сүйек* [23].

Т.А. Арынов «Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закийя фил-луга ат-туркийя» атты кандидаттық диссертациясын «Ат-Тухфа» ескерткішінің лексикасына арнаған [8]. Ғалым жұмысының бірінші бөлімінде Б. Аталай жасаған фотокөшірмемен жұмыс істегендігі жайлы айтып кеткен. Еңбекте осы ескерткішке жасалған үш негізгі аудармаға тоқталып, оларды салыстырып, талдау жасайды. Әр аударманың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсетеді. Мәселен, түрік, өзбек, орыс тілдеріндегі аудармаларда бір сөздің оқылуы әртүрлі берілген, яғни транскрипциясы бір-бірімен сәйкес келмейтінін көрсетеді. Т. Арынов салыстырмалы түрде 2-кестеде көрсеткен [8, Б.29].

Мысалы:

Кесте – 2. Үш тілдегі аударманың түпнұсқамен салыстырмасы

Түпнұсқа:	беті:	Б. Аталай:	беті:	С. Муталибов:	беті:	М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов:	беті:
كَاتَمَاكْ	50a	ketmek	86	кэтмак	217	катмак	324
يُوكُورْ	12a	yügür	22	Іугур	206	иугур	316
يُوكَانْ	31б	yügen	61	Іукан	206	иуган	316
إِلَادِي	26a	eyledi	50	аІадІ	174	айладІ	272
كِرْبِكْ	20б	kirpik	39	кІрпІк	219	кирпик	325
نَاكَا	50б	nege	73	нэга	235	нага	351
اورُو	12б	uvru	23	увру	366	ору	356
كُودَالِي	32б	kevdeli	63	гавдаІІ	192	гавдали	289
تُومَاوْ	4a	tumaw	7	тумав	264	тумав	393
تُويْمَا	18a	tüyme	35	туІма	263	туйма	384
إِرْتَا	19a	erte	36	-	-	ирта	299
يَال	3a	yel	4	Іэл	201	йал	309
يَالْدِي	38a	yeldi	72	ІэлдІ	201	йал (дІ)	310

Екінші кестеге шолу жасайтын болсақ, бірінші сөзде созылыңқы а әрпі берілген. Араб тіліндегі дауысты әріптердің бұл ерекшелігі үш автордың жұмысында да көрсетілмеген. Кестеде берілген сөздердің түрік, өзбек, орыс тілдеріндегі аудармаларында созылыңқы әріптерді транскрипцияда бермеген. Сол себептен де, бұл сөздерді араб тіліне қайта қалпына келтіруге болмайды. Бұл өз кезегінде түпнұсқамен сәйкессіздігінің анық белгісі болып табылады. Т.А. Арынов осы сәйкессіздіктер аталмыш аудармалардағы ең үлкен кемшіліктердің бірі деп сынға алған.

Т.А. Арынов ескерткіштегі сөздерді 26 мағыналық топқа бөледі. Мысалы: астрономиялық атаулар, құрылыс атаулары, туыстық атаулар, пайдалы қазбалар және т.б. Т.А. Арынов ескерткішті М. Қашқаридің «Диуани луғат ит-түрік» сөздігімен салыстырып, кірме сөздерді анықтаған. Қолжазбадағы синоним, антоним, омоним, диалект сөздердің реестрін жасаған. Кірме сөздер қатарын да тізіп кеткен. Кірме сөздер қатарына араб және парсы, қытай және монғол, грек тілдерінен мысалдар келтірген.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде қыпшақ тілінен өзге татар, түрікмен тілдерінен сөздер қатары да берілген. Т.А. Арынов сөздікте тек бір ғана қыпшақ тілі ғана емес сонымен қатар өзге екі түркі тілдес тілден берілген сөздерді де талдап кеткен. Ғылымда алғаш рет, қыпшақша-қазақша сөздіктің тізбесін береді. Өкінішке орай, автор сөздігі тек қосымша ретінде, диссертация көлемінде қалған.

Т.А. Арыновтың «Арабша-қыпшақша» сөздігі құнды еңбек болса да, жеке кітап ретінде баспадан шығарылмаған. Автор еңбекке лексика-семантикалық және лексикографиялық ғылыми талдау жасап, «ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» ескерткішінің тілі ортағасырлық қыпшақ

тілі, түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне жақын, әрі сөздіктегі сөздер қазақ тілінің 75-80% құрайды деген тұжырымға келеді [8, Б.79].

Кез келген ортағасырлық ескерткіш кірме сөздермен тілдің лексикалық қорын толықтырып отырған. Мысырдағы мәмлүк жазған шығармада моңғол тілінен енген сөздер көп болса, ал шығыс түркілерінің еңбектері араб және парсы тілдерінен енген сөздерімен толыққан. «Ат-Тухфа» ескерткішінде де кірме сөздер бар. Алайда басқа ортағасырлық ескерткіштермен салыстырсақ, аталмыш қолжазбада кірме сөздер қатары аз. Мәселен «Хұсрау мен Шырын» - 22,3%; «Мухаббатнаме» - 24,8%; «Гулстан» - 45,3%; «Түркі-моңғол сөздігі» - 45,3 %; «Ат-Тухфа» - 0,4 % [8, Б.60].

Сонымен қатар, Т.А. Арынов «Ат-Тухфа» қолжазбасын зерттеп, талдай отырып төмендегідей нәтижелерге жеткен [8, Б.143-145]:

«Ат-Тухфа» қолжазбасы таза, аралас емес қыпшақ бұтағындағы тілдерге ортақ қыпшақ тілінде жазылған. Себебі еңбекте тек араб тілінен – 15, парсы тілінен – 60, татар тілінен – 5, басқа диалектіден – 10, түрікмен тілінен – 160 сөз кездеседі. Басқа тілдердің үлесі қолжазба лексикасының 6-7%-ын құрайды. Қолжазбада берілген лексемалардың жалпы саны – 3584.

лексикалық бірліктері көптеген басқа ортағасырлық сөздіктерде кездеспейді. 500 синоним, 230 омоним, 58 антонимдер тізбегі анықталған;

лексика жалпы ортақ және арнайы кәсіби сөздер деп бөліп қарастырған.

«Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика» ғылыми басылымы «Алдоңғар» Мәдениетті дамыту қорының «Қазақ тегі» жобасының аясында «Қазақ тілінің шығу тарихы» сериясы бойынша профессор Б. Сағындықұлының басшылығымен шыққан екінші кітабының Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұстағы көне қазақ тілінің жазба дереккөздері (XI-X ғғ.) (Қыпшақ тілі және жазба ескерткіштері жайында) атты бөлімі «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихы мен ғылыми сипаттамасына арналған. Қолжазбаның ғылымда белгілі аудармалары жайлы жазылған.

Сонымен қатар, ескерткіш тілінің лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін атап кеткен. Қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбегін талдаған. «Ат-Тухфаның» авторы, жазылған жері мен уақыты жайлы ғылымда белгілі пікірлерді саралай келе, ғылыми басылымның авторлары жәдігерді XIV ғасыр туындысы деген пікірге келеді. Қолжазбаның фонетика, лексика, грамматикаға арналған үш бөліміне қысқаша тоқтаған.

Негізінен фонетикалық ерекшеліктерін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып,

1) фонетикалық тұлғасы да, мағынасы да қазақ тілімен толық сәйкес келетін сөздер;

2) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

3) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда екі дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

4) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үш дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

5) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үштен көп дыбысында өзгешілігі бар сөздер;

6) қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда сыртқы пішінінде өзгешіліктер болғанымен, мағынасы толық сәйкес келетін сөздер;

7) үнемдеу заңының ықпалынан, метатеза, сіңісу, жылысу, ығысу құбылыстарының әсерінен пайда болған фонетикалық өзгерістер деп бірнеше тараушаларға бөліп қарастырған [24].

Қазақ ғалымдарының ішінде соңғы жылдары «Ат-Тухфа» ескерткішіне арнайы зерттеу жұмысын арнаған Б. Сүйерқұл. «Ат-Тухфа... ескерткіші /XIV ғ./ тіліндегі етістік категориялары (тарихи-салыстырмалы талдау)» атты кандидаттық диссертациясында аталған ескерткіштегі етістік категориясын талдаған [13].

Ескерткіш туралы жазбастан бұрын, зерттеуші Б. Сүйерқұл XIV-XV ғасырлардағы тарихи-мәдени жағдайларды сипаттаған. Өзіне дейінгі зерттеулерге сипаттама беріп, «Ат-Тухфа» ескерткішінің тарихын баяндаған. Еңбектің жазылу орны мен уақыты, авторы туралы ғылымда бар болжамдарға тоқталған. Негізінен сөздікпен жұмыс жасап, етістіктің грамматикалық категориясы, яғни етістік түрлері, шақ, жақ, етіс категориялары қарастырылған.

Мәселен, сабақты етістіктер туралы тарауында сабақтылық көрсеткіштері ретінде 13 аффикс аталып, мысалдар берген: *миндир, башлат, ичир, қаңирт, дадирт, чактир, тургиз, кийир, өткар, имиз, улғат, йатқыр, турғуз* және т.б. [13, Б.103-104].

Сонымен қатар, ғалымдар С.Е. Боранбаев, М.Е. Әлімбаев өздерінің еңбектерінде «Ат-Тухфа» ескерткішін дереккөз ретінде пайдаланған. М.Е. Әлімбаев «Ат-Тухфа» ескерткішінен жылқы атауына қатысты тілдік бірліктерімен жұмыс істеген [25].

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ әдебиетін зерттеген ғалым А. Әлібекұлы мәмлүктер заманында қыпшақ тілін үйретуге арналған сөздіктердің қатарында «Ат-Тухфа» ескерткішін де атап өтіп, «Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық» деген аударма беріп кеткен [26].

Бірнеше сөздіктерді атап отырып, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған шығармаларды зерттеу – болашақтың ісі болмақ деген пікір айтады. Қ.А. Садықбеков мәмлүктер дәуірінде жазылған қыпшақ тіліндегі грамматикалық оқулықтар мен трактаттардың қатарында «Ат-Тухфа» еңбегін де атап кеткен. Зерттеу жұмысында өзі атап кеткен еңбектерді әлі де кеңінен зерттелуі тиіс деп көрсеткен [27].

Қазақ тілінде жазылған еңбектерде «Ат-Тухфа» ескерткіші «Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық» деп аударылып, қолданыста жүр. Соңғы жылдары, жас ғалымдар тарапынан да қолжазбаларды зерттеу қайта қолға алына басталды. Мәселен, Қ. Аубакирова өзінің «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.)» атты диссертациясында

мәмлүктер кезінде жазылған қолжазбаларға тоқтап, әрқайсысына қысқаша сипаттама берген. Соның ішінде «Ат-Тухфа» қолжазбасы да бар. Ізденуші Қ. Аубакирова қолжазбаның сөздік бөлімінде берілген кейбір лексикалық бірліктерді талдаған [28].

Қыпшақ тіліндегі «Ат-Тухфа» қолжазбасы мәмлүктер билігі тұсында жазылған мұра болғандықтан кеңінен зерттеуді қажет етеді, бұл өз кезегінде ұлттық-мәдениеттің тарихын, рухани мұраны және түркі халықтарының араб-мұсылман өркениетіне қосқан үлесін терең тануға, пайымдауға мүмкіндік береді.

1.2 «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» еңбегінің құрылымы

Ортағасырлық араб елдерінде ғылым, білім кеңінен оқылып, дамып жатқан кезде көптеген лексикографиялық еңбектер жазылған. Әр автор бір жүйеге келтіріп, ортақ бір дәстүрге, канонға салып жазуға тырысқан. «Ат-Тухфа» қолжазбасының құрылымын талдамастан бұрын, ортағасыр кезеңіндегі лексикографиялық еңбектердің классификациясына тоқталайық. Жалпы ортағасырлық сөздіктерді төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

I. Мазмұны бойынша:

1. Ортақ түсіндірме сөздіктер;
2. Шектеулі сөздер көлемін қарастыратын шағын көлемді пәндік-тақырыптық сөздіктер және үлкен көлемді кең тақырыптарды қарастыратын антологиялық сипатты сөздіктер;
3. Синонимдер сөздігі;
4. Сирек және аз қолданылатын сөздер;
5. Түрлі білім саласына қатысты сөздіктер;
6. Шет тілінен енген кірме сөздер сөздігі;
7. Екі тілді сөздіктер.

II. Лексиканы жинақтау тәсілі бойынша:

1. Лексика-семантикалық немесе тақырыптық принцип бойынша құрастырылған сөздіктер;
2. Грамматикалық, яғни парадигматикалық немесе аналитикалық-морфологиялық белгілері бойынша жинақтайтын сөздіктер;
3. Сөз түбірін сақтап, тілдің барлық лексикалық қабатын қамтитын сөздіктер.

III. Сөздердің берілген тізбегі бойынша:

1. Фонетикалық – пермутативті принцип;
2. Алфавитті – пермутативті принцип;
3. Алфавитті – шеңберлік принцип;
4. Рифмалық принцип;
5. Сөздің алғашқы түбірін ғана есепке алатын толық емес алфавитті принцип. Әртүрлі жасалынады:
 - а) қарапайым әліпбиді қолдануымен;
 - б) фонетикалық әліпби нұсқаларын қолдануымен;

с) дәстүрлі семит әліпбиін қолдануымен.

6. Жалпыға ортақ әліпбиді қолдануымен толық алфавитті принцип [29].

Мазмұны бойынша «Ат-Тухфа» ескерткішінің арабша-қыпшақша сөздігін екі тілді сөздікке жатқызамыз. Лексикалық бірліктер жинақталуына байланысты сөз түбірін сақтап, тілдің барлық лексикалық қатпарын қамтитын сөздік болып табылады.

Қолжазбаның палеографиялық сипаттамасы

Қолжазба «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» – «التحفة الزكية" اللغه التركيه" деп аталады. Қолжазбаны аударған ғалымдар арасында қолжазба атауы бойынша бірізділік жоқ. Көрнекті ғалым-түркологтар Х. Кун «La langue des kiptshaks», яғни Қыпшақтардың тілі, ал Б. Аталай «Türk dilinde temiz» – Түрік тіліндегі таза тіл, С. Мутталибов «Туркий тил (қыпчак тили) хакида ноёб тухфа» – Түркі тілі туралы ерекше сыйлық, М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов «Изысканный дар тюркскому языку» деген атпен аударды. Түпнұсқадағы атау «التحفة الزكية في اللغة التركيه», Түркі тіліндегі бағалы сыйлық деп сөзбе-сөз аударылады. Араб тіліндегі фи қосымшасы – ғы, гі, ішінде деген сөздермен сәйкес келеді. Автор араб халқына түркі тіліндегі, яғни қыпшақ тіліндегі ең бағалы сыйлықты жасап жатыр демек. Қыпшақ тілінде бар інжу-маржанды, тілдік байлығы мен дұрыс сөйлеп үйрену үшін фонетикасы мен грамматикасын сыйлық етіп оқулық ретінде тарту еткен. Қолжазбаның атауынан-ақ еңбектің өте құнды, әрі араб халқына арналған екендігін саралауға болады.

Диссертацияда ХІХ ғ. 20-жылдардан бастап «Ат-Тухфа» ескерткішін зерттеген ғалымдар еңбектері толыққанды қарастырылып, ғылыми талдау жасалды. Алайда, жоғарыда аталған зерттеулерде еңбектің авторы нақты кім екені анықталмаған. Жазылған уақыты мен мекені туралы мәселелерде зерттеуші ғалымдар бір тоқтамға келе алмаған. Қазіргі күнге дейін әртүрлі пікірлер айтылуда.

Себебі қолжазбаның өзінде автор туралы ешбір мәлімет жоқ. Б. Аталай өзінің «Türk dilinde temiz» атты еңбегінің кіріспесінде «Мехмет» деген есімді оқи алған [5, S.XIII].

Сонымен қатар, қолжазба авторы «ат-Тухфаның» кіріспесінде:

قال الشيخ الامام العلامة شرف الدين ابو حيان محمد بن يوسف بن علي حيان الاندلسي رحم الله تعالى في كتاب التركي [qāla al-šaiḫ al-imām al-‘ulāma Šaraf al-Dīn Abu Ḥaiān Muḥammad bnu ‘Alī Ḥaiān Al-andalusī raḥima Allahu ta‘āla fī kitāb al-turki] – Шейх Имам Шарафуддин Абу Хайан Мухаммад ибн Йусуф ибн Али Хайан ал-Андалуси (қ.м.т.) Ат-Турки кітабында былай деп жазған [4, .ص1a-1б].

Абу Хайанның 1313 жылы жазылған «Китаб ал-идрак ли-лисан атрак» деген еңбегімен таныс екендігі ғана жазылған. Сонымен қатар, қолжазбаның авторы Абу Хайанның толық атын жазып кеткен. Берілген деректерге сүйенсек, яғни 1256-1344 жылдар арасында өмір сүрген Абу Хайан қайтыс болғаннан кейін қолжазба жазылғаны жоғарыда келтірілген үзінді дәлел бола алады. Қолжазба 1344 жылдан кейін жазылғандығы анық. Әрі Абу Хайанды

ғылымда белгілі аты Эсируддин деген есімімен емес, Шарафуддин деген есіммен қолжазбада жазып кеткен [30].

Осыған орай көптеген зерттеушілер автор Абу Хайанның замандасы немесе оның еңбегі жазылғаннан кейін, яғни XIV ғасырда жазылған еңбек деген пікірді бір топ зерттеушілер, мәселен Б. Аталай, С. Муталибов және т.б. қолдайды. Ал, А. Шукюрли еңбектің жазылған уақыты 1426 жыл деген пікір айтады. Себебі қолжазбаның бірінші бетінде осы жылдар, яғни һиджра бойынша 829 жыл деп көрсетілген. Зерттеуші Т.А. Арынов болса, ескерткіш жазылған уақытын XV ғасыр деген пікірді қолдайды [8].

Себебі өз пікірінің дәлелі ретінде ескерткіштің соңғы бетінде Ашраф Қайтбайдың ұлы Насыр Мұхаммед Қайтбай сұлтаны 904 жылы қайтыс болған деген мәліметтерді келтіреді [12, Б.55]. Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Қайтбайдың ұлы Ан-Насир Насир ад-Дин Мухаммад ибн Қайтбай 1496-1498 жылдар аралығында, яғни һиджра жыл санауы бойынша 901-904 жылдарда билік еткен [31]. Біз А. Шукюрлидің пікірін қолдаймыз, себебі қолжазбаның факсимилесінде осы жылдар ٨٢٩ (һиджра бойынша 829 жыл) деп жазылып көрсетілген, шындыққа жанасады.

«Ат-Тухфа» қолжазба ескерткішінің қай елде жазылған деген мәселеге келетін болсақ, зерттеушілер бір тобы, яғни Б. Аталай, С. Муталибов, А. Шукюрли, А.И. Чайковская, Т. Арынов және т.б. Мысыр десе, екінші тобы, А. Зайончковский, Х. Кун, О. Прицак және т.б. ғалымдар Сирия дейді. Б. Аталай өз пікірінің дәлелі ретінде Мысырда XIV-XV ғасырларда болған тарихи оқиғалардың қолжазбаның бірінші және соңғы беттерінде жазылғаны туралы деректерді келтіреді. Ал, С. Муталибов болса, қолжазба қыпшақ тілінің негізінде жазылғандықтан, Мысырда жазылған деп есептейді [6, С.9].

Кейбір мамандар қолжазба Дешті Қыпшақ аймағында жазылған немесе Дешті Қыпшақ өзбектеріне өте жақын қатынаста болған адам еңбектің авторы болып табылады деген пікірлерді ұстанады. А. Зайончковский араб тіліндегі сөздіктегі сириялық элементтердің басым екендігіне баса назар аударған. Сол себептен де, «Ат-Тухфа» ескерткіші Сирияда жазылған деген пікір айтады. Х. Кун де осындай пікірде болған, себебі араб-сириялық сөздердің аудармасын тек сириялық диалектінің негізінде ғана танып білуге болған [6, С. 9].

Ескерткішті зерттеуші ғалымдар М.Т. Зияева мен Э.И. Фазылов өз аудармасында жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра келіп, еңбектен екі жақты қолдаған зерттеушілер дәлелдерін келтіреді. Мәселен, сириялық диалектіге жататын сөздерді, яғни قرمة [qurma] «бөрене», حزورة [hazzura] «жұмбақ», غير [yabara] «қалдық», غوش [yauš] «шуылдау» және т.б. Р. Дози, А. Бартемели, Б. Белот сөздіктеріне сәйкес негізін көне сириялық сөздерге жататындығын білуге болады [6, С. 10].

Қолжазбада тек мысырлық диалектісі ғана емес, сириялық диалектінің де кең қолданысын байқауға болады. Бұл өз кезегінде Сирияда қолжазба жазылған деген пікірді жақтаушы ғалымдардың пайымдауларына дәлел бола алады.

Сонымен қатар, кейбір сөздерді Мысырдағы диалектісі мен Сириядағы диалектісін салыстырып, сөздердің семантикасын талдап, зерттеуші ғалымдар мысал келтіре отырып, аталмыш сөздердің түрікше аудармасында негізінен мысырлық нұсқасы қолданылатыны дәлелденген [6, С.11].

Мәселен, жеміс-жидек атаулары, егістіктер мен балық атаулары және т.б. Дәлелдерді сонымен қатар, қолжазбада берілген тарихи жылдар сүйене отырып, зерттеушілер қолжазбаның авторы Орта Азиядан шыққан, ұзақ уақыт бойы Сирияда тұрған, алайда еңбек Мысырда жазылған деген тұжырымдар ұсынады [6, С.11].

Біз өз тарапымыздан, осы пікірмен келісе отырып, Мысыр мен Сирияның мәмлүктер билігі тұсында XII-XVI ғасырлар кезінде біртұтас ел болған деген тарихи дәлелді келтіреміз. Сол себептен де, қолжазба негізінен Мысырда жазылғанымен де, автор бірдей осы екі елде тұрып, қолжазбаның бір бөлігі Сирияда жазылып, бір бөлігі Мысырда жазылуы да әбден мүмкін деуге болады.

Қолжазбада Мысыр, Халеб және Сафад (қазіргі кезде Израильдің солтүстігінде орналасқан, еврей халқы үшін қасиетті қалалардың бірі, XIII-XV ғғ. мәмлүктердің қол астында болған) елді-мекендер атауларын келтірген. Автор мәмлүктер билік еткен елдерді (Мысыр, Шам, Сафад – мәмлүктердің қол астында болған ел мен қалалар [31, Б. 249]) аралап, жұмыс жазған деген тұжырымға келеміз. XV ғ. дейін Сафад қаласы мәмлүктердің қол астында болса, бұл дерек те қолжазбаның XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасыр аралығында Мысырда жазылғандығына дәлел бола алады.

Қолжазба 91 парақтан тұрады (шамамен 26*17,5 сантиметр) және парақтың екі бетіне де жазылғандықтан 181 бет деп айта аламыз. Бір бетте 13 жол және әрбір жолға шамамен 6-7 сөзден келеді. Түркі тіліндегі сөздер араб жазуымен диакритикалық белгілермен берілген (тек жолдың шетінде ғана қысқа дауыстыларсыз жазылған)

Қолжазба қазіргі күнде кең таралған араб каллиграфиясының «наسخ» үлгісімен жазылған. Сонымен қатар парақтары өте жұқа. Жұмыстың ең басты ерекшелігі араб тіліндегі сөздер қара түсті бояумен, ал түркі тіліндегі сөздер қызыл бояумен берілген. Қыпшақ тілін үйренген адамға оңай айырып, тануға арналған құрал болып табылады.

Қолжазбаның құрылымына сипаттама:

«Ат-Тухфа» қолжазбасы Абу Хайанның «Китаб ал-идрак ли-л-исан ал-атрак» еңбегіне ұқсас, араб тілінің сөздікте берілу дәстүрімен берілген. «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» ортағасырлық ескерткіші үш бөлімнен тұрады: 1) фонетика; 2) лексика: арабша-қыпшақша сөздік; 3) морфология. Еңбек басқа араб тілінде жазылған ортағасырлық еңбектер дәстүрімен Алланың атымен басталады: *بسم الله الرحمن رحيم* [bismi Allah al-rahman al-rahim]. Жолдың шетінде автор қолжазбаны бастаған жылы һиджра бойынша 829 жыл деп алғашқы бетінде көрсеткен.

Фонетика қолжазбаның 2 бетінде ғана берілген. Дыбыстардың тізімі және бірнеше дыбыстардың екі әріптің қосындысы туралы қысқаша

сипаттама беріп кетеді. Қыпшақ тілінде 23 әріп бар деп айтылғанымен, оның 19 әрпі ғана негізгі әріптер деп көрсетіледі: الالف (алиф), الباء (ба), التاء (та), الجيم (джим), الراء (ра), الزاي (за), السين (син), الصاد (сод), الطاء (то), الغين (ғайн), القاف (қаф), الكاف (каф), اللام (лям), الميم (мим), النون (нун), الهاء (һа), الواو (уау), الياء (йай), сәйкесінше [a], [b], [t], [č], [r], [z], [s], [s], [t], [ɣ], [q], [k], [l], [m], [n], [h], [u], [i]. Қалған 4 әріп қос дыбыстан құралған дыбыстар: [b] және [f] дыбыстары, яғни [p]; [č] мен [š], яғни [č] дыбысы; [n] және [k], яғни [ŋ] дыбысы, [k] мен [g] дыбыстары.

Арабша-қыпшақша сөздік араб әліпбиіне сәйкес хамзадан басталып, төмендегідей бөлімдерді қамтиды:

- хамзадан басталатын сөздер – 3a10-3б13;
- адамның дене мүшелері – 3б13-4a3;
- жылқының түсіне байланысты атаулар – 4a4-4aб;
- ат әбзелдері – 4aб;
- жер бетін мекендейтін тіршілік иелерінің атаулары – 4a7-4б1;
- тағам атаулары– 4б1-4б4;
- уақыт және мекен атаулары– 4б7-6б3;
- бағыттар - 4бб;
- өткен шақ етістіктері – 4б7-6б3 [6, С.15]. Бұл бөлімшелер автор тарапынан бөлініп берілгенімен, атаулары қойылмаған.

Басқа сөздер араб әліпбиіне сәйкес, алфавиттік тәртіп бойынша берілген. Сәйкесінше, [б, т, ъ, ж] яғни [b, t, ʃ, č] және т.б. Дегенмен араб тілінде берілген сөздердің араб әліпбиіне сәйкес тізбегінде [б/п] әрпінде қате кеткен. Мәселен:

بصير [basir] 6б3, باقى [bāqi] 6б4, بكر [bikr] 6б4, باكر [bākir] 6б4, باع [bā‘] 6б4, بطن [batn] 6б5, بضر [badr] 6б5, برطيل [bartil] 6б5, برّ [barra] 6б6, بركة [baraka] 6б6, بعض [ba‘d] 6б6, بزاق [buzāq] 6б7, بول [bawl] 6б7, بخيل [baḫil] 6б8, بهلوان [bahlawān] 6б8, بليد [balid] 6б9 және т.б. [6, С.15].

Тағы да осындай мысалды [ж] әрпінде де кездестіруге болады: الجنة [alčanna] 10б7, جهنم [čahannam] 10б8, جوزاء [čauzā‘] 10б8, جليد [čalid] 10б8, جبل [čabal] 10б9, جزيرة [čazira] 10б9, جرف [čurf] 10б9, جسر [čisr] 10б10, حجر [čuhr] 10б10, جوا [čawwā] 10б10; [д] әрпінен басталған бөлімде де: دق [daqqa] 15a12, دار [dāra] 15a13, داس [dāsa] 15a13, دفن [dufina] 15б1, دهن [dahana] 15б1, دفع [dafa‘a] 15б2; [x] әрпінен басталған бөлімде: حضرى [ḥadari] 12a3, حماة [ḥamāt] 12a4, حمو [ḥamu] 12a4, حاجب [ḥāčib]. Сонымен қатар араб әріптерінде басқа әріппен басталатын сөздер де кезігуі мүмкін. Мысалы, [т – ت] әрпі [с - ث] әрпінен басталатын сөзден басталған:

ثريا [ṣurāiīā] - اُولُكَارْ، - ulkar, يَادِي كَارْ - iadikar- Үрке

[X – ح] әрпінде [p – ر] әрпінен басталған сөз кездеседі:

رفيق [rafiq] - كُوَيَا - kuie - жолдас.

[Д] әрпі [з] әрпімен басталады:

ذهن [dihn] - اوُنكوزْ - uñuz – ес.

Автор арабша-қыпшақша сөздікті бастамастан бұрын араб тілі мен қыпшақ тілінің арасындағы айырмашылықтарды атап кетеді. Мәселен,

қыпшақ тілінде дауысты дыбыстың орналасуына байланысты сөздердің беретін мағыналары әртүрлі: هوا [араб тілінде, hawa] – يال [қыпшақ тілінде, jel] жел деген сөз; سنة [араб тілінде, sana] – ين [қыпшақ тілінде, zil] жыл сөзі; طريق [араб тілінде, tariq] – يول [қыпшақ тілінде, iul] жол сөзі деп берілген. Қыпшақ тілінде екі ғана дауыссыз [й, л] дыбыстар арқылы дауысты дыбыстардың көмегімен үш түрлі сөз жасалған. Араб тілінде де дауысты әріптердің орын тәртібін ауыстыру арқылы сөзді түрлендіруге болғанымен, негізгі мағынасы қатты өзгеріске ұшырамайды. Араб тілінің флективті тілдер қатарына, ал қыпшақ тілінің аглютинативті тілдер қатарына жататындықтан, екі тілдің сөзжасам ережесі екі түрлі болуы заңды құбылыс.

Ескерткіш арабтарға қыпшақ тілін үйретуге арналған оқулық болғандықтан, арабша-қыпшақша сөздік бөлімінде әуелі араб тіліндегі сөз, одан кейін қыпшақ тіліндегі баламасы жазылған. Біріншісі қара сиямен жазылса, екіншілері қызыл бояумен ерекшеленіп берілген. Қыпшақ тіліндегі сөз нұсқалары харакатпен, яғни араб тіліне тән диакритикалық белгілермен берілген. Сөздік араб тілінің дәстүрі бойынша араб тілінің әліпби тізімімен берілген.

Бірінші сол әріптен басталатын есім сөздер – الاسماء, сосын араб тілінде етістік өткен шақта, III жақта беріледі. Осы тілдік дәстүр сақталып сол әріптен басталатын етістіктер өткен шақта, III жақта - الافعال الماضية көрсетілген. Кейбір әріптің соңында жаңа әріпке қатысты сөздер басталмастан бұрын, қыпшақ тіліндегі баламасынан кейін الله اعلم [Allahu a‘lam] – «Аллаһ бәрін біледі» деген сөйлеммен аяқталып отырады Мәселен, жим әрпі, етістіктерден кейін осы сөйлемді кездестіруге болады: جسر [časara] - زهلاي لادی - zahlāilādi - қайсар болу, өжет болу. الله اعلم [Allahu a‘lam] [4, с. 12a].

Діни тұрғыдан, адам баласы болғандықтан, қателіктер болуы мүмкін, сонымен қатар сөздер мен аудармасы да толығымен берілмеуі мүмкін деген мағынада берілген деген пікірдеміз.

Арабша – қыпшақ лексикалық сөздік жиырма тоғыз бөлімнен тұрады. Зат есімдер мен етістіктер бөлек көрсетілген. Біріншіден, араб тілінің әліпбиіне сәйкес есім сөздер, одан кейін III жақта, жекеше түрде, өткен шақ формасында етістіктер тізімі тізілген. Араб тілінің грамматикалық дәстүрі қатаң сақталған. Араб тіліндегі сөздіктерде де етістік жоғарыда айтылған тәртіп бойынша беріледі.

Т.А. Арынов сөздіктің лексикалық бөлімін жалпы сөздер және кәсіби сөздер деп екіге бөлген. Қарапайым, жалпы сөздер өз тарапында төмендегідей топтарға бөлінген: [8, Б.130]

- аспан денелерінің атаулары;
- табиғат құбылыстарының атаулары;
- географиялық атаулар;
- өсімдік атаулары;
- үй жануарларының атаулары.

Адамзатқа және қоғамға қатысты сөздер төмендегідей топтарға бөлінген:

- этникалық атаулар;
- антропонимдер;
- әлеуметтік-саяси лексика;
- этнографиялық лексика.

Этникалық атауларға тайпалардың аттары жатады. Сөздіктегі этнонимдердің көпшілігі XIV ғасырдағы түркі тілдес халықтардың солтүстік тайпаларының атауларын қамтиды. Антропонимдер қазіргі кезеңдегі түркі тілдеріндегі адам есімдерімен сәйкес келеді. Олар мысалға *Арслан*, *Сұңқар* және т.б. Қазіргі күндері осы есімдер қазақ халқының арасында кең таралған [8, Б.130].

Әлеуметтік-саяси терминологияға хан (патша сынды елді билеген адамды атаған), сұлтан (хан сөзіне синоним сөз, бірақ сұлтан түгелдей елді емес, елдің бір бөлігін ғана билеген), тілмаш (аудармашы), құл және т.б.. Аталған сөздер түркі тілі бойынша «Ат-Тухфа» ескерткішіне дейін жазылған басқа да ортағасырлық еңбектерде де берілген. Алайда би сөзі алғаш рет «Ат-Тухфа» ескерткішінде «бек» деген мағынада қолданған. Бұл – басқа ескерткіштерден зерттеу нысанымыздың ерекшеліктерінің бірі.

Ескерткіштің III бөлімі грамматикаға арналып, 64 бөлімнен тұрады:

- 1) باب النكره والمعرفه – жалпы және жалқы есімге арналған бөлім;
- 2) باب الضمرات – жіктеу есімдігіне арналған бөлім;
- 3) فصل في علامة الضماير المتصلة – бірге жазылатын жіктеу есімдеріне арналған тарау;
- 4) فصل في اضافة الضماير المتصلة للاسماء – есім сөздерге қосылып жазылатын етістіктерге арналған тарау;
- 5) فصل في اضافة الضماير المتصلة بالافعال – етістерге қосылып жазылатын етістіктерге арналған тарау;
- 6) فصل علامه النصب – табыс септігіне арналған бөлім;
- 7) فرع للعائب – III жақта қолданылатын есімдіктерге арналған тарау;
- 8) فصل العلم – жалқы есімдерге арналған бөлім;
- 9) باب اسماء الاشارة – сілтеу есімдіктеріне арналған бөлім;
- 10) باب الموصول – қатыстық сын есімге арналған бөлім;
- 11) باب التصغير – кішірейткіш есім сөздерге арналған бөлім;
- 12) باب اسم الفاعل – есімшеге арналған бөлім;
- 13) باب اسم المفعول – ырықсыз көсемшеге арналған бөлім;
- 14) باب اسم المكان – мекен үстеуіне арналған бөлім;
- 15) باب الاله – құрал-сайман атауларына арналған бөлім;
- 16) باب اللهيه – қимыл-сын атауына арналған бөлім;
- 17) باب المصدر – қимыл атауына арналған бөлім;
- 18) باب فعل الامر – бұйрық етістігіне арналған бөлім;
- 19) باب النهي – іс-қимылға тыйым салуға арналған бөлім;
- 20) باب النفي – болымсыз етістікке арналған бөлім;
- 21) باب النفي بلا – «билә» жоқ сөзімен жасалған болымсыз етістікке арналған бөлім;
- 22) باب الماضي – өткен шақ етістігіне арналған бөлім;

23) باب الحال – осы шақ етістігіне арналған бөлім (терминология бойынша مضارع болуы керек еді, берілген автордың термині үстеу деп аударылып жүр);

24) باب الاستقبال – келер шаққа арналған бөлім;

25) باب المتعدى – сабақты етістікке арналған бөлім;

26) باب افعال التفضيل – салыстырмалы-асырмалы шырайға арналған бөлім;

27) باب الاستفهام – сұрау көмекші сөздеріне арналған бөлім;

28) باب الجمع – көпше түрге арналған бөлім;

29) باب نايب عن الفاعل – ырықсыз етіске арналған бөлім;

30) باب المفاعل – ортақ етіске арналған бөлім;

31) باب المبنيات – өзгермейтін, тұрақты сөздерге арналған бөлім;

32) فصل العدد – сан есімге арналған тарау;

33) باب النسب – қатыстық сын есімге арналған бөлім;

34) باب حروف الشرط – шартты көмекші сөздерге арналған бөлім;

35) باب الاحكام التركيب الكلام – сөйлемді дұрыс құрастыру тәртібіне арналған бөлім;

36) باب النواسخ – табыс септігін талап ететін етістіктерге арналған бөлім;

37) باب المبتدأ والخبر – етістікті сөйлемге арналған бөлім; باب الفعليه – есімді сөйлемнің бастауышы пен баяндауышына арналған бөлім;

38) باب النواسخ – табыс септігін талап ететін көмекші сөздерге арналған бөлім;

39) باب لبيت – қалау райға арналған бөлім;

40) باب كيم – кім сөзіне арналған бөлім;

41) باب أورونلادی وصأنادی وبيدی – ойлау, санау, білу етістіктеріне арналған бөлім;

42) باب الفعل والفاعل – етістік және етістіктен кейін келетін есім сөзге арналған бөлім;

43) باب مقتضيات الفعل – етістіктің сөйлемдегі басқа мүшелерге қатысына арналған бөлім;

44) باب ظرف الزمان – уақыт пысықтауышына арналған бөлім;

45) باب ظرف المكان – мекен пысықтауышына арналған бөлім;

46) باب الحال – қимыл-сын пысықтауышына арналған бөлім;

47) باب المفعول به – сабақты етістікке арналған бөлім;

48) باب معلق اسم الفاعل بالمفعول به – етістіктің атау сөзінің сабақты етістігімен қатысына арналған бөлім;

49) باب معلق المصدر بالمفعول به – масдардың сабақты етістігімен қатысына арналған бөлім;

50) باب ليس – болымсыздық көмекші сөздеріне арналған бөлім;

51) باب التوكيد – құптау, растау үшін қолданылатын сөздерге арналған бөлім;

52) باب البديل – бір сөзді басқа сөзбен ауыстырып айтуға қолданылатын сөздерге арналған бөлім;

53) باب الازعام – дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясына арналған бөлім;

- 54) باب المحاطب – қаратпа сөз бағытталған жаққа арналған бөлім;
 55) باب الحكاية – хабарлы сөйлемге арналған бөлім;
 56) باب حذف – әріптердің түсіп қалуына арналған бөлім;
 57) باب الاشتقاق – сөзжасам туралы бөлім;
 58) باب النداء – қаратпа сөзге арналған бөлім;
 59) باب التعجب – таң қалуды білдіруге арналған сөздер туралы бөлім;
 60) باب نعم وبئس – мақтау және жазғыруға арналған сөздер туралы бөлім;
 61) باب الاستغاثة – көмекке шақыруға арналған сөздер туралы бөлім;
 62) باب الجمع – жинақтық есім сөзге арналған бөлім;
 63) باب حروف الجزم – сукунға аяқталған етістіктерге арналған бөлім;
 64) باب جامع للضمائر والعلامات – есімдіктер мен басқа да көрсеткіштерді

қорытындылау арналған бөлім [4].

Бұл бөлімнің мақсаты араб халқына араб тілінде түркі тілін, яғни қыпшақ тілін түсіндіру еді. Қолжазбаның осы үшінші бөлімі негізінен, морфологияға арналған. Мысалы, жіктеу есімдері туралы айтылған. Жіктеу есімдіктері жекеше және көпше түрлерінде бола алады. Бірінші жақта жекеше түрінде - *мен*, көпше түрінде - *біз*; екінші жақта жекеше түрінде - *сен*; үшінші жақта жекеше түрінде - *ол*, көпше түрінде - *олар*.

Бірақ автор тәуелдік жалғау және басқа да жалғаудың түрлерін бөлек ажыратып бермеген. Жіктеу есімдіктері бірге және бөлек жазылатын деп екіге бөледі. Бөлек жазылатындарға бірінші жақта *ман*, *биз*; екінші жақта *сан*, *сиз* және *-ңыз*, *-ңыз*; үшінші жақта *өзі*, *канси*, *канда*, көптік мағынаны білдіру үшін көптік жалғауларын қосады. Бірге жазылатын есімдіктері өткен шақта, осы және келер шақта жазылатын формаларын көрсете отырып, жалпы мына жалғауларды атап кетеді: *-м*, *-к*; *-лық*, *-лик*, *-лим*, *-ң*, *-ңыз*, *-уң*, *-үң*, *-аң*, *-аңар*. [32].

«Ат-Тухфада» сан есім, етістік және көмекші сөздер туралы да мәлімет берілген. Мәселен, сан есім – باب العدد туралы айтатын болсақ, сан 1 ден 9-ға дейін беріледі: *بِرْ* – бір, *اِكْبِي* – екі, *اَوْجْ* – үш, *دُورْتْ* – төрт, *بَاشْ* – бес, *الْأَطْي* – алты, *يَادِي* – жеті, *سَاكِرْ* – сегіз, *تَاقُوزْ* – тоғыз. Содан кейін ондықтарды, жүзден мыңға дейін, мыңдықтар да айтылған. Әрі араб тілі мен қыпшақ тілі арасындағы ондықтардан бастап айырмашылықты айтып кеткен.

Мәселен араб тілінде 21 санында бірінші бір одан кейін жиырма саны айтылады. Бірлік бірінші, ондық екінші айтылады, ал қыпшақ тілінде керісінше. Бірінші кезекте ондық, одан кейін бірлік айтылады. Міне, санау жүйесіндегі екі халық ойлауындағы ерекшелік көрсетіледі. Сонымен қатар, реттік және топтау сан есімдер түрлері де берілген.

Үшінші бөлімде сөз ішінде әріптің түсіп қалуы туралы да айтылып кеткен. Дыбыстардың мүлдем түсіп қалуы элизия деп аталады [33]. Қыпшақ тілінде элизия өте сирек кездеседі. Мәселен: «д» әрпінің түсуі:

إِجِرْ – 'içir (ішір) деп айтылғанымен, негізгі сөзі *إِجْ دِرْ* – 'içdir (іштірту, ішкізу);

«Б» әрпінің түсуі: *أَكَاَرْ* – 'ākār (егерде) негізінен *أَبْكَارْ* – 'ābkār;

«P» әрпінің түсуі: بَرَلَا – birlā (бірге) сөзінің орнына بِيَلَا – bilā сөзі қолданылады.

«Қ» әрпінің түсуі де кездеседі: صِيْشَقَانْ – sišqān (тышқан) сөзінің орнына صِيْجَانْ – sičān; طَاشِقَارِي – tāšqāri (сыртқы жағы) сөзінің орнына طَاشَارِي – tāšāri сөзі; بَاشِقَار – bāšqār (басқар) сөзінің орнына بَاشَار – bāšār сөзі қолданылады.

«K» әрпі де түсіп қалу кездері бар: اِشْكَارِي – 'iškarī (ішкі жақ) сөзінің орнына اِشَارِي – 'išarī сөзі пайдаланылған.

Болымсыз түрдің I жағы да қысқартылып айтылады: اَلْأَلْمَازْمَانْ – 'ālmazmān (мен алмаймын) сөзінің орнына اَلْأَلْمَانْ – 'ālmān сөзі берілген.

II жақ көпше түрінде «з» әрпі түсіп қалу да бар: اَلْأَلِنْكَزْ – 'āliñiz (алыңыз) сөзінің орнына اَلْأَلِنْ – 'ālin етістігі айтылады.

Сөздің жасалу жолдары, сөзжасам туралы да автор айтып кеткен. Араб тілінде қазіргі күнге дейін бірінші пайда болған есім сөз бе әлде етістік пе деген мәселе даулы. Ал, қыпшақ тіліне келер болсақ, есім сөзден етістік туындаған. Автор екі тілдің морфологиялық айырмашылықтарын ескеріп, бірнеше мысалдар келтірген:

ақ (اَقْ - āq) – ағарды (اَأْغَارْدِي - 'āḡārdi);

қара (قَارَا - qara) – қарайды (قَارَارْدِي - qarardi);

сары (صَارِي - sari) – сарғайды (صَاغَارْدِي، صَارَارْدِي - sarardi, sayardi);

қызыл (قَزِلْ - qizil) – қызарды (قَزَارْدِي - qizardi);

қайғы (قَائِغِي - qaiyi) – қайғырды (قَائِغِرْدِي - qaiyirdi);

бай (بَائِي - baibāi) – байыды (بَائِيْدِي - bayidi);

қысқа (قِصْقَا - qisqa) – қысқарды (قِصَارْدِي - qisardi);

сатылым (سَاطُو - satu) – сатты (سَاطِي - satti).

Ескерткіш түркі тілдерінің тарихы бойынша көптеген маңызды деректер береді. Бұл фактілер қазақ тілінің тарихын білуде өте маңызды. Орта ғасырлардан бері кейбір қосымшалардың мағыналары өзгеріп, кейбіреуі қолданыстан түсіп қалған.

Мәселен, түрікмен тіліндегі [-ығчы], [-ычы], [чы] қосымшасы туралы айта келіп, оның етістіктерге де, есімдерге де жалғанатындығын, мағынасында тұрақтылық болатындығын көрсетеді. Мысал ретінде *отмакчы – аспазшы, каличи – әрдайым келетін* сынды сөздерді айтуға болады. Қазіргі түркі тілдерінде бұл қосымшалар беретін мағыналарынан өзгеше. Әрі етістікке қосылып жазылмайды. Есім сөздермен бірігіп жазылып, кәсіп атауының мағынасында қолданылады [32, Б.30].

Қолжазбаның орфографиялық ерекшеліктері:

Жалпы сөздікте берілген сөздерге келетін болсақ, түрік ғалымы Бесим Аталай өзінің алғашқы еңбектерінде сөздікте тәшдид берілмеген дейді. Алайда М.Т. Зияева және Е.И. Фазылов бұл пікірге қарсы төмендегідей дәлелдер келтіреді [6, С.11]:

تُوَزَاتِي – عدل – tuzetti – түзету; [‘adala]

يَارَاتِي – خلق – jāratti – жарату; [χalaqa]

اِسْ لِكْ – سخونه – 'issilik – ыстық. [suχuna]

Бұл құбылыс өз кезегінде ғылымда геминация (лат. gemino – «екі еселеймін») құбылысы деп аталады [23, Б.61].

Сонымен қатар, сөздікпен жұмыс істеу барысында екі еселенген әріптерді көрсету үшін ташдид қолданылған төмендегі сөздерді келтіруге болады:

أُوْنُوْتِي – ’unuttı – ұмыту; [sahi, nasiā]

اِنْجِي – ’inçitti – зақымдау; [šawwaša]

بُوْشَاتِي – bušattı – босату, ажырасу. [talaqa]

Қолжазба авторы араб тіліндегі сөздерді диакритикалық белгілермен бермеген. Араб тіліндегі сөздерде тек бірдей жазылған сөздерді бір-бірімен оқылуын шатастырып алмас үшін кейбір сөздерде ғана жазылған. Мысалы:

جَرَب – čarraba – байқау, сынау;

جَرُب – čaruba – қышыма ауруымен ауыру;

رَجُل – raçul – ер адам;

رَجَل – ričl – аяқ;

سَأَل – sa’ala – сұрау;

سَال – sāla – жаңбыр жауу;

رَكْب – rakb – караван;

رَكْب – rakub – үзеңгі;

رَكِب – rakib – атқа отыру [6, С.11].

Қолжазба толықтай дерлік өте жақсы сақталған. Тек 6, 18а, 18 б және т.б. беттер ғана түсініксіз. Бірде-бір ғалым оқымаған. Ал, «Ат-Тухфа» ескерткішінің зерттелу тарихын сараптай келе, зерттеу бойынша ғалымдар бұл түзетулер мен ескертпелерді автордың өзі емес, автордан басқа өзге адам, яғни кейінірек жазылуы мүмкін деген болжамдар айтады. Сонымен қатар, осындай болжамдардың қатарында, «Ат-Тухфа» ескерткіші алғашқы нұсқа (черновик) түрінде болуы да ықтимал деген пікір бар. Автор қолжазбаны түзетілген түрінде көшіріп үлгермеген делінеді. Біз осы болжамды қолдаймыз. Себебі, көптеген сөздердің дыбыстық варианттары, сөздерге түсініктемелер, тіпті, «түрікмен сөз» деген ескертпелер де жол шетінде берілген.

Сонымен қатар, мәтіннен тыс өлең жолдары, ескертпелер де берілген. Олар түсінікіз, осы күнге дейін ғалымдар оқи алмапты. Бұл беттер: 1а, 2а, 38а, 81б, 89б, 90а. Мәселен:

- араб тіліндегі сөз ايكي;

اندمل [indamala] – барлық ауруды емдеу – осы сөзде түркі тіліндегі баламасы түсініксіз;

6 а бетінде 1 жолда берілген араб және түркі тілдерінде берілген сөз түсініксіз, оқуға келмейді [6, С.12]. Аталған сөздерді қолжазба бетінен оқи алмадық. Себебі сиямен боялып, көрінбей қалған.

Ғалым Э.Н. Наджиптың көрсетуінше, еңбекте алиф мадданың орнына созылыңқы екі алиф түркі сөздерінде қолданылған. Бұл өз кезегінде Махмұт Қашғаридың еңбегімен ұқсастығын көрсетеді [30, С.29].

Мысалы: أَشَاغَا – 'āšāḡā – төмен, төменгі бөлік; أَرْمَاطَانُ بَارِدِي – 'ārmaṭān berdi - сыйлық беру. Бұл құбылыс ғылымда фарингализация (греч. φάρυγγ фаринкс, «көмей») деп аталады. Фарингализация үдерісі алғашқы немесе түркі негізі тілінен келе жатқан созылыңқылар және кейін қалыптасқан созылыңқылар деп бөлінеді [34].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде алғашқы немесе прото түркі тілінен келе жатқан созылыңқылар үрдісі тән деп айтамыз. Себебі, А.М. Щербак еңбегінде жинастырылған тілдік бірліктер «Ат-Тухфа» еңбегінде де бар. Әрі Мысалы:

أَقْ – aq – ақ;
أَلَا – 'ala – ала;
أَرِي، أَرْ، أَرْلِي – 'ār тв./ ārlı – ар, ұят;
طَاشْ – taš – тас;
أَغَاشْ – 'āḡaš – орман, ағаш;
بُوزُودِي وَطُوزُودِي – büzüldı, tüzüldı – бүліну;
يَاشْ – iaš – көздің жасы, жас, ғұмыр;
كُوكْ – kōk – аспан;
خَاتُونْ – ḡatun – ханым;
قَانْ – qan – хан.

Түрікмен тілінен де мысалдар келтірілген:

أَغُو – 'āḡu т. – у;
أَغْرِي – 'āḡri т. – ақша, дирхем;
أَوْلَانْدِيرْدِي – 'āwlandırdı т. – үйлену;
أَصْرَادِي – 'āsradı т. – тістеу

[Н] және [к] дыбыстарының ң дыбысын бейнелеуге қолдануы көптеген басқа да ортағасырлық қолжазбаларда кездеседі.

Мәселен, «Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве 'аджеми ве моголи ве фарси» қолжазбасында да [ң] әрпі 6 түрлі тәсілдер арқылы берілген: نڭ، نڭك، نڭك، نڭك [35].

Оның ішінде қазақ тіліне сәйкес келетіні [نڭ – нк] дыбыстарының қосарланып келуі. Сонымен қатар, Махмұт Қашғаридың еңбегін орыс тіліне аударған З. Ауэзова да транскрипциясында نڭ – дыбыстарын ң әрпін белгілеуге қолданған [36].

«Ат-Тухфа» ескерткішінен мысалдар:

تَانْغِرِي – taḡri – тәңір;
أَانْغِلِي – 'āḡlı – зейінді;
صُونْغْ – suḡ – соңғы;
صَانْغِرُوا – saḡru – саңырау;
أُونْغُودِي – 'uḡudı – томсыраю.

[Ч] әрпі қолжазбада [چ] әрпімен таңбаланады. Әрі бір-екі жерде ғана кездеседі:

اچاكي – 'ičaki – емші, дәрігер;
اچيدي – 'āčidi – жағу, жағып жіберу;
اوجتي – 'učtı – ұшу;

چرکین – čirkin – жаман, нашар;
چابالادی، قايقالاندى – qaiqalandı/ čabaladı – мазасыздану;
شوق بولدى و كوب بولدى، چوقالدى – šoq boldi, kop boldi/ čuqaladı – мол болу.
[Г] әрпінің де қолданысы бар. Қолжазбада [Ү] әрпімен берілген:
سويوك – sug[η]uk (басқа тілде берілген) – сүйек.

گويك – gūg – тек;
اورگهگن – ’urgegeṅ – қорқыныш;
اويگن – ’ugaig – жабайы көгершін;
امگهگلادی – ’emgaglādı – еңбектеу
[П] әрпінің қолданысы [پ] графикасымен берілген:
پارلا – parla – жалтыраған;
پول – pul – пұл;
پيال – riala – кесе.

Сонымен қатар [ш] әрпі 3 нүкте жоғары және төменде де қойылған сөздер кездеседі:

شيرشا – širšā – әйнек;
شاشانق – šāšāq – ескі киім;
شائشادی – šainadı – шайнау.

[Н] әрпі 3 нүктемен берілген сөз де кездеседі: ائناك – ’ānāk – иек.

[ң] әрпінің астында 3 нүкте берілген сөздер де бар: اونگدى – ’uṅdi-мақсатқа жету, жетістікке жету; مانگلادی – maṅlādı – намазға шақыру, намаз уақытын хабарлау.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде төмендегідей фонетикалық қосымша белгілер бар:

- 1) Мураққақ – босаң, жұмсартылған, яғни түбір сөзінің жұмсақтығына сілтеме болып тұр: باردى (мураққақ) – bardı – беру, сыйлау; اوزوندى (мураққақ) – ’uzundi – кесілген болу; الكادى (мураққақ) – ’ākadı – салқындау;
- 2) Муфаххам – қатты, түбірдің қатаң болуы: توش (муфаххам) – tūš – төс; شال (муфаххам) – šāl – кемістік; يول (муфаххам) – iul – жол [6, С.21-22];
- 3) Кейбір сөздердің нұсқаларын мәселен бір ғана әріп өзгеше болса үстіне көрсетіп қойған, алайда осы диссертациялық жұмыста ڭ, ص, غ сәйкесінше [t], [s], [γ] әріптері сөздің жоғарғы тұсында емес, өз орнына қойылып, сөздің бір нұсқасы ретінде көрсетілді: قيرقدى، قيرقى – qiriqdi, qiriqti – шашты, жүнді кесу; االدادى، االصاصى – ’aldadı/ ’ālsāsi – алдау; يانگليشتى، ياغليشتى، ياغليضى – iaṅlišti, iaγlišti т./ iaγildi – жаңылу, қателесу.

Қолжазбаның 2-бөлімінде бірнеше түркі сөзі араб тілінің дәстүрімен жазылған. Мысалы: شالوا – šālu – тұлып; سوملوا – sumlu- найза, сүңгі. Соңында алиф жазылғанымен оқылмайды. Осы ерекшелікті ғалым М.Т. Зияева және Е.И. Фазылов та атап кеткен [6, С. 21].

Әрі осындай құбылыс Джамал ад-Дин ат-Туркидің «Китабу булғат ал-муштақ фи луғат ит-турк уа-л-кифжақ» еңбегінде кездескен, ал Абу Хайанның «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» еңбегінен аталмыш фонетикалық ерекшелік байқалмаған. Негізінен, бұл ереженің қолданғаны

араб тіліндегі сөздерде емес, қыпшақ тіліндегі сөздерде түсініксіз. Арабша-қыпшақша сөздік бөлімінде қыпшақ тіліндегі сөздерде тілдің табиғатына сәйкес қосымша әріптер қолданылған. Араб тілінің фонетикалық ережелерін қыпшақ тіліне қатысты сөздерде қолданған. Бұл мәселенің өзі «Ат-Тухфа» ескерткішін араб тілді меңгерген халыққа арналған еңбек деп айтуға дәлелдердің бірі бола алады.

Кіріме сөздер:

Автор сөздікте араб тіліне басқа тілден кірген сөздердің жанына **معرب** [му‘арраб] деп жазып отырған. Арабтанған, парсы тілінен кірген сөздер төмендегідей:

ليمون [laimun] – لِمُون - limun ар. – лимон араб тіліне енген сөз;

شَرْشَار – šaršār ар. – гүрсіл.

Кейбір сөздердің араб тіліндегі нұсқасын ғана беріп, қыпшақ тіліндегі нұсқасын көрсетпеген: **ادم** – адам – араб тіліне енген сөз.

Парсы тілінен енген сөздер:

زندان – zindān парсы – зындан;

جهان – čihān – әлем, жарық парсы сөзі;

بۇچاق – bučaq (парсы) – бұрыш.

Қытай тілінен енген сөздер бар:

شويون – šuiun (қытай тілінен енген) – шойын;

انجى – ’inči (қытай сөзі) – інжу.

Жоғарыда берілген сөздердің бәрінде автор басқа тілдің сөзі екендігін жазып кеткен. Әрі бұл тілдік бірліктер тек қолжазбаның арабша-қыпшақша сөздік бөлімінен ғана көрсетілген.

Ғалым Е.И. Фазылов және М.Т. Зияева «Изысканный дар тюркскому языку» атты еңбектерінде басқа тілден енген кіріме сөздер қатарын тізген. Кіріме сөздер қатарын қолжазбаның авторы тарапынан басқа тілден енген деп көрсетпеген. Е.И. Фазылов және М.Т. Зияева өз еңбегінде түбі басқа тілден енген сөздер екендігін жазып көрсеткен. Мәселен:

باباس – babas – поп діни қызметшісі (грек тілінен енген);

كانت – kant – қала, қыстақ (соғды тілінен енген);

أجدحاً – ’āčdiḥā – жыланның түрі, аждаһа (авеста тілінен енген).

Т.А. Арынов болса, «Ат-Тухфа» ескерткішінен моңғол тіліне енген сөздерді көрсетеді:

إردام – ’irdām – білім иесі;

أمراق – ’āmraq – дос, жолдас [8, Б.62].

Қолжазба авторы қыпшақ тілінен өзге түрікмен, татар тілдерінде де берген нұсқаларын көрсеткен. Көбінесе **قال، قال، قيل،** «айтқан» деген сөзбен немесе түрікмен тілінен келген сөз деп айтылған. Мысалы:

بیرنج – birinč – күріш;

تقال أويوش بولص – ’uiuš bulsi - су болу;

قافتى – qaqtı – ашулану;

باکندی – bakandi – таң қалу;

موشطلادی – muštlādi – жақсы хабармен қуанту.

Татар тілінен төмендегідей сөздерді кездестірдік:

بُورْصَاق – bursaq – бауырсақ;

Сонымен қатар, татар тілі емес өзге тілдерден берілген сөздер де кездеседі:

سُوپْوڭ – sug[η]uk (басқа тілден енген сөз) – сүйек;

بُوينُوْر – boinūz (басқа тілден енген) – мүйіз;

تُوکْدِي، دُوکْتِي – tükdi, dükti – ұру;

كُوڭلَاك – köñlek – жейде.

Синонимдер, омонимдер, этнографизмдер:

Қолжазба жазылғанына бірнеше ғасыр өткенімен жақсы сақталған, жазуы анық. Тек парақтың шетінде, яғни жазу жолынан тыс тұрған сөздер ғана түсініксіз. Бұл сөздер өз кезегінде синонимдер немесе негізгі сөздің мағынасын түсіндіру мақсатында жазылған деген болжауды айтамыз. Ғалым Т.А. Арынов бұл сөздер ортағасырларда тайпааралық диалектілер ретінде қолданылған вариантты лексемалар деп, төмендегідей мысалдар келтірген [8, Б.127]:

ياشِيقْ، اشق - iašiq/ āšiq – темір бұйымдар;

كُولَاتْكَا، كُولَاكْ، ا- ظل – kulātkā, kulākā/ kulka – көленке;

يَارَاقْ وَيَارْقِينْ، يَارِقْ – iaraq, iarqin/ iarıq – жарық;

تِكَاڭْ، تِكَاڭْ – tikenek/tiken – тікенек;

شِشْقَانْ، صِجَانْ – šišqan/ sıcān – тышқан;

إِشْلَاكْنْ، إِشْلَاكْنْ – ’iylākān/ ’iślākan – істеп тұрған;

بَاطُوْقْ، بَاطُقْ – battuq/bataq – сүңгуір үйрек.

Т.А. Арынов ұсынған «вариантты лексемалар» деген пікірді біз де қолдаймыз. Зерттеу барысында құрамындағы дыбыстардың бірінің ауысуымен пайда болған фонетикалық варианттар да барын байқадық, мысалы: كُوڭَاڭْ (كُوڭَاڭْ) – kukān (kukām) – алхоры, қара өрік; صِيْنْ، صِيْنْ – siin/ si’in – жабайы сиыр. Себебі, синоним сөздер болса, жолда сөздер қатарында берілер еді. Мысалы:

اُوماچْ وُبُوْتَهْ – ’umaç, buttiḥ – нысана сөзі дәлелі болмақ.

Сөздер сөзбе-сөз бірінен соң бірі аударылып берілген. Түркі тіліндегі сөздердің бір ғана сөзіне араб тіліндегі бірнеше нұсқалары, синонимдері ұсынылған. Мысалы:

صَاغْصَاغَانْ – sayṣāḡān – 1) сауысқан; 2) жорға торғай;

اِنْحَدَرَ، تَدَلَّى [inḥadara, tadalla] – اِنْحَدَرَ – ’indi – түсу;

اِخْطَا وَتَاهَ [āḫtā, tāha] – اَزْدَى – ’āzdi – қателесу;

دَقَّ وَغَمَزَ وَطَفَّقَ [daqqa, ḡamaza, taqtaqa] – قَاقتِي – qaqtı – соғу; көз қақты [6, С.18];

كَبَّ وَبَدَّدَ [kabba, baddada] – تُوكتِي – tōkti – төгу;

Сонымен қатар бір ғана араб сөзіне түркі сөздерінің синонимдер тізбегі де берілген тұстары бар. Мысалы:

اِنْفَحَهْ [infaḥa] – مَائِيَا وَيَوْمُورْ – maiā, iumur – ұлтабар мед.;

اِتْسَعْ [ittasa’a] – يَائِيْنْدِي وَصِيْنْدِي – iāiindi, siindi – кеңею, өсу, үлкею;

استعجل [ista‘čala] - أَجِئْتِي وَتَأْزِلْ أَدِي - ’āčiqti, tāzlādi – асығу;
بحر [baħr] - تَأْنِكِرْ وَعُومَانْ تَأْنِكِرْ - teñiz, ’umān teñiz – теңіз, мұхит;
تاجر [tāčir] - تَاجِكْ وَبَازِرْكَانْ - tāčik, bāzirkān – сатушы, саудагер;

Сонымен қатар сөздікте омонимдер де кездеседі, яғни бір ғана сөздің бірнеше мағына беруі:

Қыпшақ тіліндегі يَاشْ – iāš араб тіліндегі екі түрлі دمع [dam‘] – көздің жасы; العمر [al‘umr] - жас, ғұмыр деген мағыналарды береді [4, с. 146].

Сөздікте араб тілінде баламасы жоқ сөздерді этнографизмдерді араб тілінде бірнеше сөз тіркесімен түсіндірген. Этнографизмдерге арнайы диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде тоқталамыз. Бұл сөздер көбінесе белгілі бір халықтың дәстүрі, салтына байланысты сөздер, баламасы жоқ сөздер деп атаймыз. Мәселен:

إذا طَبِحَ بِاللَبَنِ فَيَقُولُ [izā tabaħa billaban faiaqul] (егер сүтке пісірсе, онда ботқа деп айтады) – بُوْطُقَا - botqa - сүтті ботқа;

أَبِشَقَا وَقَارَطَايْ- ’ābišqā, qārtāi - қарт адам; [āllazi ākbar minhu] (жасы жағынан үлкен) - الذی اکبر منه

شعر المعز [ša‘ru alma‘iz] (ешкінің жүні) - يُونْ - jun – жүн;

لبن الخيل [labanu alħail] (жылқының сүті) – قِيمِزْ - qimiz – қымыз;

محمر من الشمس [muħammad min al-šams] (күннің шуағынан қызарған) - قِرْلُبْتُرْ - qirlybtür/ qizilubtür – тотығып тұр.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында қос сөздер қолданысы кездесті, қос сөздер түркі тіліне тән құбылыс екені ғылымда белгілі. Мәселен:

وَبَارَ ابَارًا بُولْدِي - bārā bārā boldı – уатылу;

سَبَا سَبَا يورور - sabā sabā iurur - масайрап жүру;

قَاطِي وَقَاطِي بُولْدِي - qatti, qatti boldı - күшті болу;

قَاصْ قَاصْ كُولْدِي - qas qas küldi - қарқылдап күлу;

زَارَ زَارَ يِلَادِي - zār zār jilādı – зар илеу, жылау, зарлау.

Қолжазбадағы қыпшақ тілдер тобына тән белгілер:

Автор сөздіктің екінші бетінде еңбек қыпшақ тілінде жазылған, себебі қыпшақ тілі көп қолданылады деген: [alluyatu alqibčāqia kaşru al-isti‘māl]. Біз өз тарапымыздан еңбектің ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылғанына еш күмән келтірмейміз. Ескерткіш тілі академик А.Н. Самойлович берген топтастыру бойынша *Тау тобына* жатады, яғни, қыпшақ тіліне тән негізгі айырым белгілеріне сәйкес келеді. Мәселен,

1) Тоғыз: تَأْقُوزْ - taquz – тоғыз: толығымен сәйкес келмейді, Д тобына сәйкес келеді.

2) Аяқ: أَيْاقْ - ’āiaq – аяқ.

3) Бол// бұл: بُولْ - bol – бол.

4) Тау: طَاوْ - taw – тау.

5) Сары: صَارِي - sary – сары.

6) Қалған: كَالْكَانْ - kalkan – қалған: ғ әрпінің орнына к әрпі қолданылып тұр. قَالْغَانْ qalyan қалдық.

Т.А. Арынов өз зерттеуінде «Ат-Тухфа» қолжазбасын [ш] тілді деп анықтаған. Себебі [ш] әрпінен басталатын сөздер саны -132, ал [ч] әрпінен

басталатын сөздер саны – 56. Мысалы: *шайна, шойун, шырай, шөлмек* және т.б. [8, Б.143].

Әрі ескерткіште берілген тілдік бірліктер негізінде [й] тілді ескерткіш деген қорытындыға келеміз. Мысалы:

- يَارَافْلَانْدِي - jaraqlandı - дайын болу;
 يَارَالِي - jaralı – жаралы;
 يَان - jan – жаны, жақ;
 يَارَافْلَادِي - jaraqladı – дайындау;
 يَالَانْ أَيْاقْ، يِلْن - jalan 'āiaq/jalin – жалаң аяқ;
 يُوْكْل - jukli – жүкті;
 يَابَاغْلِي - jabaγli – жабағлы;
 يَابْرَاقْ - jabraq – жапырақ;
 يَاشْ - iaš – балғын, жас;
 يُوْرْغَا - juγa – жорға.

Т.А. Арынов қыпшақ тілі туралы алғаш рет жазылған қолжазба «Диуану лұғат ит-түрік» деп тұжырымдайды, М. Қашғари бірінші рет тілдің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін көрсеткен [8, Б.44]. Еңбекте салыстырмалы түрде екі қолжазбадан мысалдар келтірілген. Төменде берілген мысалдарда «Ат-Тухфа» ескерткішінің тілі қыпшақ тілі екендігін Т.А. Арынов дәлелдейді:

Кесте – 3. Диуан және ат-Тухфа қолжазбасы

«Диуанда» берілген қыпшақ тіліндегі сөздер:	том, беті:	«Ат-Тухфа»:	беті:	қазақ тіліндегі баламасы:
уккI	I, 48	уку	7б	үкі
ПнIу	I, 67	Інжі	31б	Інжу
Iуғду	I, 67	иун	16б	шуда
Игай	I, 67	-	-	шығай
КаПн	I, 68	-	-	қайын
Чумук	I, 69	шыбшык	25б	шымшық
Тамак	I, 69	тамак	4а	тамақ

Жұмыстың фонетикалық ерекшеліктерін қарастыра отырып, қыпшақ тіліне тән тарихи құбылыстар негізінде, бірқатар фонетикалық ерекшеліктерге тоқталайық. Мысалы қыпшақ тобындағы тілдерде [б~м] сәйкестігі кездеседі:

- بُوْرْنْ - burn - мұрын;
 بُوْيوُنْ، بُوْيوُنْمْ - buiun/buinum - мойын; менің мойным;
 بُوْرُنْدُوْقْ - бүгүндүк - белдік, мұрындық.

Осы тұста белгілі ғалым М. Томановтың айтуынша: «Түркі негіз тілі дәуірінде-ақ п~б»м ауысуы қалыптасты. П~б ауысуы уақыт жағынан аса ерте заманда болды да, тілдердің бәрін дерлік қамтиды, ал б~м сәйкестігі түркі негіз тілінің соңғы дәуірлерінде пайда болуы мүмкін [37].

Еңбекте сонымен қатар, «р, ш» сияқты сына дыбыстары да кездеседі. [Р, ш] дыбыстарының сына ретінде қолданылуы көбіне топтау сан есімдерінің құрамында, түбір мен қосымша шегінде екі дауыстының арасында (дауыстыға аяқталған түбір мен дауыстыдан басталатын қосымша арасында) кездеседі [34, Б.68]: шār – топтау сан есім жасаушы жұрнақ.

إككى شَارُ - 'ikkišar – екеуден;

أَلْطِي شَارُ - 'altišar – алтаудан;

يَادِي شَارُ - jedišar – жетеуден. Бұл құбылысты М. Томанов татар тіліне тән құбылыс деп те көрсеткен.

[Ғ, г] әріптерінің сөз соңында көне түркі тілдерінде, сонымен қатар, ортағасырларда қолданылғанымен, «Ат-Тухфа» ескерткішінде ғ, г әріптері түсіп қалған: Мысалы:

صَارِي – sari – сары;

М. Қашғари сөздігінде «сары» сөзі سَرَعُ деп беріліп, екі мағынасы көрсетіледі: 1) сары: қою сары нәрсені «سَبَّ سَرَعُ Sar saғығ: Сап-сарығ – Сап-сары» дейді. Адамның өтінде болатын кеселді де, яғни сары ауруды «سَرَعُ Saғығ: Сарығ – Сары» дейді; 2) сары: «سَرَعُ سُوْتُ Saғығ suv: Сарығ сув – Іште жиналып қалған сары су». Сары реңді нәрселерді سَرَعُ سَرَعُ saғығ-suғығ – сарығ сұрық» деген жұп сөзбен білдіреді («Сап-сарыала» деген секілді. – А.Е.) [38]. Ғ,г дыбыстары түсіп қалуға өте бейім. Жазба мұрадағы «сарығ» сөзінің қазіргі тіліміздегі «сары» нұсқасында қолданылатыны осы құбылысқа нақты мысал бола алады. Ал «сары» сын есімінен туындайтын «сарғай» етістігінің құрамында «ғ» дыбысының сақталуы сөзімізді нақтылай түседі: сарығ+ай → сарғай. Мысалы: Күзде жапырақтар сарғайып, түсе бастайды. Демек, «Ат-Тухфа» жазылған уақыттан бері өткен алты ғасырда тіліміз соншалықты елеулі өзгеріске ұшырай қоймаған екен.

М. Қашқари сөздігіндегі сөздерге сәйкес келетін қазіргі қазақ тілінің қорындағы біраз лексема үнемдеу принципі бойынша өзгеріске түскен. Жалпы тілші ғалымдардың кейбірі фонетика саласындағы өзгерісті тіл біліміндегі үнемдеу принципі тұрғысынан алып қарастырады. Лингвистикалық үнемдеу теориясын алғаш енгізген ғалымдардың бірі А.М. Мартине фонетикалық өзгерістің үнемдеу принципіне негізделетінін айтады. Үнемдеу принципі бойынша, айтылуы ауырлау дыбыстардың өзгеруінен немесе түсіп қалуынан сөздің жаңа тұлғаға ауысуы басталады. Өзінің айтылуы ауырлау дыбыс элементтерінің түсіп қалуынан сөздің жаңа тұлғаға ауысуы көптеген тілдерде кездесетін құбылыс. Мұндай құбылыс бірер жылдың емес, ұзақ уақыт мөлшерінде жүзеге асатыны да белгілі. Үнемдеу заңы тарихи жазба ескерткіштерінде де, қазіргі түркі тілдерінде де, оның диалектілерінде де өзінің ізін қалдырған. Сол ізге түсіп, түбірлердің, қосымшалардың ең алғашқы күйі қандай болғанын болжамдауға болады [39].

Бұл үрдіс хакас және өзбек тілдерінде сақталған. Бұл да өз кезегінде тілдің даму эволюциясын көрсетеді.

أَلِّي - 'ālli – елу;

أَطْلِي - 'ātli - салт атты.

[Ш] ~ [с] қыпшақ тобындағы тілдерде сәйкестігі [34, Б.68]:

قَامِشْ – qamiš – қамыс;

بَاشَلَادِي – bašladi - бастау, тұрғызу;

بِشْتِي – bišti бишти – пісу;

يَاشْ قُورْمَا – iaš qurma – құрма;

أَإِيرِلِشْتِي – 'āirilišti – айырылысу.

Түрікмен тілінің қыпшақ тілінен ерекшелігі ғ қолданысы:

طُورَا وَطُوغَرِي – tura, tuği т. – тура

بَاوُورُ وَبَاغِرُ – bawır, bağır т. – бауыр.

[К, к] әріптері түркі тілдердің бәрінде де негізгі түпкі әріптерінің (прото түркі) бірі болып саналады. Оған дәлел ретінде бір буынды көнеден келе жатқан сөздер бола алады. Мысалдар «Ат-Тухфа» еңбегінен беріледі:

قِزْ – qiz – қыз;

قَارَا – qara – қара;

كَاسْ – kes – кес;

كِرْ – kir – кір.

[Ғ] дыбысы көне түркі тілінде дауыстылармен бір тіркесте жұмсалған. Кейінгі өзгерістер де бүкіл тіркесті қамтыған. Сол тіркестердің түрлері мен кейінгі көріністері («Ат-Тухфа» қолжазбасынан табылған мысалдары ғана көрсетілген) төмендегідей кездесіп отырады [23, Б.94]:

-ағы – бағыр ~ بَاوُورُ – bawur – бауыр; – ағыр ~ أَاوُورُ – 'āwur – ауыр;

-ығы – сығыр ~ صِغِرُ – siğir – сиыр (өзгеріске ұшырамаған);

-уғ – суғ ~ صُوْ – su – су; -уғ – буғдай ~ بُوَضَائِيْ – būdai – бидай.

[Д] ~ [т] сәйкестігі: شِرِنْ دِلْ لِي – širin dilli - шырын тілді.

Д ~ т сәйкестігі түркі негіз тілінің соңғы дәуірлерінде, оның жеке тілдерге ыдырау дәуірінде болған өзгеріс болу керек. Орта ғасырларда басқа түркі тілдеріне қарағанда қатаң дауыссыздар басым қолданылады.

Жұмысты жазу барысында ортақ қалыптасқан Древнетюркский словарь еңбегінде берілген транскрипция қолданылды:

Кесте – 4. Араб әріптерінің латын графикасында берілуі

№	Түрікше аталуы	Арабша берілуі	№	Түрікше аталуы	Арабша берілуі
1	2	3	4	5	6
1	a	آ آ	23	m	م
2	ā	ا ا	24	n	ن
3	ä	أ ا	25	η	كَنك
4	ā	-	26	o	اُوُو
5	b	ب	27	p	پ
6	č	چ	28	q	ق
7	d	د (ض)	29	r	ر
8	d	-	30	s	س ص
9	δ	ذ	31	š	ش
10	e	اِي	32	t	ة ط ت
11	e	اِ	33	ʒ	ت

Кесте – 4 жалғасы:

1	2	3	4	5	6
12	ē	اِيَا	34	u	اُوُو
13	f	ف	35	ü	اُوُو
14	g	گْ كْ	36	v	قُوُو فْ
15	γ	غ	37	w	
16	h	ه	38	χ	خ
17	ħ	ح	39	z	ض ز ظ
18	i	اِيِي	40	ž	ژ
19	ī	اِيِي	41	ẓ̌	ج
20	j	ي	42	'	ء
21	k	ك	43	'	ع
22	l	ل	44	ş	ث

1 тараудың тұжырымдары:

Диссертацияның 1 тарау 1 тараушасын қорытындыласақ, «Ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати» атты ортағасырлық қолжазба қазіргі қыпшақ тармағындағы тілдердің ортағасырларда қалыптасу тарихы бойынша құнды тілдік мәлімет беретін еңбек болып табылады. Еңбектің авторы белгісіз. Бірақ зерттеулерді сараласақ, автор түркі халқының өкілі, араб тілін жетік меңгергені анық.

«Ат-Тухфа» қолжазбасының 4 тілге жасалған аудармасы болғанымен, кешенді түрде қарастырылмаған. Ғылыми ортада тек атауы ғана аталып немесе кейбір аспектілері ғана зерттелген. Мәмлүктер тек елді билеп қана қоймай, ұлттық ерекшеліктерін, тілін сақтап қалған. Филологиялық трактаттар осының дәлелі болып табылады. Ескерткіш қыпшақ тілді қолжазба болғандықтан араб-мұсылман қоғамындағы түркілердің тілін, мәдениетін, ұлттық ерекшелігін тереңірек қарастыру керек. Сондықтан қазіргі тіл ұстанушы үшін XIV-XV ғғ. жазылған мұраларға лингвотарихи түсіндірмелер беру ісінің қажеттілігі сөзсіз.

Диссертацияның 2 тараушасын қорытындылайтын болсақ, Сирия мен Мысыр мәмлүктердің қол астында болғандықтан, автор екі елдің диалектісімен таныс болғандығына сөздіктегі тіл бірліктері дәлел бола алады. Бәлкім осы елдерге саяхат жасаған, немесе тұрақтаған болар. Сирия диалектісіндегі тіл бірліктері болғанымен, қолжазба мәмлүктердің негізгі орталығы Мысыр елінде жазылған деген тұжырымға тоқталамыз. Себебі, қолжазбада берілген жылдарда Мысыр елінде автордың болғандығы тарихи факті дәлелдейді. Еңбекте Мысыр билеушісі туралы да мәлімет берілген. Қыпшақ тілі араб халқы үшін жоғарғы билеуші тап өкілдермен қатынас құралы болған еді. Сол себептен де, сол кезеңдерде араб тілінде қыпшақ тілін үйрену үшін оқулықтар, сөздіктер кеңінен жазылған болатын. Сирия мен Мысыр бір уақытта мәмлүктердің қол астында болған, білім ошағы, ірі ғалымдардың басы қосылған орталықтары болған.

Біз зерттеген ескерткіш Абу Хайанның «Китабу Идрак ли лисани атрак» еңбегінен (автор осы еңбекті өз еңбегінде фонетика бөлімінен кейін екінші

бетінің соңғы жолында атап кетеді) кейін шамамен XV ғасырда жазылған деген түйінге келеміз.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы 91 парақтан тұратын, насх жазу үлгісінде жазылған авторы белгісіз еңбек болып табылады. Қолжазба қысқаша фонетика, арабша-қыпшақша сөздік және грамматика бөлімдерінен, жалпы 64 бөлімнен тұрады. Қазіргі күнге дейін өте жақсы сақталған қолжазбалардың бірі. Ескерткіште синонимдер, омонимдер де түзілген. Автор өзі белгілеген араб, қытай, парсы тілдерінен алынған кірме сөздер де бар. Қолжазба араб графикасымен жазылғанымен, араб тіліне тән емес, яғни ескерткіш тілінің табиғатына сай бірнеше қосымша әріптер берілген.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы қыпшақ тілін үйрену үшін араб тілді халықтарға арналған еңбек болып табылады. Автор қолжазбаны қыпшақ тілін қолданғанымен, түрікмен тілінен де мысал келтіріп отырған. Ортағасырда мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ тілі түрікмен тілімен, сонымен қатар тайпааралық вариантты сөздермен аралас қолданылған.

2 «АТ-ТУХФАТУЗ ЗАКИЙАТУ ФИЛ ЛУҒАТИТ ТУРКИЙАТИ»: ТАРИХИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

«Интерпретация» сөзі ағылшын тілінің interpretation деген сөзінен алынған. Сөздіктерде «түсінік беру», «түсіндіру», «мағынаны ашу» деп көрсетілген. Лингвистика саласында «Түсіндіру нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына, тілдік құбылыстарға, т.б. түсініктемелер беру», дегенді білдіреді [40].

«П. Рикер интерпретацияны «толкование», яғни «түсіндіру, түсінік беру», -деп санаса, М.М. Бахтин «научное изучение», яғни «ғылыми оқу» дейді. Ал. Х.Г. Гадамер «истолкование», «түсіндіру», Г. Гийом «лингвист ғалым жұмысы» десе, Р. Барт «критика», яғни «сын» деп санайды. Бір сөзбен айтқанда, интерпретация мәтіннің бұрынғы болмысы төңірегіндегі жаңа шығармашылық ретінде түсіндіріледі» [40, Б.41].

Интерпретация жайында қазақ ғалымдары:

- Түсіндіру (интерпретация) – мағыналық құбылыстарды түсіндіру (Р. Сыздық);
- Интерпретация сөзі – түсінік беру, мәнін ашу, айқындау (Қ. Есенова);
- Интерпретация термині – герменевтиканың орталық термині ретінде түсіну және түсіндіру сынды қос операцияның бірлігінен тұратын зерденің (интеллектінің) негізгі қасиеті, құрылымдық әрекеті. Түсіне отырып түсіндіру әлде түсіндіре отырып түсіну өнері болып табылатын екіжақты интерпретацияның мазмұнын жалғыз түсіндірмемен шектеудің қажеті жоқ (А. Құлсариева);
- Интерпретация терминінде түсіну мен түсіндіру қатар жүргендіктен, оның баламасын іздемей-ақ қойып, Абай қолданысындағы «тә’уил» деген терминді беру (Ы.М. Палтөре) [40, Б.41].

Интерпретацияның басты міндеті – қалам иесінің ойы мен сезімдерін мейлінше нақты анықтап, жеткізу. Мәтінде автордың айтпақ ойы жасырын түрде беріледі. Жасырын мәліметті анықтауда интерпретация жасалынады.

Профессор А.Р. Масалимова: «Интерпретация әдісі «белгісіз, түсінікті емес құбылыстардың» астарында жасырғанды түсінікті етіп жеткізуге тырысады» [41, Б.70] деген пікірді айта кеткен. Осы тұстан интерпретацияның басты мақсаты анықталады. Интерпретацияның басты мақсаты – автордың айтқысы келген идеясы, ойы, сезімі, қаламгердің өмір сүрген ортасы мәтінде кодтар арқылы бейнеленген мағлұматтарды айқындау. Әрі сол алған мағлұматтарды барынша басқа да адамдарға жеткізу.

Жоғарыда берілген анықтамалардан түйіндеме жасасақ, интерпретация – мәтінге не сөзге авторлық өзіндік түсініктеме беру, түсіндіру, сипаттау, мәтіннің не сөздің астарлы ақпаратын беру. Лингвистикалық интерпретация филология саласы бойынша жазылған еңбектерге түсініктеме беру. «Ат-Тухфа» қолжазбасы филологиялық трактат болғандықтан, лингвистикалық интерпретация жасалынады.

Ат-Тухфа қолжазбасы ортағасыр, яғни XV ғасырда жазылған қыпшақ тілін үйренуге арналған еңбек екендігі жалпыға мәлім. Қолжазбада берілген мәтінге интерпретация жасалғаннан кейін бірнеше мағлұматтар анықталды:

- 1) қыпшақ тілі кең танымал, қолданыста болған тіл екендігі;
- 2) түрікмен тілінің қыпшақ тілімен аралас тіл ретінде қолданысы;
- 3) аймақтық тілдік айырмашылық, яғни дыбыстардың біресе қатаң не ұяң болуы;
- 4) қолжазбаның тек қана араб тілін үйренуге ғана емес, араб тілі мен қыпшақ тілдер арасындағы айырмашылықтарды сипаттау, тек тілдік деңгейде ғана емес, сонымен қатар грамматикалық деңгейінде де көрсету;
- 5) қыпшақ халқына тән ұлттық құндылықты ерекше атап, көрсету.

Қолжазбаның алғашқы 3 бетінде ғана мәтін, 4 беттен 136 бетке дейін арабша-қыпшақша сөздік берілген. Қолжазбаның негізгі бөлігі сөздікке арналғандықтан сөз деңгейінде интерпретация жасалды. Кіріспеде берілген мәтіннен үзінді:

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الحمد لله فاتح أبواب الهدى المنقذ من الردي، وصلى الله على سيدنا محمد المخصوص بالشفاعة العظمى غدا، صلى عليه وعلى آله وأصحابه وعترته صلاة توجب الخلود في دار المقامة أبداً، وبعد،، فمعلوم أن الإنسان لا يتميز على الحيوان إلا بالفهم ونطق اللسان، واعلم أن المشاركة في اللغات من أحسن الأدوات وأعلى السمات وقد صنف في هذه اللغة كتب كثيرة وقصدت أن اتبع سنن من مضى من السلف وأجيب من سأل من الإخوان فاستخرت الله وسألت الإعانة فيسر بمنه .. فجمعت هذا الكتاب وجعلته فصولاً وأبواباً وفروعا وتنبيهات وسميته التحفة الزكية في اللغة التركية.

Аудармасы: «Мейірімді Алланың атымен бастаймын. Аллаға шүкір, дұрыс есіктерді ашқан, ажалдан сақтаушы Пайғамбарымыз Мұхаммед пен сахабалары, ұрпақтарына мадақ, жандары жәннатта болсын. Адам жануар мақұлығынан түсіну мен сөйлей алу қабілеттерімен ерекшеленеді. Тілдер арасындағы ортақтық ең керемет қатынас құралы болып табылатыны мәлім. Тіл арқылы көптеген кітаптар құрастырылды. Ата-бабаларымыздан қаншама еңбектер сақталған. Алладан көмек сұрағандарға осы кітаппен жүріңдер деген. Достарымның сұрауымен, мына кітапты жинап, құрастырдым. Бөлім мен тарауларға бөліп, еңбектің атын Түркі тіліндегі бағалы сыйлық деп атадым».

«Ат-Тухфа» қолжазбасының алғашқы беті осы мәтіннен басталады. Қолжазба Алланың атымен басталып, ары қарай Мұхаммед пайғамбар мен сахабаларын айтып, дұға жасайды. Орта ғасырлардағы дәстүр бойынша бірінші Алланың атымен бастаған. Содан кейін пайғамбар мен сахабаларын атап, қолжазбаның өзін бастаған. «Адам мен жануар арасындағы басты айырмашылық түсінік пен сөйлеу алу қабілеті деген. Тіл Алланың берген бізге дарытқан ең үлкен сыйлықтардың бірі ретінде автор сансыз шүкіршілікті айтады. Тілдер арасында ортақтастық арқылы көптеген еңбектер жазылғандығын айта келіп, өз кезегінде аталған еңбектер ғасырлар бойы сақталған. Автор өз тарапынан бөлімдер мен баптарға, тарауларға бөліп, достарының сұрауымен еңбек жазғандығын айтады. Еңбектің атын Түркі тіліндегі бағалы сыйлық деп атайды. Бұл еңбектің аталуында да

астарлы мәлімет бар. Түркі тіліндегі екі тілді сөздік араб халқы үшін жасалған ең үлкен, бағалы сыйлық болмақ. Себебі, қыпшақ тілі сол кезеңде кең қолданыстағы билеуші тап өкілдерінің қатынасатын тіл құралы болған. Араб халқы үшін қыпшақ тілін оқуға ең қажетті, бағалы үйренетін оқу құралы ретінде қолданылған. Міне, осы тұстан автордың еңбекті атау себебін де түсінеміз. Еңбектің өзінде автор ең көп қолданыстағы тіл қыпшақ тіліне жұмысымды арнадым деп айтып кетеді.

2.1 Қолжазбадағы лексемалардың тарихи-тілдік интерпретациясы

Тілдік құбылыстарды диахрониялық тұрғыдан зерттеу – қазіргі тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі. Диахрониялық тәсілді әсіресе лексикология саласында қолданудың берері мол. Онда жекелеген лексикалық бірліктер ғана емес, түрлі құрылымдық-семантикалық бірлестіктерді де (лексика-семантикалық, тақырыптық топтар т.б.) аталмыш тәсіл бойынша талдауға болады. Тарихи лексикологияның маңызды міндеттерінің бірі – ежелгі дәуірлерден мирас болып қалған мәтіндерді лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу болып табылады.

Мәтінге түсіндірме беру – ғылым тарихында бұрыннан белгілі тәсіл болғанымен, оған қатысты шешімін таппаған біраз мәселе бар. Мұнда негізінен мағынасы түсініксіз немесе күңгірт сөздердің семантикасын ашуға назар аударылады. Зерттеушілер өткен дәуір шығармаларын талдау барысында тілдік деректер ғана емес, тілден тыс, яғни *экстралингвистикалық себептер* де орын алатынын, сөйтіп екеуі бірлескенде мамандар алдына бірқатар мәселелер туындайтынын айтады. Бұл тұрғыдан келгенде көне туындыларға лингвистикалық түсіндірме беру ісі сол шығарма жазылған кезеңдегі сыртқы факторлардың оған тигізген ықпалын, мәтіннің тілдік, тарихи және мәдени мұра ретіндегі маңызын айқындауға бағытталады. Дереккөз танымдық талдаумен тығыз байланысты екенін көреміз. Тарихи мәтінді зерттеуде лингвистикалық және деректану аспектілерін ұштастыру ғылыми айналымға түсіндірме берудің жаңаша бір түрі ретінде *лингвотарихи және лингвомәдени түсіндірмелер* сияқты зерделеу тәсілін енгізуге мүмкіндік береді. Алайда аталмыш түсіндірмелер түптеп келгенде мәтінде қолданылған лексемалардың семантикалық құрылымына, өзге тілдік бірліктермен байланысын көрсететін семантикалық қатынастарына, ортақ *архисема* негізінде түзілетін лексика-семантикалық топтарға енетін басқа сөздермен байланысына, жалпы мәтінде олар атқаратын семантикалық қызметтерге, сондай-ақ барлық тілдік бірліктердің бірігуіне ұйытқы болып, оларды бір өзек маңына шоғырландыратын семантикалық өріс мәселесіне табан тіреді.

Семантикалық өріс — тілдік бірліктердің қандай да бір ортақ *семантикалық белгісі* бойынша біріктірілген жиынтығы. Мұнда тілдік бірліктер мазмұндық (семантикалық) межелеуіштері бойынша топтасады. Өрісті реттеу, жүйелеу үшін ондағы **басымдықты** анықтап алады. Ол рөлге

бүкіл өріске атау болуға әлеуеті жететіндей сөз таңдалып алынады және ол *доминанта* деп аталады. *Доминанта* да өріс құрамына кіреді [42].

Қазіргі лингвистикалық әдебиетте семантикалық өріске «ортақ семантикалық тақырып бойынша біріккен сөздердің тақырыптық тобы» деген анықтама беріледі. Семантикалық өріс ұғымы ғылымға лексиканы жүйе ретінде сипаттау мақсатымен енгізілген болатын. Семантикалық өріске мысалдар ретінде мынадай сөздер топтарын келтіруге болады: қозғалыс етістіктері, киім атаулары, көлік атаулары, тағам атаулары, дене мүшелері атаулары т.б.

Семантикалық өрістер – лингвомәдени құндылығы жоғары біріктер болып табылады, олар әрі тілге, әрі мәдениетке қатысты болады. Яғни олар бір мезгілде бір тілдің ерекшеліктерін де көрсетеді, сол мәдениеттің спецификасын да бейнелейді [42, Б. 25-30].

Өрістің ортақ, жалпы қасиеттері ретінде мыналар танылған: элементтердің өзара байланысы; элементтер арасындағы байланыстардың жүйелілігі; әрбір элементтің өзімен іргелес, көрші элементтерге қатынасына тәуелді, байланысты болатын маңыздылығы; эквивалентті өрістер негізінде жататын семантикалық құрылымдардың барлық тілдерге ортақ, барша тіл үшін бірдей, принципті түрде жалпы деп танылатын сипаты; әрбір тілде тарихи тұрғыдан шарттасқан, орныққан нақты бір өрістің болуы, өмір сүруі; әртүрлі тілдерде эквивалентті өрістер құрайтын семантикалық құрылымдардың көрінуінің мәдени-тілдік ерекшеліктері (спецификасы) [42, Б.15-20].

Бірліктердің семантикалық құрылымындағы айырым (дифференциал) *семантикалық белгіні* сема дейміз [42, Б.38].

Сема — мағынаның, әртүрлі сөздердің мағыналарын өзара қатар қойғанда айқындалатын компоненті, дифференциал семантикалық белгі. Мысалы, «жақсы//жаман» сөздері теріске шығару, жоққа шығару семасы бойынша ажыратылады, ерекшеленеді. Сөздердің мағыналарындағы семаларды бөліп алу, көрсету амалы *компоненттік талдау* деп аталады және ол, көбіне, бинарлы оппозицияларды құру арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ «ата//әже» туыстық атауларына компоненттік талдау жасасақ, екеуінің де архисемасы – адам. Одан кейінгі негізгі семалары – жасы үлкен, туыстық қатынасты, яғни баланың ата-анасының әке-шешесі дегенді білдіреді. Ал осы атаулардың бірінің орнына екіншісі қолданылуына «жол бермейтін» дифференциалды семасы - жыныстық айырмашылығы, яғни ата – ер адам, әже – әйел заты екендігі.

Жалпы мұндай компоненттік талдау жасау арқылы бір лексика-семантикалық топқа жататын сөздердің барлығын бір-бірінен ажыратуға негіз болатын семаларды анықтауға жол ашылады. Мысалы, «аға//әпке» сөздерінің де архисемасы – адам. Одан кейінгі негізгі семалары – жасы үлкен, туыстық қатынасты, яғни «баланың бір ата-анадан туған бауырлары» дегенді білдіреді. Ал осы атаулардың бірінің орнына екіншісі қолданылуына «кедергі болатын» дифференциалды семасы - жыныстық айырмашылығы,

яғни аға – ер адам, әпке – әйел заты екендігі. Ал «аға//іні» сөздерінің де архисемасы – адам. Одан кейінгі негізгі семалары – туыстық қатынасты, яғни «баланың бір ата-анадан туған бауырлары» дегенді білдіретін мағыналық бөлшектері. Бұл лексемалардың бірінің орнын екіншісі алмастыруына «мүмкіндік бермейтін» дифференциалды семасы – жас ерекшелігі, аға – жасы үлкен, іні – жасы кіші бауыры.

Осы туыстық атауларды қазіргі кезде сөйлеуші не жазарман бірге тумаған, бірақ жасы үлкен немесе кіші ер адамдарға қатысты қаратпа сөз ретінде де жұмсай беретіні белгілі. Бұл сөз семантикасының қолданыс аясына қарай кеңеюі ретінде танылады.

Бұл талдауды бинарлы оппозиция құрмайтын, бір-бірімен сатылай байланысатын сөздерге де қолдануға болады. Ескерткіштің сөздік бөлімінде берілген, қазіргі тіл ұстанушылар мағыналық айырмашылығын дөп басып тани бермейтін, адамның дене мүшелерінің қызметіне, атап айтқанда кемтарлығына байланысты бір лексика-семантикалық топқа жататын «көр» және «соқыр» сөздерін алайық.

Кӯр - көр, екі көзі де көрмейтін, зағип.

Сӯкӯр – соқыр, бір көзі көрмейтін адам.

اعما – كور – kūr – көр, екі көзі де көрмейтін, зағип – 3бб

اعور – صوْفور – soqur – бір көзі көрмейді – 3 бб

Екі сөздің семантикасындағы елеулі айырмашылық, біріншісі - көру қабілетінен мүлдем айырылуды, екіншісі – бір көзі көрмегенімен, екінші жанары иесінің бір көзімен болса да көруге /әлі де/ қабілетті екенін білдіреді. Адамдарды осындай кемістігіне қарай атап, аталмыш сөздерді кісінің өз есімінің орнына жұмсайтындар да бар. Бұл, әрине, дұрыс емес.

Осы тұста қазақ тілінің паремиологиялық қорындағы бірқатар мәтелдерге тоқтала кетейік. Қазақ «Көршің соқыр боса, бір көзіңді қысып жүр...» дейді. Неге? Себебі, адам көрші тұрған соң, қаласа да, қаламаса да, өзгенің тұрмыс-тіршілігіне, дүние-мүлкіне, киген киімі мен ішкен-жегеніне дейін көріп, біліп отырады. Бұл қатар қонған екі үйдің арасындағы айырмашылықты байқап, екі отбасының әлеуметтік ахуалын салыстыруға себеп болуы мүмкін. Пенде болған соң, өзінде жоқ нәрсенің көршісінде бар екенін, оның материалдық жағынан өзінен жоғары тұрғанын түсініп, қызғанышқа бой алдыруы әбден мүмкін. Мұндай іштарлықтың, қызғаныштың түбі жақсылыққа апармайтыны белгілі... Сондықтан бабаларымыз қандай ақылды, бай, дәулетті болсаң да, өз жағдайыңның көршіңнен артық екенін ашық көрсетуші болма, өзіңді онымен тең ұста дегенді меңзеген.

Сондай-ақ тілімізде «Соқыр тауыққа – бәрі бидай» деген мәтел бар. Бұл өмірде көп нәрсеге жеңіл-желпі қарайтын, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя бермейтін адамдарға қатысты жұмсалады. Тура мағынасы – көзі көрмейтін тауықтың тұмсығына ілінген затты тегіс, жем ба, басқа ма, қарамастан, талғамай жұта беруі.

Диссертациямызға зерттеу нысаны болып отырған ескерткіште камтылған сөздердің басым бөлігі қазіргі тілімізде аздаған дыбыстық өзгешеліктерімен кездеседі. Оларға жұмысымыздың келесі тараушаларында тоқталамыз.

Жалпы интерпретация барлық салаға қажет. Әр саланың интерпретациясында өзіне ғана тән талап болады. Сол талаптарға сай әдістер пайда болады. Интерпретацияның бірнеше әдісі бар: генетикалық, құрылымдық, функционалдық, кешенді және жүйелік.

Біз жұмысымызда жүйелік әдісін қолдандық. Себебі бұл әдіс зерттелетін құбылыстың әр компонентін жүйе деп қарап, олардың бір-бірімен байланысын қарастырады.

Бір мәтін немесе сөз әртүрлі түсіндірілуі ықтимал, яғни интерпретация жасауда объективтілік маңызды рөл атқармайды. Мәтінді немесе сөзді интерпретация жасауда интерпретатордың жеке тұлғасының маңызы зор. Әрі түсіндіру жасалған уақыт пен кезеңнің де өз мәні бар.

«Ат -Тухфадағы» сөздерге тарихи лингвистикалық интерпретация жасау үшін, алдымен түркітанушы ғалымдардың алдыңғы буын өкілдерінің ескерткіштердегі лексикалық бірліктерді талдау мәселесі туралы көзқарастарымен танысып, олардың тұжырымдарының негізінде өзіміз зерттеген еңбектегі лексикалық бірліктерге талдау жасағанды жөн деп ұйғардық.

Ортағасырлық ескерткіштердің лексикалық бірліктерін салыстыра талдау қажеттігін түркітанушы Э.Н. Наджип: «Детальное сопоставление изучение языка памятников поможет нам в полной мере воссоздать историю становления литературных языков, их сходство и расхождения. Кроме того, такое изучение облегчило бы нашу задачу по составлению исторических и толковых словарей тюркских языков, задачу по созданию исторической лексикологии и т.д.» деп дәйектеген [43].

К.М. Мұсаев та өз тарапынан түркілік лексикалық бірліктерді синхронды да, диахронды тұрғыдан зерттеп, көне заман, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріндегі бірліктерді салыстыра отырып, семантикалық, құрылымы жағынан қарастыру міндетін қойған [44].

Э.Н. Наджип «орта ғасырлардағы түркі тілді жазба ескерткіштер түгелге жуық аралас тіл болды» деген [43, Б.38]. Бұл пікірді К.М. Мұсаев, М. Томанов, Қ. Өмірәлиев, М. Мырзахметов қуаттап, осы тұжырыммен толық келіседі. Ә. Құрышжанов XIII-XIV ғасырлардағы ескі қыпшақ жазба ескерткіштері тілінің сөздік құрамын:

- 1) көне, ескі қыпшақ жазба ескерткіштеріне ортақ сөздер;
- 2) орта түркі және ескі қыпшақ ескерткіштеріне ортақ сөздер;
- 3) ескі қыпшақ ескерткіштеріне ортақ сөздер;
- 4) ескі қыпшақ ескерткіштерінің әрбіріне ғана тән сөздер деген [43, Б.39]. Бұл тұжырым да жоғарыда айтылған пікірмен сәйкес келеді.

Түрколог Ш. Шарапатұлы өз еңбегінде түркі лексикасын түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерімен салыстыру нәтижесінде ғана тілдің

семантикалық даму үрдісін реконструкция жасауға болады деген. Формалық және мазмұндық сәйкестіктегі сөздердің мағыналарын:

- 1) ескерткіштерді өзара;
- 2) қазіргі түркі тілдерін ескерткіштермен;
- 3) қазіргі түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілін;
- 4) қазіргі қазақ тілін ескерткіштермен;
- 5) қазіргі түркі тілдерін өзара;
- 6) қазіргі қазақ тілін өз ішінде салыстыру керек екен [43, Б.44].

«Ат-Тухфатуз закийя фил луғатит туркийя» қолжазбасы Э.И. Фазылов және М.Т. Зияева ғалымдарының көрсетуі бойынша, лексикалық қоры 3600 сөз, оны 36 мағыналық топқа бөлген. Т. Арынов лексикалық топтарға бөлгенде, 26 топқа, яғни 10 топқа қысқарту жасаған. Кейбір топтарды бөлек қарастырмай, қосып жіберген. Мәселен, Т. Арынов өсімдік таулары мен дәнді-дақылдар атауын, үй және жыртқыш жануарларын бір топта қарастырған. Осы күнге дейін қолжазбаны қарастырып, талдаған ғалымдар арасында тек осы жоғарыда аталып кеткен ғалымдар ғана қолжазбаның лексикалық бөлімін жеке-жеке топтарға бөліп, талдаған. Біз де өз тарапымыздан қолжазба бірліктерін бірнеше лексикалық топтарға бөлдік, атап айтсақ:

- 1) дене мүшелерінің атаулары: انف - بُورُنْ - burn-мұрын; فُولَاقْ - اذن - qūlaq – құлақ және т.б.
- 2) түр-түс атаулары: ابيض - اَقْ - aq – ақ; قَارَا - اسود - qara – қара және т.б.
- 3) өсімдік атаулары: اس - مُورُطْ - murt – мирт, мирта (ақ-сұр гүлдерімен мәңгі жасыл бұта не ағаш); قاصطل - كاستانا - kāstānā – каштан және т.б.
- 4) аспан дене атаулары: ينكِرْ - بنات بعش - yitkir – Жеті Қарақшы жұлдыздарының тобы; كُونَاشْ وَكُونْ - شمس - kūneš, kūn – күн және т.б.
- 5) туыстық атаулар: اب - أَطَا - ata – әке; ام - أَنَا - ana – ана және т.б.
- 6) адам есімдері: شال - أَلَابُوْغَا - ’ālā būyā – Ала Боға адам аты;
- 7) адамның кемістігін білдіретін атаулар: صَانَكُرُوا - اطروش، صاعر - sānğrū – саңырау; اخرس - اِخْرَسْ - tilsiz, kalakü, kalaki – мылқау, сөзсіз және т.б.
- 8) жылқының түр-түсіне байланысты атаулар: بُوزْ - الابيض والاشهب - boz – боз ат; تَامِرْ بُوزْ وَقِرْ اَطْ - اخضر - tāmir boz, qır āt – қара түсті, сұр реңкі бар ат және т.б.
- 9) ат әбзелдері: تَكَلْتِي - امارين، تكلتي - juvurluq, takaltı – ат жабуы; ابزيم - طوغا - toya – тоға.
- 10) құс атаулары: انيسه - ايتلاقازْ - itlāqaz – сауысқан; العقق - صَاغْصَاغَانْ - saysağan – сауысқан және т.б.
- 11) жабайы жануарлар атаулары: اسد - أَرْسْ لَانْ - arslān – арыстан; ارنب - طَاوشان، قِيَانْ - taušan, qīān – қоян және т.б.
- 12) тамақ атаулары: بُوْطَقَا - اذا طبح باللبن فيقول - botqa – сүтті ботқа; ذرا - سُورَاتْ - sūreṭ – кептірілген ет және т.б.
- 13) мекен, мезгіл атаулары: امس - تُونَا - tuna – кеше; اسرَا كُونْ - اول امس - ’āsrā kūn – алдыңғы күн және т.б.
- 14) жеміс-жидек атаулары: اجاص - قَارَا اِيرِيْكَ - qara irik – қара өрік; برقوق - كُوكَانْ (كُوكَامْ) - وَاِرِيْكَ - kukan (kukam), ’irik – алхоры, қараөрік және т.б.

- 15) дәнді дақылдар: ارز - برنج - tuturyan, birinč – күріш; دخن - طاری - тары және т.б.
- 16) сүтті тағам атаулары: اِدام - قَاطِقْ - qatıq – қатық, ұйыған сүт, тамаққа тұздық; حليب - سُوْطْ - sūt – сүт және т.б.
- 17) географиялық атаулар: برّ - قِرْ - قَوْلَاوُزْ - qulatus/qır – шөл, дала, қыр; بحر - تَانِكْزْ وَغُومَانْ تَانِكْزْ - tañız, ’uman tañız - теңіз, мұхит және т.б.
- 18) балық атаулары: بوری - چِرا - čirā - мерлан (балық); بی - صَاوَابْ - saāvāb – Ніл тұқысы (балық) және т.б.
- 19) бауырымен жорғалаушылар мен жәндік атаулары: برغاش - اِيَاْزْ - ’ijaz/’ajāz – маса; قَابَارْجَاقْلِيْ بَاغَا - سلحفاء - qabarčaqlı bağa – тасбақа және т.б.
- 20) үй жануарлары: بختی - بِيْسِرَاكْ - bijsarak - түйе (еркек); صِغْرْ - بقره - ’inek, siyır – сиыр, бұқа және т.б.
- 21) көкөніс атаулары: صُوْعَانْ - بصل - soğan – пияз; قرع - قَابَاقْ - qabaq – асқабақ және т.б.
- 22) қару-жарақ атаулары: ترس حديد - تَامِرْ قَالْقَانْ - temir qalqan - темір қалқан; قورمان - تركش - qırman – қорамсақ және т.б.
- 23) кәсіп атаулары: ترجمان - دِلْمَاچْ - تِلْمَاچْ، دِلْمَاچْ - tilmač/tilmāč/ dilmāč – тілмаш, аудармашы; صَابَانْجِي - حراث - sabançı – диқаншы, егінші және т.б.
- 24) ұлт атаулары: تاجر - تَاچِكْ - tāčik – сатушы, саудагер; تәжік (ұлт); حضری - صَارْتْ وَطَاظْ - sart, tat – отырықшы, қалалық; сарт, тат және т.б.
- 25) табиғат құбылыстары: قاز - تلج - qar – қар; بوز-جلید - buz – мұз және т.б.
- 26) киім атаулары: ثوب - طونْ - ton – киім; جُوخْ - جَاكْمَانْ - čekmen - шекпен, сыртқы киім және т.б.
- 27) діни атаулар: اوجماق - الجنه - ’učmaq – жұмақ; جهنم - طَامُو، طَامِي - tāmu/tāmi – жаһаннам, тозақ және т.б.
- 28) ауру атаулары: قوتور - جرب - qotır - қотыр; شيشاك - جدري - šišāk – шешек және т.б.
- 29) музыкалық аспаптар атаулары: جانك - جلجل - čaŋ – чанг; جلجل - جنرغی - жанрағи - čınrağı (музыка аспабы) және т.б.
- 30) бағалы тас таулары: جواهر - كُوھَارْ - kauhar – гауһар; بلخش - لَعْلْ - la’l – лағыл, асыл тас және т.б.
- 31) зергерлік атаулар: حلقه الاذن - سيزغا، اصيرقا - sizğa/ isırqa – сырға; خزر - بُونْشُوقْ، بُونْجُوقْ - bonšaq/ bončūq – моншақ және т.б.
- 32) құрылыс атаулары: حمام - يِلِيْ صُو - jili su – монша; قنطرة - كوبرى - kubri – көпір және т.б.
- 33) сын-сипатты білдіретін атаулар: خفيف - يَانِكْلْ وَيُوقَا، يُنْكُلْ - jañıl, juqa/ juñul – жұмсақ, жеңіл; خير - ابي، اكي، اكي - āki/ ’iki т., ’iji – жақсы және т.б.
- 34) табиғат құбылыстары: رعد - كُوْكْرَاكْ - kukrak – найзағай; زلزله - تِتْرَامَاكْ - titramak – жер сілкінісі және т.б.
- 35) өлшем бірлік атаулары: رطل - باطمان - batman - батпан өлшем бірлігі; فتر - سُوِيَامْ - sujām - сүйем ұзындық өлшемі және т.б.
- 36) пайдалы қазба атаулары: رصاص - قورغашين و قورشون - qurğaşın, qurşun – қорғасын; فضه - كُوْمُوشْ - kümüş – күміс және т.б.

37) тұрмыс зат атаулары: **تُؤَيْمًا وَدُؤُكْمًا - زَرَّ** - *tujma, dukma* т. – түйме; **زَبْدِيَه** – *شَانَاقْ* – *šanaq* – қыш ыдыс және т.б.

38) этнографиялық лауазым атаулары: **خَاتُون - سِيَه** – *χatun* – ханым; **قَان - سَلْطَان** – *qaп* – хан және т.б.

39) этнографизмдер: **شِبَاك - تُونْلُوكْ** – *tünlük* - жарыққа арналған тесік, түңлік; **كَابِنْ** - *kabın* - қалың мал және т.б.

40) су құрылғылары: **كَاَمَا - مَرْكَب** – *kama* – кеме; **مَعْدِيَه - يَانِقْ، كُجَاتْ** – *janıq/ kaçat* – паром, сал және т.б.

41) құрал-сайман атаулары: **مَبْرَد - اِكَاوْ، اَكَاوْ** – *'ākāu, 'ikāu* – егеу; **مَطْرَقَه** – *جَاكُوشْ* - *čāküš* – балға және т.б.

«Ат-Тухфа» ескерткішінің лексикалық бірліктерін лексика-семантикалық топтарға бөліп, қазіргі түркі тілдерімен салыстырып, қолжазба тілі қазіргі түркі тілдерімен ортақтастығын мысалдар негізінде қарастырылады. Осы мақсатпен қолжазба лексемасы синхронды, диахронды тұрғыдан қарастырылып, зерттелді. Жоғарыда 41 лексика-семантикалық топтардың ішінен ең көп таралған, мағынасы өзгермеген, халықтың тыныс-тіршілігін, табиғатын және де жануаралар арасынан саны жағынан ең көп жинастырылған лексемалар қарастырылды.

Соматизмдер. Соматикалық лексика (грек тілінен аударғанда *soma* - дене) – кез келген тілде кездесетін әмбебап лексикалық топтардың бірі және әр тілдің лексика-тақырыптық жүйесінде бірінші болып отандық, сондай-ақ шетелдік лингвистердің салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-салғастырмалы мен лингвомәдени жұмыстарында жиі қарастырылатын зерттеу нысаны. Мәселен, Р.М. Вайнтрауб, Ф.О. Вакк, Ю.А. Долгополов, А.В. Дыбо, Н.М. Шанский, В.Н. Суетенко, Е.М. Сендровец, Д.А. Базарова, А.Ф. Богданова, Ю.С. Степанов, В.Г. Гак, А.В. Кунин, Ю.Ю. Авалиани, Г.А. Ахметжанова, А. Құрманалиева, Н. Карменов, С.С. Мұхтарова және т.б. ғалымдар соматикалық лексиканы зерттеген.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің осы топ лексикасына қызығушылық танытудағы экстралингвистикалық көзқарасы қоршаған ортада өзін-өзі тану үдерісі және жеке тұлға ретінде сезіну сезім мүшелері мен жеке өзінің дене мүшелері арқылы басталған. В.Г. Гак өзінің соңғы жұмыстарында: «Адам – эгоцентрлік тұлға, - деп жазған, - өзін әлемнің ортасында көріп, әлемді өзіне қарап бейнелейді» [45].

Уақыт пен кеңістікте бейімделу, өзін-өзі бағалау – осының бәрін адам біртіндеп, өзін қоршаған таным құралдары, яғни дене мүшелері арқылы түсінген, ұғынған.

Адам өзін қоршаған ортадағы заттарға атау беру, ең алдымен, ол заттың түр-түсін, сыр-сипатын және т.б. ерекшеліктерін білу керек. Бұл үдеріс сол затты басқа бір затпен салыстыру, теңестіру, ұқсату арқылы жүзеге асады. Міне, осы кезде адам баласы өзі жақсы білетін дене мүшелерімен салыстыру, теңеу арқылы жансыз заттарға жанды заттың атын қоюға тырысады. Бұл принцип лингвистикада – *гомоцентристік принцип* деп аталады.

Н.А. Власова танымал кавказтанушы ғалым В.И. Абаевтың сөзіне сілтеме жасай отырып, «бас, қол, аяқ, көз, құлақ, ауыз сынды кейбір дене мүшелерін атай алмайтын халық жер бетінде әлі табылмаған, соматизмдер – кез келген адам қоғамына қажетті түсініктер мен қарым-қатынастарды құрауға негіз болатын сөздер», - деген. Соматикалық лексика негізгі семаларға сүйенетін, жиі қолданылатын, ең дамыған тіл қатпары [46].

В.А. Ямшанова адамның дене мүшелері «алғашқы құралдар» («primary instruments») тобына жататынына еш күмән туғызбайды. Себебі соматизмдер субъектімен тығыз байланыста болады [47].

Әлемді танудың өзі өзін-өзі танудан басталған. Мәселен, дүниенің жаратылысы туралы космогониялық мифтер, аңыздар бойынша әлем ең жоғарғы билеушінің денесінен жаратылған (Тиамат туралы аккадтік миф, Сонмо жайлы тибеттік миф). Сонымен қатар, адамның дене мүшелері барлық тілдерде бірыңғай. Басқа лексикалық топтар (мәселен зооморфтық, фитонимдік) әр территориялық аумақта әртүрлі. Бір халықтағы қоршаған орта басқа халықтың қоршаған ортасымен бірдей емес.

Түркі тілдерінде фразеологиялық соматизмдерді зерттеген ғалымдар деп К.У. Халилова («Соматизм «сердце» в языковой картине мира (на материалах азербайджанского и немецкого языков»); А.Г. Абрамова («Фразеологические единицы с компонентами-соматизмами в разноструктурных языках (на материале русского и чувашского языков»); А.Б. Нұржанова («Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды»); Б.С. Нағасбекова («Соматикалық фразеологизмдердің көпмағыналығы»); Қ.С. Қалыбаева («Көз» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер); М.И. Мугидова («Соматические фразеологические единицы кумыкского и русского языков»); Р.А. Авакова («Фразеологиялық семантика») және т.б. атауға болады.

Адамның табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше. Олардың ішінде фразеологизм жасауда *көз, жүрек, қол, бас, ауыз, бет, қан, іш, тіл* лексемалары жиірек қолданылады.

Бұлардың барлығы көзге көрінетін сыртқы бөлшектер. Ал көзге көрінбейтін ішкі ағзалар да фразеологизм жасауға қабілетті. Жалпы соматикалық процестердің (дене мүшелерінің жай – күйі, динамикалық сипаты т.б.) барлығы тірек сөз бола бермейді. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде бұлардың әрқайсысы Ә. Болғанбаевтың есебімен 100-ден 500-ге дейін фразеологизмдерді жасауға ұйытқы болған.

Міне, осы себептерден де қолжазбада берілген соматизмдерге тоқталып, қазіргі түркі тілдеріндегі дене мүше атауларымен салыстырылды.

Төменде берілген кесте негізінен, Ф.Г. Исхаков «Опыт сравнительного словаря современных тюркских языков» атты еңбегі негізінде жасалып, толықтырулар енгізілді [48].

Кесте – 5. Соматизмдер: бас-бет аймағы.

Соматизмдер	Ат-тухфа еңбегінде кыпшақ тілінде берілуі	Ат-тухфа еңбегінде араб тілінде берілуі	Дене мүше аталуы	казіргі түркі тілдері
1	2	3	4	5
Бас- бет аймағы	بَاشْ – baš	رأس - rās	бас	әзірбайжан, алтай, башқұрт, қырғыз, құмық, татар, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр
	تُوْبَا، دُبَا - tōbe/dubā	ام الرأس - ummu al- r'as	еңбек (бастың)	қаз. – еңбек, төбе; хак. - чулай, еемек, миңнік; тат. – түбә; түрк. – дөпе; өзб. – мени; қырғ. – чоку; қарақалп. – төбе; ұйғ. – чокқа; тува – тей; түр. – тепе; ноғ. – тоьбе; башқ. – түбә; алтай. – төбө; құм. – башны төбеси; әзірб. – тәпә; чув. – ләпке.
	أَزِيقُ، أَزِي - 'āziq/ 'āzi	ضرس الزاد - dirs al-zad	азу тіс	қаз. – азу тіс; хак. – түп азығ; тат. – азу теш; түрк. – ази диш; өзб. – озик тиш; қырғ. – азуу тиш; қарақалп. – азыу тис; ұйғ. – еғиз чиш; тува – дағ диш; түр. – азы диши; ноғ. – азув тис; башқ. – азау теш; алтай. – түп тиш; құм. – азув тиш; әзірб. – азы диш; чув. – кайри шәлсем.
	سِلْكُ، سَالِيَرُ - silk/saliar	رياله - riāla	сілекей	қазақ, қарақалпақ, құмық, татар – сілекей, селәгәй
	يُوزُ - yuz	وجه - wačh	бет, жүз	башқұрт, түрікмен, ұйғыр – йуз; қазақ, қырғыз – жүз.
	أَوْزُ - 'āwuz	فم - fam	ауыз	құмық – авуз; башқұрт, қазақ, қарақалпақ – ауыз
	ضَوْصَاغُ - dudāγ, 'erin	شفا - šaffa	ерін	алтай, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, татар, ноғай, тува, хакас (ерін); әзірбайжан, түрік, түрікмен (дудак)
	يَانَاقُ – iānāq	خد - χad	жақ	башқұрт, татар, түрікмен – янақ
	كُوزُ – kōz	عين - 'ain	көз	өзбек тілімен толық сәйкес келеді, алайда араб тілінде 3 дауысты әріп болғандықтан қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр тілдерімен сәйкес деп айтуға болады

Кесте – 5.жалғасы:

1	2	3	4	5
	قَارَاقُ وَقِيلُ قَارَاقُ - qaraq, bebek т.	ناظر العين - nazir al- 'ain	көздің қарашығы	каз. – көздің қарашығы; хак. – харах; тат. – күз карасы, бәбәк; түрк. – бәбенек; өзб. – қорачик; қырг. – карек; қарақалп. – қарашық; ұйғ. – көзнің қарчуғи; тува – карак огу; түр. – гөз беbei; ноғ. – козьдинь карасы; башк. – күз караһы; алтай. – көстин каразы; құм. – гөзню беbeiи; әзірб. – бәбәк; чув. – куґ шарґи.
	قاش – qāš	حاجب - ḥācib	қас	ұйғыр
	كِرْپِكْ - kirpik	شعر العين - šī'ru al'ain	кірпік	алтай, тува – кирбик
	قَابَاقُ – qābāq	جفن - čafn	қабақ	қазақ, қарақалпақ
	قُولَاقُ – qūlaq	اذن - uzn	құлақ	қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
	بُورُنْ - burn	منقار - munqar	мұрын	әзірбайжан, құмық, ноғай, татар, түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр – бурун; башқұрт – тумчук
	مَانْغَلَايْ، النْ - māḡlai/ ālin	جبهه - čabha	маңдай	башқұрт, татар, түрікмен, ұйғыр – маңлай; әзірбайжан – алын.
	صَاقَالْ - saqal	لحية - laḡia	сақал	қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
	بُويُونْ، بُويُونُمْ - buwun/boinum	رقبة - raqaba	мойын	түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр
	تِلْ – til	لسان - lisān	тіл	алтай, қарақалпақ, құмық, қырғыз, өзбек, ұйғыр – тил; қазақ – тіл
	تِشْ وِديشْ - tiš, diš (түрікмен)	سين - sin	тіс	алтай, қырғыз, құмық, өзбек, ұйғыр – тиш, әзірбайжан, тува, түрік, түрікмен – диш
	صَاشْ – saš	شعر - šī'r	шаш	қазақ, қарақалпақ, ноғай

Қолжазбада 52 соматизм, яғни 16 түркі тілдес тілдермен: қазақ, хакас, татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, тува, түрік, ноғай, башқұрт, алтай, әзірбайжан, чуваш тілдеріндегі нұсқаларымен салыстырылып талданды.

Адамның бас-бет аймағы: *бас, бет-жүз, еңбек, маңдай, мойын, мұрын, желке, ерін, жақ, көз, көздің қарашығы, қас, кірпік, шаш, құлақ, тіл, тіс, сақал* атаулары талданды.

Бас сөзі біздің зерттеу нысанымызда *baš* деп колданылса, ортағасырлық ескерткіштерде де *баш* сөзі пайдаланылған. Қазіргі түркі тілдерінің арасында

әзірбайжан, алтай, башқұрт, қырғыз, құмық, татар, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр тілдерінде *бас* сөзі ш болып дыбысталады.

Ал, қазақ тілінде с әрпімен бас деп қолданылады. Ш дыбысы оғыз тілдеріне тән болса, с дыбысы қыпшақ тілдеріне тән фонетикалық белгі болып табылады. Тарихи тұрғыдан с~ш дыбыстарының сәйкестігі дәлелденген [46].

Тіл атауы түркі тілдерінде еш өзгеріссіз болып кездеседі: алтай, қарақалпақ, құмық, қырғыз, өзбек, ұйғыр – тил; қазақ – тіл. Тіл сөзі мағынасы да, тұлғасы да еш өзгеріссіз жеткен сөз болып табылады. Тіл сөзінің ортағасырда тек сөйлеу қатынасу құралы ретінде бір мағынасы болса, қазіргі кезде мағынасы кеңейген. Мәселен, сағат тілі, тыңшы, тіл алғыш, тілге ерді, тіл алды және т.б.

Тіс сөзі алтай, қырғыз, құмық, өзбек, ұйғыр – тиш, әзірбайжан, тува, түрік, түрікмен – диш түрінде кездеседі. Тіс сөзі мағынасы толық, тұлғасы жағынан бір әріп қана өзгеріске ұшыраған.

Маңдай мағынасына келетін алын сөзі қыпшақ тіліне тән сөз болмағандығынан болса керек, қолжазбаның жиегіне жазылған. Дегенмен қазіргі түрік, әзірбайжан тілдерінде кеңінен қолданылады.

Азу тіс соматизмі ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында *'āziq/ 'āzi* деп берілген. «ДТС»-те *aziḡ* деген нұсқасы көрсетілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына кіретін қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, оғыз-түрікмен тобына кіретін түрікмен, оғыз-селжұқ тобына кіретін түрік, әзірбайжан, қарлұқ-хорезм тобына кіретін өзбек, қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілдерінде ортағасырлық атау сақталған. Тек хакас, тува, ұйғыр, алтай, чуваш тілдерінде ғана өзгеше болып табылады. Негізінен, қыпшақ, оғыз тобындағы тілдерінде сақталған.

Кесте – 6. Соматизмдер: адамның қол-аяқ мүшелері.

Адамның қол-аяқ мүшелері	قول – qul	عضد - 'adud	қол	өзбек – қул; алтай, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, ұйғыр – қол
1	2	3	4	5
	بَارْمَاقُ – barmaq	اصبع - isba'	саусак	қарақалпақ, ұйғыр – бармақ
	إِلْ وَأَيْآ - 'el, 'āiā	كف - kaf	алақан	құмық, ноғай, түрікмен, хакас – ая
	بِلَآكُ – bilek	زند - zand	білек	өзбек – биләк; әзірбайжан, қырғыз, құмық, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр – билек, биләк; қазақ – білек

Кесте – 6 жалғасы:

1	2	3	4	5
	قَوْلُتُوقْ - qoltüq	ابط - ibt	қолтық	қаз. – қолтық; хак. – холтых, холтырмах; тат. – қултық; түрк. – голтуқ; өзб. – құлтиқ; қырғ. – колтуқ; қарақалп. – қолтық; ұйғ. – колтуқ; тува – колдук; түр. – колтуқ; башқ. – культық; алтай. – колтуқ; құм. – кьолтуқь тюп; әзірб. – голтуғ; чув. – хул хушши;
	طِرْناقْ - tırnaq	ظفر - zufr	тырнақ	қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр
	بُوطْ - but	فخذ - fayz	сан	құмық, түрікмен – бут
	تِرْ - tiz	ركبه - rukba	тізе	құмық, ноғай, өзбек, ұйғыр қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
	طَبَانْ - taban	قدم - qadam	табан	башқұрт, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, татар, тува, түрік, хакас
	طِرْناقْ - tırnaq	ظفر - zufr	тырнақ	қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр
	جَاغَانَاقْ وقيل تِرْسَاكْ، دِرْسَاكْ - čāyānāq, tirsak т./ dirsek	مرفق - mirfaq	шынтақ	алтай – чағанақ; өзбек, түрікмен, ұйғыр – тирсак; әзірбайжан, түрік – дирсек

Адамның қол-аяқ мүшелері: алақан, аяқ, балтыр, білек, қол, табан, тізе, тырнақ, сан, саусақ атаулары талданды.

Айа сөзі көне түркі тілінде «алақан» мағынасында қолданылған. Мысалы: Ол қарс қарс айа йапты. Ол қарс-қарс еткізіп алақанын шапалақтады (МҚ 176₁).

Б. Сағындықұлының айтуы бойынша, «Қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы өзгеріп, біріншіден, алақанның шұқыры, екіншіден, туып-өскен, тәрбие алған орта, үшіншіден, қойнау, баурай, төртіншіден, ауыспалы мағынада бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі мағыналарын білдіреді. Бұрын жеке дара қолданылған болса, енді (алақанның аясы) матаса байланысқан сөз тіркесінің екінші сыңарын құрайды» [49, Б.161].

Айа сөзі қазіргі тілімізде «алақанына салып аялау» деген тұрақты тіркес құрамында сақталған. Мағынасы – «бір адамды, баланы немесе үлкен кісіні, әйелін немесе туысын т.б. бағып-қағып, киіндіріп-тойындырып, бар қажеттілігімен қамтамасыз етіп, асырап отыр» дегенді білдіреді. Тілімізде осымен сабақтас «аялы алақан» деген тұрақты тіркес жиі қолданылады.

Шынтақ сөзі түркі тілдерінде екі түрлі аталумен берілсе де, екеуі де тілде сақталған екен: алтай – чағанақ; өзбек, түрікмен, ұйғыр – тирсак; әзірбайжан, түрік – дирсек.

Қолтық сөзі «Ат-Тухфа» қолжазбасында *qoltüq* деп берілген. Махмұт Қашқари еңбегінде *қолтық* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінен қыпшақ тілдер тобындағы тілдер ортағасырлық атаумен сәйкес келеді, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келеді:

қаз. – қолтық; хак. – холтых, холтырмах; тат. – култык; түрк. – голтук; өзб. – құлтиқ; қырғ. – колтук; қ.қалп. – қолтық; ұйғ. – қолтуқ; тува – колдук; түр. – колтук; башқ. – культык; алт. – колтук; құм. – кьолтукъ тюп; әзірб. – голтуг; чув. – хул хуишии;

Оғыз тобының түрікмен және әзірбайжан тілдерінде «қ ~ г» дыбыстарының сәйкестігін байқауға болады. Хакас тілінде холтых деп, «х» әрпімен берілген. Бұлғар тобына кіретін чуваш тіліндегі нұсқасы ортағасырлық нұсқасынан тіптен өзгеше.

Кесте – 7. Соматизмдер: адамның ішкі ағзалары.

Адамның ішкі ағзалары	بَاوُرُ - bawur, بايِرُ t.	كبد - kibda	бауыр	башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, құмық, татар – бауыр, бавур; әзірбайжан, түрікмен – бағыр
	مِيْبِي،بَيْئِي - mii/baini	دُهْنُ الدِمَاغِ - duhn al- dimāḡ	ми	башқұрт – мейе; түрікмен – бейни
	أَوْرَاكُ - 'uzāk	نَخَاع - nuḡā'	жұлын	қаз. – жұлын; хак. - чілің, чұлұң; тат. – арка желеге; түрк. – арка йүлүк; өзб. – орка мия; қырғ. – жүлүн; қарақалп. – жулын; ұйғ. – жулуң; тува – чүн; түр. – омурилик; ноғ. – юлын; башқ. – йолон; алтай. – јүлүк; құм. – аркья суюкни майы; әзірб. – онурға бејни; чув. – сурәм шәмми мими.
	يُورَاكُ - jürek	قَلْب - qalb	жүрек	татар, ұйғыр – йүрәк
	أَوْبُكَا، 'üpkе, 'üpken	رِيَّة - riya	өкпе	башқұрт – үпкә, қарақалпақ – өпке, татар – үпкә
	بُورَاكُ، - بُكْرَاكُ burak/bukrak	كَلْوَه - kulwa	бүйрек	ұйғыр – бөрәк; алтай – бөрөк
	قَارِنُ - qārin	بَطْن - batn	қарын	қазақ
	إِشَاكِي وَبُورَاكِي، 'iṣeki, buwarsiq/ buyārsiq	مَصْرَان - musran	ішек	алтай, қырғыз, түрікмен – ичеги; әзірбайжан - бағырсаг
	بُورُونُ، بُعُنُ - büwün/ büyün	مَفْصِل - mafsil	буын	құмық – бувун; түрікмен, өзбек, ұйғыр – боғун

Адамның ішкі ағзалары: бауыр, бүйрек, жүрек, буын, жұлын, ми, қарын атаулары талданды.

Ми атауы башқұрт тілінде *мейе*, түрікмен тілінде *бейни* нұсқасында кездеседі. Бұл сөз мағынасы толық, бірақ тұлғасы жағынан екі әріппен өзгеріске ұшыраған. Дұрысында, айтылуы бойынша «мый» нұсқасында жұмсалғаны жөн.

Ишек сөзі алтай, қырғыз, түрікмен – ичеги деп кездеседі; ал әзірбайжан тілінде – бағырсаг түрінде кездеседі.

Өкпе атауы башқұрт – үпкә, қарақалпақ – өпке, татар тілінде – үпкә түрінде кездеседі. Өпке деген ортағасырлық атау мағынасы жағынан толық, екі әріптің орын ауысуымен тұлға жағынан сәйкестігін байқаймыз.

Жұлын сөзі зерттеу нысанымыз болатын қолжазбада *'uzāk* деп берілген. Махмұт Қашқари еңбегінде *жұлын* деп көрсетілген. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерде жұлын деп беріліп, М. Қашқаридің еңбегінде берілген соматизм атауымен сәйкес келеді. «Ат-Тухфа» қолжазбасында көрсетілген нұсқа қазіргі түркі тілдерінде қолданыста жоқ.

Кесте – 8. Соматизмдер: адамның кеуде тұсы

Адамның кеуде тұсы	بُوَيُوْتَانْ - büwü/tān	بدن - badan	дене	өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, ұйғыр – тан, тән
1	2	3	4	5
	أَرْقَا - 'ārqā	ظهر - zahr	арқа	қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
	كُوكُوسْ - kōgūs	صدر الانسان - sadr al- insān	кеуде, көкірек	алтай, түрік
	يَاغُرُنْ - iaγrin	لوح - lauḥ	жауырын	қаз. – жауырын; хак. – чарын; тат. – көрәк; түрк. – пилче; өзб. – курак; қырғ. – далы; қарақалп. – жауырын; ұйғ. – гүжәк; тува – хүүрек; түр. – күрек кемии; ноғ. – казгыр; башқ. – калак һөйәге; алтай. – күрек; құм. – яврункъалакъ; әзірб. – күрәк; чув. – хул калакки;
	بِشْ - biš	حَقَا (негізінен حَقْوُ - немесе حَقَاءُ) - ḥaqu	бел	башқұрт, татар – бил; әзірбайжан, алтай, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, тува, өзбек – бел
	كِنْدِيكْ وَقُوصُوقْ - kindik, qawsuq	سِرَّة (سِرَّ - негізінен) - surru	кіндік	қаз. – кіндік; хак. - кін, кіндік; тат. – кендек; түрк. – гөбек; өзб. – киндик; қырғ. – киндик; қарақалп. – киндик; ұйғ. – киндик; тува – хиндик; түр. – гөбек; башқ. – кендек; алтай. – киндик; құм. – гинник; әзірб. – көбәк; чув. – кавапа пырши.

Кесте – 8 жалғасы:

1	2	3	4	5
	قَابَارُ وَأَيَاكُ، - أَيَاكُ، أَيَاكُ، قَبْرُ غَا qābār, āiik, āiāk/ āiaku, qaburya	ضلع - dil‘	қабырға	башқұрт, қазақ, қарақалпақ – қабырға
	سُوَاكُ - suwek	عظم - ‘azm	сүйек	қазақ, қарақалпақ

Адамның кеуде тұсы: *дене, жауырын, бел, кіндік, кеуде, көкірек, қабырға, жауырын, сүйек* атаулары талданды.

Кіндік сөзі «Ат-Тухфа» қолжазбасында *kindik, qawsuq* деп көрсетілген. «ДТС»-те *киндик* деп берілген. Ортағасырлық кезеңде киндик деген атау негізінен қолданыста болып, екінші нұсқасы *қаўсұқ* мәмлүктер елінде қолданыста болуы ықтимал. Қазіргі түркі тілдерінде де негізінен қыпшақ тобындағы тілдерде киндик сөзі қолданылады. Оғыз тобының тілдерінде кіндік сөзі *гөбек, көбәк, гөбек* деп берілген. Чуваш тілінде ортағасырлық атаулармен мүлдем сәйкес келмейді. кіндік сөзі ортағасырлық атумен мағынасы да. тұлғасы да толық сәйкес келеді.

Шаиш сөзінде с ~ ш дыбыстарының сәйкестігі (ш дыбысы қыпшақ тіліне тән), өкпе сөзінде б ~ п дыбысының, мұрын және мойын сөздерінде б ~ м дыбыстарының (қыпшақ тіліне тән үрдіс), тіс және қас сөздерінде ш ~ с дыбыстарының, жүрек сөзінде й ~ ж дыбыстарының (М.Қашқари кезінде айтып кеткен қыпшақ тілдеріне тән), бас сөзінде ш ~ с дыбыстарының, балтыр сөзінде з ~ т дыбыстарының, кірпік сөзінде б ~ п дыбыстарының сәйкестіктері орын алған.

Берілген соматизмдерді талдау қолжазба тілімен 60-70% сәйкес келетінін көрсетті. Дыбыстық өзгерістер болмаса, соматизмдер мағыналық жағынан негізінен қыпшақ тобындағы тілдермен толықтай сәйкес деуге болады. Қолжазбадағы деректерге сүйенсек, орта ғасырдағы тіл қыпшақ тобындағы тілдер, оғыз элементтері, қарлұқ тобындағы тілдердің ықпалы болған, яғни аралас тіл болып табылады. Тек бірыңғай *таза қыпшақ тілі* деп айтуға негіз жоқ.

Түр-түс атауларына тарихи-лингвистикалық интерпретация.

Түр-түс атаулары ерте заманнан бері қалыптасқан. Дәлел ретінде жазба мәдениеті қалыптасқан кезеңдерден қалған жазба ескерткіштерді келтіруге болады. Мәселен, V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінен, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб жазуларымен жазылған бай тарихи – әдеби мұралардан көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойынан табылған ескерткіштер тіліндегі *сарығ алтун, қызыл қан, ақ ат, боз ат, қара бұдун, қара тер, көк оңуғ, йерген* атауларын келтіруге болады [50].

Зерттелуіне келетін болсақ, түр-түс атаулары қазақ тілінде, басқа тілдер сияқты жүйелік-құрылымдық біршама жақсы қарастырылған (І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Ж. Шәкенов және т.б.). Түркі тілдері бойынша академик А.Н. Кононовтың

«Семантика цветообозначения», «Способы и термины определения стран света у тюркских народов», «О семантике слов «қара» и «ақ» в тюркской географической терминологии», шет ел тюркологтарынан В. Банг, А. Габэн, Л. Циртаутас, А. Джафароглу, Г. Дерфер т.б. еңбектерін атауға болады.

Сондай-ақ түр-түс атаулары ХХІ ғ. басында кеңінен таралған антропоэзектік парадигмада жүргізілген зерттеулерге де нысан болды. Мысалы, Н.Айтованың еңбегі. Белгілі тюркологтардың ізімен «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы түр-түс атауларын қарастырайық. Олардың жалпы саны: 11.

أَقْ – ابيض – *aq* – ақ;

قَارَا – اسود – *qara* – қара;

قِزِيلْ – احمر – *qizil* – қызыл;

صَارِي – اصفر – *sari* – сары;

يَاشِيلْ – اخضر – *yeşil* – жасыл;

ازرق – كُوكْ – *kök* – көк;

اصْمَنْ – ازرق – *āsmani* – көгілдір;

الا – ابلق – *ālā* – ала;

قَارَايُووزُ – اسمر – *qara iwiz* – қара жүз (қазақ тіліндегі қоңыр түсті

бейнелейтін тіркес);

بُولَانْ – يحمور – *bulān* – қызыл;

كُوكْلِكْ – زُرْقَه – *köklik* – көгілдір.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде негізгі түстермен қосымша түстер де берілген. Әр түс жеке-жеке қарастырылып, ХІ ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрік» және ХІV ғасырда жазылған, авторы белгісіз «Китаб ад-дурр әл-мудия фи лұғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» еңбектерімен салыстырмалы түрде беріледі.

Қазіргі түркі тілдерінде ақ сөзінің берілуі:

қаз. – ақ; хак. – ах, хуу; тат. – ақ; түрк. – ақ; өзб. – оқ; қырғ. – ақ; қ.қалп. – ақ; ұйғ. – ақ; тув. – ақ; түр. – бейаз; ног. – ақ; башқ. – ақ; алт. – ақ; құм. – акъ; әзірб. – аг; чув. – шурă.

Қазіргі түркі тілдерін саралайтын болсақ, ақ сөзі түрік және чуваш тілдерінен басқа тілдерде қолжазбадағы ақ сөзімен толықтай сәйкес келеді. Тек фонетикалық өзгерістермен ғана бір-бірімен өзгешеленеді. Түрік тілінде бейаз, чуваш тілінде шура деп аталуы лексикалық жағынан сәйкес келмейді. Бұл өз кезегінде түрік және чуваш тілдерінің басқа тілдік топтарға жатуы себеп те болуы ықтимал. Кей ғалымдар пікіріне сүйенсек, қазіргі чуваш тілі түркі этностарынан территориялық жағынан алшақталып, фин-угор субстратының әсеріне ұшыраған. Түркі тіліндегі бейаз сөзі араб тіліндегі بياض байад сөзінің өзгерген түрі, ض дыбысы бар сөздердің көпшілігі парсы тілінің әсерімен түркі тілдеріне З дыбысымен дыбысталатын болып енген.

Махмұт Қашқаридің еңбегінде «ақ» сөзі ақ деп түркі тілдерінде беріліп, арабша жазылуы اَقْ – ақ, бір нәрсенің ағы (Оғызша). Өзге түрік ұлыстары ақбоз атты «اَقْ اَتْ» Ақ ат – Ақ ат» дейді. Оның тағы бір мағынасы ақ. «اَقْ سَقَالْ اَنْ»

Ақ сақал ер: Ақ сақал ер – Ақсақалды адам, сақал-шашы ағарған адам (Оғызша)» [51].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде төмендегідей беріледі:

أق – ابيض – ақ

Ал, «Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» атты қолжазбада «ақ» сөзі ақ деп түркі тілдерінде қолданылып, араб тілінің графикасымен *أق* бір ғана дауысты әріппен берілген.

Ескерткіштердегі жазылған графикаларын салыстырып көретін болсақ, «Ат-Тухфа» ескерткішін басқа екі қолжазбалармен салыстырғанда «ақ» сөзі ақ деп сол кездерде-ақ қолданылған.

Алайда «Ат-Тухфа» ескерткішінде бір алифтің үстінде мадда белгісінің бар екендігін байқалады. Осыған қарап, XIV ғасырда XI ғасырмен салыстырғанда, ақ сөзі тіптен созылыққы, аақ деп айтылғанын пайымдауға болады. Сонымен қатар тіптен, а әрпін созбай-ақ қазіргі тілімізде қолданыста жүрген нұсқасы да пайдаланылған екен. Ақ сөзі мағынасы толық сәйкес, тұлғасы жағынан созылыққы әріптің қысқаруымен сипатталады.

Сондай-ақ тілімізде «ақ» сөзінің семантикалық аясы кеңейген. Ол түсіне байланысты «сүт» лексемасының орнына қолданылатындай дәрежеге жеткен. «Ананың ақ сүтін ақтау – перзенттік парызымыз» деген сөйлемде «ақ» және «сүт» сөздері қатар келіп, сол ұғымның ерекше маңыздылығын көрсетіп тұр. Ал осы екеуі жарыса қолданыла келе, бірінің орнына екіншісі жұмсала алатын жағдайға жеткен. Нәтижесінде, «аузы аққа тиді» (қарны тойды, тұрмысы жақсарды) сияқты фразеологизмдер құрамында біреуі ғана орныққан.

Қазіргі түркі тілдерде қара сөзінің берілуі:

қаз. – қара; хак. – хара; тат. – кара; түрк. – гара, гарамтыл; өзб. – қора; қырғ. – кара; қ.қалп. – қара; ұйғ. – қара; тув. – кара; түр. – кара; ног. – кара; башқ. – кара; алт. – кара; құм. – къара; әзірб. – гара; чув. – хура.

Жоғарыда берілген деректерге сүйенсек, чуваш тілінде қара сөзі өзгеше, ал түрік және түрікмен тілдерінде к не қ әріптердің орнына г әрпі қолданылған. Басқа түркі тілдерінде дауысты дыбыстар өзгергенімен, дауыссыз дыбыстар өзгермеген. Негізінен, қара не кара деп қолданылып, ескерткіштегі атаумен сәйкес келеді.

Сонымен қатар Махмұт Қашқари сөздігінде қара сөзі қазіргі мағынасымен толық сәйкес болып, *قرا* деп араб графикасымен беріледі. Мағынасы: қара. Хақанның хандары «*قرا* қаға: қара» деп аталады. «*بُغرا قرا* *خاقان* Вуғра қаға хақан: Бұғра қара хақан – Бура қара хан», деген сияқты. Бұл жөнінде бір хикая бар [48, Б. 301].

«Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» атты қолжазбада «қара» сөзі қара деп түркі тілдерінде қолданылып, араб тілінің графикасымен *قرا* деп беріледі [50, Б.82].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде қара сөзі *قرا* деп берілген. Ескерткіштерде берілген мағыналарының негізінде қара сөзінің ортағасырдан бері аталуында еш өзгеріс болмаған. Тек фонетикалық ауытқушылықтың бар болғандығын

ғана аңғарылады. Мәселен, «Ат-Тухфа» қолжазбасында қара деп айтылған. Өз кезегінде басқа қолжазбаларда тек қараа деп айтылғандығын деректерге сүйене пайымдалынады.

«Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінде жасыл сөзі иашыл деп беріліп, араб графикасымен *يَبُّ يَيْشِلُ* деп беріледі. Яғни, жасыл сөзінің фонетикалық өзгеріске ұшырағандығы аңғарылады. Мағынасы: жасыл. Қанық, қою жасылды «*يَبُّ يَيْشِلُ*» Жар жашыл: Иап иашыл» дейді. Бұл сөз «*يَبُّ يَيْشِلُ*» иүшүл: иүшүл» сөзімен қосылып «*يَبُّ يَيْشِلُ*» иашүл иүшүл» деп те айтылады [51, Б.36].

Ал, «Китаб ад-дурр ал-мудия фи лұғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» атты қолжазбада жасыл түсі *يَيْشِلُ* деп беріледі. Түркі халықтарында «жасыл» сөзінің иашшил деген нұсқалары да болған.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында жасыл сөзі *يَيْشِلُ* деп берілген. Демек, XI-XIV ғасырлардан бері қазақ тіліндегі жасыл атауы иашил деген атаудан өзгеріске ұшыраған. Сонымен қатар, дыбысталу варианттылығы байқалады. Мәселен, «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінде иашыл, «Китаб ад-дурр ал-мудия фи лұғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» еңбегінде иашшил, «Ат-Тухфа» қолжазбасында иаашил деп беріледі. Қазақ тілінде [и] әрпінің [ж] әрпіне өзгеруі байқалынса, ал күшейтпелі формасы сол кезеңнен жап-жасыл түрінде сақталған.

Қазіргі түркі тілдерінде жасыл сөзінің берілуі:

қаз. – жасыл; *хак.* – ноған, чазыл, көк; *тат.* – яшел; *түрк.* – гөк, яшыл; *өзб.* – яшил; *қырг.* – жашыл, көк; *қ.қалп.* – көк, жасыл; *ұйғ.* – йешил, көк; *тув.* – ногаан, көк; *түр.* – йешил; *ноғ.* – ясыл; *башқ.* – йәшел; *алт.* – јажыл, көк; *құм.* – яшыл, гөк; *әзірб.* – јашыл, көј; *чув.* – симёс, ешёл.

М. Қашқари қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерінің арасында қыпшақтардың й дыбысының орнына дж (ж) дыбысы қолданылатындығын айтқан. М. Қашқари сөздігіндегі й-мен басталатын сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда көпшілігі қазіргі қазақ тілінде ж-мен айтылатыны анықталды. Олардың арасында йалим (желім), йарим (жарым), йарук (жарық), йастуқ (жастық) йумшақ (жұмсақ) сияқты фонетикалық жағынан өзгешіліктер өзгерістерімен қалыптасқан [52].

Тілдік бірліктерді талдасақ, жасыл сөзі қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық ескерткіштегі йашил деген эквивалентпен сәйкес келеді. Тек қазақ, қырғыз, қарақалпақ, алтай, әзірбайжан тілдерінде ғана [ж] әрпі қолданылған. «Жасыл» сөзінің бір тілде бірнеше атаулары бар. Тек тува тілінде ғана «жасыл» не «яшыл» деген нұсқалары көрсетілмеген.

XI ғасырдан бұрын түріктер «көк» сөзін төмендегідей бес түрлі мағынада қолданып келген. Онда *kök* – көк (өң, түс) (Uig.I.3719; МК.I.139; QВН.23), *kök* – көк (шөп) (QВН. 44011), *kök* – көктеу (таспамен тігу; бекіту) (ТТ.VII.3610), *kök* – негіз, тамыр, арғы түбі (QВН. 4228), *köök* – көөк (аспан) (КТ.I.3). Осы бес түрлі мағынада қолданған «*kök*» сөзінің алғашқы және 2, 3, 4, 5 мағыналарын қойсақ:

1. *kök* – көк (оң түс)
2. *kök* – көөк (аспан)

3. kök – көк (шөп)
4. kök – негіз, арғы түбі, іргесі
5. kök – көктеу, бекіту [46, Б.164-165].

Көк сөзінің мағынасы көне дәуірден бері өте кең болған. Қазіргі кезде бұл мағыналардың кейбіреуі ұмыт болған. Жаңа беретін басқа да мағыналар беріп, қолданылу аясы кеңейген.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде كُوكُ деп беріліп, көк сөзінің 3 түрлі мағынасы көрсетілген:

1) көк аспан деп, мысалға мақал келтірілген: «كُوكَا سُدْسَا يُوزْكَا تُشُورُ» Көкке suzsa жүзге түшүг: Көкке сүдзса иүзге түшүр – Көкке түкірсе, жүзге түсер». (Көкке түкірген кісінің түкірігі бетке түсер). Бұл мақал: «басқаға жамандық істесең, өзіңе қайтады» дегенді мегзеп айтылған.

2) рең, түс: «كُوكُ تُونُ» Көк ton: Көк тон». Сондықтан, аспан түсті нәрсенің бәріне осы сөз қолданылады.

3) көк «كُوكِي كُوكِي» Kөк көкі: Көк көкі – Көк көгі; Қаланың көк бауырлары, көк ағаштар» [51, Б.188].

Ал, «Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» атты еңбекте ал көк түсі كُوكُ деп берілген. Түркі тілдеріндегі қолданысы қазақ тіліндегі аудармасымен бірдей-ақ.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында: كُوكُ – kuk – көк деп беріледі. Көк сөзі ортағасырлар кезінен-ақ көк деп қолданылып, фонетикалық жағынан ешбір өзгеріске ұшырамаған. Бұл өз кезегінде «Диуани луғат ит-түрік» еңбегінде берілген көк сөзінің негізгі беретін аспан түсі деген семантикалық мағынасына байланысты болуы да ықтимал. Аспан мәніндегі көк пен түс мағынасындағы көк-тің негізінде бір сөзден шыққандығын, аспанның түсіне қарап әуелі субстантивтенген сын есім ретінде қолданыла келіп, солай қалыптасқанын, әйтпесе көне түркі тілінде аспан мәнінде тәңір сөзінің қолданылғанын, көк сөзінің орта ғасырлардан бастап қолданыла бастағанын көреміз.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – көк; хак. – көк; тат. – күк; түрк. – гөк; өзб. – кук, зангор; қырғ. – көк; қарақалп. – көк; ұйғ. – көк; түва. – көк; түр. – мави; ног. – коьк; башқ. – күк; алтай. – көк; құм. – гөк; әзірб. – көј; чув. – кавак, сенкер.

Көк түсі қазіргі түркі тілдерінде көк деп қолданылады. Көптеген тілдерде көк деген сөзбен дыбысталуы бірдей емес, яғни фонетикалық өзгерістерді атап кету керек. Тек түрік тілінде мави (араб тілінде мауи сөзінен алынған болуы ықтимал), чуваш тілінде сенкер сынды сөздер көк сөзінің орнына пайдалынады. Көк түсі тұлғасы жағынан толық сәйкес, мағынасы жағынан кеңейіп, алайда кейбір ортағасырлық мағынасы тарылған болып табылады.

«Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» қолжазбасында «сары» сөзі صَرِي деп беріледі. Қазақ тіліне «сары» сөзі еш өзгеріссіз сол қалыпта жеткендігі көрінеді.

«Ат-Тухфа» ортағасырлық ескерткішінде: *صاری - اصفر* - sari – саари. XI ғасырда «сары» түс атауы сарығ деп қолданылса, XIV ғасырда ғ әрпінің түсіп қалу құбылысын қолжазбалардан білеміз. Қазіргі қазақ тіліндегі сары деп қолданылуы ортағасырлық кезеңдерден-ақ басталған. Алайда қолжазбаларда сары деген сөздегі бастапқы с әрпі біріншіден қатаң *ص* әрпі арқылы берілсе, XI ғасыр ескерткішінде қазақ тілінің әліпбиіндегі с әрпімен үндес *س* әрпімен берілген. Фонетикалық өзгешіліктер «Ат-Тухфа» ескерткішінен байқалады. «Саары» деп, а әрпі созылыңқы берілген.

Қазіргі түркі тілдерінде сары сөзінің берілуі:

қаз. – сары; *хак.* – сарығ; *тат.* – сары; *түрк.* – сары; *өзб.* – сариқ; *қырг.* – сары; *қ.қалп.* – сары; *ұйғ.* – сериқ; *тув.* – сарығ; *түр.* – сары; *ноғ.* – сары; *башқ.* – һары; *алт.* – сары; *құм.* – сари; *әзірб.* – сары; *чув.* – сарй.

Жоғарыда берілген деректерге сүйенсек, «сары» түс атауы ортағасырлық ескерткіш тілі, қыпшақ-половец тобындағы құмық тілімен толық сәйкес келеді. Басқа тілдерде фонетикалық өзгерістер бар болғанымен, жалпы аталуы бірдей. Хакас, өзбек, ұйғыр, тува тілдерінде соңғы -ғ, -г, -қ әріптері сақталып қалған. Яғни XI ғасырдан бері, өзгеріске ұшырамағандығын білдіреді.

«Қызыл» түс атауы Махмұт Қашқаридің сөздігінде *قزل* деп беріліп, екі мағынасы көрсетілген:

1) бір нәрсенің қызылы. Мақалда былай кездеседі:

قَلْنُو بِلْسَا قِزِلْ كَذَار – Қылу билсе қызыл кідер – Қылну билсе қызыл кідер – Қылынайын десе қызыл киер,

يِرَانُو بِلْسَا يِشَلْ كَذَار – Јарану билсе јашыл кідер – Иарану билсе иашыл кідер – Жарасайын десе, жасыл киер.

(Қатындар еріне әдемі, қылықты көрініп, жақын сұхбаттасқысы келсе қызыл қырмызы жібектен киім киер; қошеметтеп, назданып жарасайын десе, жасыл жібектен киім киер.) Бұл мақал әйелдерді ерімен үнемі жақсы қарым-қатынас жасап, жарасымды қылықпен болуға бейімдеп айтылған.

2) Қашқарды кесіп өтетін бір өзеннің атауы. Жырда былай деп беріледі:

قِزِلْ سَرِغْ اَرْقَشِب – Қызыл сағығ ағқашыр – Қызыл сарығ арқашып – Қызыл, сары (гүл-бәйшешектер)

يِبِكِنْ يِشَلْ يِرْكَشِب – Јібкін јашыл јүзкешір – Иібкін иашыл иүзкешіп – Біріне-бірі таянды.

(Қызыл, сары гүлдер қауыз ашып біріне-бірі сүйеніп, жасыл райхан бой түзетіп, біріне-бірі өріліп өсті; Адам соны көріп таңданды) [37, Б.453-454].

Ал «Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» еңбегінде қызыл түсі *قزل* деп берілген. «Қызыл» түсінің аудармасы қазіргі қазақ тіліндегі түс атауымен толығымен сәйкес келеді.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында: *قزل - احمر* - qizil – қызыл. Ортағасыр қолжазбаларында «қызыл» сөзі бізге жазылуы да, дыбысталуы да жағынан ешбір өзгеріссіз жеткендігі аңғарылады.

Қазіргі түркі тілдерінде қызыл сөзінің берілуі:

қаз. – қызыл; хак. – хызыл; тат. – кызыл; түрк. – гызыл; өзб. – қизил; қырғ. – кызыл; қарақалп. – қызыл; ұйғ. – қизил; тува. – кызыл; түр. – кызыл; ног. – кызыл; башқ. – кызыл; алт. – кызыл; құм. – кызыл; әзірб. – гызыл; чув. – хёрлэ.

Тілдік бірліктерді сараласақ, чуваш тілінен өзге талдауға алынған түркі тілдерінде қызыл түс атауы ортағасыр ескерткіш тілімен сәйкес келеді. Фонетикалық өзгерістер бар екендігін ұмытпаған дұрыс. Бұл өз кезегінде әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен қатар, көршілес елдердің әсері де болуы ықтимал.

Сонымен қатар, «Ат-Тухфа» қолжазбасында қызыл сөзінің синонимі де берілген: *بحمور* - *بُولَان* - *bulan*. Араб тілінде етістік түрінде берілгенімен, қыпшақ тілінде есім түрінде берілген. «Булан» сөзі қазіргі түркі тілдер қолданысында табылмады.

Қарастырылып жатқан «Ат-Тухфа» ортағасырлық ескерткішінде аталған алты түстен басқа қосымша түстер де берілген. Олар: *الابلق* – *الا* – *ala* – ала; қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ала; хак. – ала, сохыр; тат. - чуар, ала-кола; түрк. – гүлли, дүрли реңкли; өзб. – ола, турли; қырғ. – ала; қ.қалп. – шубар, түрли реңли, түрли-түсли; ұйғ. – ала, чипар; тув. – шокар; түр. – аладжалы; ног. – ала; башқ. – ала-кола; алт. – ала; құм. – ала-кьула; әзірб. – ала-бэзэк; чув. – тёрлэ тёрслэ.

Тілдік бірліктерді сараласақ, ескерткіштегі ала сөзі қазіргі түркі тілдерімен сәйкес келеді. Кейбір тілдерде фонетикалық өзгерістермен сипатталса, кей тілдерде қос сөзбен берілген. Тек, түрікмен және қарақалпақ тілдерінде түрлі реңли сынды сөздер қолданылса, чуваш тіліндегі тёрлэ тёрслэ сөз атауы мүлдем өзгеше.

قارا يُووزُ – *qara uuwuz* – қара жүз (қазақ тіліндегі қоңыр түсті бейнелейтін тіркес). Берілген түстердің ішінде қоңыр түсінің аталуынан қазақ тіліндегі қоңыр атауынан өзгеше. Алайда, тіркес мағынасы «қоңыр» түсінің семантикасын берген [50, Б.84]. Қазіргі түркі тілдерінде қоңыр түс атауының берілуі:

қаз. – қоңыр, күрең; хак. – күрең; тат. – кызғылт көрән, қоңғырт сары, дарчин; түрк. – гоңур; өзб. – қўнғир ранг; қырғ. - күрөң; қ.қалп. – гүрең; ұйғ. – безирәң; тув. – хүрең; түр. – кахве ренги; ног. – моры; башқ. – көрән; алт. – күрен; құм. – боямуш; әзірб. – дарчыны; чув. – хаймар.

Qara uuwuz деген атау қазіргі түркі тілдерінде қоңыр сөзінің баламасы ретінде қолданылмайды. Әр тілде аталуы әртүрлі. Алайда, қазақ, хакас, татар, қырғыз, тува, башқұрт, алтай тілдерінде қоңыр сөзі түрлі дыбыстық өзгерістермен күрең деген жалпы ортақ атау қолданысын байқауға болады.

Ескерткіште берілген түр-түс атауларын сараласақ, қоңыр түсінен өзге түс атаулары қазіргі қыпшақ тобына кіретін түркі тілдерімен толықтай сәйкес келеді деген тұжырым жасай аламыз. Басқа тілдік топтарға кейбір фонетикалық өзгерістер болмаса, аталуы ұқсас. Қарастырылған тілдер арасында тек чуваш тілімен ғана ескерткіш тілі 60% сәйкес келеді.

Өсімдік атаулары. Фитонимдерді зерттеген ғалымдар М. Бимағамбетов («Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері»), А.К. Боровков («Названия растений по бухарскому списку «Муқаддимат ал-адаб»), Х.А. Джамалханов («Из истории формирования и развития узбекской ботанической терминологии»), Л.В. Дмитриев («Названия растений в тюркских и других алтайских языках»), Б.К. Қалиев («Өсімдік атаулары – лексикалық айлығымыздың бір саласы»), З.Б. Мухамедова («Об особенностях некоторых туркменских растений»), Р.Э. Сафарова («Принципы наименования растений в башкирском языке»), М.И. Скорцов («О некоторых особенностях чувашских народных названий растений»), Г.Ш. Назарова («Названия лекарственных растений в современном уйгурском языке» т.б. атауға болады.

Татар ғалымдарының фитонимдерді зерттеген еңбектері: Каюм Насыри («Цветы и травы»), Р.Г. Ахметьянов, Н.В. Бурганова, Л.Т. Махмұтова, А.Г. Шайхулов және т.б.

Әзірбайжан тілінде Э.С. Кулиеваның «Әзірбайжан тіліндегі фитонимдер» атты кандидаттық жұмысында салыстырмалы-тарихи және типологиялық аспектілерде қарастырылған.

Өзбек тілінде Х. Джамалханов өсімдік атауларының құрамын, терминология жүйесін зерттеген. Өсімдік атауларының терминологиялық жүйесін зерттеумен Э.Ф. Ишбердин, А.Г. Шайхулов айналысқан.

Түркі өсімдіктер атауларын зерттеу тақырыбы Еуропада да кеңінен етек ала бастаған. Мәселен, Ю.О. Барт өз зерттеу жұмысында түрік халықтық ботаникалық атауларды қарастырады. И. Хауэншильд еңбектерінде Қырым татарлары тілдеріндегі өсімдік атаулары жинастырылған.

Өсімдік атауларының ішінен жабайы өсімдіктерге тоқталып кетеміз.

Олар төмендегідей:

إشكائونوزي - خروب – *'iškā mīnūzi* – айлауық;

طال أغاج - صفصاف – *tal 'āyač* – тал;

كولاف، گول - ورد – *gūl, kulaf* – раушан;

كاستانانا - قسطل – *kāstānā* – талшың;

اس - مورط – *murt* - мурт; мурта (хош иісті ақ гүлді үнемі көгеріп тұратын өсімдік).

Тал түркі халықтарының өмірінде үлкен рөл атқарған. Оған дәлел ретінде поэтикалық салыстыруларды келтірсек болады. Мысалы: қаз., қарақалп. тілдерінде *бойы тал шыбықтай*, тат. тілінде тал чыбықтай, қаз., ноғ. тілдерінде тал шыбық және т.б. Осыған ұқсас М. Қашқаридің еңбегінде салыстыруды кездестіреміз: қыз боды аның тал қыздың бойы тал шыбықтай. Оғузнамеден де тал ағашы туралы жазылған: Шол бұғуны талнуң чубуғы бірлә йығачқа бағлады – бұл маралды ол талдың бұтақтарымен ағашқа байлап қойды [44, Б.181].

Ғалым Б. Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты еңбегінде Түркі тілдеріне ортақ өсімдік атауларын сараптай келе, бірнеше өсімдік атауларын көрсетіп кетеді: айва (ayja), алма (alma), арпа (arpa), бидай

(buɣdaj), жүзім (üzüm), қамыс (qamış), қарамық (qaramuq), терек (teräk), тал (tal), тұт (tit), ши (sīy) және т.б. Зерттеу жұмысы негізінен М.Қашқаридің «Диуану лұғат ит-түрік» атты еңбегіне сүйенген [53].

Тал атауы жалпытүркілік лексикаға жатады. Бұл сөздің мағынасы да, тұлғасы да еш өзгеріске ұшырамаған.

«ДТС»-те: Tal 1. тал: şul buɣunı ƣalnuƣ şubuqı birlä jïyaşqa baɣladı ол анау бұғыны тал ағашқа байлап қойды – 2. көкбауыр [54].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – тал; хак. – тал; тат. – тал; түрк. – сөвүт; өзб. – тол, дарахт; қырғ. – тал; қ.қалп. – тал; ұйғ. – тал; тув. – тал; ног. – тал; башқ. – тал; алт. – тал; құм. – тал; чув. – сўсе.

Біз зерттеген қолжазбада тал атауы *tal* 'ағаш' деп берілген. Ортағасырлық басқа қолжазбаларда берілген атауымен тура келеді. Түрікмен, әзірбайжан, түрік, чуваш тілдерінен өзге негізінен қыпшақ тобына кіретін атаулар тал атауын толықтай сақтаған.

«ДТС»-те: Gül парсы сөзі گۈل гүл, раушан: al gül алқызыл гүл немесе раушан; Güläf парсы сөзі گۈلف раушан гүліне ұқсайтын гүлі бар шөптің атауы: saqal boldı jazqı güläf teg arut көктем шөбінің түсіне ұқсас менің сақалым күйіп кеткендей [54, С.195].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – раушан; хак. – өкпе өң порчо, хохай чахайах; тат. – роза, гөлчәчәк; түрк. – бәгүл, гүл; өзб. – равшан, ойдин, атиргул; қырғ. – кызыл гүл; қ.қалп. – гүл; ұйғ. – қизилгүл; тув. – роза; ног. – кызыл гуьл; башқ. – роза; алт. – роза; құм. – гюл; әзірб. – кызылгүл; түр. – гүл; чув. – роза.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде раушан гүлінің атауы *gül*, *kulaf* деп берілген. «ДТС»-те бұл атау парсы тілінен алынған делінеді. Қазіргі түркі тілдерінде оғыз тобына кіретін түрікмен, түрік және қыпшақ тобына кіретін қырғыз, қарақалпақ, ноғай, құмық, тілдерінде «к~г» дыбыстарының алмасу үрдісімен сақталған. Тува, башқұрт, алтай, чуваш тілдерінде түркі тілдеріндегі нұсқа емес, орыс тілінен енген атау қолданыста. Бұл өз кезегінде территориялық аймақтың әсерінен болуы ықтимал. Гүл сөзі мағынасы жағынан кеңейген, тұлғасы жағынан бір әріпке өзгеріске ұшыраған.

Әзірбайжан тілінде К.М. Мусаевтың пікірі бойынша, *шабдалы* сөзі парсы тіліндегі شاه بلوط каштан сөзінен алынған. Каштан, талшын түркі елдерінде негізінен өспеген немесе тек кейіннен ХХ ғ. пайда болғандықтан, славян халықтарынан каштан сөзі енген. Ал, татар тіліндегі кестане сөзі тарих сабақтастығына байланысты түріктерден енген делінеді [44, Б.197-198].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – талшын, каштан; тат. – кәстәнә, каштан; түрк. – каштан; өзб. – каштан; қырғ. – каштан; қ.қалп. – каштан; ұйғ. – каштан; ног. – каштан; башқ. – каштан; алт. – каштан; құм. – шагьбулут терек; әзірб. – шабалыд; түр. – кестане; чув. – каштан.

«Ат-Тухфа» еңбегінде *kāstānā* деп берілген. Бұл өз кезегінде оғыз-түрікмен тобына кіретін түрік және қыпшақ-бұлғар тобына кіретін татар тілдерімен сәйкес келеді. Каштан сөзі көптеген түркі халықтарына, әсіресе қыпшақ тобындағы тілдерге славян халықтарынан таралса да, ортағасыр кезінде-ақ түркі халықтарында болған өсімдіктің атауы еді.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *мирт*; тат. – *мирт*; түрк. – *мирт*; өзб. – *мирт, мирта*; қырғ. – *мирт*; қ.қалп. – *мирт*; башқ. – *мирт*; әзірб. – *мәрсин*; түр. – *мерсин*; чув. – *мирт*.

Ортағасырлық қолжазбада мирт өсімдігінің атауы *murt* - мирт мұрт деп берілген. Фонетикалық өзгерістерді есепке алмасақ, қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық атаудан өзгеріске ұшырамаған. Тек оғыз-селжұқ тобына кіретін әзірбайжан, түрік тілдерінде *мәрсин* деген өзгеше атау қолданылады. Ал, қыпшақ, қарлұқ-хорезм, бұлғар, оғыз-түрікмен топтарына кіретін тілдерде мирт атауы сақталған.

Ортағасырлық өсімдік атаулары қазіргі түркі тілдерінде *'iškā mūnūzi* атты өсімдік атауынан басқалары қарастырылды. Негізінен, қыпшақ тобына жататын тілдерде ортағасырлық қолжазба тіліндегі өсімдік атауларымен сәйкес келді. *'Ишкә мұнұзі* аудармасы *айлауық* атты өсімдік атауы қазіргі түркі тілдерінде кездеспеді. Толық жетілгенде жазылып, шашақ гүл шоғырына ұқсайды. Айлауық негізінен, бал беретін және бағалы дәрілік өсімдіктер қатарына жатқызылады. Мал жемесе де, түрлі бояғыштар алу үшін қолданылады [55].

Өсімдік атаулары қолжазбада көп берілмеген. Қолжазба араб халқы үшін жазылған еңбек болғандықтан, Мысыр елінің табиғатының шөл даласында өсетін жабайы өсімдіктер әлемін ғана беруі де әбден ықтимал. Себебі, қолжазба авторының негізгі мақсаты араб тілді халықтарға түркі тілін таныстыру болған.

Діни атаулар. Қолжазбада көрініс тапқан діни атаулар:

الله – *тәңірі* – *таңғи* – Тәңір;

خلاص - *аумаи* - *умај* – Ұмай құдайы.

Тәңір, тәңірі. Мифологиялық дәстүрде алғашқы судан жер және бүкіл әлем пайда болған. «Тәңір» термині прототүріктердің ең көне мифологиялық қатпарына қатысты.

Тәңір сөзінің ең алғашқы мағынасы – алғашқы кеңістіктің өмірлік мәні, мұнда Т – «өмір» (*ti, ta*), «от» (*ut, ot, at*)- кеңістік, *ig* – мән, мағына, тағдыр (ырық). Мифодәстүрде бар болған ең алғашқы абстрактілі форма болып табылады. Тәңір біріншіден, бүкіл әлемді; екіншіден мифологиялық нақтылауда – аспан әлемін; үшіншіден – алғашқы әлем суын, әлем мұхитын (тенгиз - теңіз) білдіреді [56].

Түркі халықтарының алғашқы түсініктерінде Тәңір Аспан мағынасында – Көк Тәңір, Көк ретінде – табиғат құбылысы ретінде сипатталып отырды. Қол жетпейтін, өзгермейтін, жер бетіндегі барлық дүниеден жоғары болуы Көкті діни мағынада жақсылық пен өмірдің көрінісі ретінде қабылданды.

Діни көзқарастардың дамуы барысында көк аспан сияқты Тәңірінің барынша күрделі құдай-космос – Тәңірі түсінігі алмастырады. Мұндай ұғымдағы Тәңір өзіне космосты, оның көз көрінетін бөлшектерін: күнді, айды, планетаны, жұлдызды, адамды, табиғат құбылыстарын, жан-жануарды, өсімдіктерді қамтиды. Енді табиғат культі және басқа культтер, наным-сенімдер көзқарастар барынша күрделенген Тәңір туралы ұғымға айналады. Тәңір әрі рух, әрі дене, әрі олардың бірлігі секілді бейнеге ие болады [57].

Көне түркілердің мифологиясындағы ең жоғарғы сатыда бір объект – көк аспан және құдайды білдіретін Тәңірі бар. Тәңірі құдай көне түріктер түсінігі бойынша бірнеше сипатқа ие:

- а) жоғарғыны, яғни көкті көрсетеді;
- ә) жаратушы қызметін атқарады;
- б) жазалаушы қызметін де атқарады;
- в) еркектік бастаумен байланысты қаралады [57, Б. 52].

«ДТС»-те: *Täŋri* 1. аспан; 2. құдай, Тәңір: *täŋrili jekli neää ötrü söŋüşmiş* не үшін құдайлар мен жын-перілер сосын жауласса бастады?; 3. құдайланған адам ретінде (E 1₂); 4. әмір етуші, әмірші [54, С. 544].

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: Тәңір – бір және мәңгі бар күдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы. Тәңір ежелгі түркі тілдес халықтардың Тәңіршілдік нанымның құдайы ретінде монотеистік діни сенімге негіз болса, политеистік сипат алып: көк Тәңірі, жер Тәңірі, су Тәңірі т.б. атаумен қолданылуына қарай Тәңір және тәңіршілдік ұғымдарына байланысты әр алуан пікірлер бар. Тәңір дәстүрлі қазақ ұғымында Құдай сөзінің баламасы ретінде ауыз әдебиетінде де, жазба рухани мұраларда да кеңінен қолданыс тапқан [58].

Мәселен, аталмыш теонимдер «Ат-Тухфамен» бір кезеңде, яғни XIV ғ. Сыр бойында жазылған Хорезмидің «Мұхаббатнаме» ескерткішінде де қолданылған. Бұл жазба мұра мәтінінде араб-парсы, түркі сөздерінен болған синоним сөздер көп кездеседі. Ескерткіштердегі синоним сөздер қазіргі тіліміздегі синонимдік қатарлардың ерте кездегі бастауларының бірі анық.

Жалпы синонимдік қатарға енетін сөздер сан жағынан әртүрлі болады. Жәдігер мәтінінде синонимдік қатар құрайтын сөздер тобын: 1) түркі сөздерінен тұратын синонимдер; 2) түркі және араб-парсы сөздерінен түзілетін синонимдік қатарлар деп екіге бөліп қарастыруға болады [42, 28].

«Мұхаббатнамеде» түркі сөздері араб-парсы сөздерімен синоним болады [42, 28]. Түркі сөздері өзара синоним болғанда жалпы түркі, оғыз, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр элементтері аралас келеді. Сонымен қатар синонимдердің бір сыңары қазіргі қазақ тілі тұрғысынан архаизм болып келуі ескерткіштің дереккөздік құнын арттыра түседі. «Мұхаббатнамеде» әсіресе зат есім, сын есім, үстеу, етістіктерден құралған синонимдер қатары көпкездеседі. Солардың ішінде тәңірі сөзіне балама ретінде қолданылған лексемаларға тоқталғанымыз жөн.

Таңри – йаратқан – уған. Бұл синонимдік қатар құраушы сөздер бір-бірінен стильдік жағынан ерекшелінеді. *Таңри* сөзі бізге орхон-енисей

ескерткішінен таныс. *Тәңри* йалңуқ йаратты [54, С. 544] (Тәңірі адамды жаратты).

Йаратқан қазақ тіліндегі нұсқасынан й ~ ж (*Йаратқан//жаратқан*) сәйкестігімен өзгешеленсе, *уған* сөзінің түпкі түбірі у екені белгілі. Мысалы, Улығ *таңриниң* атын йад қылдым 1 (Ұлық тәңірінің атын жад қылдым); *Уған* Йүсүп жамалин сизга берди 581 (Құдай Жүсіп пайғамбардың жамалын сізге берді). *Йаратқан* ким тән ичра жан йаратты 81 (Жаратқан ием, тән ішінде жан жаратты) [42, Б.45].

Ескерткіште араб тілінен енген *хақ та'ала – хақ – халиқ – йаздан* сөздері өзара синонимдік қатар құрайды. Мысалы, Агар берса суйурғаб хақ та'ала 215 (Хақ тағала кеңшілігін берсе егер); Бу сөзда, хақ билүр, йалған йоқ, ей жан 326 (Бұ сөзде хақ білер жалған жоқ, ей жаным); Халайық севганин халиқ севар хам 366 (Халық сүйгенді құдай да сүйеді); Ошал күн ким сени йаздан йаратты 86 (Сол күні сени тәңірі жаратты). Қазақ тілінде бар әлемді жасаушы құдіретті күшті құдірет иесі *құдай, тәңір, Алла, Алла тағала, жаратқан, жаратушы, жасаған, құдірет, ие, пір, жаппар, хақ, рахим* сөздерімен беріледі [42, Б.45].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «құдай» деген ұғым беретін байат, иди сөздері кездеседі. «Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайикта»: *Байат* аты бирла сөзүг башладым ҚБ 12 (Жаратушы атымен сөзімді бастадым); Ай йер көк *идиси* ҚБ 4 (Ей, жер мен көктің иесі); Бу қудрат *идиси* улуғ бир байат ЫХ 19 (Бұл құдіреттің иесі ұлы бір құдай). Ал, орта ғасыр ескерткіші «Мұхаббатнамеде» Жаратушының әртүрлі сипаттарын танытатын атаулардың мұндай көне тұлғасы қолданылмаған [42, Б.48].

Нақты тілдік бірлікке жасалған лексика-семантикалық талдау сол сөздің лексика-семантикалық позициясын көрсетеді.

Тәңір сөзі қазіргі түркі тілдерінде: *қаз.* – *тәңір*; *хак.* – *худай, пурхан, иріктіг*; *тат.* – *алла, ходай, тәңре*; *түрк.* – *худай*; *өзб.* – *худо*; *қырг.* – *кудай, теңир, алда*; *қ.қалп.* – *қудай, алла, жаратқан, тәңир*; *ұйғ.* – *худа, Алла, тәңри*; *тув.* – *бурган*; *түр.* – *танры, аллах*; *ноғ.* – *алла, кудай*; *башқ.* – *алла, хозай, тәңре*; *алт.* – *кудай*; *құм.* – *аллагь, тенгири, худай*; *әзірб.* – *аллаһ, танры*; *чув.* – *туря*.

Татар, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, түрік, башқұрт, құмық, әзірбайжан тілдерінде *Тәңір* сөзі фонетикалық өзгерістермен қолданылса, хакас, түрікмен, өзбек, тува, ноғай, алтай, чуваш тілдерінде Құдай немесе Алла сөздері қолданыста.

Ұмай – мифология бойынша көне түркі халқында әйел бейнесінің, жер бастауы мен құнарлылықты сипаттайтын құдай. Тәңірмен бірге Ұмай жауынгерлерге (Тоныкөктің жазбасында) және Ұмайға түрімен ұқсайтын қағанның әйеліне қорғаныш болатын (қаған Тәңірге теңелсе, қағанның әйелі Ұмайға ұқсастырылатын) [56, С.230].

Гректер мифологиясындағы Афродита, авесталық Ардвисура Анахита рөлдерімен Ұмай ананың рөлі ұқсас болған.

Ұмай ана туралы түсініктер қалдықтары кейбір түркі халықтарында сақталған. Шор халқында Ұмай (Май) – жаңадан туылған нәрестелердің қорғаушы періштесі, әрі өлген адамдардың рухын қабылдайтын болған. Телеуіттер (Май-энеси) мен қазақтар (Ұмай ене, Май ене) – балалардың қорғаушы періштесі. Қырғыз халқы Ұмайды бай егіндік беріп, малды көбейтетін, үй ошағының және балалардың қорғаушысы деп қабылдаған. Ислам діні кең таралғаннан кейін қазақ және қырғыз халықтарында Ұмай ана Фатимамен ұқсастырылды. Ал түріктерде Ұмай образы балаларды қорқытатын рух - Омаджи бейнесіне ауысты [56, Б.230-231].

Ұмай Тәңірінің бейнесі көне түркілердің діни сана сезімінде үлкен орын алған. Бұл Құдай ананың үш бөлімді түркілік пантеонда ерекше орынға ие болғандығын оның есімінің бірнеше мәрте руникалық мәтіндерде кездесуінен, сондай-ақ қазіргі Сібір және Орта Азиядағы түркітілдес халықтардың дәстүрлі дүниетанымын зерттеу нәтижелерінен байқалады, атап айтқанда Barthold W. (1897); Мелиоранский П. (1899); Анохин А.В. (1924); Анохин А.В. (1929),.; Дыренкова Н.П. (1928).; Каруновская Л.Э. (1935).; Потапов Л.П. (1973); Абрамзон С.М. (1990); Баскаков Н.А. (1973).; Алексеев Н.А. (1980); Алексеев Н.А. (1984); Валеев Ф.Т. (1980); Бутанаев В.Я. (1984), 93-104 бб.; Бутанаев В.Я. (1986).; Бутанаев В.Я. (1988).; Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. (1988) т.б. еңбектер.

М.С. Андрееваның, Г.П. Снесаревтың зерттеулері де таңқалдырады, себебі ол Хорезмдік өзбектердегі әйел бейнесі туралы жазған. Амбар-ана бейнесі қоршаған табиғатпен үйлесімді болып келеді: аспан, өзендегі сумен, даламен т.с.с. босануға байланысты барлық ғұрыптарда Амбар-ана бейнесі кездеседі. Оның басты қызметі әйел босанғанда көмек береді. Г.П. Снесарев Ұмайды ұрпақ жалғастығын сақтайтын құдайы ретінде қарастырады [60]. Сонымен қатар әлі күнге дейін зерттеушілер арасында көне түркілердің Ұмай бейнесін қандай бейнеде сипаттағаны жөнінде ортақ бір пікір жоқ.

Ұмай мифонимі качин диалектінде *Омай* және *Ымай* деп айтылады, ал сағай диалектінде *Ұмай* және *Ымай*. Әдеби хакас тілінде Ымай формасы қолданылады. Үңгірге қатысты жүрген әйелдердің ем іздеп баратын жері ретінде көзқарас Хакасия мен Бурятияда да қалыптасқан. Ұмай үңгірінде сакральді орталыққа сай барлық сипаттамалар бар. Алайда оның тауда болуы Ұмайдың хтоникалық кейіпкер екендігіне дәлел бола алмайды, себебі «тауда хтоникалық сипаттамалар болса да, онда аспанға дейін созылған жердегі орталық вертикальділік пікірі бар» [61].

Ел арасында *Ұмайға табынса, ұлды болар*, - деген мақал кең таралған. Бұл мақал М. Қашқариде «Умайқа табынса – оғұл болар» деген нұсқасының аудармасы. Ұмайға бала көтере алмаған әйелдер қатты табынған, жалбарынып бала сұраған. Сәбиді сылау кезінде:

«Менің қолым емес,
Ұмай ана, Қамбар ата қолы
Фатима, Бибі, Зухра қолы
Тастай қыл, темірдей қыл», -
деп айтуды әдетке айналдырған [59].

«ДТС»-те: *Umaj* 1. жолдас, қағанақ, жаңа туған баланың жолдасы; 2. құдайдың есімі [54, С. 611] деп берілген.

Ұмай сөзі қазіргі түркі халықтарында: қаз. – *Ұмай*; хак. – *Ымай іче*; өзб. – *Умай*. Барлық түркі тілдеріндегі аталуы көрсетілмесе де, жалпы Ұмай сөзі – жалпытүркілік ортақ сөз екендігін осы бар атау нұсқауларынан байқасақ болады. Себебі тек фонетикалық өзгеріс болмаса, жалпы атау біреу сақталған.

Діни атаулар тек Тәңір және Ұмай аттары қолжазбада кездескенімен, түркі халықтарының ислам діні кең таралған уақытқа дейін негізінен табынған ең ірі құдайларының аттары берілген. Ескерткіш ортағасырлық кезеңінде жазылғанымен, жоғарыда көрсетілген діни атаулардың қолжазбада кездесуі ерте кезеңдегі наным-сенімдердің әлі де халық арасында сақталғандығының көрінісі болмақ. Қазіргі түркі халықтарында *тәңір* деген сөз қолданысы әлі бар болғанымен, Ұмай ана туралы түсінік қолдағы бар лексикалық бірліктерді саралай келе, жоғалып бара жатыр деген қорытындыға келеміз.

Ру, халық атаулары. Этноним (грек. этно - қоғам, топ, шығу тегі, ру, халық) – ру-тайпа, ұлт, халық атауы. Ру, тайпалардың шығуы, таралуы және мағыналық ерекшеліктері жайлы жазған ғалымдар: Рашид-ад-дин, Абулғазы Бахадур, Мырзахайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Н.Я. Бичурин, Ш. Уәлиханов, Н.А. Аристов, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Г. Вамбери, А.Н. Самойлович, А. Левшин, П. Бутков, Ә.Х. Марғұлан, С.Сейфуллин, С.А. Аманжолов т.б.

Кейін М. Ақынжанов, Ә. Қайдаров, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Ж. Болатов, Б. Көмеков, Ю.А. Зуев, Ю.П. Юдин, М. Мұқанов, Қ. Өмірәлиев, Ә. Нұрмағамбетов және т.б. ғалымдардың этнонимдердің этимологиясына қатысты мақалалары жарыққа шыққан [62].

А. Валитова «Құтты білік» дастанындағы этникалық атаулардың екі түрін көрсеткен:

1) этноним мағынасын айқын беретін термин – Орта Азия халықтары мен тайпалардың атаулары (тәжік, шығыл, қарлық, ягма, қыпшақ) және Орта Азиядан тыс мекендеген халықтар мен тайпалар (араб, иран, үндіс, грек, қытай т.б.);

2) поэмада әлі этноним болмаған, кейін терминдік қасиетке ие болған атаулар. Бұл әлеуметтік терминдер (сарт, тат), әскери терминдер (черик, жүз, минг) және басқа да сөздер (баят, бөрі, құлан, күг т.б.) [63].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында тек 7 этноним кездеседі:

حضرى - صَارَتْ وَطَاط - sart, tat - сарт (Т. Арынов аудармасында тайпа атауы деп көрсетеді), отырықшы, қалалық (Зияева пен Фазылов аудармасында араб тілінен тура аударылған);

قَبْچاق – qibčaq – қыпшақ;

تُرکْمَان – turkmen – түрікмен;

تَاجِک – tāčik – тәжік;

تَاتَار – tatar – татар;

قارا كەسەك – Qara kesek – Қара кесек (екі сөзден құралған есім);

تۈرك – turk – түркі.

صارت و طاط - sart, tat этнонимдеріне келетін болсақ, араб тілінде «қалалық» деген мағыналарды береді. Т.А. Арыновтың пікірінше, бұл тайпалардың атауы [8, Б.112]. Махмұт Қашғаридың еңбегінде *sart* сөзі س – син әрпі арқылы беріліп, саудагер деген мағынаны білдіреді: сарт سرت – «саудагер»: *sart* 'азуқі 'ариғ булса йулдә ййр –саудагердің жинаған қоры таза болса, ол азығын жолда отырып-ақ жей берсе болады (мақал) [36, С.331].

Tat этнонимі «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде ت – т әрпімен берілген де, ұйғыр немесе парсы деген мағынада берілген: تات – тат – парсы не ұйғыр: *tatig* кўзрә тикāник тубрā – парсының көзінен ұр, тікенекті тамырымен жүл (мақал). Сонымен қатар *tat* сөзін ұйғыр деген мағынада Йағма және Тұхси тілдерінде естігендігі туралы Махмұт Қашғари жазып кеткен [36, С.676].

Көне түркі тілі сөздігінде де *sart* сөзі саудагер деп аударылады: *Sart* – саудагер; сөздікте «Диуани лұғат ат-түрік» пен «Құтадғұ біліктен» мысалдар келтірілген [54, С.490]. *Tat* сөзі ДТС-да *Tat* – шетелдік, өзге ұлт, ұйғыр деген мағыналары бар [54, С.541].

Сонымен қатар, С. Мутталибов сарт сөзін *қора халқ* деп аударған [9, S.85].

«Білге қаған» ескерткішінен мысал:

Оң оқ оғлына татыңа тегі буны көрү білің! Беңү таиш тоқытдым...йерте... тоқытдым, бітімдім бу... таиш барқын...

/батыстағы/ оноқ ұлыңа және татқа /бөгде елге/ дейін мұны көре білің. Ескерткіш тас тұрғыздым... жерге /өз орнына/ [64].

Tat атауы жоғарыда мысалда «бөгде ел» деп атап кеткен. Бөгде, яғни түркі тілдес емес халық деген болжам туындайды.

«Күлтегін» ескерткішінен мысал:

Табғач қағанның ічрекі бедізчиг ыты Аңар адынчыг барқ йаратурдым. Ічін-ташын адинчыг бедіа уртурдым, таиш тоқытдым Көңүлдекі сабымын у... Он оқ оғлына татына тегі Буны көрү білің Беңгү таиш тоқытдым.

Табғаш қағаны іштегі бедізшісін /шеберлерін/ жіберді. Оларға ерекше жай салдырдым. Іші-тысын ерекше өрнектеттім, Тас тоқыттым. Көңілдегі сөзімді... айттым. Он оқ ұлыңа, татыңа дейін Бұны көре біліңдер. Мәңгі тас тоқыттым /қалаттым/ [64, Б.56].

Ал, екінші мысалда *tat* елін аудармай сол қалпы таттарға дейін мәлім болсын деген сөздеріне қарасақ, бәлкім түркі халықтарының шекарасында жатқан ең алыс халық атауы да болуы ықтимал.

Халық арасында сарт этнонимі бойынша мақалдар кең таралған:

«Қазақ байыса, қатын алар,

Sart байыса, там салар.

Өзбек менің өз ағам, сарт – садағам» [65].

Жоғарыдағы мақалдарға сүйенсек, сарт – белгілі бір халықтың атауы. Мақал халық арасында таралған, халық ауыз әдебиетінің үлгісі болғандықтан, пайда болған жылын анықтау қиын.

Сонымен қатар, түркі халықтарының мақал-мәтелдерінің қатарында:

Сарттың азығы адал болса,

Жол үстінде жер [66].

Бұл мақалда берілген түсініктеме бойынша сарт – саудагер деп түсіндіріледі де, беретін мағынасы: *өзін адал, таза санап, кеудесін керетін кісілер.*

Тат этнонимі бойынша: *Татсыз түрік болмас, Бассыз бөрік болмас.* (Тат – оңбаған, арамза, опасыз деген мағынада.) [66, Б.255].

В. Махпировтың «Древнетюркская ономастика» атты докторлық диссертациясында «тат» этнонимін қарастыра отырып, бірнеше ғалымдардың пікірлерін келтіріп кетеді:

1. В.В. Радлов пен А.Н. Бернштам: тат – көшпелі империяның отырықшы халқы;

2. Ф. Люшкевич: тат және тезик этнонимдері бір, тат- иран тілді халық өкілдері;

3. М. Қашқаридің сөздігінде: тат – ұйғыр-буддистер, ирандықтар [67];

4. В.В. Бартольд: түрікмен халықтарының тілінде *тат* отырықшы халықтарды, хивиндерді атаған;

5. Л.З. Будагов: тат – өзге ел, сауықшыл халық, жалдамалы әскер [65, С.122].

Тат – класс народа, подданных, неживущих в городе; живущие и служащие у вельмож, исключая рабов. В Крыму генуэзцы, жители южного берега назывались Тат, и поэтому в титуле крымских ханов писалось Тат билэ таукажниң ұлығ ханы [68].

Мәліметтерге сүйене отырып, *тат* сөзін этнонимге тайпа атауы қатарында қолданып, *сарт* сөзін қалалық, саудагер деген мағынада пайдаланылады. *Тат* этнонимінің жағымсыз коннотациясы басым көбінесе, бөтен, бөгде, мұсылман емес халықты атауға қолданылған этноним болып пайдаланылады [69]. Тат және сарт сөздері тұлғасы жағынан өзгеріске ұшырамаған, мағынасы жағынан тарылып, көнерген сөздер қатарын құрайды.

Татар этнонимі бойынша Мойын-чор ескерткішінен мысал:

Иртім. Бұрғуда йетдім. Төртүнч ай тоқуз йаңықа сүңүсдім, санчдым. Йылқысын барымын қызын қудузын келүртім. Бісінч ай уду келті, секіз оғуз тоқуз татар қалматы келті. селеңе кідін Йылун қол бірдин сыңар Шып башыңа тегі черіг ітдім [64, Б.137].

Қудым. Бұрғуда жеттім. Төртінші ай тоғыз жаңасында соғыстым, жеңдім. Жылқысын, барымтасын, қызын, әйелін әкелдім. Бесінші айда қайта келді. Сегіз оғуз, Тоғыз татар қалмай келді. Селеңгіден Йылун қолдап Шып басына дейін шеріктер қойдым [64, Б. 142].

В. Махпировтың «Древнетюркская ономастика» атты докторлық диссертациясында татар этнонимі жайлы мына мәліметтер келтіріледі:

- «Худдуд ал-алам» еңбегінде: тоғыз оғыздардың бір бөлігі;

- Гардизи: қимақтардың бір бөлігі;

- В.В. Бартольд: монғол тектес халық өкілдері [67, С.127].

Татар этнонимі «Ат-Тухфа» ескерткішінде кейбір сөздер татар тілінен алынған деп түсініктеме беру үшін қолданған [1].

Татар халқы түркі халықтарында жазу ескерткіштері пайда болған кезден бері болған ел. М.Қашқаридің еңбегінде түркі тайпаларының қатарында татар елін атап кеткен. Аты сол кезеңнен сақталынса да, қазіргі кезде этногенезі көп өзгеріске ұшыраған ел атауы болып табылады Кейіннен, татар этнонимімен османдықтардан өзге түркі халықтарының өкілдерін тек Ресейде ғана емес, Батыс Еуропада да атаған.

Татар этнонимі көп мағыналы. Түркі тілдес халықтарға жатса да, (түбірі – тат~ дат «бөгде», эр~ар~ир «ер адам») бөтен адам, яғни басқа тайпаның адамдары деген мағынаны білдіреді. Алғашқыда түркілер басқа түркілерді, мүмкін түркі халқына жатпайтын елді осылай атаған [49, Б.134]. Тұлғасы жағынан өзгеріске ұшырамаған, мағынасы жағынан басқа халықтар емес, белгілі бір ғана халықты атағандықтан, тарылу үрдісі байқалады.

Тәжік халқы туралы «Тоникук» ескерткішінен мысал:

Темір қапығқа тегі іртіміз Анта йантурдымыз Инел қағанға.. тезік, тоқрысын..

Темір қақпаға дейін қудық Сонда қайтардық Инел қағанға тәжік, тоқар [64, Б.113].

«Күчлі Чор» ескерткішінде: Одан кері барып Инжу өзенін кеше, Темір-қақпаға тәжікке дейін шабуылдап келді [66, Б.196].

«Құтты білік» поэмасында: *Тәжіктер оны Афрасийаб атаған, Елдерге ол көп ізгілік жасаған* [63, Б.88].

Бұл ескерткіштерде тәжік ұлтын тезік деп атаған, ал «Ат-Тухфа» ескерткішінде *тәжик* деп беріліп, VIII ғасырдан XIV ғасыр аралығында «зж» дыбыстар сәйкестігі болған, қазіргі кездегі түркі тілдерінде өзгеріссіз қалған. Сыртқа формасы мен мағынасы жағынан толық сәйкес келеді.

Қыпшақ этнониміне келетін болсақ, алғаш рет бұл атау VII ғасырда кездесіп, бастапқыда Ертіс бойы, Шығыс Қазақстанның Алтай аймағын мекендеген. X ғасырда оның бір бөлігі Орталық Қазақстан, басқа бір тармағы оғұздармен көршілес болып, Батыс Қазақстан даласына дейін барса, солтүстігіндегі көш-қоны Батыс Сібірге дейін созылып жатқанын тарихи еңбектерден біле аламыз [62, Б. 499].

Қыпшақ этнонимі көне тайпа атауы ретінде Орхон жазбасындағы Мойын Чор ескерткішінде: *Түрк қыбчақ еліг йыл олурмыс* деген сөйлемде көрсетілген. Қыпшақ этнонимінің шығу тегіне байланысты бірнеше пікірлер бар. Мәселен, Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадур еңбектерінде, «Оғузнама» ескерткішінде: «Оғыз қағанның соғыста өлген бір сардарының әйелі шіріген ағаштың қуысында (қабағында) босанып, ол баланы Оғыз хан асырап алып, Қыпшақ деген ат беріпті, бұның өзі түркінің «қабұқ» (ағаштың қабығы) деген сөзінен алынған», – делінген. А. Соболевский, А. Пономарев, А. Әбдірахманов сынды ғалымдар қыпшақ этнонимі «куба» деген сөзден шыққан деген пікірді ұстанады [62, Б.500-501]. Қыпшақ этнонимі ертеден

бері қалыптасқан, сыртқы формасы толық сақталып, дыбысталуы да толқк сәйкес келеді.

«Құтты білік» шығармасында: *Бұл түркі айтқан, жаққан ілім жұлдызын,*

«Көрер көздің шырағы – деп, - ұл-қызың!» [63, Б.88].

В.В. Бартольдт «турк» этнонимі VI ғасырда көшпелі халық атауы ретінде пайда болған деген. Жазбаларда этнографиялық мағынадан гөрі, саяси мәнге ие. Белгілі бір тайпа атауына келмейді. «Диуанда» түркілер елі, тілі, көршілері деген тіркесте «түркі» сөзі қолданылған.

Ғалым В.У. Махпиров өзінің «Древнетюркская ономастика» атты еңбегінде «түрк» этнонимінің шығу тегін төмендегідей болжамдар ұсынған:

- М.Қашғаридің еңбегінде Турк жалқы есімінің пайда болуы туралы хадис бар; А. Зайончковский осы хадистің негізінде түркі сөзі «қалдыру» деген мағынаны білдіреді. Бұл болжам халықтық болып табылады;
- Еуропада алғаш рет «Турк» сөзінің этимологиясын талқылаған кезде Torquotus атты патшаның есіміне келтіреді;
- Р. Фай «турк» термині мен авесталық «тура» сөзімен байланыстырады;
- Ф.И. Гордеев «турк» атауын иран-соғды тілдерінен шыққан;
- Қытай этимологиясы бойынша, Ту-кюэ сөзінен дулыға деген мағынаны білдіреді;
- Г. Вамбери «адам», «жаратылыс» деген мағынадағы türk-törä-törü сөз тізбегін келтіреді;
- Ю. Немет «турк» сөзін «күш» деген мағынамен байланыстырады;
- О. Прицак türk сөзін tur+ku+t сөзінен туындаған, k - жинақтауыш аффиксі болып табылады;
- Кононовтың пікірі бойынша, türk сөзі turkun сөзінің көпше түрі болып табылады, өз кезегінде аталмыш сөздегі tür/ tör-tös «пұт орны», «киіз үйдегі құрметті орын» деген мағынаны береді, сол себептен де бірінші бөлімі күш, қуат деген мағынада;
- Баскаковтың болжамы бойынша, «türkün-törkün-törköm үйленген әйелдің ата-анасы және туысқандары» моңғол сөзінен шыққан. Моңғолдар өздеріне әйел алған тайпаның атауын осылай атаған [67, С.41-43].

Соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында жарық көрген «Әдеби жәдігерлері» атты 20 томдық еңбектің «Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер» атты 1 томының авторлары тарапынан да «Түркі» этнонимінің этимологиясы жайлы айтқан пікірлері бойынша, П.Пелео мен Е.Г. Пулиблэнктың айтқан тұжырымдамаларын атап кеткен. П.Пелео «тужюе» - түрк сөзінен келгені даусыз, тек мұнда türk сөзінің соңына моңғолша көптік жалғауын білдіретін «-ut, üt» жұрнағы қосылған, яғни қытайлар «türküt» деген сөзден алып, оны «тужюе» деп транскрипциялаған. Өз кезегінде Е.Г. Пулиблэнк «тужюе» сөзі «türküt» формасынан емес, түрк сөзінің өзін білдіріп тұр деп дәлелдеген. Алғаш рет қытай жылнамаларында 540-541 жылдары пайда болған. Түбіт тілінде Drug немесе Dru-gu болып жазылған [66, Б.435].

Қаракесек атауына келетін болсақ, Т.Арынов бұл қазіргі кезде Орта жүз құрамына кіретін ру атауы деп айтып кеткен. Шежіреге қарасақ, Қаракесек Арғын руына кіретін елдің бірі болып табылады. Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде:

«Қаракесек «Арғын ішіндегі Мейрам ұрпағына жатады; Бес мейрам – Мейрамның (3 қатынынан туған 5 ұл; бесінші ұл) күң тоқалы Қарқабаттан туған Болатқожа; аңыздарға қарағанда бәйбіше (Нұрфая) мен бірінші (жесір жеңге) тоқалынан туған 4 ұлмен бала кезінен-ақ қақтығысып, оларға кесек атып, маңайына жуытпай, қайсар болып өседі; ел оны сол үшін «Қаракесек» деп атап кеткен; оның қыруар ұрпағы да түгелдей Қаракесек атанған; ал оның анасы – Қарқабат бүкіл Қаракесектердің ұранына айналған» [70]. Алайда бұл этноним «Ат-Тухфа» қолжазбасында тек мысал ретінде ғана келтіргендіктен, этноним болу болмауы белгісіз. Тек қана мысал ретінде аудармасыз берілген. Сол себептен Т.А. Арыновтың қазіргі ру тайпа атауы деп кесіп айту негізсіз. Себебі бұл атау басқа ортағасырлық қолжазбалардан және ДТС-тен табылмады.

Этнонимдерді талдайтын болсақ, «Ат-Тухфа» қолжазбасында 7 халық атауы кездеседі. Жоғарыда берілген атауларды талдаған кезде, негізінен этнонимдер этимологиясына үнілдік. Ғылымда бар, қолданыста жүрген болжамдар мен пікірлер келтірілді. Этнонимдер ішінде сарт, тат атаулары қазіргі күнге дейін дау туғызатын, зерттеліп жатқан халық атауы болып табылады. Әр деректе әртүрлі мәлімет берілген.

Бір жүйеге келтірсек, тат – буддизм дініндегі ұйғыр халқы, қазіргі күнге дейін мақал-мәтелдерде, архаизмге айналып бара жатқан этноним болып табылады. «Сарт деген сөз саудагер, отырықшы халық» деген мағынада қолданылып, белгілі қоғамның тап мүшелеріне қолданылған атау. Қыпшақ, татар, түрікмен, тәжік этнонимдері ерте кезден бері қолданып келе жатқан тайпа атаулары. Ерте кезден бері қазіргі кезге дейін этногенезін өзгерткен. Қазіргі кезде бұл атаулар жеке бір халық атауына тән этнонимдер. Түркі этнонимі – жалпы ортақ атау.

Антропонимдер. Көне есімдердің зерттелу тарихы негізінен Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ғылыми тұрғыда қарастырыла басталғанымен, алғашқы мақалалар XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көре бастаған. Мұндай мақалаларға А.Е. Алекторовтың, А. Диваевтың жұмыстары жатады.

Түркі тілдеріндегі жалпы есімдер этимологиясын зерттеу туралы айтылған ой-пікірлер мен пайымдаулар да әр алуан. Бұл ретте В.В. Радлов, Е.Д. Поливанов, В.А. Гордлевский, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортян, В.Г. Егоров, Г.Ф. Саттаров, Л.С. Толстова, А.А. Юлдашев, Қ.Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов, Ә.Т. Қайдаров, А. Әбдірахманов пікірлері тіл мамандарына жақсы таныс [63, Б.9].

Қазақ есімдері жайлы пікірлер, этнографиялық талдаулар Л.Н. Гумилев, В.В. Бартольд, Ш.Ш. Уәлиханов, В.И. Даль, Н. Ильминский, А.И. Самойлович, Н.А. Баскаков еңбектерінде де кездеседі. Тарихи

ескерткіштердегі антропонимдерді зерттеген ғалымдардың арасынан қазақстандық ғалымдар В.У. Махпиров, А. Ибатов, Н.И. Ерғазиева және т.б. зерттеулерін түркітану ғылымында маңызды еңбектер деп бағалаймыз. Қазақ тіліндегі антропонимдердің тарих, салт-сана, әдет-ғұрыппен байланыстылығы жайлы ғалым О.С. Сұлтаньяев қарастырған болса, антропонимдердің құрылымдық жүйесі Т. Жанұзақовтың еңбектерінде қарастырылған.

Ғалымдардың зерттеулерінде 17 есім кездеседі. Олар төмендегідей:

أَقْبَ بَارِسْ – *äq bars* – *Ақбарс (адамның аты);*

كَاتِكَانْ – *ketken* – *Кеткен (адамның аты);*

كَالِكَانْ – *kelgen* – *Келген (адамның аты);*

أَلْغَانْ - *'älγan* – *Алған (адамның аты);*

أَلَا بُيُؤَا – *'āla būyā* – *Алабұға (адамның аты немесе лақап аты);*

سُنْقُرْ – *sunqur* – *Сунқар (адамның есімі);*

أَرْسْ لَانْ – *'ārslan* – *Арслан (адамның есімі);*

بَاشْ تَاوْ – *baš tau* – *Баш тау (екі сөзден құралған есім);*

كُونْ دُوغْدِي – *kūn doγdi* – *Күндөгды (есім және етістіктен жасалған есім);*

أَيْ دُوغْدِي - *'āi doγdi* – *Айдоғды (есім және етістіктен жасалған есім);*

بُوكْتِي – *būkti* – *Бүкті (етістіктен жасалған есім);*

قَالَوونْ – *qalavun* – *Қалавун* مرتجل;

لَاجِيْنْ – *lačin* – *Лашын (есім сөзден жасалған);*

طُوغانْ – *toγan* – *Тоған (есім сөзден жасалған);*

قَلِيْجْ جُوْكْ – *qiliččuk* – *Қилижжук (адамның аты);*

حَلْبْ – *ħalab* – *Халаб (адамның аты);*

جَاقْمَاقْ – *čaqmaq* – *Жақмақ (адамның аты).*

Есімдердің ішінде жануар, құс атауларынан туындаған есімдер ең көне есімдер болып саналады. Бұл жөнінде В.У. Махпиров «древнейшими являются также антропонимы, в основе которых лежат названия животных и птиц, представляющие собой пережитки первобытного культа последних.» – деген пікір айтқан [71, С.18-19].

Жинастырылған есімдерді 2 топқа бөлсек болады:

1) жабайы, жыртқыш аңдар атауы: Ақбарс, Арслан;

2) құс атауы: Лашын, Сунқар. Қоршаған ортаға байланысты атаулар: Күндөгды, Айдоғды, Баш тау. Бұл өз кезегінде аспанға, жерге, суға табыну бар болғандықтан пайда болған есімдер.

Тоған есімі сұңқар, қаршыға, лашын, ақ түсті жыртқыш құс мағыналарын береді. Э. Севортян түбірі доғра не тоғра – етті турау, кескілеу етістігі екендігін айтып, көне түркілік соғым сөзімен салыстырады [72].

Ғалым Т. Жанұзақ өзінің «Қазақ ономастикасы» атты еңбегінде антропонимдерді көне түркі тіліндегі нұсқаларын кестеде қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларын салыстырмалы түрде берген [62, Б.431].

Сол тізімнің ішінде «Ат-Тухфа» еңбегінде берілген Арслан есімі де көрсетілген. Арслан есімінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы Арыслан немесе Арыстан болып табылады.

Арслан «арыстан» - жалқы есімдерде қолданылатын жиі таралған құрамдас бөлігі, Турфан және Қараханид билеушілерінің лауазымы: Arslan Balban (Usp, 125), Arslan Sig Togrul (Usp, 63), Arslan Bilge Tengri ilig, Arslan Bilge Han [67, С.208].

Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында антропонимдер арасында ай, күннен шығарылған есімдер тобы деп С. Иманбердиева өзінің «Тарихи ономастикалық кеңістік» деген еңбегінде бөліп, төмендегідей мысал келтіреді:

Елік – ел басшысы, - елбасы, хан.
Әділдікті Күнтуды Елік атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты.
Ал дәулетті Айтолды деп санаған,
Уәзірлік орынды оған бағалаған [63, Б.66-67].

Ғалым В. Махпировтың пікірінше, Айтолды, Күнтуды деген есім сырында будда дінінің сарыны жатыр. Күнтуды есімінің негінде жатқан күн образы әділеттілік сипаттап, табиғат билеушісі, әке, император, билеуші ретінде толығымен поэманың бас кейіпкерінің бойындағы болмысымен толық сәйкес келеді. Ай болса, буддизмде әйел энергиясы инь бейнесінде, вассальді князьдер, министрлер символы ретінде қызмет атқарған [67, С.193].

Бұл дегеніміз, «Құтты білік» шығармасы ислам діні түркі халықтарында таралған кезде жазылғанымен, әлі де исламға дейінгі діни түсініктер әлі де сақталып қалғандығын көрсетеді.

Лашын – қаршыға тұқымдас қыран құстың бір түрі. Аңшылардың айтуына қарағанда, лашыннан асқан дүниеде асыл, кірпияз, таза құс жоқ, қыран құс ретінде бір ерекшелігі: жерде отырған құсты әсте ала қоймайды, ол тек ұшып бара жатқан үйрек пен қазды алу үшін зуылдап келіп, тұтқиылдан шабуылдап, жай оғындай болып тиеді [73].

Сұңқар – 1. аңшылық кезінде ұсақ құстар мен аңдарды ұстауға пайдаланылатын, өте жоғары ұшатын қыран құс; 2. ауыспалы: ержүрек, өжет, батыл, қайратты адам [73, С.507].

Зерттеу нысаны антропонимдерге арналмағандықтан, қолда бар татар тілдер есімдері шеңберінде талдау жасалды. Басқа түркі тілдерінде «Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген есімдер сақталған не сақталмағандығы белгісіз. Арнайы зерттеу арналмады. Қазіргі татар тілінде қолжазбада кейбір есімдері сақталып қалған. Мәселен, Акбарс (көне түркі есімі) – Ақ барыс. Татарстан республикасының елтаңбасында бейнеленген елдің символы, татар тілінде Акбарс деп жазылады [73, С. 28].

Сунқар (көне түркі есім) – сұңқар. Көзі өткір. Татар тілінде Сунқар деп дыбысталады [73, С. 298].

Арслан (түркі есімі) – арыстан (арсил – сары, ан - аң). Синонимдері: Газанфар, Зайгам, Хайдар, Шир, Асад. Татар тілінде Арслан деп қағаз бетіне түсіріледі [73, С. 41].

Кунтуган (көне түркі есімі) – күн туған. Бала күн сияқты шуақты болсын. Татар тілінде жазылуы: Көнтуган [73, С.181].

Айтуған (көне түркі есімі) – айдың тууы. Ай тәріздес әдемі бала туылды. Көбінесе бұл есімді ай жаңадан туған күні туылған балаларға бақыт тілеп, қойылған. Татар тілінде Айтуған деп жазылады [73, С. 28].

Лачин (монғол-көне түркі есімі) – лашын, ауыспалы мағынада батырлық, ерліктің символы. Татар тілінде жазылуы: Лачын [73, С.189].

Тоған (көне түркі есімі) – тоған деген сөзден туындаған есім. Туғанов деген тектерде ғана сақталған. Бұл тек орыстарда да бар. Татар тілінде Туған деп хат бетіне түсіріледі [73, С.315].

Татар тілінде жоғарыда берілген есімдер ішінде 17 есімнің 7 есімі табылды. Фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырап, татар тіліне тән дыбыстық ерекшеліктерге сай бейімделген, мағыналары қазіргі татар тілімен сәйкес келеді.

Қазақ тілінде 17 есімнің 5 есімін ғана талдадық. Қазақ тілінде де, Айтуған, Күнтуған, Сұңқар – ержүрек, өжет, батыл ер адам деген есімдер бар. Сонымен қатар, Арыстан (көне түркі есімі) арслан – есім батылдық бейнесі ретінде қойылады [74].

Лашын (көне түркі есімі) – алғыр, қыран құс, сұңқар [75].

Барлық есім көне түркі заманнан бері қолданыста жүрген есімдер болып табылады. Мағыналары толықтай сол түпкі мағынасымен сәйкес келеді. Фонетикалық өзгерістерге ұшыраған есімдер қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес ауысқан.

Кеткен, Қалған, Алған және т.б. антропонимдер түбірі етістіктен туындаған есімдер болып табылады. Кеткен – кеткен, алған – алған қазіргі қазақ тіліндегі есімше арқылы туындаған етістіктер болып тұр.

Аспан дене атаулары. Түркі халықтары ерте кезден бері аспан денелерін Орталық Азия аумағынан бақылағандығы туралы мәліметтер қазіргі түркі халықтарының кейбіреулерінде ғана дерек түрінде сақталған. Қазіргі күнге дейін толықтай ислам дінін қабылдамаған, Еуропаға толықтай етене араласып кетпеген түркі халықтарында аспан денелері туралы түсінігі жер бетіндегі басқа халықтармен салыстырғанда ерекшеленеді. Ерте кезден бері Көкке табынған түркі халықтарында тәңіршілдік әлі де сақталған. Аспан және аспан денелері туралы таным бірнеше ұрпақ тәжірибесінің көрінісі ретінде халық ауыз әдебиетінде, фольклорда сақталған. Тілдік оралымдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдерде аспан туралы халықтық танымды білуге болады: қырғыз тілінде *төбесі көкке жетті*; қазақ тілінде *төбесі көкке жеткендей, көк соққан* және т.б.

Аспан денелері туралы деректер мен зерттеулерді ерте кезден бері Ғаббас Жауһари, Әбу Насыр Әл-Фараби, Әбу Райхан, Әл-Бируни, Тарағай Ұлықбек және басқа да Орта Азиядан шыққан ұлы ғұламаларымыздың еңбектерінен кездестіреміз.

Қазақ халқындағы аспан шырақтарының атаулары мен олар хақындағы космогониялық ұғым-түсініктерді Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, Б.А. Куфтин және т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдерде Х. Әбішев, Ә. Машанов, М. Исқақов тәрізді

зерттеушілер қазақтың халық астрономиясы туралы көптеген құнды материалдар жинап, мақала, еңбектер жариялады. Осы ғалымдардың арасында Х. Әбішевтің халық астрономиясын зерттеуде сіңірген еңбегін атап кету керек. Ғалым ұзақ жылдар халық арасынан аспан денелері туралы мәліметтер жинап, «Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі ауа райы мен астрономия хақындағы деректер (1949)», «Халық астрономиясы (1959)», «Аспан сыры (1962, 1966)» атты еңбектер жазды. Алғаш болып, аспан денелерінің орысша-қазақша терминологиялық сөздігін құрастырды [76].

Түркологияда ономастиканың басқа салаларымен салыстырғанда космонимдерге арналған зерттеулер 1960 жылдан кейін жарық көре бастады. Мәселен, В.И. Никонов (1969, 1973, 1980), Ю. Немет (1971), М.Н. Юхма (1968, 1980), Н.Х. Максютова (1973, 1976) және т.б. ғалымдарды атауға болады.

Қазақ тіліндегі астрономиялық атаулар жайлы Д.К. Нұрманов (1971), Т. Жанұзақов (1978), Қ.Ғ. Аронов (1992), М.К. Доспаганбетова (2006) және т.б. ғалымдар зерттеп, жан-жақты әртүрлі сырынан қарастырған. «Ат-Тухфа» еңбегінде тоғыз астрономиялық атаулар берілген. Олар төмендегідей:

بعش بنات – *yitkir* – Жеті Қарақшы жұлдыздарының тобы; - шоқжұлдыз;

كار يادى – *yadikar, ülker* – Үркер; - топ жұлдыз;

طاقاً اديق – *ādiq taqa* – Егіздер шоқжұлдызы; - зодиактік шоқжұлдыз;

ياملى ياشيق – *yaşiq yatli* – Канопус (жұлдыздың аты);

أليغر آق – *āq 'āi'ir* – Сүмбіле (жұлдыздың аты); - жеке жұлдыз;

ايط بوز اكي – *'ikki boz at* - Ақбозат пен Көкбозат (жұлдыздар аты);

قازوق تامر – *temir qaziq* – Темірқазық; - жеке жұлдыз;

طاق ارق جليان – *'āriq taq, şolpan* – Шолпан, Егіздер жұлдыздарының тобы; - планета космоними – Шолпан

وكون كوناش – *küneş, kün* – күн [77].

Темірқазық жұлдызы барлық түркі тілдерінде бар жалпытүркілік жұлдыз атауы болып табылады.

Жетіқарақшы (лат. *Ursa Major*) – аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Жетіқарақшының ең жақсы көрінетін айлары – наурыз, сәуір айлары [78].

«ДТС»-те: Jetigän астр. Жеті қарақшы (МК III 247; QBN 17728; TT VII 4079) [54, С.259].

Ортағасырлық ат-Тухфа ескерткішінде Жеті қарақшы жұлдызы *yitkir* деп берілген. Махмұт Қашқаридің сөздігінде, Құтадғу білік және тағы да басқа ортағасырлық қолжазбаларда *Jetigän* деген атау қолданылған. Қазіргі тілдерде хакас және түрікмен тілдеріне ұқсас. Жалпы, Жеті қарақшы шоқжұлдызының аталуы өте қатты өзгеріске ұшыраған. Әрі қыпшақ тобындағы тілдердегі атаулардан мүлдем өзгеше. Сыртқы формасы өзгеріске

ұшырағанымен, жеті деген сан есім жұлдыз атауында әрдайым сақталып отырған.

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Жеті қарақшы*; хак. – *Читіген*; тат. – *Жидегән Йолдыз*; түрк. – *Едиген*; өзб. – *Етти Огайны*; қырғ. – *Чоң Жетиген, Жети Аркар*; қ.қалп. – *Жети Қарақшы*; ұйғ. – *Тараза жултуз*; тув. – *Чеди-Хааң*; ног. – *Етеген*; башқ. – *Етегән Йондоз*; алт. – *Јети Каан*; құм. – *Етти Юлдуз*; түр. – *Бүйүкайы*; чув. – *Пысак Алтәр сәлтәр*.

Үркер жұлдызы «ДТС»-те: Ülkär астр. Үркер: jana kördi ülkär savulmîş başı ол тағы да көкжиекке жақын жатқан Үркерді көрді [54, С. 625].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде Үркер жұлдызын Ülker деп берген [79].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Үркер*; хак. – *Үлгер*; өзб. – *Хулкар*; түр. – *Үлкер*; башқ. – *Илек йондоз*; тат. – *Илек жондоз*; чув. – *Алә сәлтәр*.

Біздің зерттеу нысанымызға алынған қолжазбада yadikar, ülker деп берілген. Yadikar деген атауы сақталмағанымен, ортағасырлық басқа қолжазбаларда ülker деген атау қолданылған. Әрі қазіргі түркі тілдерінде қазақ, хакас, өзбек, түрік тілдерінде фонетикалық өзгерістермен сақталған. Ортағасырлық атаудан бір ғана әріп өзгерісі байқалады. Мағынасы сақталып қалған.

Егіздерді «Ат-Тухфа» ескерткішінде ādiq taqa деген атаумен берілген. Қазіргі түркі тілдерінде ескерткіштегі шокжұлдыз атауы сақталмаған. Тұлғасы толығымен өзгеріске ұшыраған астроним болып табылады.

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Егіздер*; тат. – *Игезәкләр йолдызлығы*; түрк. – *Экизлер топлум йылдызы*; өзб. – *Эгизак юлдузы*; қырғ. – *Эгиздер жылдызы*; қ.қалп. – *Егиз жулдызлар топары*; ұйғ. – *Икки гезәк жултузлар түркүми*; тув. – *Ийис бөлүк сылдыстары*; ног. – *Эгизлер юлдызлары*; башқ. – *Игезәктәр йондозлоғо*; алтай. – *Игис*; құм. – *Эгиз буржы*; әзірб. – *Әкиз бүрчү*; түр. – *Икиз бурчу*; чув. – *Йёкәрешем*.

Сүмбіле жұлдызына келер болсақ, «ДТС»-те: Адүйі 1. айғыр; 2. астр. Сүмбіле: jarudī jildriq (жолдың астында: jildiz) адүйі bilä (жолдың астында: jildiz) (жолдың астында: жұлдыз) Процион (жолдың астында: жұлдыз) Сүмбілемен бірге жалтырады [52, С.14].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Сүмбіле*; хак. – *Көкетай*; қарақалп. – *Сүмбіле*; өзб. – *Сүмбилә*; қырғ. – *Акь жылдыз*; ұйғ. – *Сюнбилә*; әзірб. – *Сүмбүл*; түр. – *Акйылдыз*.

Аталған жұлдыздың ислам дінінің енуіне байланысты сүмбіле (араб тілінен енген) деген атау қолданыла бастаған. Осы сөздің негізінде қазақ тілінде Үлкен Сүмбіле, Теке Сүмбіле, Ақ Сүмбіле деген атаулар пайда болған. Біз зерттеген қолжазбада Сүмбіле жұлдыз атауы äq 'äiüig деп берілген. Ортағасырлық басқа да қолжазбаларда Адүйі деген атау

қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінде аталмыш атау қолданыстан түсіп, негізінен Сүмбіле, Ақ жұлдыз деген атаулар тілдік лексиконда жүр.

Ақбозат – Темірқазық төңірегіндегі ү жұлдызы. Қазақ аңызы бойынша Жетіқарақшының Темірқазыққа шылбырмен байланған екі атының бірі. Жарықтығы жағынан (α) пен Көкбозаттан кейін (β) кейінгі үшінші орында. Ақбозат – аспанның солтүстік полюсіндегі жыл бойы батпайтын жұлдыздардың бірі. Қазақ халқы ертеректегі тұрмысында Ақбозатты Темірқазықпен бірге бағыт-бағдар алуға жиі пайдаланған [55, Б.175].

Көкбозат, Кохаб, Кіші Аюдағы – көрінерлік (визуаль) жұлдыздық шамада жалтырап көрінетін, Кіші Аю шоқжұлдызындағы үш жарық жұлдыздың бірі. Көкбозат – көмескілеу үш жұлдыз («Арқан жұлдызы») арқылы Темірқазыққа жалғасып жатқан көкшілдеу жұлдыз. «Көкбозат» аталуына жұлдыз түсінің көкшілдігі әрі Темірқазыққа арқандалғандай айнала қозғалуы себеп болған, Қазақстан аумағында жыл бойы көрінеді [80].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Ақбозат, Көкбозат*; тат. – *Ақбұзат, Козат, Сарат*; башқ. – *Ақбузат, Бузат, Буһат, Һарат*; түрк. – *Бозат, Гыырат*.

Қолжазбада *’ikki boz at* деп берілген. Басқа да ортағасырлық еңбектерден Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздардың аты кездеспеді. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, татар, башқұрт, түрікмен тілдерінен, яғни қыпшақ және оғыз тобындағы тілдерде ғана жұлдыз атаулары табылды. Бұл жөнінде ғалым Қ.Ғ. Аронов өзінің «Қазақ тіліндегі халықтық космономдердің этнолингвистикалық табиғаты» атты кандидаттық диссертациясында: «Ақбозат, Көкбозат космономдерін аталған түркі тілдерінен басқа тілдерден ұшырата алмадық. Бұл атаулар түркі тілдері дамуының кейінгі дәуірлерінде пайда болса керек» дейді [76, Б.19].

Темірқазық жұлдызы «ДТС»-те: *Temür qazuñuq (qazuq)* Темірқазық [54, С.551].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *Темірқазық*; хак. – *Тигір ортазы тимір өрген*; тат. – *Тимер казык йолдызы*; түрк. – *Демигазык йылдызы*; өзб. – *Алтын қазық*; қырғ. – *Темир қазық жылдызы*; қ.қалп. – *Темирқазық жулдызы*; ұйғ. – *Қутуп жултузи*; тув. – *Поляр сылдызы*; башқ. – *Тимер казык йондозо*; алт. – *Алтын казык*; түр. – *Кутуп йылдызы*; чув. – *Сурсёр сәлтәрё*.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде *temir qaziq* деп берілген. «Диуани лұғат ит-түрік» ескерткішінде де *Temür qazuñuq* деген атау қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, татар, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, алтай тілдерінде ескерткіш тілімен сәйкес келсе, түрікмен тілінде дыбыстық сәйкестік «т~д» айналу үрдісі байқалады. Демек, қыпшақ тобына жататын тілдерде аталу бірдей, ал оғыз тобына жататын тілде фонетикалық айырмашылық бар. Ал ұйғыр және түрік тілдерінде түркі атауы емес, араб тілінен енген жұлдыз атауы қолданылады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінен Шолпан жұлдызының бірнеше атауларын кездестіреміз. Тұрфан жазбаларында Шолпанды Алтын йултуз деп

атаған. Бұл космонимді В.А. Никонов моңғол атауы, тек Тұрфан өңіріндегі түркілер қолданып, Орта Азияда бұл космоним қолданылмаған деген пікір айтады. Ал М. Қашқари сөздігінде кездесетін Йарук йулдуз атауы қазақ тіліндегі Шолпанның Жарық жұлдыз деген космоним атауымен толық сәйкес келеді. Сондықтан осы космонимді М. Қашқари араб тіліндегі Зухра сөзінен калькалап аударған деген В.А. Никоновтың тұжырымы қате болса керек [76, Б.44].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – Шолпан; *хак.* – Солбан; *өзб.* – Чулпан; *қырг.* – Чолпон; *қ.қалп.* – Шолпан; *ұйғ.* – Чолпан; *тат.* – Таң чулпан; *башқ.* – Сулпан; *түрк.* – Даң йылдызы; *алт.* – Тан чолмон; *әзірб.* – Зәһрә улдузу; *түр.* – Чулпан.

Берілген қолжазбада Шолпан жұлдызы 'āḡīq taq, ṣolpan деп жазылған. Басқа ортағасырлық ескерткіштерде Алтын йултуз, Йарук йулдуз деген атаулары кездеседі. Олардың көпшілігі жұлдыздардың жарықтығына байланысты аталған. Қазіргі түркі тілдерінде «ж~ш, ч, с» сәйкестікті байқауға болады. Бұл өз кезегінде тілдің уақыт өте келе географиялық орта, көрші ел, тілдің басынан өткен тарихи кезеңдерге тікелей байланысты болып табылады. Жалпытүркілік атау Шолпан, яғни тұлғасы мен мағынасы өзгеріске ұшырамаған.

Күн планетасы «ДТС»-те: Kün 1. күн (E 443): kün toydı qamuy üzä jaquq boltı күн шықты да, барлық әлемге күннің көзі жарқырап шықты; 2. күн; 3. күн сайын [54, С.326].

Қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – күн; *хак.* – күн; *тат.* – кояш, көн; *түрк.* – гүн, гүнеш; *өзб.* – қуёш; *қырг.* – күн; *қ.қалп.* – күн, куяс; *ұйғ.* – куяш, күн; *тув.* – хүн; *ноғ.* – куньн коьзи; *башқ.* – кояш, көн; *алт.* – күн; *құм.* – гюн, гюнеш; *әзірб.* – күн, күнәш; *түр.* – гүнеш, гүн; *чув.* – хёвел

«Ат-Тухфа» ескерткішінде күн атауы күнеш, күн деп берілген. Күн деп басқа да ортағасырлық қолжазбаларда кездеседі. Қазіргі түркі тілдерінде чуваш тілінен өзге тілдерде күн деп қолданады. Ал, күнеш деген синонимдік аталуы түрікмен, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінен кездестіреміз. Яғни, негізінен оғыз тармағына кіретін тілдерде және қыпшақ тілдерінде сақталынған.

Астрономиялық атаулар ішінен ортағасырлық басқа ескерткіштерде де, қазіргі түркі тілдерінде де йāшиқ йāмлй атты Каноус жұлдызының атауы кездеспеді. Каноус – жұлдызды аспандағы екінші жарық жұлдыз [80, Б.393]. Сонымен қатар, бұл жұлдыз негізінен, Түркменстанда ғана көрінеді екен. Басқа жұлдыздар атауы жалпы ескерткіш тілімен сәйкес келеді. Тек, Егіздер және Сүмбіле жұлдыздарының атаулары өзгеріске ұшыраған.

2.2 «Ат-Тухфа» лұғаты: жылқы және итке қатысты сөздерге танымдық-лингвистикалық талдау

Адамзат тарихы басталғалы бері адамның өмірі жан-жануарлармен тығыз байланыста болған. Алдымен, адам баласы өмір сүру үшін қорек қажет

етегіндіктен, бастапқыда жан-жануарды азық ретінде қолданған. Уақыт өте келе, адам баласы жануардың етін қорек, терісін киім, сүтін сусын ретінде қолдануды үйренеді. Тіптен, сүйегін де үй құрылысында, қару-жарақта қолдана біледі. Бертін келе қолға да үйретіп, жануарлар үй жануарлары және жыртқыш жануарлар деген топтарға бөліне бастады.

Біз де зерттеу жұмысымызда зооморфтық атауларды бірнеше топтарға бөлеміз де, саны жағы басым жылқы және итке қатысты тіл бірліктерін кешенді түрде талдаймыз. Жануар атаулары мынадай топтарға бөлінеді: аң атаулары, үй жануарлары, құс және балық атаулары, бауырымен жорғалаушылар.

Ғалымдар тарапынан жануарлар атаулары кеңінен қарастырылып жүр. Мәселен, Т.В. Линко («Зоонимы в казахском и русском языках»), Ф.К. Исенова («Зоонимы русского и казахского языков: мотивационная параметризация»), Э. Айдогмуш («Зоонимы в турецком и кыргызском языках»), Р. Рысбек («Жан-жануар аттары ұйытқы болған эмоцияналды фразеологизмдер»), Р.А. Авакова («Фразеосемантика»), С.Б. Бектемірова («Кинеморфизмдердің танымдық семантикасы») және т.б.

Зерттеу жұмысында "التحفة الزكية في اللغة التركية" ат-Тухфа аз-закия фил-луғат ат-түркийя» ортағасырлық ескерткіштен жылқы және ит атауларының жас ерекшелігі, түр-түс ерекшелігіне байланысты атауларды қарастыра отырып, тілдік дәйектер көрсетіледі. Сонымен қатар, тілдік қатпарларда бар материалдар негізінде қазақ халқы мен жалпы көшпенді халықтардың өмірінде жылқының алатын орнын ашып көрсету мақсатымыз болмақ.

Жалпы, жылқы түлігіне байланысты айтылатын атаулар мен сөздер, сөз тіркестерінің саны екі жүзден асады. Осы атауларды лексикалық мағыналарына қарай ғалым Бейсенова М.С. өзінің кандидаттық диссертациясында төмендегідей топтарға бөлуге болады деген:

- 1) жылқы малының жалпы атаулары: йылқы, йунд, ат, аркун, қатыр;
- 2) жынысына қарай: ат, айғыр, қысырақ, би;
- 3) жасына қарай: құлын, тай, сып, өк;
- 4) мінез-болмысына (әрқалай өзіндік табиғи ерекшеліктеріне) қарай;
- 5) түр-түсіне қарай;
- 6) жұмсалы орнына қарай, т.б. [81]

Төменде «ДТС» және «ат-Тухфа аз-закия фил луғат ит-туркийя» ескерткішінен лингвистикалық бірліктер салыстырылып берілген:

حجره - قِصْرَاق - qisraq – қысырақ;

Qisraq: қысырақ (кейде құлындамаған биені де атайды): *qisir qisraq* – құлындамаған бие; *qiz birlä küräsmä qisraq birlä jarışma*– қызбен күреспе, қысырақпен жарыспа [54, С.448].

Махмұт Қашқари сөздігінде қысыраққа қатысты мынадай түркі мақалы бар: *Тақур маник савими булкала ай, тинар қали атитса қисрақ сини тай* – Менің сөздерімді данышпандарға жеткіз, оларға айт: тайы ат болғанда, қысырақ демалады. Бұл мақал «Диуанда» екі жерде келтірілген [36, С.558, 223].

أَيَغِيرُ – حِصَانٌ – айғыр – айғыр;

Адүйір – 1. айғыр: *адүйір қисір кишнаді* – айғыр мен қысыр (бие) кісінеді; *іккі адүйір илiшдi* – екі айғыр бір-біріне салды тісті; *өгүрлүг адүйір* – үйірдегі айғыр [54, С.14].

Сонымен қатар, айғыр деген сөздің астрономиялық атау білдіретін мағынасы да бар. Ол жұлдыз атауы, Сүмбілені де осылай атайды.

Адүйір– айғыр: *өгріңә қутлуы адүйір мен* – оның үйірінде мен асыл айғырмын; *байыргунің ақ адүйірі удлігін сіжу урті* – Байыркуудың ақ айғырының жамбасын сындырды [54, С.10].

Ажүйір – айғыр: *қулан қудуыға түссә қурбақа ажүйір болур* – айғыр құдыққа түскен кезде, құрбақа да айғырға айналады [54, С.28].

Қазіргі қазақ тілінде «қулан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды» деген мақал бар, екеуінің мағынасы бір. Қулан жабайы жылқы.

ажүйір ат – айғыр: *ошұл ажүйір атни бек қоқ sevijür erdi* – бұл айғырды ол өте қатты жақсы көрген еді; *тоқуз күндүн соң оғуз қаянда ажүйір атни келдүрді* – тоғыз күннен кейін Оғыз қағанға айғырын алып келді [54, С.28].

بِيَا – طَبْلٌ مَحْرُوكٌ – бие – бие;

Bi – бие: *ақ бисі қулунламiш* – оның ақ биесі құлындады; *bi қисір boldi* – бие қысыр болды [54, С.97].

Сонымен қатар, бұл сөздің бүйі деген екінші мағынасы бар. Махмұт Қашқари сөздігінде кездеседі. Бүйі мағынасындағы сөзді Қашқари оғыздар тіліне жатқызған [36, С.897]. Ұстараның жүзі деген тағы да үшінші мағынасы бар. Бұл сөз ТТ VIII А₁ (Берлин жинағы брахми тілінде жазылған 15 түрлі медицина, дін, күнтізбе сынды мәліметтер жазылған).

طَائِلَاقٌ – نَصِيلٌ - tailaq – ат, тайлақ, құлын (анасын ембейді);

أَط - فرس - at- ат;

At – ат: *антау улұу өлүг баруу түшти kim жүкләмәккә келтүрмәккә ат қаятiр удазлiқ boldi* – соншалықты мол табыс болғандығы, ат, қашыр, бұқалар жеткіліксіз болды; *ер ат едәрләди* – ер адам атты ерттеді; *atinda godi түшти* – ол аттан түсті [54, С.65].

- *at adүйір* – *at ажүйір* – аттар: *mingü at adүйір* – салт жүріске арналған аттар;

- *jandiq at*– қарапайым, тұқымды емес ат [54, С.237];

Махмұт Қашқари сөздігінде *арық ат* деп берілген [36, С.774].

jol atі– мінетін, мініс ат: *bir jol atin tajaqitaqi jolciqa berzün* – бір мініс атты Таякыдағы жолаушыға берсін [54, С.271];

- *goriya at*– жорға ат [54, С.274];

- *özlük at*– жүйрік, тұлпар ат: *edgü özlük atin ... sansiz kelürüp* – көптеген керемет тұлпарларды алып жеткізіп; (*özlük at öñ jerdä arip oñupturu qalmiш* – тұлпар аттың алдыңғы аяқтары арықтап кетіпті [54, С.395];

- *qoш at* – қосалқы ат [54, С. 460];

- *salya at* – тулағыш ат [54, С.482];

- *tiш at*– маңдайында қасқасы бар ат, қасқа ат [54, С.569];

- *uyar at*– маңдайында ақ қасқасы бар ат, ақ қасқа ат [54, С.607].

Сонымен қатар, ат деген сөзінің есім деген мағынасы да бар.

طَائِي – مهر - taj – құлын;

Taj – 1. құлын: *taj atatti* – құлын ат болды; *taj atatsa at tinur / oyul ərädsä ata tinur* – құлын өссе, ат тынышталады/ ұл өссе, әкесі тынышталады; 2. Тай ат: *kevääl mündüñ arqun jemä tazi taj* – сен тұлпар аттарды, асыл тұқымды жылқылар мен араб тұқымды тайды мінгенсің [54, С.527].

«Ат-Тухфа» қолжазбасының сөздігінде жылқы малына қатысты ат әбзелдері атаулары көп кездеседі. Бұл сөздердің өзі жылқы малының ортағасыр кезеңіндегі атқарған үлкен рөлінің көрінісі болып табылады. Күнделікті өмірі тікелей мал шаруашылығымен тығыз байланысты көшпелі халыққа таныс тілдік бірліктері:

يَلْقَى – yilqi - жылқы;

كَيْشَنَادِي – kišnedi - кісінеу;

أَطْلَى - 'ātli - салт атты;

إِبَارَ – 'er - ер-тоқым;

جَوْقَمَارَ وَقَامْشِي، قَامْشُو – čoqmar, qamši, qamšu - қамшы;

أَبْقَى، قَبْقَا - 'yiq/quiqā - шоқтық;

أُوزَانِكِي - 'üzengi - үзеңгі.

Жан-жануарлардың түстері (негізінен аттардың): боз 1) «ақ», 2) «сұр, ақ боз ат», ал «жирен, торы», кара йовуз «кара, қоңыр», тору «торы», йунтавлы «қоңыр», ала «кара ала, торы ала түс» және т.б. [6, С.167].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде ат сөзіне арнайы жалғаулар жалғанып, кішірейтіп айту дәстүрі көрініс тапқан. Мысалы: - qina (قِنَا)– 'at qina (أَطْقِنَا); - čuq (جُوق) - 'atčuq (أَطْجُوق); - čuq жалғауына –az (از) жалғауы да жалғанады - 'atčuqaz (أَطْجُوقَاز). Әртүрлі жалғаулармен берілсе де, барлық сөздердің аудармасы *кішкене ат*. Көпше түрі де берілген, мәселен –лар көптік жалғауы арқылы жасалған: أَطْ لَارْ - 'at lar.

XIV ғасырдың «Китаб ад-Дурра ал-мудийа фил-луғат ит-туркийа ала-т-тамам ва-л-камал» атты қолжазбасында жылқы атаулары жасына қарай берілген: ат – жылқы, айғыр – айғыр, қысырақ – жас бие, тай – екі жастағы ат; сонымен қатар жылқының түстері бойынша атаулар кездеседі: торы ат, кара ат, бурыл ат, жасыл ат – жас ат, сары ат [82].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде жылқы атауына қатысты ат саймандары деп бөлек атаған Хамза әрпінде бөлек бөлім де бар:

يُوورُلوُق، تَكَلْتِي - yuwurlüq, takalti - ат жабуы;

طُوغَا - toḡa – тоға.

Жинастырылған мәліметтерді сараласақ, *at* лексемасы өзінің номинативтік мағынасында VIII ғасырдан бері қолданылып келеді. Білге қағанға арналған ескерткіште *at* лексемасы қолданылған мәліметтер табылған: «*edgü özlük atin ... sansiz kelürüp* – көптеген керемет тұлпарларды алып жеткізіп (БК Ха₁₂)» [44, С.395].

К.М. Мусаевтың пайымдауы бойынша «жалпы ортақ аттардың атауы ретінде екі сөз бірдей уақытта қолданылған (қазіргі уақытқа дейін армян-қыпшақ тіліндегі және Codex Cumanicus ескерткіштерін есепке алмағанда, себебі бұл ескерткіштерден алаша сөзінің қолданысы туралы дәлел

табылмаған, басқа ескерткіштерде бар болуына байланысты, бұл тілдерде болуы мүмкін). Алайда осы екі сөз, яғни ат және алаша сөздерінің қолданысы бірдей емес қолдану көлемі мен аясы бар» [44, 104].

Сонымен қатар аттың басқа да атауы *йонт* та кездеседі. «Түркі-араб сөздігі» бойынша ат атауымен қатар бірге *йонт/йонт* атаулары қолданылады. Махмұт Қашқари бұл сөздің араб тіліндегі *أ!* түйе атауы сияқты жеке және көпше, жалпы атауларда бірдей қолданылатынын түсіндірген, *йунд эти йыпар-жылқы эти жұпар* (30.745), «йунд қазысы йағ-жылқы қазысы май» (30. 910) *йунд йылы* (30, 746) «жылқы жылы» [44, С.111].

Ала сөзі түркі тілдерінің қыпшақ тобында алаша вариантында жиірек қолданылған. Татар тілінде алаша – деген жолдарды оқимыз. Тіпті бұл жердегі «алғаным» сөзінде тәуелдік мағына жойылып кеткен сияқты, сөз осы түлғада «қосақ, жар, әйелі, күйеуі» дегенді меңзейді.

Алаша аттың басы деп,

Қалмақты ердің қасы деп, -

деген жолдарда Тарғын батыр жекпе-жек шығатын қалмақтың «алты құлаш ала аты» алаша ат деп те аталады. Алаша варианты Түркменстан қазақтары тілінде түйенің будан тұқымын атауға жұмсалады [83].

Қазіргі түркі тілдерінде:

каз. – *ат, жылқы*; хак. - *чылгы*; тат. – *ат*; түрк. – *ат*; өзб. – *от*; қырғ. – *ат, жылқы*; қарақалп. – *ат, жылқы*; ұйғ. – *ат*; тува. – *аьт*; ноғ. – *ат*; башқ. – *ат, йылкы*; алтай. – *ат, жылкы*; құм. – *ат*; әзірб. – *ат*; түр. – *ат*; чув. – *алаша*.

Жоғарыда берілген тілдік бірліктерді саралайтын болсақ, чуваш және хакас тілдерінен өзге түркі тілдерінде жылқы малы ат деп аталып, қазақ, қырғыз, қарақалпак, башқұрт, алтай тілдерінде жылқы деген синонимдік атаулары қолданылыста. Хакас тілінде «ж~ч» сәйкестікті байқауға болады. Ал, чуваш тілінде қазір көптеген түркі тілдерінде архаизм болып кеткен жылқы малының тағы да бір атауы алаша сөзінің қолданысын көреміз. Бұл өз кезегінде чуваш тілінің түркі тілдерінен алшақтау болып, оқшауланып, кейбір сөздерінің орта кезеңдерден сақтап қалғандығын білдіреді. Чуваш тілі басқа түркі елдерінен бөлек жеке түрде басқа елдердің әсерімен дамып жатқан тіл.

Сараптамаға сәйкес, барлық түркі сөздерінде жылқы атауларының ортақ болуы көне түркі халықтарының жылқы шаруашылығымен айналасқандығын, әрі сол кезеңдегі мәдени ортақтықтың белгісі екендігіне дәлел болып табылады. Сонымен қатар, сол ғасырлардан бастап, аттарды жасына қарай ажырата бастаған. Бұған аттың жасына байланысты тілдік жазба деректердің мол болуы дәлел. Мысалы, *жабағылы* құлын, *тайлақ* құлын, *қулун*, *қулунчақ* бір жастағы құлын, *айғыр*, *тай* екі жастағы ат, *қунан* үш жастағы ат, *дөнен*, *арба* төрт жастағы ат, *қысырақ* жас бие, *қысыр* *қысрақ* қысыр, *бе* бие. Бұл өз кезегінде, көне заманнан бері көшпенді халықтарына тән түркі халықтарында атты өсірумен айналысу кең таралғандығын көрсетеді. Міне, осы жағынан түркі халықтары көшпенді халық ретінде

отырықшы славян халықтарынан ерекшеленді. Славян халықтарында көшпенді өмір сүруге бейімделмеген шошқа кең таралған [83, С.52].

Қазақ тілінде көне түркі және ортағасырлардағы жылқы жастарының атауларымен толық сәйкес келетіндігін атап кету керек. Жылқы малының жасына қарай құлын, жабағы – 6 айдан асқан құлын, бірге толмаған; тай – 1 жаста; құнан – 2 жаста; дөнен – 3 жаста; бесті – 5 жаста; қасабалы бие – 7-8 жаста; жасаған бие – 20 жылдан астам құлынды бие. Жылқының қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде ерекше орын алғандығын тілімізде кездесетін әртүрлі сөз оралымдары мен мақал мәтелдерден түсінуге болады, мысалы, ат жалын тартып міну - фразеологизм [84].

«Ат құйрығын үзісті. Ат құйрығын бауырына алып тулады».

Қазіргі түркі тілдерінде:

каз. – *жабағы*; хак. – *чабага*; тат. – *колын, колкай*; түрк. – *тайчанақ, тай, гунан*; қырғ. – *кулун*; қ.қалп. – *қулын тай*; ұйғ. – *тай, қулун, тайчақ*; тува. – *кулун*; ноғ. – *кулын*; башқ. – *ябағы, колон*; алтай. – *кулун*; құм. – *тай*; әзірб. – *дајча*; түр. – *тай*; чув. – *тиха*.

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында *jabaylı* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінде «й~ж» сәйкестігі болып, ортағасырлық қолжазба тіліне сәл ғана фонетикалық өзгеріспен сәйкес келеді: *жабағы*. Башқұрт тілінде «йа~я» дыбысына алмасып, *ябағы* түрінде сақталған. Басқа түркі тілдерінде кулын, тай, тайша деген өзгеше нұсқалары бар. Тұлғасы жағынан бір әріп өгерісімен, мағынасы жағынан толық сәйкес келеді.

Қазіргі түркі тілдерінде:

каз. – *қысыр бие*; хак. – *пиш*; тат. – *бия, сыер*; түрк. – *байтал*; өзб. – *бия*; қырғ. – *бээ*; қ.қалп. – *байтал, бийе*; ұйғ. – *байтал*; бе, *кызырак*; ноғ. – *байтал, бие*; башқ. – *байтал, бейә*; алтай. – *бее*; құм. – *байтал*; әзірб. – *мадјан*; түр. – *кысрак*; чув. – *кёсра*.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *qisraq* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінен түрік тілі және қазақ тілімен сәйкес келеді. Қазақ тілінде қысырак сөзі бар. Мағынасы қазіргі қазақ тілімен толық сәйкес келеді.

Қазіргі түркі тілдерінде:

каз. – *айғыр*; хак. – *хулун, асхыр*; тат. – *айғыр*; түрк. – *айғыр*; өзб. – *айгир, қулун, бир яшар тойча*; қырғ. – *айғыр*; қ.қалп. – *айғыр*; ұйғ. – *айгир*; тув. – *асхыр*; ноғ. – *айғыр*; башқ. – *айғыр*; алт. – *айғыр*; құм. – *айгъыр*; әзірб. – *ајғыр*; түр. – *айғыр*; чув. – *аййр*.

Ортағасырлық қолжазбада *'āiγir* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде хакас және чуваш тілдерінен өзге тілдерде «Ат-Тухфа» ескерткішінің тілімен толық сәйкес келеді. Хакас тілінде *асхыр* деп өзгеше атау көрсетілсе, чуваш тілінде *аййр* бір әріптің түсіп қалуымен сипатталады. Айғыр сөзі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерге ортақ сөз болып табылады. Махмұт Қашқарида *أذغر* азғыр деген түрі де бар [36, С.126].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – құлын, тай, жабағы; хак. – сын; тат. – колын; өзб. – қулун; қырғ. – кулун; қ.қалп. – құлын тай; тув. – кулун; башқ. – ябағы, колон, тай; алт. – кулун; құм. – тай; әзірб. – дај; түр. – тай; чув. – тиха.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *taj* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінен қазақ, қарақалпақ, башқұрт, құмық, түрік тілдерімен сәйкес келеді. Негізінен, қыпшақ тобындағы тілдерге тән болып тұр. Тай сөзінің мағынасы мен тұлғасы өзгеріске ұшырамаған.

Сонымен қатар, аттың түстерін де атап кетуге болады. Бұл деректер де өз кезегінде, ата-бабаларымыздың өмірі жылқымен байланысты болғандығын дәлелдейді. Мысалы: тыш ат (t: 569) – маңдайында қасқасы бар ат, қасқа ат; ұйар ат (uz: 607) – маңдайында ақ қасқасы бар ат, ақ қасқа ат, боз 1) «ақ», 2) «сұр, ақ боз ат», ал «жирен, торы», кара йовуз «қара, қоңыр», тору «торы», йунтавлы «қоңыр», ала «қара ала, торы ала түс» және т.б. [6, С.167].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – торы ат; хак. – торығ; тат. – туры; түрк. – дор ат; өзб. – тўриқ от; қырғ. – тору ат; қ.қалп. – торы ат; ұйғ. – торуқ; тув. – доруг; ног. – торы; башқ. – туры; алт. – кер ат; құм. – тору ат; әзірб. – кәһәр ат; түр. – дору ат; чув. – турй.

Біздің зерттеу нысанымыз болатын қолжазбада торы түстің екі түрлі атауын *toru* деп қыпшақ тілінде, *toғu* деп түрікмен тілінде берілген. Қазіргі түркі тілдерден қазақ, татар, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, құмық, чуваш тілдерде осы атау фонетикалық өзгерістермен қолданылады. Хакас, өзбек, ұйғыр, тілдерінде соңына әріп жалғанған. Қазіргі түрікмен тілінде *дор ат* деп беріліп, ортағасырлық атау сақталмаған. Түркі тілдерінің әрқайсысында әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырауы сол тілдердің даму ерекшеліктерімен байланысты.

Жоғарыда берілген деректер ортағасырды бейнелейді. Ал қазіргі кезде жылқы малы қазақ халқының өмірінде қандай рөл атқарады? Жылқы дегеніміз қандай жануар? Сипаттамасы қандай? Көшпенділер өмірінде алатын орнын тілдік бірліктер арқылы көрсетейік.

Жылқы – төрт түлік малдың ішінде кірпияз, қазақтың аса қадірлі малы. Судың тұнығын ғана ішетін, шөпті таңдап жейді. Арнайы әдебиетте «жылқы» - «төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланатын тақ тұяқты түрі» деп түсіндіріледі [85].

А.М. Щербак «jilki (ілкі) жылқы сөзінің көне түркі тілінде де қазіргі түркі тілдерінде де ерекше реңкте айтылатынын, әсіресе көне мәтіндерден оларды нақты түсіну қиын екенін жазған [85, Б.50].

М.Қашқари сөздігінде «йылқы» - «тұяқты мал» [51, Б.41], «үйірде жүретін мал» деген түсініктеме берген. Яғни, жылқы – төрт түлік малдың бірі, көлік үшін қолданылған жалпы үйірде жүретін тұяқты жануар.

Мәселен, С.Е. Малов «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде сол заманның сөзі мынадай сипатта болғанын баяндайды:

(Күл) тігін ол сүнүшдә отуз жашајур әрті; ал Шалчы (ак а) тын бiнiн оплају мәгдi; әкi әрiг удышу санчды. Карлукуг өлүртіміз, алтымыз; аз будун жақы болты [86];

Бұл шайқаста Күлтегін отыз жаста болған; Шалчы атты ақ атының үстіне отырып, ол шабуылға аттанды, екі ер адамды найзамен бірінен соң бірін шаншыды; біз көптеген қарлұқтарды өлтірдік, тірі қалғандарын жаулап алдық [86, С.42].

Жылқы көшпенділер үшін ең бірінші орында көлік рөлін атқарған еді. Көшіп-қонып жүрген халыққа жылқы малы ерте кезде қазіргі автокөлік міндетімен пара-пар болды. Қазіргі кезде халық жеңіл автокөлікті темір тұлпармен салыстыру сол кезеңдерден қалған түсінік. Сонымен қатар, жылқының еті мен сүті – көшпенді халықтың ең сүйікті тағамы мен сусыны. Қымыз, әсіресе жаңадан сауылған саумал адамның денсаулығына өте пайдалы екендігін медицинаның өзі мойындаған..

«Ат-Тухфа аз-закия фил-луғат ат-туркия» қолжазбасының 31 бетінде *قِمِيز* – qimiz – қымыз деп берілген. Ортағасыр туралы бірден-бір тілдік дәйек болып табылады.

Қазақ халқының талай тағдырының тарихына зер салғанда – әр заманда ата - бабаларымыздың елі мен жерін ата жаудан қорғағанда да, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап бейбіт өмір сүргенде де тұрмысының сәні күлдір күлдір кісінеген жылқылар болғанын білеміз.

Қазақ халқының негізгі көлігі болған жылқы рухани өмірінде де маңызды рөл атқарған. Сауық-сайранның көркі, сән-салтанатының сәні де жылқымен сабақтасып жататын. Қазіргі ұлттық спорт түрлеріне негіз болған ат үсті ойындары, ат жарысы қазақ тойының негізгі атрибуттары еді. Ат жарысының түрлері: жорға жарыс, бәйге, аламан бәйге, аударыспақ, көкпар, теңге ілу, қыз қуу және т.б. ойындардың негізі өте ертеден басталады [87].

Қазақ баласы бала кезінен бастап жылқымен жағаласып, жылқы малымен жарыса өскен. Әлемде жылқыны барлық қырынан жақсы білетін халықтың сезімталы да қазақ. Жылқының бабын біліп, жасына, мінезіне, тегіне ерекше мән беріп, баласындай мәпелеп, ағасындай ардақтап, жолдасындай қадірлеп өскен ұлы дала перзентінің тілінде жылқыға қатысты көптеген көркем сөз өрнектері қалыптасқан.

Махмұд Қашқари «Диуани луғат ит-түрік» сөздігінде: *At* деген сөздің аудармасы *ат* деп, *Құш* қанатын *ер* атын – *Құс* қанатымен, *ер* атымен деген мақалды келтіреді [88]. Сонымен қатар:

Кіші аласы – ічтін, йылқы аласы – таштан.

Кісі аласы – ішінде, жылқы аласы – сыртында.

Кіші сөзлешу йылқы йызлашу.

Кісі сөйлескенше, жылқы кісінескенше.

Тай ататса ат тынур, оғул ерезсе ата тынур.

Тай өссе, ат тынығар, бала ер жетсе әке тынығар [89, Б.70-77].

Басқа түркі тілдерінде де *ат* сөзі ұйытқы болған тіркестер бар. Мысалы: түр.: *аттан инди, эшеге бинди* - атты есекке ауыстырды; түрк.: *йағши ата бир гамчы, йаман ата мұң гамчы* – жақсы атқа бір атқа бір соққы да

жеткілікті, нашар атқа – мың соққы да жеткіліксіз; аты барың ганаты бар – аты бардың қанаты бар; қырғ.: эрдин аты эрге тең – ердің аты – ерге тең және т.б. [44, Б.108].

Фразеологизмдерге ұйытқы болған жылқы, ат сөздері халықтың өміріне етене араласып кеткені соншалықты, халықтың мәдениеті мен тұрмыс-салтында өз орнын тауып, тілдік бірліктерде көрініс тапқан. Бұл да жылқы түлігінің қазақ халқының өмірінде үлкен рөл атқаратындығының бір белгісі.

Кез келген ұлттың тілін, тілдік бірліктерін түсіну арқылы сол елге тән ұлттық сипаттарды танып білуге болады. Әлемнің барлық тілінде қаншалықты фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер болса, олардың астарында соншама ақпараттар болады. Тілдегі осы тілдік бірліктер халықтың негізгі бейнесі, мәдениеті, салт-дәстүрі, ділі туралы мәлімет береді. Әр ұлттың өзінің тұрмысына тән жануарды өзіне ұқсастырып, өз бойындағы қасиеттермен байланыстырады. Қазақтың да өз-өзін жылқыға ұқсастыра отырып, өзін осы түлік бойындағы қасиеттермен сипаттау арқылы жылқыны қаншалықты қадір тұтып, бағалайтындығын білдіреді [90].

Жоғарыда берілген мысалдардың бәрін саралай отырып, мынадай түйіндеме жасасақ болады: біріншіден жылқы малы ертеден сонау Күлтегіннен де арғы заманнан бері қолға үйретіліп, көшпенділер өмірінде мінсе – көлік, еті – тағам, сүті – шарап, соғыста – адал жолдас рөлін атқарған. Ескерткіштер бетінен табылған тілдік бірліктер осыған дәлел.

Ит атауына қатысты тіл бірліктері. Ит – жеті қазынаның бірі, ит – адамның досы деп қазақ халқы итті қастерлеген.

Аңыз, әфсаналар бойынша ит – адам баласының ең алғаш қолға үйреткен жабайы жануарларының бірі. Адамның өмір сүруге икемделіп, от жағып, баспаналай бастаған кезде бірінші болып келген, оған үйірсек болып, қолға үйренген, адамның сенімді серігі, көмекшісіне айналған. Көшіп қонып жүргенде ит негізінен мал бағуда, оны күзетуге, сондай-ақ аңшылық кәсібіне пайдаланылған. Қазақтар ұстайтын иттердің түрлері онша көп емес. Олар: а) мал бағуға қажетті бақташы иттер; ә) аңшы иттер б) кейде қала тұрғындары үйінде кездесетін қанден иттер [91].

Ортағасырлық ескерткіш "التحفة الزكية في اللغة التركية" ат-Тухфату аз-закийату фи ал-луғати ит-түркийати» қолжазбасының түпнұсқасын зерттегенде «ит» атауына қатысты бірнеше иттердің түрлерін, яғни ит атауына қатысты бірнеше тілдік бірліктер кезікті.

Мәселен:

كلب - إيت - 'it - *um*

كلبالصيد - طازی - *tazi* - *тазы* (аңшылыққа арналған иттің түрі)

كلبسلاق - أكار - 'ākar – *um*, *овчарка* (жарысқа арналған ит түрі);

كلبالوبر - باراق - *baraq* - *сабалақ ит*

كلبالوبر - كُوبالاک - *kōbelek* – *жүні қысқа, мал бағатын, малышлардың иті*

كلبالجنس - الرغيماتق - *āryımaq* - *асыл тұқымды ит*

كلبالعقور - قُوطور، قُوطور غان - *qūtür, qūtürγan* - *қабаған ит*

كلبالرغای - بارلا - *barla* - *сирек жүнмен кездесетін ит*

كالبالبة – قَانِحِقْ – *qançiq* - ұрғашы ит
الجرو - أُوْرُغُوْقْ، أُوْرُوْقْ، كُوْجُوْكْ - *'urğıuq, 'ānıuk, 'uruq, küççük* – күшік
سولق - قَابْتُوْرُغَا – *qabtürğa* - аңшы ит
عقوروالكلاب – فُوْطُوْرُ – *qutuz* - қабаған ит
كلب – قَاصَارُ – *qasar* – ит.

Ал «ДТС»келетін болсақ,

It I ит: *joriylı jorıtmaз kör eşriñ itiñ*- сенің иттерің мен барыстарың жолаушыларға жол бермейді; *it süti bor birlä içsär* – егер иттің сүтін шараппен ішетін болса [54, С. 215].

• *it jil[i]*– күнтізбе бойынша ит жылы; *it kün[i]* – күнтізбе бойынша ит күні; *it tart* – қабу (ит туралы): *qal tartmıš kişikä ularniñ mijisin jesär eдgü bolur* – егер адамды құтырған ит қауып алып, шіл құсының миын жесе оған жақсы көмектеседі [54, С.215].

İt – ит: *it ürdi* – ит үрді; *qalı bolsa arslanqa it başçisi* – егер арыстандарды ит басқарса [54, С.221].

• *it jil* – күнтізбе, яғни 12 жылдық күнтізбе бойынша: *it jil ... uça bardı* – ол ит жылында қайтыс болды; *it jil bir jегirminç aj* – ит жылы 11 айда.

Ит сонымен қатар адамның есімінде де қолданылады.

Барақ – жүндес ит. Халықтық таным бойынша бүркіт қартайған шағында екі жұмыртқа тауып, басады біреуінен барақ күшік шығып, аңкөс болады. Екіншіден балапан шығып қыран болады. Бұл сол бүркіттің соңғы тұқымы болды делінеді [91, Б.350].

Baraq – барақ – сабалақ әрі ұзын жүнді ит, өте шапшаң әрі епті, аңшы иттерінің арасында ең мықтысы болып саналады [54, Б.83].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *барақ*; ног. – *барак*; башқ. – *һалбыр эт*; қ.қалп. – *жүнли барақ ийт*; өзб. – *бароқ ит*; тат. – *йөнтәс эт*; қырғ. – *барак*; хак. – *һилбір түктіг адай*; тув. – *семдер дүктүг ыт*.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында бұл иттің түрі *baraq* деп берілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобындағы қазақ, ноғай, қырғыз-қыпшақ тобындағы қырғыз, хорезм-карлұқ тобындағы өзбек тілдерімен сәйкес келеді. Қарақалпақ тілінде *барақ* деген атау ғана емес, *жүнли барақ ийт* болып 3 сөзден құралған тіркес болып қолданылады екен. Барақ сөзінің мағынасы мен тұлғасы толық сәйкес келеді.

Тазы – денесі сидам, өзі арық, жүгіруге жеңіл де ұшқыр, әрі аң қағуға өжет те епті ит тұқымы. [91, Б.355].

Қазіргі түркі тілдерде:

қаз. – *тазы ит*; тув. – *аңчы ыт*; тат. – *ау эте*; түрк. – *тазы*; қ.қалп. – *тазы*; ұйғ. – *тази*; қырғ. – *тайган*; өзб. – *тозиит*; ног. – *тазы ийт*; құм. – *авчу ит*; түр. – *тазы*; чув. – *вёшле йытә*.

Біздің Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада тазы иті *tazi* деп берілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ-ноғай тобына кіретін қазақ, ноғай, қарақалпақ, оғыз тобына кіретін түрікмен, түрік, карлұқ тобына

кіретін ұйғыр, өзбек тілдерінде тазы атауы сақталған. Басқа түркі тілдерінде атаулар өзгеше.

Кōbelek сөзінің қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *малшылардың иті*; хак. – *хырса адай*; тат. – *сакчы эт*; түрк. – *өй ити*; өзб. – *куппак ит*; қырғ. – *короочу ит*; тув. – *коданчы ыт*; қ.қалп. – *көпек ийт*; түр. – *авлу көпегі*; чув. – *кил йытти*; ног. – *авла ийти*; башқ. – *йорт эте*; әзірб. – *həjət ити*.

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында *kōbelek* болып көрсетілген. Бұл атау өз кезегінде қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған, өзгеріске ұшыраған. Әр тілде әртүрлі айтылады.

Ағұймақ сөзінің қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *асыл тұқымды ит*; тат. – *саф токымлы эт, яхшы нәселле эт*; түр. – *сафкан*; өзб. – *зотдор ит*.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада *āryımaq* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық атаумен сәйкес келмейді, яғни иттің бұл түрінің атауы өзгерген.

Қансіқ сөзінің қазіргі түркі тілдерінде берілуі:

қаз. – *қаншық*; тув. – *кыс ыт*; тат. – *ана эт, әнчек*; түрк. – *ганжык*; қ.қалп. – *қаншық*; ұйғ. – *қанжуқ*; қырғ. – *канчык*; өзб. – *қанжиқ*; башқ. – *кансай*; алт. – *тижи ийт*; құм. – *къанчыкъ*; әзірб. – *ганчыг*; түр. – *канжыккөпек*; чув. – *йытй ами*.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *qanśiq* деп берілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қарлұқ тобына кіретін ұйғыр, өзбек, оғыз тобындағы түрік тілімен сәйкес келеді. Қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде «ч~ш» сәйкестігі бар. Аталуы ортағасырлық кезеңінен сол сәйкестігімен ғана ерекшеленеді.

Аңшы ит – аң аулайтын ит. Аңшының итіндей: біреудің артынан еріп жүру, екі елі артынан қалмау [91, Б.349].

«ДТС»-те: *Avċi it* – аңшылыққа арналған ит: *tükäl avċi it tēg ętözkä baqin* – мына денеге карашы, аңшы итіне ұқсап тұр (QVK 210₁₄) [52, С.69].

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында *qabtür̄ya* деп көрсетілген. Қолжазбадағы нұсқамен қазіргі түркі тілдері сәйкес келмейді. Бұл атау сақталмаған.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *аңшы ит*; тат. – *ау эте*; түрк. – *ав ити*; өзб. – *овчи ит, този*; қырғ. – *аңчы ит*; қ.қалп. – *аңшы ийт*; тув. – *аңчы ыт*; ног. – *аньшы ийт*; алт. – *анчы ийт*; құм. – *авчу ит*; әзірб. – *ов ити*; түр. – *ав көпегі*; чув. – *сунар йытти*.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *'ur̄yūq*, *'ānik*, *'urūq*, *kīśīk* деп күшік сөзінің бірнеше синонимдері берілген. Қазіргі түркі тілдерінде «ж~ш, ч, с» сәйкестіктері, *kīśīk* нұсқасы кең қолданыста. Екінші *'ānik* деген нұсқасы тува, түрік тілдерінде пайдаланылады. Үшінші *'urūq* деген нұсқасы 16 түркі тілдер арасынан табылмады. Негізінен, қыпшақ, қарлұқ тобындағы тілдерге тән. Түрікмен тілінде керісінше бірінші «к~г» сәйкестігі болған.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – күшік; хак. – күчүк, күчүгес; тат. – көчек, әнчек; түрк. – гүжүк; өзб. – кучук; қырғ. – күчүк; қ.қалп. – күшик; ұйғ. – күчүк; тув. – эник; ног. – куьшик; башқ. – көсөк, көтөк; алтай. – күчүк; құм. – гючюк; әзірб. – күчүк; түр. – еник, көпек йаврусу; чув. – сурә.

Köräk – ит: *köräk teg ürärlär* – иттер тәрізді үреді [54, С.317].

Көпек диал.

1. Жабайы, дөрегей ит;
2. Жабайы қарапайым иттің төбеті;
3. Көпек күшік [91, Б.352].

Иттің негізгі қасиеті қабағандық. Мал бағатындардың шаруашылығында қабаған ит ұстау әдеттегі жағдай, заңды құбылыс. Мал күзетуде иттердің көмегі көп болады. Сондықтан малшылар иттерін қабаған қылып тәрбиелейді. Бөгде адамдарды, тосын келген бейтаныстарды, бейсауат жүрген жандарды өршелене үріп, абалау итке тән қасиет [91, Б.353].

«Китаб ад-Дурра ал-Мудия» қолжазбасында да ит атаулары бар:

كلب – يائت – *iait - im*

كلبة – قانجوق – *qançiq* – ұрғашы ит, қаншық

كلبالسلاق – طازيائت – *tazi iait - тазы* [92, Б.63].

«Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве ‘аджеми ве моголи ве фарси» атты қолжазбада да ит атауына қатысты бірнеше бірліктер кездеседі:

Ит (ات) ит; тазы ит (Хоутсман бойынша араб тұқымынан шыққан иттің түрі); көпек ит – мал бағуға арналған үлкен ит [35, С.118].

Қанчық (قنچيق) – ұрғашы ит, қаншық [35, С.156].

«Китаб ал-Идрак ли-лисан атрак» еңбегінен ит атауына қатысты

’It – ит 112; *itlar* – иттер 112 [7, Р.397].

Ортағасырларда иттің де ат атаулары сияқты кішірейту атаулары болған екен. Оған «Ат-Тухфа» қолжазбасында табылған тілдік бірліктер дәлел бола алады: - čuk (جوك) – ’it čuk (إتچوك); - жүк қосымшасына – āz қосымшасы жалғанып, ’it čukaz (إتچوكاز). Итке деген көзқарас ортағасырларда ерекше болғандығынын дәлелі.

М. Қашқари сөздігінде ит туралы мақал-мәтелдер:

Ыт ысырмас, ат тепмес теме.

Ит қаппас, ат тепмес деме.

Йазыда бөрі улыса, езде ыт бағры тартышур.

Түзде бөрі ұлыса, үйде иттің бауыры сыздар.

Тайған йүгрүгін тілкү севмес.

Тазы жүйрігін түлкі сүймес [92, Б.70-77].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ит; тат. – эт; түрк. – ит; өзб. – ит; қырғ. – ит; қ.қалп. – ийт; ног. – ийт; башқ. – эт; алт. – ийт; құм. – ит; әзірб. – ит; түр. – көпек, ит; чув. – йытә.

Жоғарыда берілген тілдік бірліктерді саралайтын болсақ, қазіргі түркі тілдерінде фонетикалық өзгерістерді есепке алмасақ, барлық тілдерде ортақ ит атауы қолданылады. Түрік тілінде ит атауына синоним сөз ретінде көпек

сөзі берілген. Дауысты дыбыстар әр түркі тілінде әртүрлі берілген. Чуваш тілінде тіптен *йытй* деп беріліп, екі дауысты дыбысты қолданған.

Итке байланысты тілімізде фразеологиялық тіркестер де, мақал-мәтелдер де, нақыл сөздер де, тыйым сөздер де, наным-сенімдер де жеткілікті. Бұл өз кезегінде иттің түркі халықтар өмірінде алатын орны ерекше екендігін білдіреді. Ит-жеті қазынаның бірі дегені бекер емес. Адамның бойындағы кейбір кемшіліктерді итке теңеп айтқанымен, иттің өзіне лайықты орнын әрдайым белгілеп отырған. Ит сөзінің денотативті мағынасы жағымды болғанымен, қосымша коннотативті мәні жағымсыз мән үстейді. Денотативті мағынадағы мақал-мәтелдер: Жақсы ит өлігін көрсетпейді; ит иесіне тартса майталман болар; жеңген ит желкесінен талайды; түлкі алған итте сын болмас.

Ит семасының екі мағынасы екі түрлі болуының өзі иттің бойында болатын қасиеттеріне байланысты. Ит адамға адал дос бола тұра, қабаған ит адамға шабуыл жасап, қауып алуы да әбден мүмкін. Коннотативті мәні негізінде қазақ халқы адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді итке ұқсатып, сипаттаған: итті күшігім десең, аузыңды жалайды; иттің ішіне сары май жақпайды; жаман иттің атын бөрібасар қояр; итке темір не керек?.

Ит түркі халықтарының өмірінде малды күзетуде болсын, саятшылықта болсын сенімді серігі болып табылады. Қолжазбада ит түрлерінің көп болуы соның айқын дәлелі болмақ. Халық арасында ит атауына қатысты тілдік оралымдардың кең таралуы иттің қоғам өмірімен етене араласып кеткенінің белгісі.

2 тараудың тұжырымдары.

Диссертацияның 2 тарауының 1 тараушасы «Ат-Тухфату аз-закийату фи ал-луғати ит-туркийати» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігіндегі тіл бірліктеріне арналған. Өзіміздің зерттеу жұмысымызды лексика-семантикалық парадигма аясында қолжазбаның тіл бірліктерін 42 семантикалық топқа бөлдік. Нәтижесінде саны жағынан көп кездесетін соматизмдер, зооморфтық атаулар, түр-түс және өсімдік атаулары деп ірі топтардың тіл бірліктері талданды.

Соматизмге арналған бөлімде 52 соматизм 16 түркі тілдес, яғни қазақ, хакас, татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, тува, түрік, ноғай, башқұрт, алтай, әзірбайжан, чуваш тілдерінде талданды.

Мәселен, азу тіс соматизмі ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында 'азик/ 'әзи деп берілген. «ДТС»-те азіу деген нұсқасы көрсетілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына кіретін қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, оғыз-түрікмен тобына кіретін түрікмен, оғыз-селжұқ тобына кіретін түрік, әзірбайжан, қарлұқ-хорезм тобына кіретін өзбек, қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілдерінде ортағасырлық атау сақталған. Тек хакас, тува, ұйғыр, алтай, чуваш тілдерінде ғана өзгеше болып табылады. Негізінен, қыпшақ, оғыз тобындағы тілдерінде сақталған.

Ескерткіште берілген 11 түр-түс атауларын талдадық. Қоңыр түсінен өзге түс атаулары қазіргі қыпшақ тобына кіретін түркі тілдерімен толықтай

сәйкес келеді деген тұжырым жасай аламыз. Басқа тілдік топтарда кейбір фонетикалық өзгерістер болмаса, аталуы ұқсас. Қарастырылған тілдер арасында тек чуваш тілімен ғана ескерткіш тілі 60% сәйкес келеді.

Өсімдік атаулары астық тұқымдас өсімдіктер, бақша дақылдары және көкөніс атаулары деп үш топқа бөлінді. Бұл топтардан өзге өздігімен жабайы өсетін өсімдік атауларына талдау жасалды. Нәтижесінде ишка мунизидеген ортағасырлық атауы, қазір айлауық деп аталатын өсімдік атауының қазіргі түркі тілдерінде қолданысы кездеспеді. Басқа тіл бірліктеріне қазіргі түркі тілдерінде бар нұсқаларымен салыстырмалы талдау жасалды.

«Ат-Тухфа» қолжазбасындағы есімдерді талдайтын болсақ, жалқы есім атаулары сөздіктің өзінде емес, грамматикалық бөлімінде мысал ретінде берілген. Сөздікте тек жалпы есімдер атауы ғана берілген. Ортағасырлық қолжазба болғанымен, сол кезеңдегі қоғамда әлі де исламға дейінгі әлем туралы түсінік және басқа да діни сарындар сақталған. Оған дәлел ретінде осы жоғарыда көрсетілген адам есімдері бола алады.

Сонымен қатар, қазіргі заманға шейін осы аталмыш аттардың қолданыста болуын ескі, байырғы түсініктердің әлі де халық арасында сақталып қалғандығын білдіреді. Әрі түркі халықтары бұрыннан бергі дәстүрге сай атадан балаға қалған есімдерді қолданып жүр. Етістіктен туындаған жалқы есімдер XIV-XV ғасырларға ғана тән есімдер деген пайымдама жасалады.

2 тараудың 2 тараушасында ит және жылқы атауына қатысты сөздер беріліп, талданды. Қолжазбада берілген лексемалардың оның ішінде зооморфтық атаулардың басым көпшілігі ит пен ат атауларына қатысты сөздер болғандықтан, арнайы тарауша арналды. Аттың жасы, түсі, әбзелдері қолжазбада берілген. Оның өзі жылқының көшпелі халық өмірінде атқаратын рөлін сипаттайды. Еті-тағам, сүті – сусын, терісі – киім болған жылқының түркі халықтары үшін орны ерекше.

Ит атауына қатысты сөздер де кеңінен берілген. Өмір сүрген салтына байланысты ит малшы үшін табылмас серік екендігі бәрімізге мәлім. Итті баптап, қолға үйреткен бабамыз көшпелі мал шаруашылығында көмекші етіп, жанынан қалдырмаған. Міне, ит атауының қолжазбада кеңінен берілуінің себебі осында.

3 ЕСКЕРТКІШТЕГІ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тіл арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың жаңа да дербес саласы (Ә. Қайдар) [93]. Берілген анықтамаға сәйкес белгілі бір халықтың материалдық байлығы мен рухани мұрасын анықтап, тілдік бірліктерді барынша талдау этнолингвистиканың міндеттерінің бірі.

Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы [93, Б.53].

Этнолингвистика ғылым ретінде бастауын АҚШ-та ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан алады. Алғашқы зерттеу еңбектері үндіс тайпаларын зерттеуден басталады. Америкалық ғалымдар этнолингвистика терминінің орнына антропологикалық, этносемантика терминдерін қолданады. Бұл бағытта Ф. Боас, Э. Сепир, Б.Л. Уорф, Хойер еңбектерін жазған.

Ресейде ғылымның бұл саласында алғаш болып жазғандар Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня сынды ғалымдар болып табылады. Этнолингвистиканың көрнекті өкілдері деп Н.И. Толстой, В.В. Иванов, В.Н. Топоровты айтамыз.

Осы ғылымның бір саласының жан-жақты қырларын, зерттеу міндеттері мен мақсатын саралаған академик Ә. Қайдар және профессор Е.Н. Жанпейісов пен М.М. Копыленко сынды ғалымдардың қазақ этнолингвистикасында орны ерекше деуге болады.

Қазақстандағы лингвистика теориясының өзекті мәселесі мен оның болашағына ғылыми баға бере отырып, профессор М.М. Копыленко этнолингвистика саласына ерекше тоқталып, олар келешекте мынандай даму бағытын көрсетеді:

- этнолингвистиканың концептуалдық аппараты;
- лексикалық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- фразеологиялық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- терминология мен номенклатуралық зерттеулердің этнолингвистикалық аспектілері;
- антропонимиканың этнолингвистикалық аспектілері;
- топонимиканың этнолингвистикалық аспектілері;
- лингвонимдердің (әлем тілдері атаулары) теориялық мәселелері [94].

Бұл ғылымның жаңа бір саласы тарих, әдебиеттану, мәдениеттану, археология сынды ғылымдармен аралары ұштасып жатса да, ал этнография тіл ғылымының бір саласы лингвистикамен тығыз байланыста. Этнолингвистика этнография мен лингвистика ғылымдарының қосындысы деп қарастыру дұрыс болмас.

Мәселен, Ә.Қайдар этнография ғылымын кеңінен қарастырады. Яғни, ғалым этнос пен тіл байланысы негізінде пайда болған ғылым саласы деп

суреттей келе, этнос деп белгілі бір дәуірде қалыптасып, тарихы, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті бір, уақыт өте келе жеке-жеке ел, мемлекет болып қалыптасқан деп түсіндіріп, этнос деген түсінік өте ауқымды түрде талданады.

Мәселен, біз орта ғасыр кезінде жазылған қолжазбамызды белгілі бір халыққа тиісті мұра деп емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ жәдігер деп қабылдауымыз керек. Себебі, жұмыстағы тілдік бірліктер тек белгілі бір тілдік топтың лексикасын сипаттамайды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде бұл тек қана қыпшақ тобына кіретін тілдерге тән лексемалар емес, оғыз тілдерінің ықпалы да бар, қарлұқ элементтері де ұшырасатын тіл бірліктері екендігіне көз жеткіздік. «Ат-Тухфа» қолжазбасының тілі оғыз, қарлұқ тілдерімен ұштасып жатқан түркі этносына ортақ мұра болып табылады.

Этнографиялық зерттеудің негізгі деректерін этнографизмдер немесе этнографиялық лексика береді. Оған академик Ә.Қайдар былай деп анықтама береді: «Этнографизм дегеніміз – өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік правоға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері» [94, Б.18-22].

Осы қарастырып жатқан ортағасырлық лексикалық бірліктерді этнографизмдер деп үлкен бір топқа топтастырып, жеке-жеке топтарға бөліп талдау жасадық. Төменде этнографизмдерді белгілі бір мағыналық не лексикалық топқа топтастыруға келмейді. Белгілі бір ұлтқа ғана тән мәдениеті, айналысатын шаруашылығы, салт-дәстүрі, тұратын үйі, тамағын сипаттайтын айқын этнографизмдерге мысал келтіріп, сараланды. Мысалдар қолжазбадан ғана алынды. Аударуға келмейтін, көбінесе түсініктеме ғана берілген сөздер:

قَان – قَان – qan – хан, сұлтан;

قِيمِيز – qimiz – қымыз;

يُورْت – يورْت – yurt – қоныстанған үй атауы;

قِشْلَاو – قِشْلَاو – qışlaw – қыстақ;

لَاوْ ياي – لاوْ ياي – yaylaw – жайлау;

وخالِي (كيز) كويوز – وخالِي (كيز) كويوز – kuiuz, xali – кілем, төсегіш;

كابين – kabin – қалың мал;

كيز – kiz – киіз;

وگوجا يارما – وگوجا يارما – yarma, köçe – жарма, көже, бидайдан жасалған тамақ;

تۈنلۈك – تۈنلۈك – tünlük – жарыққа арналған саңлау, түңлік, түндік;

كالي – كالي – keli – келі, үккіш, кессап (бидай, тарыны үгітуге арналған сайман);

جوناق – جوناق – čünaq – шұнақ, құлағы тесік адам не жануар.

بوتقا – بوتقا (فيقول باللين طبح اذا) – بوتقا – botqa – сүтті ботқа (егер күріш сүтке пісірілсе, оны ботқа дейді)

إدام - قَاطِقْ - qatıq-катық, ұйыған сүт, тамаққа тұздық

Қымыз – бие сүтінен ашытылған ұлттық сусын [91, Б.238].

«ДТС»-те: Qimiz қымыз: qimiz süt ja jöj jaγ ja joγrut qurut қымыз, сүт немесе майдың бір бөлігі, немесе ірімшік [54, С.444].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қымыз; хак. – хымыс; тат. – кымыз; түрк. – гымыз; өзб. – қимиз; қырғ. – кымыз; қ.қалп. – қымыз; ұйғ. – қимиз; тув. – хымыс; ног. – кымыз; башқ. – кымыз; алт. – кымыс; құм. – къымыз; әзірб. – гымыз; түр. – кымыз; чув. – кәмәс.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында «qimiz» деп берілген. Этнографизмге тек түсініктеме берген, бірақ аудармаған. Орта ғасыр кезіндегі басқа да қолжазбаларда қымыз деген сөз қолданысы бар. Бұл өз кезегінде түркі халқының жылқымен айналысқандығын білдіреді. Қазіргі түркі тілдерінде қолжазба тілімен толық сәйкес келеді. Алайда хакас, тува тілдерінде «х» әрпімен, ал түрікмен, әзірбайжан тілдерінде «г» әрпімен берілген.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» сөздігінде йогурт сөзі уағурт [35, С.21].

Йоғурт түрік тілінде, өзге түркі тілдерінде қатық сөзінің нұсқалары қалыптасқан [49, Б.146].

«Ашыған сүт, айран» мағынасындағы йоғурт сөзінің түбірі йоғур М.Қашқари сөздігінде «араластыру, былғау» ұғымында кездеседі. Йоғурт – қазақ тілінде кездеспегенмен қазіргі түрік тілінде кеңінен қолданылады. Қазақ тіліндегі құрт сөзі мағынасы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да бұл сөзбен сабақтас, мәндес [44, Б.181].

Ботқа – егер күріш сүтке пісірілсе, оны ботқа дейді. Оңтүстік қазақтарының бірінде сыркүріш дейді. Қазіргі түркі тілдерінде ботқа – қаз., өзб., тат., бутқа – башқ., ботқо – қырғ., лапа – түр., шилә – әзірб., шүле – түркм., шилвә – ұйғ. Ботқа сөзінің мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске ұшырамаған.

Шұнақ сөзіне келер болсақ, түркі халқында – атақты, әйгілі адамдар қайтыс болған кезде, аза тұтқан адам өз-өзінің шашын жұлып, құлағын кескен екен. Т. Арынов шұнақ сөзінің түбінде осы сипатталған дәстүр жатыр деп пайымдайды [8, Б.116].

Шұнақ деген сөзінің Қазақ әдеби тілінің сөздігінде беретін мағыналары: 1) құлағының ұшы кесілген я жабысып кеткен; 2) ауысп. келте, қысқа [95]. Шұнақ сөзі дәл «Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген мағынасымен сәйкес келмесе де, қазақ тілінде фразеологизм құрамында қолданылып жүр. Мысылы: шұнақ аяз, шұнақ қаққан аяз – қатты ызғарлы суық, бет қаратпайтын үскірік. Шұнақ қар – қыз, әйелге айтылатын кейіс сөз. Шұнақ құдай – налу, күйінуде тәңірге тіл тигізе айтылатын кейіс сөз [96]. Шұнақ сөзі тіркес құрамында ғана қолданылатын, көнерген сөздер қатарын құрайды.

Қыстау – төңірегінде мал жайылатын өрісі бар қыс мезгіліндегі малшылардың отыратын қонысы. Қыстау, әдетте, желден жақсы қорғалған ықтанды, қары аз әрі жұқа түсетін жерлерге, жаз бойы мал аяғы баспаған ну

қорықты, суы жақын, қалың қамысты, құрақты, бұталы өңірге орналасады [91, Б.200].

Қыстаудың дұрыс таңдалуы өте жауапты іс. Себебі қақаған аязда малдың қырылып қалмауы осы таңдалған қыстаудағы малшының тәжірибесі үлкен рөл атқарады.

Қ. Жалайыридің «Жами'ат-тауарих» атты жылнамасынан: «Йайлақ, қышлақ – жайлау, қыстау. Мауази йайлақы, қышлақы берілді» [83, Б.323].

«ДТС»-те: Qışlay қыстақ: jaşil qaja jajlayım qizil qaja qışlayım жасыл күз – менің жайлауым, ал қызыл күз – менің қыстауым [54, С.448].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қыстақ; хак. – хыстағ; тат. – қышлау; түрк. – ғышлама; өзб. – қишламоқ, қишлов; қырғ. – қыштоо, қыштап чығуу; қарақалп. – қыслау; ұйғ. – қишлаш; тув. – қыштаг; ног. – қыслав; башқ. – қышлау; алтай. – қышту; құм. – кышлав; әзірб. – ғышлаг; түр. – қышлама; чув. – хёл қасмалли ырайн.

Қолжазбада қыстау сөзі qışlaw деп берілген. М. Қашқаридің еңбегінде берілген нұсқамен бірдей. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен сәйкес келеді. Қышлау деген сөздегі «ш ~ с» сәйкестігі қарақалпақ, ноғай тілдерінде болған. Бұл сөз қыпшақ тобындағы тілдерге тән болып табылады.

Жайлау – малдың жазғы алыс жайылымы. Жайлау сөзіне байланысты тілдік оралымдар: жағасы жайлауда, етегі қыстауда; жайлаудай жайлы, көктемдей нұрлы; жайлауға көшу және т.б. [91, Б.199].

«ДТС»-те: Jajlay жайлау: jaуaq iуaq jajlayım менің жаздық жайлауым – жаңғақ ағаштарының ортасында [52, С.227].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – жайлау; хак. – чайлаг; өзб. – яйлов; қырғ. – жайлоо; ұйғ. – яйлақ; башқ. – йәйләу; түр. – йайлак.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *yaуlaw* деген сөз берілген. «ДТС»-те йайлақ деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде башқұрт тілінде сақталған. Қазақ тілінде «ж ~ й» сәйкестігі байқалады. Қарлұқ тобындағы өзбек, ұйғыр тілдерінде «йа ~ я» дыбысына алмасып, бір дыбысқа айналған. Бұл сөз де негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болып тұр.

Йурт – көшпелі халықтың портативті үйі. Моғолстанның йурты кім бу тәңрәде бір біріне би уста ерді [83, Б.323].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – жұрт, ел; хак. – чурт; тат. – йорт; түрк. – өй; өзб. – уй; қырғ. – үй; қ.қалп. – жай, там, үй; ұйғ. – өй; тув. – бажың; ног. – уый; башқ. – йорт; алт. – айыл; құм. – уый; әзірб. – ев; түр. – ев; чув. – сурт.

Йурт сөзінің «отан, киіз үй» мағынасы бар. Мысалы, ажун йуртыңдын ол хәм көч көтүрмүш [44, Б.152].

Қолжазбада қоныстайтын үй атауын *yurt* деп берген. Қазіргі түркі тілдерінде татар, башқұрт тілдерімен, яғни қыпшақ-бұлғар тобындағы тілдерге тән сөз екендігін байқауға болады. Қазақ тілінде жұрт деген сөз бар, бірақ архаизмге айналып кеткен. Көшіп кеткен үйдің орнын жұрт деген.

Қазіргі кезде ел деген мағынада қолданылады. Хакас, чуваш тілдерінде бастапқы әріптері ғана өзгеше болып тұр. Басқа түркі тілдерінде атау қолжазба тілінен өзгеше болып табылады.

Хан – 1) ең жоғарғы билеуші, монарх; 2) ру-тайпалардың билеушісі. 1) Шыңғыс хан, Борис хан (Годунов), 2) Мөңкү хан, Боданчар хан [83, Б.328].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – хан; хак. – хан; тат. – хан; түрк. – хан; өзб. – хан; қырғ. – кан, хан; қарақалп. – хан; ұйғ. – хан; тува. – хаан; ног. – хан; баиқ. – хан; алтай. – хан; құм. – хан; әзірб. – хан; түр. – хан; чув. – хан.

Ортағасырлық қолжазбада *qan* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл атау көнерген сөздер қатарына жатқызылады. Қарастырып жатқан 16 түркі тілдерінде бар хан сөзі ортағасыр кезеңдегі аталуымен толық сәйкес келеді. Алайда фонетикалық өзгеріске ұшыраған, яғни «қ~х» дыбысына алмасқан. Тек қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілінде «қ» әрпі емес, «к» әрпі қолданылған хан сөзінің нұсқасы бар екен.

Қалың мал – қыздың артынан берілетін салықтың түрі. Қазақ халқында қазіргі күнге дейін сақталған. Тек қалың малдың түрі өзгеріске ұшыраған. Бұрынғы кездері малмен есептеліп, берілсе, қазіргі кезде ақшадай ғана беріледі. Заманға сай өзгеріс болғанымен, аталуы, дәстүрдің өзі сақталған.

«ДТС-те»: Qabın кабын, натуральды салықтың түрі [54, С.399].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қалың мал; хак. – халың, халых; тат. – калым; түрк. – галың; өзб. – қалин пули; қырғ. – қалың мал; қарақалп. – қалың; тува. – калым; құм. – кьалын; әзірб. – калым, баишлыг; түр. – баишлык парасы; чув. – хулам укши, тупра.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *kabın* деген сөз қазіргі қазақ тіліндегі қалың мал деген ұғымға сәйкес келеді. «ДТС»-те: натуральды салықтың түрі деген мағынада көрсетілген. Мағынасы жағынан бір-біріне келеді. Қалың мал шынымен салық, күйеу жігітке салынатын салық. Қазіргі түркі тілдерінде қалың мал тіркесінің қолданысы бар екендігін көруге болады. Ортағасырлық қолжазбада берілген нұсқамен мүлдем ұқсамайды, яғни өзгеріске ұшыраған. Негізінен, бір-біріне ұқсайтын қалың сөзі қолданылған.

Киіз, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Киізден сырт киім, байпақ тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған [80, Б.581].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» кітабында *keli* деп берген. «ДТС»-те: *Kidiz* киіз, төсегіш: *ol ki[d]izig subqa soqmış* [54, С.306].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – киіз; хак. – киис; тат. – киез, тула; түрк. – кече; өзб. – кигиз; қырғ. – кийиз; қ.қалп. – кийиз, текиймент; ұйғ. – кигиз; тува. – кидис; ног. –

кийиз; башқ. – кейез; алт. – кийис; құм. – кийиз; әзірб. – кечә; түр. – кече; чув. – кёссе.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *kiz* деп берілген. «ДТС»-те *кидиз* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қосымша дауысты әріптер «і, е, йи» жалғанып, қыпшақ тобындағы тілдерде ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Бұл сөзді қыпшақ тобындағы тілдерге тән деп пайымдаймыз.

Түндік сөзін естігенде *киіз* үйінің шаңырағына жабылатын төрт баулы *киіз* еске түседі. «Киіз үйдің туырлық, түндігін, шилерін де былай қояйық» (М. Дүйсенов, Ант). Ертедегі түркілер *түндік* деп терезе деген мағынада қолданған болатын. Якут тілінде дәл осы сөз «түннүк» деп айтады. Ә.Нұрмағамбетов пікірінше, аталмыш сөздер туынды сөздер деп есептейді. Себебі, ескі, көне түркі тілдері қатарына жататын – чуваш тілінде «теенни» сөзі «тесік, саңылау» деген мағынаны береді. Моңғол тілінде «тооно» сөзі шаңырақ деген түсінікте қолданылады. Тесік деген сөз «теенни» сөзінен туындаған (теенни+дік>тендік>түндік *киіз* үйге әрі жарық беретін, әрі түтін шығаратын атау пайда болған) [97].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында терезе мағынасында *tūñlūk* сөзі қолданылған. Ертедегі түркілер де, ортағасырда да осы сөз қолданылған. Өзгеріске ұшырап, *түндік* сөзі қолданылған. Қазақ тілінде де *түңлік* болып, үндестік заңына байланысты *түндік* болып өзгерген. Түркі тілдеріне ортақ *лы/лі* жалғауы *лық/лік* болып, кейін қазақ тілінде үндестік заңына сай *лық/лік, дық/дік, тық/тік* болып өзгерген.

Келі – тары, бидай, т.б. дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Келінің биіктігі 50-60 см жуан бөрене ағаштың ортасын 30-35 см тереңдікте ойып жасайды. Келіні шеберлер мықты, әрі жарылмай көп жылға шыдауы үшін, қызған тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына қойдың құйрық майын, не түйе қомының майын сіңіреді. Келі жарылып кетпес үшін, әдетте, оның иіні мен тағанын түйенің иленбеген шикі терісімен қаптайды. Шикі тері кепкен кезде тартылады да, келіні қатты қысып қалады. Келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып қояды [80, Б.483].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – келі, үккіш; хак. – согах, сохна; тат. – киле; түрк. – сокы; өзб. – ўғир, ховонча; қырғ. – соку, жанчуур; қ.қалп. – кели; ұйғ. – һаванчә, оғур; тув. – согааш, соктааш; ног. – кели; башқ. – киле; алт. – сокы; құм. – кели; әзірб. – һәвәнкдәстә; түр. – хаван; чув. – килё.

Зерттеу нысаны болып табылатын қолжазбада *keli* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерде қыпшақ тобындағы тілдерде осы ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Сонымен қатар, чуваш тілінде *келі* сөзінің аталуы *килё* деп қолданылады. Фонетикалық өзгерістер болмаса, қолжазба тілімен сәйкес. Тілі негізінен, қыпшақ тобындағы тілдердің тілі болып табылады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тура аудармасы не баламасы жоқ сөздерге талдау жасалды. Барлығы 12 этнографизм мысал ретінде қарастырылды. Көптеген сөздер қазіргі түркі тілдерінде қазіргі күнге дейін

қолданылады. Хан сөзі мәселен, тарихи сөздер қатарына қосылып бара жатқан көнерген сөздер қатарына жатады. Қалың мал сөзі ортағасырлық қолжазбада кездесті. Бұл сөз өз тарапында ортағасырлық атаумен яғни кабин сөзінен өзгеріске ұшырағанын байқадық. Тіптен, қыпшақ тобындағы бірде-бір тілде сақталмаған екен. Бұл сөз атауы өзгеріске ұшырағанмен, мағынасы сол күйі қалған. Көне түркі сөздігінен кабин емес, кабин деген сөз түрінде натуральды салықтың атауы ретінде сөз табылды. Қалың мал деген түсінікті беретін сөз кабин сөз түрінде берілмеген.

Этнографизмдердің басым көпшілігі түркі халықтарының ертеден бері айналысқан мал шаруашылығын сипаттайды. Сүт өнімдері, сусын, мәселен құрт, қымыз, уыз және т.б. берілген. Сонымен қатар, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй атауына байланысты киіз, түңлік деген сөз де арабша-қыпшақша сөздіктен табылды. Киіз жасалу материалы болатын болса, түңлік сөзі киіз үйге күн нұры түсетін арнайы киіз үйдегі тесік атауы болып табылады. Шұнақ деген сөз де қазіргі түркі тілдерінде тіркес құрамында қолданылады екен. Алайда бұл салт үлгісі бұрын ұмыт қалған, көнерген сөз болып, тіл қолданысынан жеке сөз ретінде түсіп, тек тіркес құрамында ғана пайдаланылады. Этнографизмдер қатарына келі деген сөзді де енгіздік. Аудармасы бар болғанмен, көнерген сөзге айналған, отырықшы халық өмірі туралы құнды мағлұмат беретін сөздің бірі. Себебі, бидай, тарыны отырықшы халықтар ғана еккен болатын. Жоғарыда берілген этнографизмдер түркі халықтарының мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қоғып жүретін халық ретінде сипаттайды.

3.1 Сөздіктегі зергерлік, қару-жарақ және музыкалық аспаптар

Түркі тілдеріндегі қолөнеріне байланысты атаулар мен салыстырмалы деректерді, теориялық тұжырымдарды Орхон-Енисей көне жазба ескерткіштерінен бастап, салыстырмалы лексиканың ортағасырлық негізін қалаушы М. Қашқари, одан кейінгі В.В. Радлов, С.Е. Малов, Л.З. Боровков, Ә. Қайдар, К. Мусаев т.б. сол сияқты алтай тіл білімі бойынша В.И. Цинциустың басшылығымен жүргізілген ұжымдық зерттеулерден, Э.В. Севортянның этимологиялық сөздігінен кездестіреміз [98].

Түбі бір, туыстас түркі тілдерінде қолөнер лексикасын зерттеуге арналған бірсыпыра еңбектер мен сөздіктер бар. Олардың қатарында С. Ибрагимовтың (өзбек), С. Мырадованың (түрікмен), М. Асамутдинова (өзбек), И.М. Отаров (қарашай-балқар), Г. Атаев (түрікмен), Р.К. Рәхимова (татар), М.З. Кушоғлуның (түрік) және т.б. еңбектерін атап кетуге болады.

Қазақ тіл білімінде қолөнер атауларына байланысты Ш. Сарыбаев, Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев, Р.Н. Шойбеков, М.Ш. Өмірбекова, С. Қасиманов, Ә.Б. Алмауытов, А. Құралұлы, Ж.Т. Сикынбаев, Т.М. Әміреева сынды ғалымдардың еңбектері бар.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында да зергерлік атаулар ұшырасты:

سزغا – الازن حلقة – *sizğa* – *сырга*;

خاتم – يُوزُوكْ – *yuzuk* – жүзік;
سوار – بِلَازُوكْ – *bilezik* – білезік;
خزر – بُونْجُوقْ بُونْشُوقْ، - *bonşaq/bonçüq* - моншақ;
الاذن حلقة – أُصِرْقَا – *isirqa* - сырға.

Ғалым Р.Н. Шойбеков сырға сөзі ертеде түркі тілдерінде дауысты әріптен басталып, асырға, ысырға, ісірге, ісарға, ызырға деген атаулары болған дейді. Дәлел ретінде В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегінен асірға сөзін, «Хусрау уа Шірін» поэмасынан «асырға», Г. Вамберидің еңбегінен ісірге, есірге сынды сөздерін мысалға келтіреді [98, Б.118-119]. Біз өз тарапымыздан сырға сөзінің дауысты әріптен басталған варианттарға «Ат-Тухфа» ескерткішінен мысал келтіреміз: исіркә.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – сырға; хак. – ызырға; тат. – алка; түрк. – ысырға; өзб. – сирға, зирак; қырғ. – сырға; қ.қалп. – сырға, әребек; ұйғ. – пәйпәзә; тува. – сырға; ног. – сырға; башқ. – һырға, алка; алт. – сырға; құм. – сырғалар; әзірб. – сырға; түр. – күпе; чув. – алка.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде сырға сөзінің екі түрлі нұсқалары кездеседі *sizya* және *isirqa*. Дауысты әріппен басталған нұсқалары хакас, түрікмен тілдерінде сақталған. Ал, қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, тува, ноғай, алтай, құмық, әзірбайжан тілдерінде сөз басындағы дауысты дыбыс түсіп қалып, редукцияланған. Бұл өз кезегінде бастапқыда сырға сөзінің дауысты әріппен басталып жазылғандығын білдіреді. Сонымен қатар, исіркә сөзі түрікмен тілінің сөзі екендігін де анықталынды. Бұл дегеніміз түрікмен тілі ертеде қалыптасқан ысырға сөзін өзгертпей, сақтап қалған.

«ДТС»-те: Jüzük жүзік, сақина [54, С.288]. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде күре деп берілген. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» қолжазбасында уüzük [35, С.23].

Қазіргі жүзік сөзінің көне түркі тіліндегі аталуы йузук. В.В. Радлов алтай, телеуіт, шор тілдерінде йустук, чустук болып айтылатынын көрсетеді. М. Хабичев жүзік атауының төркінін жез сөзімен байланыстырады. Қазақ зерттеушісі Е. Жанпейісов жүзік сөзі тува, хакас тілдерінде сақталған, «буын» мағынасында қолданылатын, көне түркі тіліндегі «саусақ буыны» ұғымын білдірген чус сөзінен шыққан деп санайды. Е. Жанпейісовтың пікірі көңілге қонады. Сонымен, жүзік сөзінің түбірі – жүз; оның мағынасы «буын». Ал –ік – зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Оның толық түрі – дік, дук [98, Б.115-116].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – жүзік; хак. – пурба, еемек, егбек, ыстал; тат. – йөзек, кашлы йөзек; түрк. – йүзүк; өзб. – узук; қырғ. – жүзүк; қ.қалп. – жүзук, халқа, сақыйна; ұйғ. – үзүк; тув. – билзек, чүстүк; ног. – юзук; башқ. – йөзөк; алтай. – јүстүк; құм. – юзюк; әзірб. – үзүк; түр. – йүзүк; чув. – куслй сёрё.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде *yuzuk* деп берілген. Оғыз бұтағына жататын түрік және түрікмен тілдерімен толықтай сәйкес келеді. М. Қашқаридің еңбегінде жүзүк деп берілген. Бұл атау өз кезегінде қазақ, қырғыз,

қарақалпақ тілдерімен, яғни қыпшақ-ноғай және қырғыз-қыпшақ топтарындағы тілдерге келеді.

Білезік әдетте, сыңар қолға немесе екі қолға екеуін, кейде бір қолға екеуін бірден тағатын болған. Білезіктің тұтас және құрамды бөліктерден тұратын түрлері де бар. Екі-үш бөліктен құралған, ашпалы-жаппалы білезік түрін топсалы білезік немесе қақпақ білезік деп атаған. Босағадан жаңадан аттаған жас келінге жаңа тірлікті жатсынбасын, үй шаруасына адалдықпен, әрі тез кіріссін деген ырыммен енесі қазақ танымында «тазалықтың белгісі» ретінде саналатын күмістен жасалған қос білезік сыйлайтын болған [99, Б.93-94].

ДТС: Biläzük білезік [39, 99].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде bilezük [35, С.23]

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – білезік; *хак.* – пілектөс; *тат.* – беләзек; *түрк.* – билезик; *өзб.* – билагузук; *қырг.* – билерик; *қ.қалп.* – билезик; *ұйғ.* – биләк үзүк; *тув.* – билектәэш; *ноғ.* – билезик; *башқ.* – беләзек; *алт.* – билектүүш; *құм.* – билезик; *әзірб.* – биләрзик; *түр.* – билезик; *чув.* – суля.

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында *bilezik* деп білезік атауы берілген. М. Қашқаридің еңбегінде *билазук* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде жалпы білезік атауы сақталған. Тек, хакас тілінде «б ~ п» дыбыстарының сәйкестік үрдісі болып, пілектөс деп берілген. Тува, алтай тілдерінде тәэш, түүш деп екінші – узук сөзінің өзгерісін көреміз. Ал, чуваш тілінде суля деп беріліп, мүлдем өзгеріске басқа сөзге ауысқандығын көруге болады.

Моншақ – бір немесе әр түсті әдемі асыл тастарды тесіп, жібек жіпке тізіп мойынға тағатын, сәукелеге, тақияға, өзге де бас киімдерге қадайтын не салбырата іліп сәңдейтін әшекей бұйым [53, Б.285].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – моншақ; *хак.* – мончых; *тат.* – муенса; *түрк.* – монжук; *өзб.* – мунчоқ, маржон; *қырг.* – мончок; *қ.қалп.* – моншақ; *ұйғ.* – мончақ; *тув.* – шуру, чинчи; *ноғ.* – мойшак; *башқ.* – муйынсак; *алт.* – јинји; *құм.* – минчакъ; *әзірб.* – мунчуг; *түр.* – бонжук; *чув.* – шәрса.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында моншақ *bonşaq/ bonşüq* болып берілген. Мұнда бір сөз атауы екі түрлі көрсетілген. Бұл өз кезегінде ортағасырдың өзінде бір сөздің екі түрлі фонетикалық өзгерістермен айтылып, ортақ бір тіл нормаларының болмағандығын көрсетеді. Түрік тілінен өзге басқа қазіргі түркі тілдерінде «б ~ м» дыбысына сәйкестік байқалады. Оғыз-селжүк тобына кіретін түрік тілінде ғана ортағасырлық екінші нұсқасы сақталған. Бүншүк деген нұсқасы бойынша қазіргі түркі тілдерінде, яғни «ш» дыбысымен қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде айтылса, бүнжүк деген нұсқасымен, яғни «ж» дыбысымен оғыз және қарлұқ топтарындағы түрікмен, өзбек, алтай, түрік тілдерінде дыбысталады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында төрт зергерлік атауы және сырға сөзінің екінші синонимі берілген. Қазіргі түркі тілдерінде нұсқаларымен қолжазба тілі толықтай сәйкес келеді. Зергерлік атаулары бойынша қолжазба тілі оғыз-қыпшақ тілі деген тұжырымдамаға келдік.

Қару-жарақтың тарихы ерте кезеңнен, яғни тас дәуірінен-ақ басталады. Ежелгі адам қорек табу үшін, жыртқыш жануарлардан қорғану үшін қарапайым қару-жарақтарды ойлап тауып, қолданған. Бастапқыда қару-жарак өте қарапайым, негізінен тастан ғана жасалса да, уақыт өте келе, темір, күміс, алтынмен әшекейлеген. Қару-жарақтың түрлері қолданысы, жасалған материалы, көлемі бойынша түркі халықтарында сан алуан. Тіптен, қарудың бірнеше атаулары болуы да мүмкін.

Дегенмен, қару-жаракқа ортақ құрал сөзі қазіргі түркі тілдерінде аз ғана сақталған. Мысалы, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, татар, башқұрт, өзбек тілдерінде сақталған. Бастапқы мағынасы өзгеріске ұшырап, «шебер» деген мағынада қолданылады. Ортақ атаудан гөрі, жекелеген құралдар атаулары қазіргі түркі тілдерінде жиірек кездеседі. Қару-жарак атауларын қолдағы бар тілдік деректерден Орхон-Енисей ескерткіштерінен, М. Қашқари сөздігінен және т.б. ортағасырлық жазба ескерткіштерінен кездестіруге болады.

Қару-жаракқа байланысты құнды деректерді Т. Байжановтың «Қазақ тіліндегі әскери лексика» (1991), Қ. Ахметжановтың «Жараған темір тигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері)» (1996), А.М. Хазановтың «Очерки военного дела сарматов» (1971), Қ. Ахметжан «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» (2006) атты еңбектері, орыс ғалымдарынан Г.И. Семенюк, В.П. Курылев, Ю.С. Худяков және т.б. ғалымдар зерттеген.

Қазақ қаруын кешенді тұрғыдан алғашқы зерттеушілердің бірі – Шоқан Уәлиханов. Оның еңбектерінде XVIII-XIX ғғ. қазақтың суық және от қаруының түрлері, типтері, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жаракпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтерілді [90].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген қару-жарак атаулары:

منجنيق – بُورْمَا – *birma* – баллиста, атқыш қару-жарак;

قوس – ياي – *yai* – садақ;

سيف – قِلج – *qilič* – қылыш;

درقة – قَالْقَان – *qalqan* – қалқан;

حديد ترس - قَالْقَانُ تَامِرٌ - *temir qalqan* - темір қалқан

قورمان – تَرَكَاش – *qürman* – қорамсақ.

Садақ (жақ) – ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, жебе атуға арналған қол қаруы [100].

Дәлел ретінде З.С. Советова «Қобыланды батыр» жырынан мысал келтіреді:

Бұлғары садақ, Бұқар жай,

Тартылар майдан күн бүгін.

Қозы күрең астына мін дейді,
Құрсай садақ беліне ілді,- дейді [101].

Садақтың бірнеше түрлері бар: жай, жақ, саржа, керіс. Жай – кірмесіне жебе салып тартатын көне дәуір қаруы, садақ. Белгілі қару зерттеушісі М.В. Горелик жақтарды, яғни садақтарды конструкциясына қарай төрт типке бөледі:

- 1) бір ғана ағаштан тұтастай жасалған қарапайым түрі;
- 2) негізі тұтастай ағаштан жасалып, әр жерінде қосымша ағашпен, мүйізбен, сүйекпен тарамыспен не басқа материалдармен күшейтілген типі;
- 3) негізі тұтастай бірнеше ағаштан және басқа қатты материалдардан қосылып жасалған күрделі типі;
- 4) жақтың адырнасы әртүрлі материалдан бірнеше бөліктен құралып жасалған құранды типі [99, 40].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – садақ, жай; *хак.* – чаа, ох-чаа, чаацах, ортохчын; *тат.* – садақ; *түрк.* – яй; *өзб.* – камон, ёй; *қырг.* – жаа; *қарақалп.* – оқ-жай, сары-жай; *ұйғ.* – оқия; *тува.* – ча; *ноғ.* – яй; *башқ.* –ян, йәйә; *алтай.* – саадақ; *құм.* – жая; *әзірб.* – jaj; *түр.* – йай; *чув.* – ухй.

Садақ сөзі сақта деген етістіктен туындаған, беретін мағынасы садақты сақтайтын бір қап. М. Рясанен бұл сөзді моңғол сөзі дегенімен, моңғол тіліндегі түркизм болуы да ықтимал. Ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінде садақ атауы уай деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде садақты жай деген түр атауы қазақ, түрікмен, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінде сақталған. Қыпшақ, оғыз топтарына кіретін тілдердің бәрінде де фонетикалық өзгерістер болмаса, жалпы ортақ түркілік атау сақталған.

Қылыш – қарудың бір түрі. Қылыш ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен туындаған [102].

«ДТС»-те: Qīlīç қылыш: altun quruysaqīmīn qīlīçīn qeşipān менің ішімді қылышпен жарды [54, С.442].

Қылыш тек кирди қына. Қылыштай қынға кірген. Қын – қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қынап. Қос қылыш сыймас. Қос қылыш (бір) қынға сыймас [49, Б.145].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» қолжазбасында қылыш сөзі килич деп берілген [79, S.17].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қылыш; *хак.* – хылыс, селемей; *тат.* – кылыч; *түрк.* – гылыч; *өзб.* – қилич; *қырг.* – кылыч; *қ.қалп.* – қылыш; *ұйғ.* – қилич; *тува.* – хылыш; *ноғ.* – кылыш; *башқ.* – кылыс; *алт.* – кылыш; *құм.* – кылыч; *әзірб.* – гылынч; *түр.* – кылыч; *чув.* – хёс.

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінде қылыш қару атауы қіліч деп берілген. Басқа да ортағасырлық еңбектерде қилич деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде негізінен қилич деп соңғы әрпі «ч» деп қолданылған. Мәселен, татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінен көруге болады. Жалпы, қылыш деген ортақ атау ортағасыр

кезеңінен біреу сақталған. Алайда «ж~ч», «ж~ш», «ч~с» дыбыстарына сәйкестік. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ топтарындағы тілдерге ортақ тән құбылыс болып тұр.

Қалқан – қорғануға арналған құрал. «ДТС»-те: Qalqan, qalqañ қалқан: qıqır atıy kemşalim / qalqan süñün ğımşalim айғайлап жауларға аттанамыз, / қалқандар мен найзаларға соқтығысамыз [54, С.413].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қалқан; хак. – хаалха, күү, пүү; тат. – калкан; түрк. – галкан; өзб. – қалқон; қырғ. – калкан; қ.қалп. – қалқан; ұйғ. – қалқан; тува. – щит; ног. – калкан; башқ. – калкан; алт. – куйак; құм. – къалкъан; әзірб. – галхан; түр. – калкан; чув. – вәрсә хатёрё.

Ортағасырлық зерттеу нысаны болып табылатын қолжазбада қалқан сөзі qalqan деп берілген. М. Қашқаридің сөздігінде қалқан, қалқаң деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерде жалпы атау қалқан сақталған. Тек тува тілінде орысша атау щит қолданылса, алтай тілінде куйак, ал чуваш тілінде вәрсә хатёрё деген мүлдем қалқан сөзіне ұқсамайтын, фонетикалық өзгерістер болмаған, басқаша атауларды кездестіреміз. Түрікмен, әзірбайжан тілдерінде «к~г» дыбысына сәйкестік байқалса, хакас тілінде «к~х» дыбыс сәйкестігі болған.

Қару атауы қалқанды жоғарыда атап кеткенде, қалқанның 4 түрі болады, оның біреуі темір болаттан жасалатын түрі бар деп атап кетілді. Міне, осы түрі ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінде жеке қару атауы ретінде көрсетілген. Бұл өз кезегінде осы қалқанның осы төртінші түрі ортағасыр яғни шамамен XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында түркі халықтарында кең қолданыста болғандығын дәлелдейді. Қалқанның ең дамыған, соңғы үлгісі, өзге қалқан түрлерінен қолайлысы темір қалқан болған.

«ДТС»-те: Temür qalqan темір қалқан [54, С.413].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – темір қалқан; хак. – тимір хаалха; тат. – тимер калкан; түрк. – демир галкан; өзб. – темир қалқон; қырғ. – темир калкан; қ.қалп. – темир қалқан; ұйғ. – төмүр қалқан; тува. – демир щит; ног. – темир калкан; башқ. – тимер калкан; алт. – темир куйак; құм. – темир къалкъан; әзірб. – дөмир галхан; түр. – демир калкан; чув. – тимёр вәрсә хатёрё.

«Ат-Тухфа» ескерткішінде темір қалқан temir qalqan деп көрсетілген. Ортағасырлық басқа да қолжазбаларда темір қалқан деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде қыпшақ тобындағы тілдерде темір қалқан деген ортақ атау сақталған. Тек фонетикалық өзгерістер ғана байқалады. Алайда оғыз тобындағы тілдерде түрікмен, әзірбайжан, түрік тілдерінде «т~д» сәйкестігі болған.

Енисей ескерткішінде қорамсақ сөзі кешүг сөзі арқылы берген. Мысалы: Altunlüy kesig belimkä bántim – Алтын қорамсақты беліме байлап алдым. Қазақ эпосында тағы басқа синонимдермен беріледі: қылшан (Қылшанымды сары жүн оққа толтырып), қорамсақ (Қорамсаққа қол салды, Қозы жауырын

оқ алды); оқшантай (Оқшантайын байланып). Алғашқы екі сөз қазақ тілінде ұмыт қалып, сөздікте берілмейді, үшінші сөз архаизм қатарына жатқызады, төртінші сөз эпостарда кездескенмен, қару-жарақтың соңғы кезде пайда болған кейінгі атаулардың бірі болып есептеледі [103, 36-37].

Қорамсақ, қылшан – садақ оғының қабы. «Оқ қабы» мағынасында ілгеріректе қылшан сөзі де қолданылғанын көреміз. Мысалы, Қазтуғанды:

Қарағайдан садақ будырып,

Қылшанымды сары жүн оққа толтырып, - деген толғау жолдарын табамыз.

Садақ, қорамсақ, қылшан сөздерін синонимдік қатар түзіп, зерттеуші Ә. Қайдаров Халықаралық Алтаистика конференциясының 1972 жылы Вена қаласында өткен XV сессиясында қазақ тіліндегі қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары жөнінде арнайы баяндама жасап, қорамсақ сөзінің құрамындағы сақ элементі – бір сөз түбірінің йа/йак/жа/жақ, са/сақ сияқты варианттарының бірі дейді, ал қылшан сөзі қыл (аттың құйрығы не жалынның қылы) сөзіне «ыдыс, қап» мағынасындағы шан сөзі немесе –шан (-шін, -шін) жұрнағы қосылып жасалған сөз болу керек дейді [83, Б.129].

«ДТС-те»: Qurman қорамсақ [54, С.468].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қорамсақ; *хак.* – хуурлух; *тат.* – ук савыты, ук кынысы; *түрк.* – окдан; *қырг.* – саадак; *қарақалп.* – қоламсақ; *ұйғ.* – оқ салғуч; *тува.* – согун саадаа; *ноғ.* – ок қабы, ок дорбасы; *башқ.* – һазак; *алт.* – жанчык; *құм.* – садакъ; *әзірб.* – ох габы; *түр.* – ок кылыфы; *чув.* – йёнё.

Зерттеу нысаны болып табылатын қолжазбада қорамсақ сөзі qurman деп берілген. М. Қашқаридің сөздігінде де құрман деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл атаудың синонимдері қорамсақ, оқ сауыты не қабы, қырғыз тілінде саадак деп берілген. Ортағасырлық атау қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған. Бұл өз кезегінде қару-жарақтың атаулары көптеген тілдерде архаизм, историзм болып кету себебінен болуы да ықтимал.

Қару-жарақ атауларын қорытындылайтын болсақ, жалпы қолжазбада 6 қару-жарақ атаулары көрсетілсе, оның біреуі *birma*, яғни баллиста деген түрінің қазіргі түркі тілдерінде баламасы табылмады. Ортағасырлық басқа да қолжазбаларда кездеспеді. Сол себептен бұл қару атауы қолжазба жазылған елде, яғни Мысыр, Сирия елдерінде ғана пайдаланылған қару атауы болуы да ықтимал. Қару-жарақ атаулары қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық кезеңнен қатты өзгеріске ұшырамаған. Фонетикалық өзгерістер негізінен орын алғанымен, тек қорамсақ атты қару-жарақ ортағасырлық атауынан мүлдем өзгеріске ұшыраған. Жалпы, «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы қару-жарақ атаулары қыпшақ-оғыз топтарының тілдеріне ортақ деген пайымдама жасалынады.

Ортағасырларда музыканың теориясы және жалпы музыкалық аспаптар жайлы әл-Фарабидің «Китаб ул-мусика ал-кабир» (Музыка жайлы үлкен трактат) және «Музыкалық аспаптар жайлы кітап», Ибн Синаның «Китаб уш-Шифа» (Шипа кітабы) атты энциклопедиясындағы «Музыка жайлы

трактаты», аль-Хорезмидің «Мафатих ал-улум» (Ғылымдардың кілті), ал-Хусейнидің «Канон», Дарвиш Алидің «Музыка жайлы ортаазиялық трактат» атты еңбектерінен құнды мәліметтер ала аламыз.

Түркі халықтарының музыка өнері және музыкалық аспаптарын С. Агаева (әзірбайжан), В. Беляев (өзбек), Д.Н. Бернштам (қырғыз), О.А. Бочкарева (өзбек), В. Виноградов (қырғыз), А.Ф. Козловский (өзбек), Б. Сарыбаев (қазақ), В. Успенский (түрікмен) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Төменде музыкалық аспаптар тізімі берілген:

جلجل – جَانَكْ – *çaṅ* – чанг (музыкальды аспап);

جلجل - جُنْرَغِي – *çınraṅı* – чанраги (музыкальды аспап);

وَدُوْدُوْكَ دُوْمَرِي – *dumri, duduk m.* - домбыра;

رباب – اُولُوْقْ – *'ulıq* – ребаб (ысқымен ойналатын аспап);

طویل زمی – صِبِزْغِي – *sibizyi* – сыбызгы;

زورنای - قصیر زمی - *zurṅay* – сырнай.

«ДТС»-те: *Çaṅ* [гонга тәріздес музыкалық аспаптың атауы] 1. қоңырау; 2. тәрелке тәріздес соқпалы музыкалық аспап [54, С.139].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде көрсетілген *çaṅ* музыкалық аспап атауы М.Т. Зияева мен Ф.И. Фазыловтың аудармасы бойынша чанг деп көрсетілген [6, С.68].

Т.А. Арынов өз кезегінде бұл аспапты шаңқобыз деп айта көрсетіп кеткен [8, Б.41].

Алайда, ортағасырларда чанг деген атаумен арфаға ұқсас түркі халықтарында аспап болған. Музыкалық аспаптарға арналған Дарвиш Алидің еңбегінде «Чанг – музыканттардың пірі Венера құдайына арналған музыкалық аспап» деп атаған [104].

Автор кобызды кобыз деп өз атауымен атаған, ал «ДТС»-те бұл аспап тіптен қытайлардың аспабы деп көрсетілген. Бұл дерек біздің зерттеу объектісіне дейін берілген мәлімет. Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйене отырып, екеуін бір музыкалық аспап деп айта алмаймыз. Сол себептен де, «Ат-Тухфа» ескерткішінде берілген *çaṅg атауы* ортағасырда Сасанид және Осман империясы тұсында танымал болған чанг музыкалық аспабы болып табылады.

Қазақ халқы үшін домбыра заттық және әуездік төлмұра болуымен бірге, оның ұлт үшін символикалық нышаны да айрықша. Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы ісмерлердің шеберлігіне байланысты әртүрлі пішінде дамытылып, өзгеріп отырған. Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған [78, Б.331].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – домбыра; тат. – думбра; түрк. – домра; өзб. – думбира; қырғ. – домбра; қ.қалп. – домра; ұйғ. – домра; тув. – домра; ног. – домбра; башқ. – думбыра; әзірб. – домбра; түр. – домбыра; чув. – домбра.

Домбыра сөзі «до», «тө» түбірлерінен пайда болған «дөнеске» ұқсап жасалған музыкалық аспап домбыра тунгус-маньчжур тілдерінде домбыраға ұқсас «тэңкэрэ» атты ішекті аспабы, туваларда «дошпулуур» сөзі «балалайка» мағынасында қолданылады [97, Б.74-75].

«Ат-Тухфа» ескерткішінде *dumri*, *duduk* деген домбыраның екі түрлі атауын берген. *Duduk* сөзін автордың өзі түрікмен тілінде қолданылады деген. Түркі тілдес тілдерде домбыра атауы бір-біріне ұқсас, фонетикалық өзгерістерге ғана ұшыраған. Жалпы аталмыш музыкалық аспап қазақ, қырғыз, башқұрт халықтарына тән аспап.

Сыбызғы – қазақтың үрлемелі көне музыка аспабы. Қурайдан, ағаштан, кейде жезден де жасалады. Бұл аспап негізінен бақташылар арасында кең таралған [105].

«ДТС»-те: *Sibizyu* сыбызғы [54, С.502].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *сыбызғы*; *хак.* – *хобырах, сыбысхы*; *тат.* – *курай, сыбызғы*; *түрк.* – *түйдүк*; *өзб.* – *қамишсурнай*; *қырг.* – *чоор, сыбызғы*; *қ.қалп.* – *сыбызғы*; *ұйғ.* – *нәй*; *тува.* – *эдиски, шоор*; *ноғ.* – *сыбызғы*; *башқ.* – *һыбызғы*; *алтай.* – *эдиске, шоор*; *құм.* – *зурнай*; *әзірб.* – *түтәк*; *түр.* – *кавал*; *чув.* – *сәрнай*.

Ортағасыр ескерткішінде сыбызғы атауы *sibizyi* деп берілген. М. Қашқаридің сөздігінде *Sibizyu* атауы көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, хакас, татар, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, башқұрт тілдерінде ортағасырлық атаумен толықтай сәйкес келеді. Алтай және тува тілдерінде эдиски, шоор атаулары ұқсас болса, басқа тілдерде атаулары өзгеше болып табылады. Жалпы, қыпшақ тобындағы тілдерде сыбызғы атауы бірыңғай.

Сырнай туралы мәліметтерді Әл-Фарабидің «Музыка жайлы трактатында» кездестіреміз. Сурнай үрлемелі музыкалық аспап, сыбызғының қатарына жатқызылады. Бет жағында сегіз ойнау тесіктері, сырт жағында бір және жанынан екі ойнауға арналған тесіктері бар. Әл-Фарабидің еңбегінде суреттелген сурнай қазіргі сырнай тәріздес екі таяғы болған [104, С. 80].

Сырнай – қазақтың үрлемелі музыкалық аспаптарына байланысты қолданылатын жалпы атау. Сырнай жасалған затына қарай саз сырнай, камыс сырнай, мүйіз сырнай; құрылысына қарай қос сырнай және екі түтікті сырнай болып бөлінеді [105, Б.141].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *сырнай*; *хак.* – *кармойла*; *өзб.* – *сурнай*; *қырг.* – *сырнай*; *қ.қалп.* – *сырнай, гармон*; *түр.* – *мызыка*; *құм.* – *зурнай*.

Ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінде сырнай *zurнай* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде негізінен, сырнай деп берілген. Тек хакас тілінде кармойла, түрік тілінде мызыка, ортағасырлық нұсқадан өзгешеленеді. Ал, басқа тілдерден болса, тек «з~с» дыбыстарымен сәйкестік байқалады.

Музыкалық аспаптардың ішінде ребаб және чанраги атты музыкалық аспаптардың атауы қазіргі түркі тілдері арасында ұшыраспады. Ребаб

музыкалық аспабына келетін болсақ, ребаб – 1) мұсылмандардың шекті аспаптарының жиынтық атауы. 2) арабтардың ысқымен ойналатын шекті музыкалық аспабы. Ребаб көптеген елдерде сондай-ақ Орта Азия елдерінде кең таралған. Ребаб туралы деректерді Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен трактатында» кездестіруге болады [105, Б.447].

Ал, чанраги музыкалық аспабы Т.А. Арынов пайымдауы бойынша, чанк музыкалық аспабының екінші атауы болып табылады [8, Б.41].

3.2 Сөздіктегі туыстық атаулардың ерекшелігі

Туыстық термин атауларын зерттеген алғашқы ғалым – америкалық этнограф Л.Г. Морган. Түркі тілдері бойынша туыстық атауларды зерттеген ғалымдардың қатарында Л.А. Покровская «Термины родства в тюрских языках», Г.Г. Джафаров «Термины родства в семантической и грамматической структуре языка», Н.И. Егоров «Опыт этимологизации чувашских терминов родства и свойства. Отец (родитель)», А. Мамедов «О терминах родства в крымско-татарском языке», С.Ф. Миржанова «Терминология родства в диалектах башкирского языка», Н.П. Дыренкова «Брак, термины родства и психические запреты у кыргызов», Л. Жолдасбекова «Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар», С. Бигазов «Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың берілуі» және т.б. еңбектерді атауға болады.

Туыстық атауларды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа қандас туыстық атауларды және екінші топқа некелік туыстық атауларын жатқызуға болады. Бірінші топқа төмендегідей лексикалық бірліктер жатады:

اب - أبا - *ata* – әке;

أنا - *ana* – ана;

قارداش - *qardeş* – аға;

قیز قارداش - *qiz qardeş* – ана (әпке);

ددا اویگا، - *abke/dede* – ама;

ابا دادا، - *dede/apa* – әже;

أكا - *aka* - тәте (әке жағзынан әйел туыстары);

اوغل وقيل اول - *ul, uyl* - ұл.

Екінші топқа, яғни некелік туыстық атауларға төмендегідей лексемаларды жатқызуға болады:

كویا - *küie* - күйеу бала;

أنا قاین - *qayin ana* - ене, қайын ене;

كویاکی کویاؤ، - *küieu/küiaki* - күйеу бала, бажа;

أر - *er* – күйеу;

كالین - *kelin* – қалыңдық;

ارمله - *tül* – жесір, тұл.

Қандас туыстық атаулары

Әке – 1. ер адамның өз балаларына туыстық қатысы. 2. Әке – ұрпақ иесі, папасы, отағасы және асыраушысы [106, Б.318].

Жеті атадан санайтын болсақ, әке екінші ұрпақ болып табылады.

Ерте заманғы және қазіргі түркілерде әке деген сөзді атауға арнайы сөз жоқ. Атау мақсатында ата; баба, аба. Әр түркі тілдерінің ерекшеліктері мен дыбыстық сәйкестіктеріне сай, яғни t~t, d~d, k~k, b~b, p~p қазақ тілінде тәте, көке, түрікмендерде: кака, даде және т.б.

«ДТС»-те: *Ata әке: atañ öldi ęrsä atañ meñ saña/ atalıq qılajın oñul bol maña eger әкең қайтыс болса, әкеңнің орнына мен әке боламын, менің ұлым бол* [54, С.65].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде әке сөзін ата деп берген [35, С.45].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – әке; хак. – аба, ада; ұйғ. – ата, дада; қырғ. – ата; қ.қалп. – әке, ата; түр. – баба; чув. – атте; башқ. – ата; өзб. – дада, ота; тув. – ада; тат. – ата; құм. – ата; алт. – ада; түрк. – ата; ног. – ата; әзірб. – ата.

Әке деген сөзді Диалектологиялық сөздіктен қарастырсақ, аймақтық өзгерістерді байқаймыз: 1) аға (өзб., Ташк.); 2) ата, әкесінің ағасы (өзб., Бұх.) [107, Б. 110].

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада әке сөзін ата деп көрсеткен. «ДТС»-те ата деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл ортағасырлық атау ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, татар, құмық, түрікмен, ноғай, әзірбайжан тілдерінде сақталған. Ата сөзі әке мағынасында қыпшақ, оғыз, қарлұқ тобындағы басым көпшілік тілдеріне ортақ тіл бірлігі болып табылады. Қазақ тілінде де аймақтарда ата деген ортағасырлық мағынасы қолданыста екен.

Түркі қоғамында ана үлкен рөл атқарып, қасиетті болған. Ана сөзі шешеге қатысты кеңінен қолданылады. Көне сөздіктерде де осы атау сақталған, мәселен,

«ДТС»-те: *Ана ана: ata bi rana bir ujalар bu халқ бұл адамдар туысқандар: олардың әкесі мен анасы бір* [54, С.43].

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде ана сөзі ана деп беріледі [35, С.45]

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ана; хак. – ине; ұйғ. – ана, ана; қырғ. – эне; қ.қалп. – ене, ана, ана; түр. – ана, анне; чув. – анне; башқ. – әсә; өзб. – она; тув. – ие, ава; тат. – ана; құм. – ана; алт. – эне; түрк. – эне; ног. – ана; әзірб. – ана.

Ана сөзі ең жиі қолданылатын сөз болып табылады. Соның нәтижесінде, фонетикалық, семантикалық өзгерістер болған. Мәселен, ана сөзі қазақ, қарақалпақ тілдерінде ене деген сөзге ұйытқы болып, бастапқы, соңғы дауысты әріптерінің өгеруімен ене деп те қолданылады. Мысалы, хак. іне, тат. ани, башқұрт тілінде инай. Қазіргі кезде ана – өз анасы, ене – қайын ене деген мағынада қолданылады.

Б. Сағындықұлы өзінің «Таңдамалы шығармалар» атты еңбегінде ана сөзінің 4 түрлі мағынасын атап көрсетеді: аба – мать;

аба (көпше түр) – прародитель(ДТС);

аба – отец;

апа – баланың туған анасы, шешесі;
апа – бірге туған қыздардың үлкені, әпке.

Аба~апа параллелизмі бір-біріне ұқсамайтын төрт түрлі ұғымға атау болып тұр: 1) ана, 2) ата, 3) ата-баба, 4) әпке. Бұларды сыртқы (экстралингвистикалық) фактор жақындастырады: барлығы да «Туысқандық атаулары» деп аталатын тақырыптық-семантикалық топқа жатады. Сөздердің бір тілден екінші тілге енуі, мағыналық өзгерістерге түсуі – көп ұшырасатын жайт. Осы себепті жоғарыдағы мысалдарды құранды (әр тілден) деуге негіз жоқ [108, Б.103].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында ана сөзі апа деп берілген. М. Қашқаридің сөздігінде ана деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде тува тілінде ие, ава деп өзгеше нұсқалары қолданылады екен. Басқа түркі тілдерінде ана сөзі ортағасырлық нұсқамен сәйкес келеді. Тек хакас тілінде бастапқы а~и дыбысына, соңғы а~е дыбысына; қырғыз, алтай, түрікмен тілдерінде бастапқы а~э, соңғы а~е дыбысына сәйкестіктері байқалады. Түрік, чуваш тілдерінде ортаңғы н әрпінің екі еселенген нұсқасы қолданылады.

Ағалы-інілі – бірге туған не бір атаға жататын рулас үлкенді-кішілі ер адамдардың бір-біріне туыстық қатынасы [106, Б.314].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – аға; *хак.* – харындас; *ұйғ.* – ака; *қырғ.* – бир тууган; *қ.қалп.* – агайин; *түр.* – еркек кардеш; *чув.* – ар таван; *башқ.* – ир туған; *өзб.* – биродар, ака; *тува.* – акы; *тат.* – бертуган; *құм.* – къардаш; *алт.* – карындаш; *түрк.* – доган; *ноғ.* – кардаш; *әзірб.* – гардаш.

Аталмыш сөздің мағынасы кең. Негізгі мағыналары: 1) әке; 2) үлкен аға, әпке, бауыр; 3) жасы жағынан үлкен туыс, қартайған ер адам; 4) ата; 5) аға. Түркі тілдерінде қолданысы бойынша екіншісі, бесіншісі, біріншісі пайдалынады.

Зерттеп отырған қолжазбамызда аға сөзі qardeş деп берілген. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде қарындаш деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық нұсқа тек құмық, ноғай, яғни қыпшақ тілдерінде сол қалпында сақталған. Оғыз тобындағы әзірбайжан тілінде қ~г дыбысына сәйкестік нұсқасы қолданылады. Ал түрік тілінде еркек кардеш деп екі сөзден тұратын сөз бірлігіне өзгерген.

Апа – жасы үлкен әйел адамның өзімен бірге туған іні-сіңлілеріне қарым-қатынасын айтамыз. Аймақтық ерекшеліктерге байланысты апа, апай, әпеке, әпкей, әпше деген сөздер де қолданыста бар [107, Б.120].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – апа; *хак.* – хыс харындас; *ұйғ.* – ача; *қырғ.* – әже, карындаш; *қ.қалп.* – апа, сиңли; *түр.* – кыз кардеш; *чув.* – аппа, йәмак; *башқ.* – апай, кәрендәш; *өзб.* – опа, сингил; *тув.* – угба, дуңма; *тат.* – апа, сеңел; *құм.* – къызардаш; *алт.* – сыйын, әје; *түрк.* – уя, аял доган; *ноғ.* – апте, карындас; *әзірб.* – бачы.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында апа сөзі *qiz qardeş* деп берілген. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде *kız karındaş* деп, -ын жалғандығын байқаймыз [35, С.45].

Қазіргі түркі тілдерінде түрік, құмық тілдерінде сақталған. Басқа түркі тілдерінде қатты өзгеріске ұшыраған. Ортағасырлық атау жалпы сақталмаған.

Қарындас сөзі орта ғасырларда бауыр, ағайын – туған, жатырлас, яғни бір жатырдан тараған деген мағыналарда білдіреді. Алинің қыз қарындашы бар әрди. Алидың қыз қарындасы бар еді. Қарындас сөзінің түбірі – қарын. Сол дәуірлерде қызға да, ұлға да қатысты қолданылған. Мәселен, *қарындас* сөзі қазақтың жыраулар мектебінің соңғы өкілі Махамбет жырларында көп кездеседі:

Заманым менің тар болды,
Тура билік биде жақ.
Бәрін айт та, бірін айт,
Қаумалаған қайран қарындас
Қазақта бар да менде жоқ (Жалғыздық өлеңінен үзінді).

Батыр ақын «қарындас» сөзін кең мағынасында «бірге туған бүкіл халқым» деген мәнде қолданған. Яғни қазіргі қазақ тілінде «қарындас» сөзінің семантикасы барынша тарылған. Оның құрамындағы жалпылық семасы өзектелмей, жекелік семасы басымдық алған.

Қазіргі қазақ тілінде осы сөздің мағынасы тарылып, бірге туған ағасынан жасы кіші қыз мағынасы сақталған және жасы үлкен ер адамның айтатын қаратпа сөзі. Қарындас сөзінің екі мағынасын да халқымыз бұрыннан қолданып келгендігін дәлелдейтін нәрсе, ол – осы сөздің екінші іні мағынасының бүгінгі күнге дейін аймақтық қолданыста бар екендігі. Қазіргі кезде Таулы Қошағаш, Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданында ініні қарындас дейді [49, Б.161].

Бастапқыда жалпы бір ата-анадан туылған бала деген мағынаны білдіретін ұл мен қыз балаға жалпы ортақ атау болған. Көптеген түркі тілдерінде ер адамды белгілей бастаған. Бұл сөздің астарында кішілік мағына да болды. Кейбір түркі тілдерінде әйел семантикасында ер адамның кіші қарындасы деп айтыла бастаған. Сонымен қатар, туысқан, туыс немесе қаратпа сөз ретінде қолданысы да пайда бола бастаған.

Ата – әкесінің әкесін, яғни жеті атадан санағанда үшінші ұрпақты айтамыз, жасы үлкен, сол отбасының қариясы.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ата; *хак.* – аға; *ұйғ.* – бова; *қырғ.* – чоң ата; *қ.қалп.* – ата, баба; *түр.* – дедде; *чув.* – асатте; *башқ.* – бабай; *өзб.* – бува; *тув.* – кырган-ача; *тат.* – бабай; *құм.* – уллу ата; *алт.* – ашыыйак; *түрк.* – ата; *ног.* – атай; *әзірб.* – баба.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада ата сөзі *abke/dede* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық атау түрік тілінде ғана сақталған. Тура сол қалпында емес а~е дыбысына алмасқан фонетикалық өзгеріс байқалады. Алайда, араб тілінде тек 3 дауысты әріптің болуына

байланысты автор толығымен нақты түркі әріптерімен көрсете алмауы да ықтимал. Сол себептен де, аталмыш фонетикалық өзгеріс тек сөздікте берілген орфографияға ғана негізделген субъективті пікір болып табылады.

Тілімізде әжеге қатысты көптеген тілдік оралымдар бар. Мәселен, ақ жаулықты әже, ұлы әже және т.б. [106, Б. 317].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – әже; хак. – *кирі іче*; ұйғ. – *момай*; қырғ. – *чоң эне*; қ.қалп. – *мама кемпир*; түр. – *бүйүканне, нине*; чув. – *асанне*; башқ. – *оләсәй*; өзб. – *биби*; тув. – *қырган-ава, эне*; тат. – *әби*; құм. – *улла ана*; алт. – *јаан эне*; түрк. – *мама*; ног. – *ае, уыйкен абай*; әзірб. – *нәнә*.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында әже сөзі *dede/ара* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық атау сақталмаған. Тек қыпшақ тобындағы қазақ тілінде апа деген сөзде б~п сәйкестігі байқалады.

Тәте – жасы үлкен әйел адамның, әкесінің әпкесі не қарындасы баласына тәте болатын туыстық қарым-қатынасты айтамыз.

«ДТС»-те: *Kükü тәте (әке жағынан) küküjüm келді менің көкем келді* [54, С.325].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – *тәте, аға, көке (әке жағынан)*; хак. – *чача*; ұйғ. – *чоңна*; қырғ. – *тай әже*; қ.қалп. – *үлкен апа*; түр. – *тейзе*; чув. – *мәнакка*; башқ. – *әбей*; өзб. – *хола, амма*; тув. – *даай ава*; тат. – *түти*; құм. – *эчив*; алтай. – *эје*; түрк. – *дайза*; ног. – *аптей*; әзірб. – *хала, биби*.

Диалектологиялық сөздікте: тәте – 1) баланың туған әкесі (Түрікм., Красн., Алм., Нар., Кег.); 2) апа, шеше (Сем., Мақ., Үрж.) 3) тете/дәде – бірге туған ағасы, жасы үлкен туыстар (өзб., Ташк., Жамб.) [107, Б.631].

Зерттеп жатқан қолжазбада тәте сөзі *ака* деп берілген. М. Қашқаридің сөздігінде *күкү* деп көрсетілген. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде *сісе* сөзі тәте мағынасында қолданылған [35, С.45]. Қазіргі қазақ тілінде «шеше», оңтүстікте «жеше» деп айтылады. Л.З.Будаговтың еңбегінде осы мәселені жазып кеткен: Шеше это название дается мать бабке, внуками от сына, если она жива, своего же мать называют апа [109].

Ортағасырдың өзінде-ақ тәте сөзі өзгеріске ұшыраған. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық атаулар сақталмағанмен, қазақ тілінде түрлі аймақта тәте сөзі аға деп немесе Қашғари сөздігіндегі көке деп те тәтесін атайды. Деде сөзінің қазақ тіліндегі баламасы тәте. Оңтүстік қазақтарының тілінде әлі күнге әке, аға, көке, тіпті ата деген мәнде қолданылады. Ал Алматы мен солтүстік қазақтары тіліндегі тәте басқаша шығу төркіні. Ол орысшадағы тетя-дан келеді. Әр түркі тілінде әртүрлі берілген тәте сөзі алтай және қырғыз, түрік және түрікмен тілдерінде ортақ атаулары қолданылады.

أُوغُلْ وَقِيلْ أُوْلٌ - ولد – *ul, uyl* - *бала*. Ұл деген сөз ортағасырлық кезеңде жалпы балаларға бірыңғай қолданылған. Қазіргі кезде жалпы атау емес, тек ұл баланы ғана атайтын болған. Біріншіден, сөзде үнемдеу принципі

бойынша, ғ әрпі түсіп, яғни тұлғасында бір әріпке өзгеріске ұшырап, мағынасы жағынан жалпыдан жалқыға тарылған.

Некелік туыстық атаулары

Екінші топтағы тілдік бірліктерге тоқталып кетейік. Бұл топқа некел арқылы анықталатын туыстық атауларды жатқызамыз. Олар: күйеу бала, қайын ене, ер, қалыңдық, жесір. Сөздер қолжазбадан жинастырылған атаулар болып табылады.

Күйеу бала – қызының күйеуін айтамыз.

«ДТС»-те: Күдәгү күйеу бала: *iki qadın erdi күдәгү ікі екеуі қайын ата, екеуі күйеу бала болды* [54, С.324]. Сонымен қатар, бұл формада көне түркі ескерткіштерде руникалық күдәгү, көне ұйғыр тілінде кездеседі. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде *küyeğü*.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – күйеу бала; хак. – кізö; ұйғ. – күйогул; қырғ. – күйөө; қ.қалп. – күйеу; түр. – дамат; чув. – кёру; башқ. – кейәү; өзб. – куёв; тува. – күдәэ; тат. – кияу; құм. – гиев; алт. – күйү; түрк. – гиев; ног. – киев; әзірб. – күрәкән.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *küie* деп берілген. Сонымен қатар, *küieu/küiaki* деген синонимдері де бар. Ортағасырлық басқа да қолжазбаларда *küiākī* деген синонимнен сәйкес келетін *küdägü* деген нұсқасы көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінен *küiā* нұсқасымен алтай тілі сәйкес келеді. *Küiāü* нұсқасы қазіргі түркі тілдерінде кеңінен қолданыста. Мәселен, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, татар, яғни негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән атау болып табылады. Үшінші нұсқасы *küiākī* ортағасырлық қолжазбаларда ғана сақталып, қазіргі тілдерде қолданыстан шығып қалған. Күйеу сөзінің 3 буынды тұлғасы к дыбысы түсіп қалып, екі буынды қалыптасқан. Осы сөздің түп-төркінің С.Мұрат түркі-моңғол тілдеріне ортақ болу керек деп айтып кеткен [44, Б. 171].

Ене – ер-азамат анасының келініне, қыз шешесінің күйеу баласына жақындығы. Қайын ене – ерінің туған шешесінің келін баласына, келіннің туған шешесінің күйеу баласына туыстық қатынасы [106, Б.324].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ене, қайын ене; хак. – хазине; ұйғ. – кейин ана; қырғ. – кайын эне; қ.қалп. – қайын ене; түр. – кайынанана; чув. – хуняма; башқ. – кәйнә; өзб. – қайнана; тув. – кунчуг; тат. – каенана; құм. – къайын ана; алт. – кайын эне; түрк. – гайын эне; ног. – кайын ана; әзірб. – гайынанана.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде қайын ене сөзі *қауиn ана, қауиn ата* [35, Б.46].

Біз зерттеген қолжазбада *қайын ене* сөзі *қауиn ана* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, түрік, өзбек, татар, құмық, алтай, ноғай, яғни қыпшақ, қарлұқ, оғыз тобының тілдерінде сақталған. Оғыз тобындағы түрікмен, әзірбайжан тілдерінде қ-г сәйкестігі болған. Хакас тілінде хазине, чуваш тілінде хуняма деп берілуі қыпшақ тілдерінен алшақ

орналасқан, басқа тілдік топ болу себебінен деп түсіндіріледі. Тұлғасы жағынан бір сөзбен өзгеріп, мағынасы өзгеріске ұшырамаған.

«Ер» деген сөздің бірнеше мағынасы бар: 1. ар-намыс үшін саналы, батыл әрекеттерге баратын, адамгершілік қасиеті мол еркек жынысты азамат; 2. Еркек адамның некелеп алған әйеліне жақындық қатысы [106, Б.324].

«ДТС»-те: Ер ер, күйеу: *erig uşuz aļu vu* ермен кездестіретін тұмар [54, С.175]. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде *küuegü* деп көрсеткен.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ер; *хак.* – ир; *ұйғ.* – әр; *қырғ.* – әр; *қ.қалп.* – ер; *түр.* – кожа; *чув.* – ар; *башқ.* – ир; *өзб.* – әр; *тув.* – әр; *тат.* – ир; *құм.* – әр; *алт.* – *öböğön*; *түрк.* – әр; *ноғ.* – бай, әр; *әзірб.* – әр.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында ер сөзі ер деп берілген. «ДТС»-те ер деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде түрік, алтай тілдерінен басқа тілдерде әртүрлі дауыстық варианттарымен ер сөзі қолданылады. Ортағасырлық атау сақталған. Мағынасы мен тұлғасы өзгеріске ұшырамаған.

Қалыңдық – бір елдің жігітіне атастырылып не сол ел тарапынан айттырып қойған, оң жақта отырған бойжеткеннің болашақ күйеуіне және оның жұртына жақындық қатынасы [106, Б.329].

Түркі қоғамында қалыңдық не келінге өз қыздары тәрізді қарым-қатынас болған. Туған қызымен салыстырғанда, келінге асыранды қыз ретінде қараған. Бетінен қақпай, ұрыспай, үлкен құрметпен қараған. Қазақ халқында мақал-мәтел бар: *қызым саған айтам, келінім сен тыңда.*

«ДТС»-те: Келін қалыңдық, келін: *jüvüşlög kelin küdägü javaş bulur* жасауымен болған қалыңдық момын күйеуді табады [54, С.296].

Келін сөзі сонымен қатар, түркі тілдерінен басқа да көрші тілдерге славян, иран, фин-угор, иберий-кавказ және т.б. тілдерге енген.

Келін сөзінің этимологиясына үңілсек, кел ~ келу деген сөзден шығады. Келді, кетті деген етістіктердің түбірі осы сөз болып табылады. Семантикалық жағынан келін сөзі қыз сөзіне қарама-қарсы қойылады.

Лингвистикадағы оппозиция — структурализмдегі мәнайырым үшін маңызды ұғымдардың бірі ретінде түсініледі. *Тұрпат межесі бірліктерінің арасындағы мұндай айырымға мазмұн межесіндегі бірліктердің айырмашылықтары да сәйкес келеді* [42, Б.22-23]. Лингвосемиотикада оппозиция ұғымы тілдік бірліктерді (инварианттар) және олардың варианттарын бөліп көрсету (ажырату) үшін қолданылады. Мұндағы басты ерекшелік мынада:

- инварианттар бір бірімен *оппозитивтік қатынастарға* түсе алады, яғни олар бір біріне толықтай қарама-қарсы қойылады;

- ал варианттарда мұндай қабілет, мүмкіндік, әлеует жоқ, болмайды, демек олардың арасындағы қатынастар *бейоппозитивті болады.*

Тілімізден мұндай қарапайым оппозицияларға көптеген мысалдар келтіруге болады: бар//кел (ары қарайғы және бері қарайғы бағыттардағы қозғалыс етістіктері, *субъектіден алыстау және оған жақындау*); кел//кет

(бері қарайғы және әрі қарайғы бағыттардағы қозғалыс етістіктері, *субъектіге жақындау және одан алыстау*). Бірінші жағдайда оппозицияға дербес лексемалар мағыналарының арасындағы қарама-қарсылық негіз болса, екінші жағдайда түбірлес лексемалардың мағыналық құрылымындағы екі түрлі мән арқалаған екі морфемаға (морфоформа) жүктелген семалар өзара қарама-қарсы қойылады. Олар сөзжұмсамда мәнажыратушы құрал қызметін атқарады. Тілімізде «келімді-кетімді кісі» деген қолданыс бар. Мағынасы «қонақ, мейман» және жалпы «бір үйде тұрақты тұрмайтын, жай белгілі бір мерзімге келіп-кететін» дегенді білдіреді [42, Б.22-23].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – қалыңдық; *хак.* – наа пала; *ұйғ.* – келин; *қырғ.* – колукту; *қ.қалп.* – қалыңлық; *түр.* – гелин; *чув.* – сураснă хёр; *башқ.* – кәләш; *өзб.* – қаллиқ; *тув.* – душтук; *тат.* – кәләш; *құм.* – гелешмиш; *алт.* – сырғалжы; *түрк.* – гелинлик; *ноғ.* – заманы келген кыз; *әзірб.* – кәлин.

Қолжазбада қалыңдық сөзі *kelin* деп берілген. М.Қашқаридің сөздігінде *kelin* деп көрсетілген. «Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде де *kelin* деп жазылған. Қазіргі түркі тілдерінде ұйғыр, әзірбайжан, түрік тілдерінде сақталған. Оғыз тобының тілдерінде қолданылады екен. *Келин* деген атау қазіргі түркі тілдерінде қалыңдық емес, *кәлін* деген мағынада кеңінен қолданыста. Жалпы ортағасырлық сөз атауының мағынасы өзгеріске ұшыраған.

Қоғам және отбасында жесір үлкен орын алатын. Бір жағынан, жесір әйел балалар мен ата-енесіне деген жауапкершілікті сезініп, өзінің қорғансыздығын, басқа жағынан, барлық туысқандары аяп, көмектесуге тырысады. Ел арасында дәстүр де сақталған еді. Көбінесе қайтыс болған күйеуінің үлкен ағасы жесір әйелге үйленіп, жетім қалған отбасына қамқор болатын.

Бұрыннан бері осы сөзді сипаттайтын бір ғана сөз қолданылған. Ол төмендегідей: тұл. Көне ұйғыр тілінде тұл; түр., әзірб., түрк. дул, тат., башқ. тол, қаз., қарақалп. тұл, қырғ., алт. тул; өзб., ұйғ. тұл.

Негізгі мағынасы әйел адамға да, ер адамға да бірдей қолданылған. Бастапқыда сөз әйел адамға қатысты қолданылған. Көне мағыналардың бірі қырғыз тілінде берілген: өлген күйеуінің суретін әйелі іліп қойып, жылаған.

Бажа – туған әпкелі-сіңлілердің күйеулерінің бір-біріне қатынасы. Ерте заманнан қазіргі кезге дейін ортақ бір атау бажа сөзі қолданылған. Мәселен, қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – бажа; *түрк., тат., каб.* балкар, *түркм. диалектілерінде* – *baža*; *тат.диалк.* – *paça, bаса*; *башқ., қ.қалп.* – *baža*; *қырғ.* – *baža*; *алт.* – *bad'a, paja*; *өзб.* – *bāža*; *өзбек диалект.* – *bāža, baža, bāžā*; *ұйғ., ұйғ. диалект.* – *baža*; *хак.* – *paža*; *тув.* – *baža*.

Негізгі мағынасымен қатар, қосымша әйел арқылы туысқандықты білдіретін басқа да сөздерді сипаттауға қолданылады. Сонымен қатар, аймақтың оңтүстік-бастыс бөлігінде және кейбір көрші қыпшақ тілдерде бажа сөзінің синоним *баžанақ* сөзі қолданылады: шағ. – *bažанақ*; түр., әзірб.,

тат. – bažanak; түр. – bažanax; түр. диалект. – bažunak; тат. – bažanak; чув. – ruš'ana. Осы сөзден орыс әдебиетінде қолданылатын печенег деген этноним туындаған. Кең таралған бажа сөзі қолжазбаның тілімен сәйкес келмейді екен.

Туыстық атауларға арналған тараушаны қорытындылайтын болсақ, жалпы 12 атау екі топқа бөліп қарастырылды. Барлық (1 сөзден басқа) ортағасырлық қолжазба атаулары, яғни 11 сөз қазіргі түркі тілдерінде түрлі дауысты әріптер өзгерістерімен сақталған. Жалпы қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне ортақ 3 сөз бар, олар: ата, ер, қайын ана. Қандас туыстық атаулары негізінен түркі тілдеріне ортақ болып табылады. Негізінен тұлғалары ортақ, мағынасы жалпыдан жалқыға өзгерген. Мәселен, ұл сөзі бастапқыда жалпы бала атауы болса, кейіннен тек ұл балаға ғана қолданылатын болған.

3.4 Киім-кешек атауларының этно-мәдени мазмұны

Киім атауларына қарасты тарихи тіл деректерін әр қырынан қарастырып (тарихи, археологиялық, этнографиялық, мәдениеттану т.б.) зерттеген Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Ө. Жәнібеков, С. Қасиманов т.б. еңбектерінің берері мол [93, Б.5].

Жалпы тіл білімінде киім атауларына қатысты лингвистикалық зерттеулер: Б.Р. Мамедова «Названия одежды в азербайджанском языке», М. Асамутдинова «Названия оджеды в узбекском языке», Г.М. Миронова «Названия одежды в древнерусском языке» т.б.

Қазақ тіл білімінде киім атауларына қатысты этнолингвистикалық, лексико-семантикалық, этимологиялық қырларына назар аударған Е. Жанпейісовтың, Р. Сыздықтың, Ж. Манкееваның, С. Ахметжановтың, Т. Байжановтың, А. Сейілханның т.б. да зерттеушілердің еңбектері белгілі. А. Жолдасбектің «Компонентный анализ лексико-семантической группы «одежда» (на материале русского и казахского языков)» атты еңбегі де киімдер атауларын талдауға арналған кешенді еңбектердің бірі [93]. .

Ғалым Ж.А. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде қазақтың ұлттық киімдерін бес топқа бөлген: сырт киім, үстінен киетін киім, бас киім, аяқ киім, киімнің құрамдас бөліктері. Біз зерттеген қолжазбада берілген киімдер атауларын осы ретпен мағыналық топтарға бөліп қарастырдық [93, Б.124-125]:

1) *сырт киім:*

ثوب – طُون – *ton* – *киім*;

جوخ – جَاكْمَانْ – *čekmen* - *шекпен, сыртқы киім*;

شوبَا - ملابس نى فوقا – *šuba* - *сырт киім*;

كباشيه فروه – كُورْكْ – *kürk* – *тон*.

2) *үстінен киетін киім:*

كۆكْلَاكْ كُومَلَاكْ، - قميص – *kötlek/ kōnlek* (*басқа тілден берілген*) – *жейде*;

كاسا – كَالِمْ – *kelim* - *көйлек, киім*.

3) *бас киім:*

بُورْكْ – طاقيه – *börk* - *бөрік*;

صَالِبَانٌ طَوْلِبَانٌ - *tulban, salban m.* – шалма.

4) аяқ киім:

إِتِكٌ - *etik* – етік;

بَاشْمَاقٌ - *başmaq* – кебіс;

دِرْقٌ طَابَالٌ - *tabaldiriq* - ағаш кебіс.

5) киімнің құрамдас қосымша бөліктері:

وَقُورٌ وَنُجُوقًا قَائِشَقًا - *qaişqa, qurupciqa m.* – белдік.

Сырт киім атаулары

Бірінші топтағы киімдерге назар аударғанда, ең бірінші көзге тон сөзі түседі. Біздің заманымыздағы тон қойдың иленген терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырткиім. Б.Сағындықұлы көне дәуірлерде тон сөзі жалпы киім атаулыға қолданылған, ол көйлек те болуы мүмкін, сырт киім де болуы мүмкін дейді [49, Б.161-162].

«ДТС»-те тонды әмбебап киім түрінде береді: Топ көйлек, киім: жаңі ағіу топ кедір жаңа, таза киім киіп [54, С.274]. Заман өзгергенде адамның талғамы да өзгереді, атаулар да лексикализацияланады. Оны қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқалардан да аңғаруға болады:

қаз. – тон, киім; хак. – тон, тонанчых; ұйғ. – ұстқи кийим; қырғ. – тыш кийим; қ.қалп. – сыртқы кийим; түр. – палто, пардесу, ұстлук; чув. – сиелти тум; башқ. – өскө кейем, тун; өзб. – устқи кийим; тув. – даштыкы хеп; тат. – өске, тышкы; құм. – уьст, уьстден гийилеген; алт. – тыштындагы кийим; түрк. – дашкы гейим; ног. – тыскы кийим; әзірб. – ұст палтар, кейим.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде тон сөзі тон деп берілген. Қолжазбада берілген мағынасы барлық киімдер деп аударылады [79, S.25].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында тон, киім деген сөз тон деп берілген. Орта ғасырларда тон сөзі жалпы киім деген мағынада қолданылған. Мағынасы өте кең сөз болған еді. «ДТС»-те тон сөзі көйлек, киім ретінде көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, хакас, башқұрт тілдерінде сақталған. Тон деп ортағасырларда сыртына киетін киім ретінде сипатталған. Заман талабына сай қазіргі кезде тон сөзінің мағынасы тарылып, тек сырттан киетін киімге ғана тон атауы қолданылады. Бұл дегеніміз, мағынасы жалпылықтан, жалқылыққа ауысып, тарылған. Тұлғасы еш өгеріссіз қалған.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – шекпен, сыртқы киім; хак. – сикпен тон; ұйғ. – чәкмән; қырғ. – чепкен; қ.қалп. – шекпен; чув. – сахман; башқ. – сәкмән; өзб. – чакмон; тат. – чикмән; құм. – къаптал; түрк. – чәкмен; әзірб. – чәпкән.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада шекпен деген сөз шекпен деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде құмық және чуваш тілдерінен басқа тілдерде «ж ~ ш, с, ч» дыбыстар сәйкестігі сақталған.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – сырт киім; хак. – тон, суу; ұйғ. – жува; қырғ. – ичик, тон; қ.қалп. – тон, ишик; түр. – күрк; чув. – кёрёк; башқ. – тун; өзб. – шуба; тува. – дүктүг тон; құм. – тон; алт. – тон; түрк. – ичмек; ног. – тон; әзірб. – күрк.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада сырт киім деген сөз *šuba* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде өзбек тілінде ғана сақталған. Басқа түркі тілдерінде тон сөзі жиі қолданған.

Kürk сөзі көне тілдерде кең қолданыста болған. Қазіргі оғыз тобының кейбір диалектілерінде сақталған. Негізгі беретін мағынасы барлық теріден жасалған кейбір киімдер. «ДТС»-те: тон: *iki jilta bir çekrāk üč jilta bir kürk bilä begür meң* екі жылда бір рет ішкі киім, үш жылда бір рет тон беріп тұрамын [54, С.329].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – тон; хак. – көрік; ұйғ. – көрүк; қырғ. – көрүк; қ.қалп. – жүн; түр. – көрүк; чув. – тир; башқ. – күрек; өзб. – тери; тува. – кеи; тат. – тире, мех; құм. – тери, кёрне; алт. – көрүк; түрк. – көрүк; ног. – тери; әзірб. – көрүк.

Біз зерттеген қолжазбада тон сөзі *kürk* деп берілген. «ДТС»-те *kürk* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде хакас, ұйғыр, қырғыз, түрік, башқұрт, алтай, түрікмен, әзірбайжан тілдерінде фонетикалық өзгерістермен сақталған.

Үстінен киетін киім атаулары

Киім атауларының екінші тобын үстінен киетін киімдер құрайды. Жейде – жұқа матадан тігілген жеңі, жағасы бар ерлер киімі көйлегі [83, Б.266].

Қазіргі түркі тілдерінде бұл киім атаулары қалай екеніне назар аударайық:

қаз. – жейде; хак. – көгенек; ұйғ. – көйнәк; қырғ. – көйнөк; қ.қалп. – көйлек; түр. – гөмлек; чув. – кёпе; башқ. – күлдәк; өзб. – куйлак; тува. – хөйлең; тат. – күлмәк; құм. – гёлек; алт. – чамча; түрк. – көйнек; ног. – коьйлек; әзірб. – көйнәк.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде *köñlek* деп жейде сөзі осылай берілген.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбада жейде сөзі *kömlek/könlek* (басқа тілден берілген) деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде өзбек тілінде ортаңғы «к~й» сәйкестігі байқалады.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – көйлек, киім; хак. – көгенек; ұйғ. – кийим; қырғ. – кийим; қ.қалп. – кийим; түр. – елбисе, роба; чув. – кёпе; башқ. – кейем, күлдәге; өзб. – либос; тува. – хеп; тат. – күлмәк; құм. – опуракъ; алт. – кийим, платье; түрк. – гейим; ног. – кийим, шыба; әзірб. – палтар, кејим.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында көйлек сөзі *kelim* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл атау сақталмаған.

Бас киім атаулары

Үшінші топ бас киімдерге келетін болсақ, «ДТС»-те: Börk бөрік: *burun başka börkni kejar baş keräk* бөрік киюге болатын бірінші бас керек [54, С.118].

Бөрік – қыпшақ тілдеріне ортақ бас киімнің атауы. Қазіргі түрік тілінің диалектісінде «басқа тартатын орамал». Л.З. Будаговтың сөздігінде татар тілінде «жаңбырдан қорғану үшін киетін бүркеме» мағынасы кездеседі. Ж. Манкеева осы мағыналарды салыстыра келіп бөрік>бөр//бүр (бүрке-), бүрүн «бүркену» деп бір қатарда қарастырады [44, Б.179].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – бөрік; *хак.* – пөрік; *ұйғ.* – тумақ; *қырғ.* – калпак; *қ.қалп.* – телпек; *түр.* – шапка, калпак; *чув.* – калпак; *башқ.* – бүрек; *өзб.* – телпак; *тува.* – бөрт; *тат.* – бүрек; *құм.* – бөрк; *алт.* – бөрүк; *түрк.* – папак; *ноғ.* – боьрк, папак; *әзірб.* – папаг.

Зерттеу нысанымыз ретінде алынған қолжазбамызда бөрік сөзі *börk* деп берілген. «ДТС»-те бөрк деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ, хакас, башқұрт, тува, татар, құмық, алтай, ноғай тілдерінде ортағасырлық атау кезекті «б~п», «р мен к» дыбыстарының ортасына і әрпін қою дәстүрі байқалады.

Шалма – Солтүстік Африка, Аравия түбегі, Үндістан мен Азияда кең таралған бір кесек матаның бас киім ретінде оралып, пайдаланылатын түрі.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – шалма; *ұйғ.* – сәллә; *қырғ.* – селде; *қ.қалп.* – сәлле; *түр.* – тюрбан; *чув.* – чалма; *башқ.* – сәллә; *өзб.* – салла; *тув.* – чалма; *тат.* – чалма; *құм.* – чалма; *алт.* – чалма; *түрк.* – селле; *әзірб.* – чалма.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында *tulban, salban* т. деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық *tulbān* сөзі тек түрік тілінде «л~р» әрпіне өзгеріске ұшыраған күйінде сақталған: турбан. Басқа түркі тілдерінде аталуы өзгеше.

Сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорында «сәлде» сөзі орныққан.

Аяқ-киім атаулары

Төртінші топ аяқ киімге арналған: «ДТС»-те: *Etik* теріден жасалған жұмсақ аяқ киім: *ol etik jisın sıızadı* ол аяқ киімінде тігісін жөндейді [54, С.187].

Етік сөзі бастапқыда жалпы аяқ-киімді сипаттаған. Сөздің семантикасы уақыт өте келе өрбіп, өзгерген. Егер схемамен көрсетсек, өзгеріс жолы былай болмақ: *кет//кед* (мағынасы - киіну), *кед+им>кедим>(к)*, *едим* (киім)>*едим>ед* (им)>*ед+ик>едик//өдік* (аяқ киім)>*етік* (қазақ тілінде – аяқ киімнің бір түрі) [97, Б. 96].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – етік; *хак.* – өдік, маймах; *ұйғ.* – өтүк; *қырғ.* – өтүк; *қ.қалп.* – етик; *түр.* – чизме; *чув.* – атй; *башқ.* – итек; *өзб.* – этик; *тув.* – идик; *тат.* – итек; *құм.* – этик; *алт.* – сопок; *түрк.* – адик; *ноғ.* – этик; *әзірб.* – чәкмә.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында етік сөзі *etik* деп берілген. «ДТС»-те *etik* деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде түрік, чуваш, алтай, әзірбайжан тілдерінде ғана ортағасырлық атау сақталмаған. Негізінен, қыпшақ, қарлұқ

тобындағы тілдерге тән лексикалық бірлік. Тува және түрікмен тілдерінде «т~д» сәйкестігі байқалады. Мағынасы мен тұлғасы бірдей сөздер болып табылады.

«ДТС»-те: Вақтақ башмақ, кебіс [54, С.88].

Кебіс, кеуіш – мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген, ұлтаны қалың өкшелі аяқ киім [93, Б.282].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – кебіс; *хак.* – маспах; *ұйғ.* – башмақ; *қырғ.* – башмақ; *қ.қалп.* – башмақ; *түр.* – потин; *чув.* – пушмак; *башқ.* – башмақ; *өзб.* – бошмоқ; *тува.* – идик; *тат.* – башмақ; *құм.* – башмакъ; *алт.* – чарык; *түрк.* – пашмак; *ноғ.* – башмақ; *әзірб.* – башмағ.

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» еңбегінде кебіс сөзін бақтақ деп беріледі [79, С.25].

«Ат-Тухфа» қолжазбасында кебіс сөзі бақтақ деп берілген. М.Қашқаридің сөздігінде де башмақ деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, татар, құмық, ноғай, әзірбайжан тілдерінде сақталған. Тек соңғы қ~к, г дыбыстар сәйкестігі байқалады.

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – ағаш кебіс; *хак.* – ағас маспах; *ұйғ.* – яғач башмақ; *қырғ.* – жығач башмақ; *қ.қалп.* – ағаш башмақ; *түр.* – тахта көстек; *чув.* – йывақ пушмак; *башқ.* – ағас башмақ; *өзб.* – ёғоч бошмоқ; *тув.* – ыяш идик; *тат.* – ағач башмақ; *құм.* – ағач башмакъ; *алт.* – ағаш чарык; *түрк.* – ағач пашмак; *ноғ.* – ағаш башмақ; *әзірб.* – ағачдан башмағ.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында ағаш кебіс деген сөз tabaldiriq деп берілген. Бұл ортағасырлық атау қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған.

Киімнің құрамдас қосымша бөлігі: белдік. «ДТС»-те: Qadiş белдік: jetiz qadiş кең белдік [54, С.404].

Қазіргі түркі тілдерінде:

қаз. – белдік; *хак.* – хайыс; *ұйғ.* – қейиш; *қырғ.* – кайыш боо; *қ.қалп.* – кайыс; *түр.* – кайыш; *чув.* – чён психхи; *башқ.* – кайыш; *өзб.* – қайиш; *тува.* – баг; *тат.* – каеш; *құм.* – кьайыш; *алт.* – кайыш; *түрк.* – гайыш; *ноғ.* – кайыс; *әзірб.* – гаъиш.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында белдік сөзі qaişqa, qigunşuqa т. деп көрсетілген. М. Қашқаридің сөздігінде qadiş деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде қайишкә емес, qadiş нұсқасы сақталған. Мәселен, ұйғыр, түрік, башқұрт, өзбек, татар, құмық, алтай тілдерінде қолданылады. Қарақалпақ, ноғай тілдерінде соңғы «ш ~ с» сәйкестігі байқалады. Түрікмен, әзірбайжан тілдерінде «к, қ ~ г» сәйкестік өзгерісі бар. Белдік қайыстан жасалатынын ескеретін болсақ, қазақ тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде дерлік ортағасырлық нұсқаның негізі сақталғанын көреміз. Түркі тілдерінде белдіктің материалдық атауы сақталып қалған, ал қазақ тілінде белдіктің қолданылу орнының атауынан жаңа сөз пайда болған: бел + дік жалғауы.

Қорыта айтсақ, киім-кешек атауларынан 12 лексикалық бірлік 5 топқа: сырт киім, үстінен киетін киім, бас киім, аяқ киім, киімнің құрамдас қосымша

бөлігі деп топтастырылып, талданды. Нәтижесінде «ағаш кебіс» және «көйлек» сөздерінің ортағасырлық эквиваленттері сақталмаған, яғни өзгеріске ұшыраған.

3 тараудың тұжырымдары.

Диссертацияның 3 тарауы «Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген этнографизмдерге арналған. Барлығы 12 этнографизм мысал ретінде қарастырылды. Көптеген сөздер қазіргі күнге дейін тілімізде қолданыста жүр. Мәселен, хан сөзі, дыбыстық өзгеріске ұшырағанмен, беретін мағынасы мен қолданысы өзгеріске ұшырамаған. Этнографизмдер қатарына қалың мал деген мағынада кабин сөзі де ұшырасты. Араб тілінде тек сипаттаумен берілген сөз ДТС-тен натуральды салық деген түсінікте табылды.

Этнографизмдердің басым көпшілігі түркі халықтарының ертеден бері айналысқан мал шаруашылығын сипаттайды. Сүт өнімдері, сусын, мәселен құрт, қымыз, уыз және т.б. берілген. Сонымен қатар, ата-бабамыз көшпелі мал шаруашылығымен айналасқандықтан, көш-қонға қатысты сөздер көп кездесті. Мәселен йурт, киіз, түңлік, жайлау, қыстау. Бұл сөздердің халықтың салтын, дәстүрін, айналысқан кәсібін сипаттайды. Көшпелі өмір салты туралы Мысыр, Сирия халқына түсінік береді. «Ат-Тухфа» қолжазбасының басқа қолжазбаларынан артықшылығы осында, яғни ұлттық ерекшелікті айқындайтын балама лексикаға бай еңбек болып табылады.

Зергерлік, музыкалық аспаптар, қару-жарақ атаулары талданып, ұлттық ерекшелік сипатталды. Этнографизмдер қатарына туыстық атаулар мен киім-кешек атаулары да қарастырылып, түркі халқына тән ерекшелік айқындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертация «ат-Тухфа аз-закия фил луғат ат-туркийя» атты қолжазбаға арналды. Қазіргі таңда еліміздің тарихы, тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы тілдік фактілер негізінде дәлелдеуге болатын жәдігерлерімізді қайта қарап, зерттеу мамандардың алдындағы өзекті міндеті болмақ. Қажет мәліметтерді пайдаланып, елімізден тыс елдерде сақталған жәдігерлерімізді елімізге әкеліп, қайта қарастырудың өзектілігі жоғары. Сол себепті қолжазбалардың түпнұсқаларымен жұмыс істеп, ғылымда бар жұмыстарға ғылыми талдау жасау міндеті орындалды.

Істамбұлдағы (Түркия) Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында №3092 нөмірімен сақтаулы түпнұсқамен жұмыс істеу арқылы қойылған міндеттерге сай төмендегідей нәтижелер мен қорытындылар жасалды:

1. XIV-XV ғғ. жазылған қолжазба қазіргі қыпшақ тармағындағы тілдердің ортағасырларда қалыптасу тарихы бойынша құнды тілдік мәлімет беретін еңбек. Қолжазба осы күнге дейін бірнеше тілдерге аударылғанымен, авторы, жазылған жері мен уақыты нақты емес. Еңбектің авторы белгісіз, бірақ зерттеулерді сараласақ, автордың ұлты түркі халқынан шыққан, араб тілін жетік меңгерген. Еңбек Сирия елінде, Мысырда жазылуы ықтимал, себебі екі елдің де диалект сөздері кездеседі. Қыпшақ тілі араб халқы үшін жоғарғы билеуші өкілдерімен қатынасу құралы болған. Сондықтан, сол кезеңдерде араб тілінде қыпшақ тілін үйрену үшін оқулықтар, сөздіктер кеңінен жазылған болатын. Сирия мен Мысыр елдері бірдей мәмлүктердің қол астындағы әрі білім ошағы, ірі ғалымдардың басы қосылған орталықтардың бірі еді. Ескерткіште Мысыр билеушісі туралы да мәлімет берілген.

Бұл кітап Абу Хайанның «Китабу Идрак ли лисани атрак» атты шығармасынан (автор осы еңбекті өз еңбегінде фонетика бөлімінен кейін екінші бетінің соңғы жолында атап кетеді) кейін шамамен XV ғасырдың басында жазылған деген пікірдеміз.

2. «Ат-Тухфа» қолжазбасы – 91 парақтан тұратын, насх жазу үлгісінде жазылған авторы белгісіз еңбек. Қолжазба қысқаша фонетика, арабша-қыпшақша сөздік және грамматика бөлімдерінен, жалпы 64 бөлімнен тұрады. Қазіргі күнге дейін өте жақсы сақталған қолжазбаның бірі болып табылады. Ескерткіште синонимдер, омонимдер де, араб, қытай, парсы, грек тілдерінен алынған кірме сөздер де бар. Қолжазба араб графикасымен жазылғанымен, араб тіліне тән емес, яғни ескерткіш тілінің табиғатына сай қосымша бірнеше әріптер берілген. Ондай сөздер көп емес, бірнеше сөздерде ғана кездеседі. Фонетикалық қырынан қолжазбада көптеген бір екі әріп ғана өзгертілген, бір сөздің бірнеше нұсқалары көрсетілген. Мәселен, **باطى بائى** - бәттй, бәттй – бату; **لَمَاقْ كُونى لَمَاقْ** - кўнйламәк/ кўнйламәк – қызғаныш деген мысалдардан байқаймыз. Түрікмен тілінен де көп сөздерге «айтылған» сөз арқылы нұсқаларын берген. Мысалы: **’اوغۇلدى ’اوغۇلدى** - ’ўвўлдй, ’ўғўлдй т. -

естен тану және т.б. Қолжазба «й» тілді еңбек болып табылады. Тілі қыпшақ тобындағы тілдерге ортақ қолжазба болып табылады;

3. Соматизмге арналған бөлімде 52 соматизм 16 түркі тілдес, яғни қазақ, хакас, татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, тува, түрік, ноғай, башқұрт, алтай, әзірбайжан, чуваш тілдері бойынша талданды. Мәселен, азу тіс соматизмі ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасында 'āзик/ 'āзи деп берілген. «ДТС»-те азіу деген нұсқасы көрсетілген. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына кіретін қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, оғыз-түрікмен тобына кіретін түрікмен, оғыз-селжұқ тобына кіретін түрік, әзірбайжан, қарлұқ-хорезм тобына кіретін өзбек, қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілдерінде ортағасырлық атау сақталған. Тек хакас, тува, ұйғыр, алтай, чуваш тілдерінде ғана өзгеше болып кездесті. Негізінен, қыпшақ, оғыз тобындағы тілдерде сақталған.

Ескерткіште берілген 11 түр-түс атауын талдадық. Қоңыр түсінен өзге түс атаулары қазіргі қыпшақ тобына кіретін түркі тілдерімен толықтай сәйкес келеді деген тұжырым жасай аламыз. Басқа тілдік топтарда кейбір фонетикалық өзгерістер болмаса, аталуы ұқсас. Қарастырылған тілдер арасында тек чуваш тілімен ғана ескерткіш тілі 60% сәйкес келеді.

Өсімдік атаулары астық тұқымдас өсімдіктер, бақша дақылдары және көкөніс атаулары деп үш топқа бөлінді. Бұл топтардан өзге өздігімен жабайы өсетін өсімдік атауларына талдау жасалды. Нәтижесінде ишка мунизи деген ортағасырлық атауы, қазір айлауық деп аталатын өсімдік атауы қазіргі түркі тілдерінде қолданысы кездеспеді. Басқа тіл бірліктері қазіргі түркі тілдерінде бар нұсқаларымен салыстырмалы талдау жасалды.

Кісі есімдері (антропонимдер), этнонимдер де, діни атаулар (теонимдер) да талданды. Діни атаулардан тек Тәңір және Ұмай аттары қолжазбада кездескенімен, түркі халықтарының ислам діні кең таралған уақытқа дейін негізінен табынған ең ірі құдайларының аттарының қолжазбада кездесуі ерте кезеңдегі наным-сенімдердің әлі де халық арасында сақталғандығының көрінісі болмақ. Қазіргі түркі халықтарында Тәңір атауы әлі қолданыста болғанымен, Ұмай ана туралы түсінік қолдағы бар лексикалық бірліктерді саралай келе, жоғалып бара жатыр деген қорытындыға келеміз.

4. Зооморфтық атаулар қатарынан жылқы және итке қатысты семантикалық бірліктер саны жағынан көп болғандықтан, жұмыста ит және жылқыға қатысты лексикалық мәліметтер келтіріліп, танымдық қыры кеңінен талданды. Қазақ және түркі халықтар арасында кеңінен таралған мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, тыйым сөздер негізінде ит пен жылқының алатын ерекше орны сипатталып, бағаланды.

Жылқы малына қатысты «Атт-Тухфа» қолжазбасында жасына, түсіне байланысты атаулар, ат әбзелдері, етістіктер берілген. тіптен, ортағасырдың өзінде-ақ жылқы малын кішірейтіп аутуға арналған сөздер де бар. Қымызды да сүт өнімдері арасынан атап кетуінің өзі жылқының сүті сусын, еті тағам, мінсе көлік ретінде сипатталып, таптырмайтын адал серік екендігін көрсетеді.

Ит жануарының орны мал бағатын көшпелі халық орны бөлек. Ит атауының бірнеше түрлерін ортағасылардан бері ажырата білген қыпшақ халқы иті ерекше бағалаған. Әр түріне тоқталып, қазіргі түркі тілдерімен салыстырып, танымдық-лингвистикалық табиғаты анықталды.

5. «Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тура аудармасы не баламасы жоқ сөздерге талдау жасалды. Барлығы 12 этнографизм мысал ретінде қарастырылды. Көптеген сөздер қазіргі түркі тілдерінде қазіргі күнге дейін қолданылады. Хан сөзі мәселен, тарихи сөздер қатарына қосылып бара жатқан көнерген сөздер қатарына жатады. Этнографизмдердің басым көпшілігі түркі халықтарының ертеден бері айналысқан мал шаруашылығын сипаттайды. Сүт өнімінен жасалатын сусын, өнімдер, мәселен құрт, қымыз, уыз және т.б. берілген.

Киіз үй атауына байланысты киіз, түңлік деген сөз де арабша-қыпшақша сөздіктен табылды. Киіз жасалу материалы болатын болса, түңлік сөзі киіз үйге күн нұры түсетін арнайы киіз үйдегі саңылау атауы болып табылады. Этнографизмдер қатарына келі деген сөзді де енгіздік. Аудармасы бар болғанмен, көнерген сөзге айналған, алайда отырықшы халық өмірі туралы құнды мағлұмат беретін сөздің бірі. Бидай, тарыны отырықшы халықтар ғана еккен. Жоғарыда берілген этнографизмдер түркі халықтарының мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүретін халық ретінде сипаттайды.

Қару-жарак, зергерлік, музыкалық аспаптар, киім-кешек және туыстық атаулар қарастырылып, талданды. Түркі халықтарының заттық мәдени бұйымдары, әлем туралы түсінігі, айналысқан мал шаруашылығы, қоршаған ортаға байланысты киген киімдері – жеке-жеке топқа бөліп қарастырылған этнографизмдер негізінде көрініс тапты.

Туыстық атаулар екі топқа: қандас туыстық атаулары; некелік туыстық атаулары деп бөліп қарастырылды. 12 тіл бірлігі «ДТС»-те берілген XIV ғасырға дейін жазылған ескерткіштер мен қолжазбалардан «Ат-Тухфа» қолжазбасында бар сөздер қарастырылып, сәйкестігі салыстырылып, қазіргі заманғы 16 түркі тілдерімен аударма сөздіктері негізінде салыстыру жұмыстары жасалды.

Нәтижесінде, барлық (1 сөзден басқа) ортағасырлық қолжазба атаулары, яғни 11 сөз қазіргі түркі тілдерінде түрлі өзгерістерімен сақталған. Жалпы қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне ортақ 3 сөз: ата, ер, қайын ана.

«Ат Тухфада» қамтылған деректер мәмлүк-қыпшақ дәуіріндегі тілдік жағдай, халықтың тұрмысы, салты, дәстүрі, шаруашылығы туралы болғандығымен құнды. Зерттеудің нәтижелерін түркітану, шығыстану, қыпшақтану, тіл біліміндегі лексикология, этнолингвистика, деректану салаларында қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 سعيد عبد الفتاح. العصر المماليك في مصر والشام. – القاهرة: الناشر، 1976. – 213 ص.
- 2 Бегалин К. Мамлюки. – М., 2012. – 195 с.
- 3 Ishayahu L. Oirats in the Ilkhanate and The Mamluk Sultanate // Mamluk Studies Review. – 2016. – Vol. 19. – P. 149-193.
- 4 "التحفة الزكية في اللغة التركية" - ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати. – İstanbul, №3092. – 182 ص.
- 5 Atalay B. Et-Tuhfet – üz-zekiyye fil-lugat-it-türkiyye. – İstanbul, 1946. – 296 s.
- 6 Изысканный дар тюркскому языку (Грамматический трактат XIVв. на арабском языке). – Ташкент: Фан, 1978. – 452 с.
- 7 Ermers R. Arabic grammars of Turkic. – Leiden, 1999. – 229 p.
- 8 Арынов Т.А. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб Аттухфа аз-закийя фил-луга ат-туркийя»: дис... канд. фил. н.: 10.02.06 – Алматы: Академия наук Казахской ССР Институт языкознания, 1983. – 152 с.
- 9 Муталлибов С.М. Аттухфатуз закийату филлуғатит туркия [Туркий тил (Қипчоқ тили) хакида ноёб тухфа]. – Ташкент, 1968. – 276 б.
- 10 Шукюрли А. Об узбекском переводе «Ат-тухфат уз-закийя фил-лугатит-туркийя» // Советская тюркология. – 1970. – №1. – С.100-105.
- 11 Конкабаева Н.Н., Авакова Р.А. Китаб ат-тухфат-уз-закийя фил-луғатит-туркийя»: лингво-дерекнамалық экскурс. // Лингвистикалық мұра және жаңа заман үрдісі: Тіл, әдебиет, мәдениет атты Халықаралық ғылыми форум. – Алматы, 2015. – Б. 99-103.
- 12 Сүйеркүл Б. Белгісіз автордың белгілі мұрасы // ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1997. – №5. – Б. 52-57.
- 13 Сүйеркүл Б.М. «Ат-тухфа» ескерткіші /XIV ғ./ тіліндегі етістік категориялары /тарихи-салыстырмалы талдау/: дис... фил. ғыл. канд.: 10.02.06. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 1999. – 132 б.
- 14 Чайковская А.И. Тюркская грамматика в арабоязычных филологических трактатах XIII – XIV вв. (Глагол). – Ташкент, 1981. – 178 с.
- 15 Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулстан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма-Ата, 1975. – Ч.1. – 210 с.
- 16 Рахимова А.Р. XIV уу. Kırçak Türkçesine Ait “Kitab-et-tuhfet üz-zekiye” Eserinin Sözcükleri ve İnsan Nitelendirme Kelimeleri. // III Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумы. – Баки, 2016. – S. 71-74.
- 17 Гайнутдинова Г.Ш. Историко-лингвистический анализ тюрко-татарского письменного памятника XIV века Джамал ад-Дина ат-Турки «Китабу булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кифчак»: дисс....к.фил.н. 10.02.02. – Казань, 2005. – 168 с.
- 18 Ahmet Turan Sinan. Kırçak türkçesi bibliyografyası. // Fırat üniversitesi ilahiyat fakulltesi dergisi. – Elazığ, 2000. – №5. – S. 421-435.

- 19 Salan M. Et-tuhfe ve onun Müellifi. // Dil Araştırmaları. – 2012. – №11. – S. 185-195.
- 20 Can Özgür. Kıpçak sahasına ait sözlük ve kaynaklarda at ve atçılıkla ilgili terminoloji. // Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic . – 2009. – Vol. 4/4 Summer. – S. 891-905.
- 21 Lăzărescu-Zobian Maria Mina. Kıpçak Turkic loanwords in Romanian: PhD diss. – USA: Columbia University 1982. – 438 p. – 8506004.
- 22 Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т.1. – Алматы, 1972. – 647 б.
- 23 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Қазақ тіл білімінің антологиясы. – Павлодар, 2010. – 412 б.
- 24 Қазақ тілінің шығу тарихы. Т.1., Екінші кітап. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2012. – 348 б.
- 25 Konkabayeva N.N., Avakova R.A. Historical excursion of the medieval monument “at-tuhfa az-zakiyya fil lugat at-turkiyya” // VII International Conference "Global Science and Innovation". – USA, Chicago, 2016. – P. 72-76.
- 26 Әлібекұлы А. Орта ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақтарының әдеби жазбалары // әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Хабаршы, Шығыстану сериясы. – Алматы. – 2002. – №2 (9). – Б. 41-42.
- 27 Садықбеков Қ.А. Мәмлүктер дәуірінде жазылған қыпшақ тіліндегі лингвистикалық шығармалар // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 1 бөлім. – Астана. – 2015. – №5(108). – Б. 202-206.
- 28 Аубакирова К.К. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі – араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): дисс. PhD докторы: 6D020900. – Алматы, 2016. – 181 б.
- 29 Калиева Ш.С. Творчество Исмаила Ал-Джаухари и его место в арабской филологии: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 142 с.
- 30 Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIVвека: авторефер... док. фил. н. – М.: АН СССР ин-т народов Азии, 1965. – 94 с.
- 31 Батырша-ұлы Б. Мысыр мамлүк мемлекетінің Дешті Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғасырлар. – Алматы: Экономика, 2005. – 652 б.
- 32 Қайдар А., Оразов М.М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. – 360 б.
- 33 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.
- 34 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – 192 б.
- 35 Курьшжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. - «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970. – 233 с
- 36 Махмұт ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.А. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с. +2 с. вкл.

- 37 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988. -261 б.
- 38 Махмұт Қашғари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. 3 том. – Алматы: Хант., 1997. – Т.1. – 590 б.
- 39 Dr. Batiş Atabay. М.Қашқари сөздігі – баба тілдің көзі // Uluslararası Kaşgarlı Mahmud Sempozyumu – Rize, 2008. – S.351-357.
- 40 Палтөре Ы.М. Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы: дисс. PhD докторы: 6D020900. – Алматы, 2012. – 232 б.
- 41 Масалимова А.Р. Феномен маргинальности в культуре. – Алматы, 2007. – 183 с.
